Финансовый кризис серьезно повлиял на работу малых предприятий: снизились арендные ставки и зарплата работников, произошло удорожание кредитов, падение спроса, резко возросла активность государственных контролеров и рейдеров. В результате каждый второй представитель МСБ ожидает ухудшения состояния своего бизнеса.

Основной проблемой явился растущий дефицит финансовых ресурсов. Кредитование малого бизнеса за последнее время претерпело существенные изменения. Основные проблемы кредитования МСБ в Казахстане:

- Снижение сроков кредита;
- Сокращение количества банков, кредитующих малый и средний бизнес;
- Повышение процентных ставок по кредитам;
- Сокращение кредитных программ и продуктов для МСБ;
- Выдача кредитов только под залог.

Основные проблемы субъектов малого и среднего предпринимательства в условиях экономического кризиса носят финансовый характер. Это - недостаток оборотных средств, а также затрудненный доступ к банковским кредитным услугам как для решения проблемы с оборотными средствами, так и для реализации начатых или намеченных инвестиционных проектов. Снижение спроса на продукцию при неизменном уровне издержек грозит ухудшением показателей оборачиваемости капитала, снижением нормы прибыли и рентабельности бизнеса. Риск неплатежей от контрагентов приводит к отказу от работы с некоторыми из них, снижению нормы прибыли, повышению затоваривания. Как показывают исследования, 48,6% предпринимателей имели опыт привлечения необходимых финансовых средств в кредитных организациях. Представляется целесообразным увеличить эффективность использования механизма лизинга оборудования и технологий для поддержки МСБ. Лизинг как метод инвестирования используют лишь 3,4% опрошенных предпринимателей. Особенно важно при этом участие местных властей. Часть лизинговых платежей должна субсидироваться государством или покрываться за счет льготы по уплате налогов.

Одной из наиболее актуальных в развитии малого и среднего бизнеса является проблема налогообложения. Государство периодически облегчает налоговое бремя для субъектов МСП. Тем не менее, 30,3% предпринимателей считают существующие налоговые условия неблагоприятными. Наиболее острой проблемой респонденты считают нечеткость, сложность, противоречивость налоговых формулировок.

Если перечислить основные трудности и барьеры на пути предпринимательства, то можно их классифицировать по определенным группам:

1. Финансовые: отсутствие основного капитала (служебных и производственных помещений, машин, оборудования, земли и др.), отсутствие или недостаток оборотных средств.
2. Институциональные: отсутствие или недостаточное развитие института предпринимательства, неразвитая рыночная инфраструктура.

3. Образовательные: недостаток систематических знаний, навыков и опыта организации и управления бизнесом в рыночных условиях.

4. Государственные: бюрократизм, волокита, коррупция, вымогательство.

5. Информационные: слабый уровень отражения проблем предпринимательства и распространения положительного опыта с СМИ, слабая информированность предпринимателей и общества, экономическая, правовая и налоговая культура.

Осознавая важность и необходимость развития малого и среднего бизнеса в Казахстане, ежегодно Президент в своих Посланиях делает особый акцент на создании благоприятных и привлекательных условий для усиления позиций отечественных предпринимателей. В которых Нурсултан Назарбаев отметил положительные результаты реализации программы «Дорожная карта бизнеса-2020», а также поставил последующие цели и направления, в которых необходимо продолжить работу.

Благодаря активной работе правительства по улучшению бизнес-климата в стране в течение последних 6 лет Казахстан повысил свою позицию в рейтинге с 80-го до 47-го места из 183 стран. Россия в данном рейтинге на 120-м, а Белоруссия в 69-м месте. Особо следует отметить, что существенным составляющим показателем этого рейтинга является система налогообложения субъектов частного предпринимательства. По данному показателю Казахстан занимает 13-е место, тогда как аналогичные показатели России и Белоруссии составили 105-е и 156-е места соответственно. Не менее важным критерием условий ведения бизнеса является «Защита инвесторов», в соответствии с которым Казахстан находится на 10-м месте, Россия – на 111-м, а Белоруссия – на 79-м месте.

Эти обстоятельства в условиях Единого экономического пространства стимулируют субъектов малого и среднего предпринимательства стран-участниц вкладывать свои инвестиции и создания бизнеса на территории Республики Казахстан, что, в свою очередь, позитивно отразится на увеличении налоговых поступлений в казну республики и создании новых рабочих мест для населения.

Важно отметить, что частному предпринимательству в Казахстане со стороны государства оказывается существенная финансовая и нефинансовая поддержка.

АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» (далее – Фонд «Даму») – 100% дочерняя структура АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», который сегодня находится на доверительном управлении у Министерства экономического развития и торговли, – является основным государственным институтом развития предпринимательства в Республике Казахстан. В течение 2008–2009 годов в рамках государственных программ по линии Фонда «Даму» малому и среднему предпринимательству (далее – МСП) была оказана финансовая поддержка на сумму порядка 2,9 млрд долларов США, более 80% из которой – государственные средства. В результате реализации государственных программ через Фонд «Даму» было поддержано 12 тыс. СМСП, создано и сохранено более 27 тыс. рабочих мест.

Государственная поддержка МСП оказала положительное влияние на рынок кредитования малого и среднего предпринимательства в целом. Произошло снижение объема кредитования спекулятивных отраслей, а доля кредитов реальному сектору, включая МСП, напротив, увеличилась. Доля государственных средств в ссудном портфеле банков второго уровня в 2009 г. была увеличена до 23%. Реализация государственных программ позволила снизить средневзвешенные процентные ставки по кредитам МСП с 15,5% в 2007 г. до 14,5% в 2009 г. В результате снижения долговой нагрузки предприниматели получили значительное облегчение в наиболее тяжелый для их бизнеса период.

4 июля 2014 года на очном заседании Совета директоров АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» (далее – Фонд «Даму») утверждена Стратегия развития Фонда «Даму» на 2014-2023 годы.

Миссией Фонда является содействие качественному развитию МСБ Казахстана посредством комплексной поддержки, включающей широкий спектр финансовых инструментов и программ по развитию компетенций.

Основной идеей Стратегии является преобразование Фонда в эффективный национальный институт, реализующий государственную политику по поддержке и развитию малого и среднего бизнеса.

В рамках стратегических направлений Фонда «Даму» по финансовой и нефинансовой поддержке МСБ ожидается обеспечение положительной динамики по увеличению объемов

финансовой поддержки МСБ, расширение направлений сотрудничества и механизмов финансирования/софинансирования МСБ совместно с частными финансовыми институтами, привлечение дополнительного фондирования на внутреннем и внешнем рынках для увеличения объемов финансирования МСБ, развитие инфраструктуры консультационных услуг для предпринимателей, обучение предпринимателей и повышение компетенций, а также внедрение единой информационной площадки для МСБ и развитие дистанционного консалтинга.

Реализация всех мероприятий в рамках основной деятельности непрерывно связана с работой по повышению эффективности деятельности Фонда «Даму», включая проведение финансово-экономической политики, риск-менеджмент, совершенствование корпоративного управления, совершенствование кадровой политики, совершенствование системы внутреннего контроля, внедрение современных информационных технологий, повышение эффективности управления финансовыми ресурсами, повышение прозрачности деятельности и уровня доверия населения и др.

В целом, показатели функционирования малого и среднего бизнеса характеризуют его как динамично развивающийся сектор, стратегическая цель которого заключается в наращивании объемов производства в реальном секторе экономики, отхода от сырьевой направленности и развитие экспортоориентированных производств, что является особенно актуальным вопросом в связи с интеграции Казахстана во Всемирную торговую организацию, в пятьдесят наиболее конкурентоспособных стран мира, а также в увеличении занятости трудоспособного населения.

Таким образом, закладывается объективный механизм регулирования, в котором каждый последующий этап стратегии является естественным звеном для предыдущего на пути к достижению конечной цели.

Список использованных источников:

1. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А.Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства»;
2. Государственная программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015–2019 годы;
3. Единая программа поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса 2020»;
4. <http://www.damu.kz>
5. <http://kapital.kz/>

Казбеков Т.Б.

К.э.н., доцент

Мусабекова А.О.

м.э.н., преподаватель

Муканова А.С.

м.э.н., преподаватель

КарГУ им. Е.А. Букетова

Казахстан г. Караганда

ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өндірісте инновация формасында көрінеді. «Инновация» ұғымы алғашында белгілі бір мәдениеттің жекелеген элементтерін екіншісіне енгізуді білдірген. Ол, әдетте, еуропалық салт-дәстүрдің ерекшеліктері мен ұйымдастыру әдістерін дәстүрлі азиялық, африкалық қоғамдарға енгізу түрінде көрініс тапқан еді. «Инновация» түсінігі ағылшынның «innovation» сөзінен аударғанда «жаңалық енгізу» ұғымын білдіреді. Ал «жаңалық» деп жаңа тәртіпті, жаңа әдісті, жаңа өнім мен технологияны, жаңа құбылысты айтамыз. Инновациялар тек техникалар мен технологияларға ғана емес, сонымен бірге басқаруды және өндірісті ұйымдастырудың формаларына да қатысты. Олардың барлығы бір-бірімен өзара тығыз байланыста болып, өндірістің тиімділігін арттыру мен өндіргіш күштерді дамытуда сапалық саты болып табылады.

Инновация туралы тәжірибе мыңдаған жылдарды қамтығанымен де, әлеуметтік ғылыми ілім ретінде қарастырылуы тек ХХ ғасырдан басталды. Инновация теориясының іргелі негіздерінің қалыптасуы өткен ғасырдың 10–40 жылдарын қамтиды. Осы аралықта инновация

теориясының қалыптасуына күш салған ойшылдар қатарында Н.Д. Кондратьев, Й. Шумпетер, С. Кузнец, Г. Менш және басқа да ғалымдарды атауға болады.

Н.Д. Кондратьевтің және Й. Шумпетердің еңбектерінде инновация теориясының негізі қаланған. Бұл ғалымдар осы терминнің бастапқы анықтамаларын айқындап, инновация проблемасына бастау берген. Олардың еңбектеріне кейінгі инновация теориясын зерттеушілердің көбісі сүйенген еді.

Н.Д. Кондратьевтің инновация теориясын қалыптастыруда еңбегі аса зор. XX ғасырдың бас кезінде Н.Д. Кондратьев капитализм кезіндегі ұзын толқындар туралы үлкен пікір сайыс жүргізді. Кондратьевтің әрбір ұзын толқыны бір мезетте ғылыми-техникалық дамудың барлық көрсеткіштерін, яғни идеяның пайда болуын, кәсіпкерлік белсенділікті, мамандардың біліктілігін арттыруды қамтитын төрт фазадан тұрады.

Қазақстандық ғалымдардың «инновация» туралы зерттеулерінде де бір қатар маңызды тұжырымдамалар бар. Мысалы, Ф.М. Днішев инновацияның мәнін былайша түсіндіреді: «...адам ақыл-ойының жетістіктерін (жаңа идеяларды, өнертабысты, жаңалықтарды, т.б.), жаңа құралдар немесе жаңа еңбек өнімдерін жасау нәтижелерін, тиімді технологияларды, энергия көздерін пайдаланудың, халықаралық бірлестіктердің қаржы және сауда формаларын, еңбекті ұйымдастыру формаларын жақсартудың тиімділіктерін арттыру үшін қолдану».

Инновацияның экономикалық табиғаты рыноктық жаңалықтың ғылыми-техникалық жаңалыққа қарағанда басымдылығының жоғары екенін көрсетеді, себебі тұтынушыны ғылыми-техникалық идеяның бірегейлігі емес, оның пайдалы әсері, тиімділігі тартады. Ғылыми-техникалық аспекті инновация жаңа өнімге сіңіп, оған рыноктық сұраныс болған жағдайда ғана экономикалық фактор болып табылады.

Қазіргі экономикалық жаһандану жағдайында инновация ұғымын 1992 жылы Норвегияның астанасы – Ослода қабылданған халықаралық стандарттарға («Ғылым және инновация статистикасындағы халықаралық стандарттар», яғни «Осло басқармасы») сәйкес сипаттауға болады. Бұл стандарттар технологиялық инновацияларға қатысты жасалған, яғни олар жаңа өнім мен жаңа үдерісті және олардың маңызды технологиялық өзгерістерін сипаттайды. Халықаралық стандарттарға сәйкес «инновация» – тәжірибелік қызметте қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үдеріс түрінде және рынокқа шығарылған жаңа немесе жетілдірілген өнім түрінде көрінетін инновациялық қызметтің түпкі нәтижесі.

«Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 23 наурыздағы № 135 Заңында «инновация» – бұл өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды болып табылатын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі деген ұғым берілген.

Жоғарыда инновация теориясының дамуына үлкен үлес қосқан зерттеуші-ғалымдардың, яғни шетелдік экономистердің, ТМД елдері мен отандық зерттеушілердің пікірлерін қарастыра келе қысқаша қорытындыға келдік. Инновация ұғымын зерттеу барысында ғалымдар сан алуан пікірлер ұсынды. Көптеген зерттеуші ғалымдардың пайымдауларына инновация бұрын-соңды болмаған жаңа өнім, жаңа қызмет, ғылыми жетістіктер өнімі немесе жетілдірілген өнімді жүзеге асыратын инновациялық қызметтің нәтижесі. Бірақ, инновацияның экономикалық мәнін зерттеуде бірқатар қайшылықтар туын-дайды. Мәселен, соның бірі – әлемде теңдесі жоқ жаңа өнім бола тұра, қоршаған орта мен адам өміріне қауіп болса, оны инновацияға жатқызуға бола ма?

Біздің пайымдауымызша, кез келген жаңа өнімді немесе қызметті, жаңа технология мен техниканы инновация деп қарастыру үшін қазіргі таңда оның тек рыноктық аспектісіне ғана емес, сапалы экономикалық дамуды, экологиялық, әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкіндігі жағынан қарастыру керек. Себебі әлемдік экономика дамуының жаңа сатысында ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірден-бір сара жолы инновациялық даму бағыты болып табылады.

Қазақстандық ғалымдардың пікірінше бәсекелік-жаһандық рыноктық қатынастарға тән заңдылық, қозғаушы күш – ол әлі күнге дейін пайданы максималдауға деген ұмтылыс [2, 11 б.]. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, инновация түсінігіне келесідей анықтама туындап отыр: инновация – бұл қоғамның әл-ауқатын сапалы түрде жақсартуға жағдай жасайтын, кәсіпкерді жоғары пайда алуына ынталандыратын ғылыми-зерттеу жетістіктері мен өнертабыс қызметінің нәтижесі.

Бүгінгі таңда инновацияның экономикалық өсудің қозғаушы күші екендігі даусыз. Ол

келесідей алғышарттармен негізделеді:

- инновациялар әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі факторының бірі. Дамыған елдерде ЖІӨ өсімінің 50%-дан 90%-на дейін инновациялармен және технологиялық прогреспен анықталады. Ал Қазақстанда экономикалық өсу негізінен шикізат өнімдерін экспорттаудан болып отыр.

- инновациялар тек бизнестің ғана емес, ұлттық экономиканы тұтас алғанда бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізі болып табылады.

- өндірісте еңбек өнімділігін арттыру арқылы тұтынушыларға әрі арзан, әрі сапалы тауарлар мен қызметтер ұсынуға мүмкіндік береді.

- қазіргі кезде бүкіл әлемді мазалап отырған экологиялық проблемалардың зардабын жою және олардың алдын алу шараларын іске асырудың бірден-бір тиімді жолы – ол жаңа технологиялар енгізу арқылы қалдықсыз өндірісті іске қосу болып табылады.

- инновациялар қазіргі ғылыми сыйымды әлемдік рынокқа кіруге мүмкіндік береді. Жаңа технологиялардың әлемдік рыногының жылдық айналымы минералдық ресурстар рыногын еселеп орайды.

Сонымен қазіргі жаһандану жағдайында инновацияларға негізделген тауарлар мен қызметтер өндірісін қалыптастыру арқылы экономикалық өсуге қол жеткізуге болады. Экономикалық өсудің түпкі мақсатына зер салар болсақ – ол халықтың өмір сүру сапасын жақсарту. Бұл дегеніміз – халықтың қажетті материалдық игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілуі, олардың тұтыну қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы, еңбекпен қамтылуы, бос уақытының бар болуы, әлеуметтік қамсыздандырылуы. Халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату, әртүрлі материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз ету әрбір мемлекеттің мақсаты әрі міндеті болып саналады. Ал, оған қол жеткізу үшін жай ғана сандық көріністе экономикалық өсуге емес, сапалы экономикалық дамуға ұмтылуымыз қажет. Қазіргі таңда сапалы экономикалық өсу ұғымы кең таралуда, ендеше оның негізгі құраушыларына көз жүгіртелік (1-сурет).

2011 жылғы Әлемдік банктің «Әлемнің дамуы туралы» баяндамасында: «Даму мақсаты... өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады. Өмір сүру сапасын жақсарту, әсіресе кедей елдерде, ең алдымен табысты өсіру. Ол өз қатарына жақсы білім алуды, тамақтануды, денсаулық сақтауды, кедейлік ауқымын төмендетуді, қоршаған ортаны сауықтыруды, мүмкіншіліктерді теңестіруді, жеке басының еркіндігінің кеңеюін және мәдени өмірге қанық өмір сүруді қосады», – делінген.

Ал американдық ғалым, профессор Дадли Сиирс даму мәнін қысқаша ғана сипаттайды: «Елдің дамып келе жатқандығын анықтау үшін алдымен келесідей сұрақтарға жауап алу қажет: елдегі кедейшілік қандай деңгейде? Жұмыссыздық деңгейі қалай өзгерді? Теңсіздік қаншалықты дәрежеде? Егер осы үш көрсеткіш алдыңғы деңгейімен салыстырғанда белгілі бір дәрежеде қысқартылса, онда мемлекет даму кезеңінде. Егер бірінші немесе екінші, тіпті үшінші көрсеткіштің жағдайы нашарлап кетсе, онда халықтың жан басына шаққандағы табысы екі есе өссе де, даму туралы сөз қозғаудың өзі күмәнді».

Жоғарыда қарастырғандай, байлықтың болуы ол сапалы өмір сүрудің кепілі деген емес. Байлық адам дамуының негізгі аспектілеріне, яғни ұзақ әрі салауатты ғұмыр кешу, білім алу, жақсы өмір сүру үшін әртүрлі ресурстарға қол жеткізу және т.б. үшін алғышарттар жасауы мүмкін. Ал байлықты ең төменгі экономикалық шығындар жұмсау арқылы жасау адамдардың өмір сүруінің сапасын жақсартудың шарты болып табылады. Сондықтан да сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін инновациялық даму жолына түсу бірден-бір ұтымды үрдіс болып тұр.

Инновациялық даму теориясына зерттеу жүргізген Ресей экономистерінің бірі – И.Б. Гурков. Ол зерттеу жүргізу барысында инновациялық даму моделін ұсынды (2-сурет).

И.Б. Гурков 2-суретте көрсетілген инновациялық дамудың негізгі ұғымдары арасындағы тұрақты байланыстың бар екендігін дәлелдеді. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырады және оның экономикалық жағдайын көтереді. Ол өз кезегінде инновациялық даму деңгейінің өсуіне әкеліп, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жаңа деңгейге көтереді.

Демек, біздің ойымызша, өзара тізбекті байланыс бір-біріне мультипликаторлық әсер беріп, кәсіпорынның жалпы экономикалық жағдайын жақсартады. Сонымен бірге, бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін де пайдаланылатын шикізатпен жабдықтаушы кәсіпорынға да талаптар жоғарылайды. Себебі, бәсекеге төзімді өнім шығару үшін де сапалы өңделген шикізат қажет.



Ескерту – Зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, автормен құрастырылды.
1-сурет – Сапалы экономикалық өсу құраушылары

Қазақстандық профессор Н.С. Бұқтұқовтың қарастыруынша, «инновациялық даму бұл – ғылыми сыйымды өндіріс есебінен даму. Жаңа заманның ғылыми сыйымды өнімі, біріншіден, өнімнің өзіндік құнындағы интеллектуалды бөлігінің осы өнімді жасауға кеткен шығындар мен қызметтер құнынан басым болуы, екіншіден, ғылыми сыйымды өнімнің техникалық-экономикалық көрсеткіштері осыған ұқсас өнімдермен салыстырғанда бірнеше пайызға ғана емес, одан еселеп жоғары болуы. Басқаша айтқанда, басымды және алдыңғы қатарлы технологиялардың пайдаланылуы. Ендеше, жаһандану үдерісіндегі орнықты даму – бұл инновациялық даму» [3, 3 б.].

Қазіргі жағдайда әлеуметтік инновациялардың маңыздылығы аса зор, себебі, ол – халықтың әл-ауқатын жақсартудағы жиынтық сұранысты арттырудың маңызды алғышартының бірі. Ал, мұның өзі кез келген инновацияны жасап, өндіріске енгізудегі түпкі мақсат екендігі белгілі. Осы тектес тұжырымды қазақстандық ғалым, профессор Ә.Ә. Әбішевтың зерттеулерінен де байқауға болады. Оның пікірінше, жоғары технологиялық, индустриалық-рыноктық қоғамды қалыптастыру үшін индустриализация да, модернизация да қажет және бұл бірлікті бұзуға мүлдем болмайды. Олар бір-бірімен қатар жүріп, бірін-бірі толықтырады. Себебі кез келген технологиялық қатынастар өндіргіш және тұтынушылық күштердің диалектикалық бірлігі [4,12].

КСРО кезінде индустриализациялау үдерісіне көптеген мемлекеттік ресурстар жұмсалғанымен де, экономика мен қоғамды модернизациялаудың тиісті қадамдарымен бекімеді. Нақтырақ айтқанда, өндірісті дамыту мен өндіргіш күштерді қалыптастыру рыноктық тұтыну мен қоғамның тұтынушылық күштерін ынталандыру шараларымен бірлікте жүзеге асырылмады. Яғни халықтың тұтыну қабілеті төмен болды, олар жарқын болашақ үшін еңбек етуде бар күштерін салғанымен, соған сәйкес өмір сүру сапасы тиісті дәрежеде жақсы болды деп айта алмаймыз. Осы жерде Джон Мейнард Кейнстің 20 ғасырдың 30-жылдары әлемде орын алған «Ұлы тоқыраудан» шығу механизмдерінің бірі ретінде ұсынған тиімді сұраныс моделін ескере отырып, өндірісті қазіргі заманғы технологиялармен жабдықтап, индустриалық қоғамнан постиндустриалық қоғамға өту мақсатын алға қояр болсақ, тек қана өндіргіш күштерді бір жақты дамытуға ғана емес, тұтынушылық қабілеті жоғары қоғамды қалыптастыруға да көңіл бөлген жөн. Мұны Елбасының Қазақстанды экономикалық және әлеуметтік модернизациялауға бағыттауынан, елдің экономикалық және әлеуметтік дамуда көшбасшы болуына ұмтылыс жасауынан да көруге болды.

Ш.П. Жылжақсынованың пайымдауынша, Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инновациялық даму стратегиясы мен қарқынды модернизациялау бағыты елді дамытудағы екі жеке бағыт та, міндет те емес. Олар түп негізінде бірін-бірі алға тартатын, бірегей даму бағыттары [5].

Инновациялық дамудың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық құраушылары қазіргі экономикалық өсу қағидаларына сай өркендеуде үлкен мәнге ие болып отыр. Халықтың қажетті материалдық игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз етілуі, жұмыспен қамтылуы және еңбек ету шарттарының заңды түрде орындалуы, адам құқықтарының қорғалуы, денсаулығы, білім алуға қабілеттілігі, әлеуметтік қамсыздандырылуы, адамның өзін-өзі жетілдіруіне қажетті бос уақытының бар болуы және басқалары инновациялық дамудың әлеуметтік сипатын

бейнелесе, экологиялық шиеленістердің үдеуі, табиғи ресурстар қорының жылдан жылға азаюы, осы аталған проблемаларды шешудің теориялық және тәжірибелік деңгейде нақты әдістерінің, тәсілдерінің жеткіліксіздігі оның экологиялық құраушы бөлігінің маңызын анықтайды [6].



2-сурет – Инновациялық даму моделі

Экологиялық зардаптарды жою, қоршаған ортаны ластанудан қорғау талаптарының жыл өткен сайын қатаң қадағалануы энергетика, биотехнология, химия, нанотехнология сияқты ғылыми бағыттардың дамуын жеделдетеді. «Қоршаған ортаны қорғау экономиканың барлық салаларына ықпал ететін, сондай-ақ мемлекеттің саяси және әлеуметтік жағдайын шешудің нәтижесі, стратегиялық міндеті болып табылады»

Әлемдік экономика дамуының жаңа сатысында ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірден-бір сара жолы инновациялық даму бағыты болып табылады. Ал, инновациялық дамудың негізгі мақсаты – жаһандану үдерісі аясында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін нығайту, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерді шешу арқылы халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту. Ендеше, инновациялық даму – бұл рынокта адамның өмір сүру сапасын жоғарылатуға мүмкіндік беретін жаңа тауарлар мен қызметтер ұсынысының артуы. Нақтырақ айтқанда, инновациялық даму – ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру негізінде қоғамның өмір сүру сапасын жақсартуға жағдай жасайтын даму.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қазақстан халқына жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа жол» Астана қ. 11 қараша 2014 ж.
- 2 Каренов Р.С. Приоритеты и тенденция развития менеджмента в перспективе (Книга третья): Монография. – Караганда: Издательско-полиграфический центр Казахстанско-Российского университета, 2014- 376 с.
- 3 Буктуков Н.С. Место науки в индустриально-инновационном развитии экономики // Наука и высш. шк. Казахстана. – 2011. – 1 октября.
- 4 Абишев А.А. Технологическая модернизация национальной экономики // Национальная экономика в векторе глобального развития. Материалы международной научно-практической конференции, 9-10 декабря 2012 года. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012г. – С. – 18–22.
- 5 Жылжақсынова Ш.П. Білімге негізделген экономиканың ұлттық бәсекелік қабілеттілік артықшылықтарын қалыптастырудағы маңызы // Социально-экономические и правовые проблемы в условиях вхождения Республики Казахстан в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Материалы научно-практической конференции, 11 мая 2013 года. – Алматы: «Status A.Ltd.», 2013. – С. – 395–398.
- 6 Алшанов Р.А. Новый экономический курс Казахстана: цифры и факты // Казахст. Правда. – 2014. – 15 февраля.

*Қосыбаева У.А.
Доцент
КарГУ им.Е.А.Букетова, к.п.н.,
Казахстан, г.Караганда
Игилик С.
Учитель математики
КГУ «СОШ №81
Казахстан, г.Караганда.*

ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ

В настоящее время государство ставит перед системой образования определенные задачи: создание условий для получения качественного образования, профессиональное становление личности на основе общечеловеческих ценностей, развитие интеллекта путем создания условий для развития индивидуальности. В связи с развитием системы образования требуется программы обучения, разработки новых методик обучения. Поднять работу школы на новый уровень можно путем индивидуализации обучения, создания таких условий, при которых каждый школьник мог бы полностью овладеть установленными программами образовательным минимумом, который направлен на формирование личности ребенка, развитие его индивидуальных способностей, и разрабатывается на основе дифференциации, интеграции и профессиональной ориентации содержания образования с введением профильного обучения.

Теперь коротко об исторических аспектах дифференцированного обучения. Возраст идеи дифференцированного обучения более полутора столетий. В Санкт-Петербурге в 1832 г. была выпущена брошюра Т.Степанова “О различии способностей”, которая, не смотря на то, что осталась незамеченной официальной историографией, дала начало становлению детской и педагогической психологии. В ней автор рассматривал способности как продукт взаимодействия социальных и природных факторов. В частности, он обращал внимание на важную роль внешних обстоятельств в генезисе межличностных различий [1].

С 30-х гг. позапрошлого столетия и вплоть до октября 1917 г. Советская педагогическая мысль всё быстрее стремилась найти такие формы учебно-воспитательного процесса, которые по возможности полно учитывали бы разнообразие умственных способностей школьников, способствовали реализации их духовных потенций. При этом острой критике подвергалась его традиционная организация. По мнению П.Ф.Каптерева, самый серьезный недостаток школы – “однообразие ее строя, нежелание примениться к различным душевным способностям детей, отсутствие гибкости. всех детей современная школа равняет, приводит к одному знаменателю, всех запрягает в один хомут. Понятно, что различные таланты должны задыхаться в такой однообразной школе, мертветь, чахнуть от недостатка соответствующих упражнений. Подневольные и несоответствующие способностям занятия посягают лишь отвращение к ним, которые нередко не проходит во всю остальную жизнь” При чем главное зло виделось в “смешанном построении учебных классов”, в которых собраны дети с различными уровнями и типами умственных способностей. Однако попытки выделить каким-либо образом в специальные группы неуспевающих и тех, которым учение дается легко, не увенчались успехом. Везде отмечалось что слабые ученики чувствуют себя ненужными и подавленными. Решение проблемы виделось в создании школ различных типов с особыми программами, разной продолжительностью обучения, малой наполняемостью классов и т. д.

Обсуждался и такой вопрос: все ли неуспевающие действительно неспособные или это просто дети с односторонней одаренностью? Ведь история мировой науки знает немало примеров, когда ученик, которого иначе как “тупицей” не называли, впоследствии был признанным гением (К. Линней, Ч. Дарвин и пр.). Решение педагогических аспектов обсуждаемой проблемы виделось в том, чтобы ученики, у которых обнаруживались определенные склонности и способности, получали особые знания, с ними проводили индивидуальные беседы, занятия по интересам в небольших группах и др. Вместе с тем педагог должен предупредить попытки амбициозных родителей форсировать умственное развитие своего ребенка, устраивать разного рода демонстрации его способностей перед публикой и т.п. Многие учителя, говоря о детской одаренности, подчеркивали наличие в этой сфере многообразных типов, вариантов, отличающихся определенной дисгармоничностью. Особенно больше внимание уделялось

односторонней одаренности, когда одна определенная способность развита на уровне, значительно превышающем возрастную норму, зато другие – в зачаточном состоянии, что прожидает одностороннюю направленность, нежелание заниматься “неинтересными” предметами. Иногда для других предметов просто не хватает интеллектуальных сил.[2]. Смириться с Природой или требовать равномерных успехов, зная наперед, что это нанесет непоправимый ущерб оригинальности, самобытности? В данный момент мы бы сказали, что это классический пример задачи на нахождение педагогического оптимума. Первым, кто не только ее поставил с надлежащей точностью, но еще и предложил вполне приемлемое решение, был все тот же Т. Степанов. “Положим, - писал он, - что дитя начинает учиться наукам; без сомнения, сначала должно подвергнуть его общему воспитанию, необходимому для всех; но потом, когда уже в нем явно обнаруживается какое-либо исключительное направление, тогда уже непременно должно обращать большее внимание на усовершенствование сей особенной способности, а не так как обыкновенно поступают во многих публичных и частных учебных заведениях, где заставляют детей невольно и при том без всякого разбора учиться всему так, что большая часть из них постепенно теряет охоту к учению и наконец решительно отказывается от всякого занятия”. Предлагая на определенном этапе образования дифференцировать его содержание в соответствии с обнаружившимися склонностями и способностями, Т.Степанов решительно выступал против “педагогического волюнтаризма”. “Что может сделать дитя, - спрашивает Т.Степанов, - если она не одарено от природы какою-либо способностью? Зависит ли от одного его усилия, так сказать, переродить себя? Так, иной может иметь необыкновенный ум, но слабую память, заставьте такого учиться более языкам, он, без сомнения, не окажет ожидаемых от него успехов, принуждение может только охладить в нем природное расположение к наукам. Равно заставьте человека, одаренного отличною памятью, но без способности ума, заниматься более отвлеченными науками, следствием принуждения будет то же” (“О различии способностей”). П.Ф. Каптерев подверг убедительной критике доведенное до крайности стремление других педагогов воплотить в жизнь “немецкий идеал всестороннего гармонического развития”, согласно которому главная обязанность воспитателя заключается в развитии одновременно всех умственных способностей. “Если же окажется, что одни силы развиты более других, то для достижения равномерного их развития необходимо: первые, т.е. слабейшие, подвергать упражнению. Таким образом, душевные силы подвергаются выравниванию по аршину, как солдаты в строю, и ни одна не должна выдаваться перед другими... Сильное сократить, слабое вытянуть?”[3].

Аналогичную позицию занимал А.Н.Острогорский, высказываясь однозначно в пользу развития выявившегося таланта. А для этого надо, чтобы ученик в школе нашел занятие, отвечающее его душевному складу, умственным способностям, почувствовал увлечение к какому-то учебному предмету. Какой же представлялась школа будущего с точки зрения индивидуализации обучения отечественным педагогам. А.Н.Острогорский, например, считал, наиболее существенной чертой готовность “применяться к различным душевным способностям детей”. Хотя термин “дифференциация” не употреблялся, конструктивный поиск проходил именно в русле данного понятия. Обозначились 2 подхода:

Первый- дифференциация содержания образования. Его реализация представлялась с помощью создания различных типов школ, разнообразных “по своему учебному курсу полифуркации, соответствующей “главнейшим типам умов”. Дифференциация должна была включать индивидуализацию учебных планов внутри одной и той же школы одного и того же класса. Предполагалось что по предметам, которые даются с большим трудом, учащиеся могут продвигаться в индивидуально-замедленном темпе, отставая в прохождении соответствующих программ на 1-3 года, т. е. оставаясь по этим предметам в одном классе более чем на один год. Допускалась возможность получения аттестата при невыполнении учебного плана по одному или даже нескольким непрофилирующим для данного ученика предметам.

Суть второго подхода – дифференциация непосредственно самого процесса обучения. Она была сформулирована В.П.Вахтеровым: “школа должна быть приспособлена ко всем индивидуальным возможностям нормальных детей путем разделения учащихся по их способностям и наклонностям и приспособления приемов и методов преподавания к различным индивидуальным особенностям. Чтобы достичь этого, учитель должен, опираясь на данные практической психологии, выявлять особенности психического развития каждого из своих учеников”. Задача сложна, но вполне разрешима. Конец XIX в.- это время зарождения дифференциальной психологии, появления первых тестовых методик. Российские педагоги

были хорошо осведомлены обо всех значительных достижениях в этой области. В своих «Дидактических очерках» П.Ф. Каптерев дает детальный анализ психодиагностических методик и суждения о возможности их использования. «Чтобы правильно применять педагогический метод, - подчеркивал он, необходимо знать общий характер мышления учащегося и отдельные его свойства», с возможной тщательностью обследовать умственное состояние детей при поступлении их в школу, а затем вести обучение «в строгой психологической непрерывности».

Ряд работ отечественных ученых был посвящен теоретико-методологическим вопросам диагностики психической индивидуальности школьника. Накопленный опыт показал, что следует различать дифференциацию в содержании образования и в организации процесса обучения; в обоих случаях - на основе принципа индивидуализации.

С 1963 г. при университетах начинают открываться специальные школы- интернаты физико-математического профиля, а уже в 1966 году с целью углубления знаний по физико-математическим, естественным и гуманитарным наукам, развития разносторонних интересов и способностей учащихся в средних школах вводятся факультативные занятия. В последнее время появились школы разного типа: лицеи, гимназии, колледжи, частные школы. Значительно шире стал спектр профилей школ: физико-математический, гуманитарный, технический, и т.д. многообразии профилей и типов школ естественно ведет к изменению целей дифференциации. Концепция развития школьного математического образования формулирует их так: «Дифференциация способствует более полному учету индивидуальных запросов учащихся, развитию их интересов и способностей, достижению целей образования. В условиях дифференцированного обучения ученик реализует правило выбора предмета или уровня обучения в соответствии со своими склонностями: известная однородность интересов и уровня подготовленности учащихся облегчает и делает более эффективной работу учителя».

Итак, в теории и методике обучения математике основную цель дифференциации видят в развитии личности ученика с учетом его индивидуальных особенностей.

Список использованных источников:

1. Методика преподавания математики в средней школе. Частные методики. Ю.М.Колягин и др. Учеб. Пособие для студентов физ.-мат.фак. пед.ин-тов. М., Просвещение, 1977
2. Методика преподавания математики в средней школе. Частная методика. Учеб. пособие для студентов пед. Ин-тов по физ.-мат. спец. Составитель В.И.Мишин.- М.: Просвещение, 1987.- 416с.
3. Мутанов Г., Шевчук Е. Экспертная система оценки знаний методом тестирования. Омск:2001.

Қосыбаева У.А.

Доцент

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, п.ғ.к.,

Қазақстан, Қарағанды қ.

Жанабай А.

Математика пәні мұғалімі

КММ «№101 мектеп лицейі»

Қазақстан, Қарағанды қ.

ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ОҚЫТУҒА ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ. Осыған орай жалпы білім беретін мектептің көкейкесті мәселелерінің бірі оқыту үрдісі кезінде оқушылардың танымдық белсенділігін, болашақтағы оқу іс-әрекеті үшін сапалы дайындығын арттыру болып табылады. Оқу мақсаты басымдылығының өзгеруі білім мен тәрбие мазмұнына елеулі түрде ықпал етіп, оны жаңартудың ең басты бағыттарын айқындауға және нақтылы міндеттер белгілеуге мүмкіндік береді. Жаңа мазмұнды оқытудың нәтижелілігі мұғалімнің шеберлігі мен ізденісіне көп байланысты. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру ұстаздың білімділігін, жан-жақтылығын және кәсіби шеберлігін талап етері сөзсіз. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін,

технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасына мұғалімдердің өзіне ыңғайлы нұсқаны қолдануына мүмкіндік береді [1].

Оқытудың белсенді әдістері - оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері - олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімдерді игеруде алға жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты. Жаңа міндеттердің пайда болуы ақпараттың қарқынды дамуына тәуелді. Егер бұрын мектепте, оқу орындарында алынған білімдер адамға ұзақ уақыт қызмет ете алса, қазіргі ақпараттық заманда оларды үнемі жаңартып отыру қажет. Бұл өз бетінше білім алу жолымен жүзеге асуы мүмкін, ал бұл адамнан танымдық белсенділікті және өзіндікті талап етеді.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті - оқушыларға белгілі бір білімдер жиынтығын беру ғана емес, сонымен қатар оларда оқуға деген қызығушылықты дамыту, оқи білуге үйрету. Жақсы ойластырылған оқыту әдістерінің көмегімен оқу материалының игерілуін ұйымдастыру қиын.

Мектепте қолданылатын неғұрлым тиімді белсенді әдістерге:

1. Дәстүрлі сабақтың дәстүрлі емес басталуы – сабаққа эмоционалдық бетбұрыс (эпиграф, костюмделген көрініс, видеоүзінді, ребус, жұмбақ, анаграмма), мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, күдіктерді айқындау.

1. Проблемалық сұрақтар қою және шешу, проблемалық жағдаяттар құру. Сабақта қолданылатын проблемалық жағдаяттардың типтері: күтпеген нәрсе жағдаяты; конфликт жағдаяты; белгісіздік жағдаяты; болжам жағдаяты; таңдау жағдаяты.

2. Релаксацияны және қорытынды шығаруды ұйымдастыру.

4. Оқу материалының тұсаукесері – ақпараттық технологияны, электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны және т.б. пайдалану.

5. Индуктивті және дедуктивті логикалық сызбаларды пайдалану [2].

Белсенді оқыту әдістерін таңдау бірқатар факторларға тәуелді. Белгілі бір дәрежеде ол оқушылардың санымен анықталады. Көптеген оқыту әдістерін шағын топтарда пайдалану ұсынылады. Бірақ әдісті таңдау, бірінші кезекте, сабақтың дидактикалық мақсатымен анықталады. Сабақта төмендегі белсенді оқыту әдістерін пайдалануға болады

«Миға шабуыл» әдісінің көмегімен Берілген әдіс, күрделі мәселелерді шешу бойынша ой туындауға бағытталған, күрделі тапсырмаларға пікір таластар ұйымдастыру барысында қойылған тапсырмаларды бірігіп шешу үрдісіне негізделген. Тапсырмада пәнаралық сұрақ немесе кәсіби маңызы бар тапсырма болуы мүмкін. «Миға шабуыл» әдісі білім алушылардың жоғарғы белсенді санының тартылып қатысуына мүмкін береді. Берілген әдісті сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға: жаңа білімді енгізу үшін, білімдерін аралық бақылауда сапалы меңгеруге, алған білімдерін шындалуға мүмкіндік береді. Осы әдістің көмегімен тригонометриялық функциялардың қасиеттерін түсіндіруді жүзеге асырайық.

Тригонометриялық функциялардың өзіне тән сипаты, яғни жұп немесе тақтығын қарастырған кезде оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттыру жұмысын мынадай миға шабуыл сұрақтарынан бастауға болады:

1-ші сұрақ. Жұп функция графигінің тақ функция графигінен айырмашылығы неде?

2-ші сұрақ. Жалпы түрдегі функциялардың графиктерінің өздеріне тән ерекшеліктері бар ма?

Функциялардың жұптық және тақтық белгілерінің мағынасын түсінген оқушылар бұл сұрақтар бойынша төмендегідей ойға келеді:

а) егер функция жұп болса, аргументтің оң және теріс мәндеріне сәйкес функцияның мәндері өзара тең болады, ал, оның графигі $(x; y)$ және $(-x; y)$ ($x \in D(f), y \in E(f)$) нүктелерінің геометриялық орны, яғни Оу осіне қарағанда симметриялы нүктелер жиыны болып табылады.

б) егер функция тақ болса, аргументтің оң және теріс мәндеріне сәйкес функцияның мәндері қарама-қарсы таңбалы болады, ал оның графигі $(x; y)$ және $(-x; -y)$

$(x \in D(f), y \in E(f))$ нүктелерінің геометриялық орны, яғни координаталардың бас нүктесіне қарағанда симметриялы нүктелер жиыны болып табылады.

Осындай ойға келген оқушылар 1-сұраққа беретін жауапты былай қорытындылайды: жұп функциялардың графигі Oy осіне қарағанда симметриялы, ал тақ функциялардың графигі координаталардың бас нүктесіне қарағанда симметриялы.

Жалпы түрдегі функциялардың графигі мұндай өзіне тән сипаттамалармен ерекшеленбейді. Осыны еске түсіріп, жоғарыда жасалған қорытынды бойынша 2-сұраққа оңай жауап беруге болады.

2. Тригонометриялық функцияның маңызды қасиеттерінің бірі - периодтылығы. Ол оқушылардың тақырыпты меңгеру мен тапсырмаларды орындау барысында қиындық тудыратын ұғым. Сондықтан анықтаманы жан-жақты талдау қажет.

Оқушылар $T \neq 0$ саны деп берілген функцияға сәйкес табылатын ұзындығы T санына тең аралықты айтатынын ұғынуы керек.

Сонымен қатар, егер $T \neq 0$ саны $f(x)$ функциясы үшін период болса, онда nT (n -бүтін сандар) саны да оның периоды болып табылатынына оқушылардың назарын аудару өте маңызды. Дегенмен олар ең кіші оң периоды (nT , n -бүтін сандар, периодтар тізбегінен алынған) функцияның периоды деп қабылданатынын есте ұстауы қажет.

Мысалдар мен жаттығуларды орындату арқылы оқушыларға жеткілікті мөлшерде $y = kf(ax + b)$ (мұндағы $k, a \neq 0$ және b -тұрақты сандар) жалпы түрде берілген функцияның

периодын табу үшін қолданылатын $\frac{T}{|a|}$ формуласын меңгерту қажет. Бұл формула мектеп оқулықтарының көбінде қарастырылмаған.


Функцияның периодтылығын аналитикалық жолмен дәлелдеу мүмкіндігінше графиктік иллюстрациямен бірге жүргізілсе, оқушылардың білімді қарқынды меңгеруі мен есте сақтауына ықпал етеді.

Тригонометриялық функциялар тақырыбына байланысты өткізілетін бекіту сабақтарында, оқушылардың өткен тақырыптарды еске түсірулері үшін «блиц- сұрақтар» қояған тиімді. Мысалы:

Тапсырма Градустық өлшемде берілген бұрышты радиандық, ал радиандық өлшемде берілген бұрышты градустық өлшемге айналдыру формуласын атаңдар?

Жауап: α -градустық өлшем $\alpha = \frac{180^\circ * a}{\pi}$, a -радиандық өлшем $a = \pi * \frac{a}{180^\circ}$

Келесі тапсырмада оқушыларға бұрыштардың мәндерін табу керек болады. Көбінесе оқушылар тригонометриялық функциялардың мәндерін кестеге жүгіну арқылы айтады. Осы жағдайды болдырмау үшін оқушыларға тригонометриялық функциялардың мәндерін түсіндіру кезінде мынадай тәсіл қолданған ұтымды. Саусақтар арқылы оқушылар тригонометриялық функциялардың мәндерін тез жаттап алады. Синусты табу ережесін қарастырайық. – Үлкен бармақ пен ең кіші саусақтың қиылысуында Ай ортасы бар. Саусақтарды кеңірек айқара ашу керек. Егер саусақтарды Ай ортасы шығатын сәулелер десек, онда кішкентай саусақтың бағыты 0° береді (1 сурет).



1 сурет. Саусақтар арқылы оқушылар тригонометриялық функциялардың мәндерін анықтау

Мына формуланы есте сақтау керек: $\sin \alpha = \frac{\sqrt{n}}{2}$, мұндағы n- саусақ нөмірі. $\sin 45^\circ = \frac{\sqrt{2}}{2}$, ал косинусты табу үшін кері нөмірлейміз. Саусақтарды нөмірлесек,

- | | |
|-------|-----------------------|
| 1) №0 | сәйкесінше 0° |
| 2) №1 | сәйкесінше 30° |
| 3) №2 | сәйкесінше 45° |
| 4) №3 | сәйкесінше 60° |
| 5) №4 | сәйкесінше 90° |

Оқушыларға тригонометриялық функциялардың қасиеттерін алгоритмдік дейгей арқылы немесе «Семантикалық карта» түрінде түсіндірген ыңғайлы.

Ал кері функция ұғымын енгізген кезде тура функцияның анықталу облысы кері функцияның мәндер жиыны болып табылатынын, ал оның мәндер жиыны кері функцияның анықталу облысы болатынына басты назар аудару қажет.

Кері функцияны оқып – үйренген кезде оның бірсарындылығы тура функцияның бірсарындылығына байланысты болатынын оқушылардың түсініп, меңгеруіне қол жеткізу керек. Бұл кері функциялардың бар болуын негіздеу мен берілген және кері функциялардың графиктерінің орналасуын қарастыру үшін қажет. Оқушылардың есте сақтаулары үшін өзара кері функциялардың графиктері $y = x$ түзуіне қарағанда симметриялы екенін түсіндіріп, кері функцияның графигін салуды оқушылардың өздеріне шығармашылық жұмыс ретінде беруге болады. Графиктерді салу кезінде түрлі бор немесе қарындаштар мен ватман қағаздарды пайдаланған жөн. Тригонометриялық функцияларды зерттеу кезінде оқушыларды топқа бөліп, топтық сабақтар өткізу арқылы оқушылардың белсенділіктерін арттыруға болады. Әр топқа әр түрлі тригонометриялық функцияларды зерттеуді тапсыру керек. Топқа бөлу кезінде «Сынарынды тап», «Сандардың бөлінгіштігі», «Археологтар, зерттеушілер мен теоретиктер» және т.б. ойындар өткізуге болады. Сабақ үстінде оқушылар мен оқытушылардың арасында тығыз қарым-қатынас байқалатын болады. Әдетте мұндай қарым-қатынас оқушылар әлдебір мәселені талқылап, соның шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Бұл жерде оқушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңыздырақ. Себебі белсенді оқытудың басты мақсатының өзі сол- оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап таратуға үйрету. Белсенді әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды.

Оқу процесінің барысында оқушылар мыналармен қарым-қатынасқа түседі:

- ✓ оқытушымен (оқушылар оқытушының сұрағына жауап берген кезде);
- ✓ өзге оқушылармен (бірігіп жұмыс істеу барысында);
- ✓ шағын топтармен (3-5 оқушымен);
- ✓ оқушылардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, топ болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
- ✓ оқушылардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
- ✓ кейбір техника түрлерімен (мысалға компьютермен).

Топтың сандық құрамы оқудың немесе өзара қарым-қатынастың сапасын айқындамайды. «Өзара қарым-қатынас» әдісінің ерекшелігі- оқушы өзгелермен араласу барысында ашыла түсетін болады. Сыныптағы оқушылардың ойлау қабілеті де, қызығушылығы да әр түрлі. Сондықтан оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабақ бойы оларды белсенді қалыпта ұстап, сабақты өз бетінше меңгеруге құлшындырып, ынтасын арттыру мақсатында оқытудың тиімді әдістерін іс-тәжірибеде қолдану міндеті мұғалімдерге жүктеледі. Қазіргі таңдағы білім беру үрдісіне ақпараттық технологиялардың жетістіктерінің енуі, заманауи педагогикалық технологиялардың қолданылуымен қатар оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттырудың бір әдісі математика сабағында дидактикалық ойындарды немесе олардың элементтерін қолдану болу табылады. Тригонометриялық функцияларды оқыту сабақтарында ойын элементтерін пайдалану, оқушылардың ой-өрісін дамытып, танымдық белсенділік қасиеттерін арттырады. Теорияны практикамен ұштастыруға жол ашады. Тригонометриялық формулаларды тез есте сақтап қалу үшін ойналатын ойынның бір түрі «математикалық домино». «Математикалық домино» ойыны қалай ойналады. Көлемі шамамен 5-10см болатын қатты қағаздан жасалған карточка екіге бөлініп біреуінде сұрақ не есеп, ал

екіншісінде басқа сұрақ не есептің жауабы жазылады. Бірінші доминоның сол жағы бос болады, ал оң жағына сұрақ не есеп жазылады. Ал оның жауабы келесі доминоның сол жағында жазылады, ең соңғы доминоның оң жағы бос болады. Әр топқа «доминоның» 3 бірнеше нұсқасын ұсынуға болады.

Сабақты қорытындылау кезеңінде «ББҮ» әдісі пайдалануға болады.

«ББҮ» әдісі – Білемін. Білгім келеді. Үйрендім. Бұл стратегияны 1984 жылы Чикаго университетінің профессоры Донна Огл шығарған. Оның мақсаты – таным үрдісінде рефлексивтілікті дамыту[3]. Ол үшін төмендегі кестені толтыру керек. Топтың мүшелерін дамыту мақсатында уақытты үнемдеу арқылы оқушылардың барлығын тыңдауға мүмкіндік береді. Кестені толтыру барысында ұсыныстар және жаңа ойлар қосуға болады. Бірінші баған сабақтың басында толтырылады, соңғы екі баған сабақты қорытындылау кезеңінде толтырылады. Соңғы бағандағы оқушы пікірі мұғалімнің келесі сабағының мақсатын айқындауға мүмкіндік береді.

Білемін	Білдім	Үйрендім
Тригонометриялық функциялар олар синус, косинус, тангенс, котангенс.	Синус, тангенс, котангенс тақ функциялар екенін, алжұп функция екенін. Сонымен қатар тригонометриялық функциялардың периодты функциялар екенін	Функциялардың тақ немес жұптығын анықтау. Тригонометриялық функциялардың периодын анықтау.

Белсенді әдістердің көмегімен тек сабақтарды түсіндіру үшін ғана пайдалануға болмайды, сонымен қатар математикалық кештер, үйірмелерді жүргізуге де қолдануға болады. Сонын бірі тригонометриялық функциялар тақырыбына байланысты оқушылар арасында дөңгелек үстел жасауға болады. Дөңгелек үстелдің тақырыбы «Тригонометриялық теңбе-тең түрлендірулерді ауызша орындауға оқушыларды үйрету». Бұл дөңгелек үстелді ұйымдастыру мақсаты оқушылардың оқулық программасынан өзге күрделірек түрлендірулерді шешуге машықтандыру. Кешіміздің қатысушыларын үш немес төрт топқа бөлуге болады. Әрбір топқа күрделі тригонометриялық тепе – теңдіктер беріп, шешу тәсілдерін бақылау керек.

Оқытудың белсенді әдістерін тригонометриялық функцияларды оқытуға пайдалану әдістемесі ол мектеп математикасында күрделі тақырыптардың бірі болып саналатын тригонометриялық функцияларды оқушының тез меңгеру жолдарын қарастыруға арналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. <http://adilet.zan.kz/>
2. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. - Алматы: Білім, 2005. – 272 б.
3. Жайлауова М.К. Мектептегі оқытудың белсенді әдістері // Білім әлемінде. - 2014. - № 5. - С. 29-31 б.

Қосыбаева У.А.

Доцент

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, п.ғ.к.,

Қазақстан, Қарағанды қ.

Саткаримов А.А.

Математика пәні мұғалімі

«№7 мектеп интернат»

Қазақстан, Қарағанды қ.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ӘДІСТЕМЕСІНЕ ТАЛДАУ

Мектеп оқушыларының білім деңгейін көтеру — бүгінгі күннің талабы. Қазақстан Республикасының білім беру саясатын айқындайтын құжаттарда («Білім туралы» Заңы, «Білім

стандарттары», «Білім мазмұнының тұжырымдамасы» т.б.) оқыту үрдісін дамытушылық сипатта және шығармашылық іс-әрекет негізінде ұйымдастыру қажеттігінің атап көрсетілуі жайдан-жай емес, өйткені қазіргі заманның талаптары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың білім алудағы дербестігін мақсатты түрде дамытып отыру міндеті қойылып отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында «Білім беру саласын жаңғырту барысында біз бірқатар шараларды жүзеге асыру керекпіз. Ең алдымен, білім беру үрдісіне заманауи әдістер мен технологиялар енгізу керек. Екіншіден, педагогикалық құрамның сапасын арттыру ерекше маңызға ие», - дегендей, білім беру сапасын арттыру үшін осы салаға жаңа әдістер енгізу керектігін айтқан болатын.

Математика саласында оқушылардың математикалық ой-өрісін арттыра түсу, теориялық білімін тереңдету, шығармашылық жаттығуларды орындау икемділігін бағдарлама талаптары деңгейінде қалыптастыру үшін мұғалім оқушының оқу-танымдық қызметінің жалпы психологиялық — педагогикалық сипатын ғана емес, сонымен қатар оны ұйымдастырудың мазмұны мен әдістемесін терең игеруі қажет. Өйткені, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерді орындау бейімділігін қалыптастырудағы олқылықтар, негізінен, оларды шығармашылық жаттығуларды орындауға үйретуде мұғалімдер тарапынан жіберілетін кемшіліктерге байланысты болып отыр.

Қазіргі заманда математиканың оқыту теориясы мен технологиясынан орындалатын өзіндік жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқауларда оқытудың мақсаты мен мазмұны, әдіс-тәсілдері, мұғалімдерге қажетті теориялық және практикалық білім, білік және дағдылардың жүйесін игеріліп жатыр. Мектеп математикасы бағдарламасына білім деңгейінің мәселелері анықталып, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруы орындалып, кездескен қиыншылықтарды дұрыс шешу жолдары қарастырылуда [1].

Қазақстанда оқушылардың білім деңгейін бағалау білім беру қызметтерінің сапасын бағалау мен оқушылардың білім бағдарламаларын игеру деңгейін анықтау мақсатында жүзеге асырылып келеді. Тапсырмалар жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының негізінде әзірленеді. Оқушылардың білім деңгейлері заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Айта кетерлігі, Қазақстан 2007 жылдан бастап білім беру сапасын бағалау жөніндегі Халықаралық қауымдастықтың мүшесі атанған. Әлемнің көптеген елдерінде жалпы орта білім сапасын бағалау үшін ұлттық емтихандар үлгісінде тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізіледі.

Мектеп пен жоғары оқу орнында да қолданылатын бір емтихан тапсыру үлгісі ең көп таралған үлгі болып табылады (Ресей, Түркия, Болгария, Венгрия, Дания, Израиль, Үндістан, Италия, Норвегия мен Финляндия елдері). Сонымен қатар, сырттай орталықтандырылған және мектеп ішінде жүргізілетін екі сатыдағы бақылау үлгісі біршама елдерде кеңінен таралған (Греция, Латвия, Македония, Словакия Республикасы, Словения, АҚШ, Чех Республикасы). Осылайша, тестілеуді оқушылардың білім деңгейін бағалау тетігі ретінде пайдаланатын елдер қатары жыл санап артып келеді. Осы мониторингтің нәтижесі Қазақстанның білім беру мекемелері көрсетіп отырған білім сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Соған байланысты оқушылардың білімінің мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігін бақылауды ұйымдастырудың бір түрі – тесттік бақылау жүйесі. Ол оқушылардың өз бетінше жұмыс әрекетін арттырып, оқытудың тиімділігіне қол жеткізіп, ойлау қабілетін, шығармашылық әрекетін белсендіреді. Осыларға қоса оқушылардың білімдеріндегі олқылықтар анықталып, уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Тест тапсырмаларын мұғалім өз қалауынша тақырып, тарау бойынша құрайды. Бірақ тесттердің көмегімен оқушылардың шығармашылық дәрежесін бақылау мүмкін емес. Толық педагогикалық мақсатқа жету үшін оқу үрдісінде тесттерді тексерудің барлық басқа түрлері мен тәжірибелік, семинар сабақтар, реферат, баяндама әзірлеу арқылы оқушылардың нақты даярлық дәрежесін көре аламыз.

Тест – оқушылардың білім деңгейін тексеретін құрал болып табылады. Әлемде тестік тапсырмалар арқылы білім сапасы мен деңгейін тексеру, жоғары технологиялар қатарына жатқызылады. Тестілеу әдісі көптеген дамыған елдерде қазіргі білімнің ажырамас бөлігіне айналған жастардың дайындық деңгейін және жалпы білім сапасын болжаудың тиімді құралы ретінде пайдаланылады.

Жалпы білімді бағалаудың тестік жүйесі Англия, АҚШ-та жақсы дамыған. Бүгінде тест қолдану оқытушылармен қатар оқушылар үшін де көп тиімді екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Нәтижесі тікелей белгілі болады. Тесттік әдіс талапкердің білім дәрежесін анықтауда көп уақыт алмайды. Тест тапсырмасына қойылатын негізгі талаптар мыналар:

- Тест жұмысын өткізуде белгілі бір уақыттың болуы;
- Тапсырмаларды орындау үшін берілген нұсқаулардың түсінікті, айқын болуы.

Білімді деңгейін бағалаудың басқа түрлеріндей тестік бақылаудың ерекшелігі де, кемшілігі де болады.

Ерекшелігі:

1. Сапалы, объективті, өткізілуі стандартты түрде, жалпы білім тексеріледі.
2. Әділетті, оқушылар бірдей жағдайға қойылады.
3. Тестік бақылау кең көлемді оқу материалын қамтиды. Мысалы, ауызша емтихан 2-4 тақырып, жазбаша емтихан 3-5 тақырып қамтылады.
4. Бағалауы нақты.
5. Экономикалық жағынан тиімді (тексеретін адамдар саны, уақыты).

Кемшілігі:

1. Тестік сұрақтарды құрастыру, топтастыру ұзақ үрдіс.
2. Тестік бақылауда оқушылардың шығармашылық қабілетін бағалай алмаймыз.
3. Тесте көп сұрақтардың қамтылуы уақыттың жетпеуіне, асығуына байланысты кемшілік болады.
4. Тесте кездейсоқтық болуы әбден мүмкін. Жауап беру кезінде.
5. Сұрақты аяғына дейін оқымау.

Қазіргі заман талабына сай шығармашылық қабілеттің дамуына бағытталған білім дегеніміз – аз уақыт ішінде мол идея қорын алу емес, керісінше, жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін іс. Шығармашылық қабілеттің дамуы әрбір балаға қажет екендігін, әр тұлғаның қоғам дамуында өз орны бар екендігін біле отырып, дарынды балалардың тек өткенге емес, болашаққа да қызығушылығымен, іс-әрекеттердің жаңа тәсілдерін көбейтуге қабілеттерімен ерекшеленетіндігін атап өту қажет. Сонымен бірге бұл жеке тұлғалық дамудың мақсаттарына да жауап береді [2].

Мектеп балаларымен жұмыс істеу – ерекше маңызды педагогикалық проблема. Осыған байланысты дарынды балалармен жұмыс істеудің төмендегідей кезеңдерін анықтауға болады:

- Баланың жеке ерекшелігін, дарынын зерттеу;
- Балалар шығармашылық өнімдерін жариялау;
- Игерілген нәтижелерді бақылау.

Яғни осындай жұмыс істеу бағыттары арқылы бала белгілі бір шеберлікке жеткен соң, оның шығармашылық қабілеті дамиды, өзіндік идеясы туып, үлкен ізденіс пайда болады. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға өз әсерін тигізеді.

Дарындылық пен қабілеттіліктің не екенін, оқушы дарындылығын анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігін, нәтижелілігін білетін мұғалім ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс істей алады. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты — олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету – оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады [3].

Білімді деңгейін тексеру және бағалау оқушының білім алуына көмектесіп, оның және мұғалімнің білім сапасы жөнінде сандық мәлімет береді. Мұғалім оқушының білім деңгейінен хабар алып, оның танымдық жұмысын ұйымдастыруға негіз жасайды. Мұғалім өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға беріп, жұмыс әдістерін толықтырып, түзетіп, жеке оқушылармен жұмыстың жолдарын және құралдарын тауып, бағдарламалық білімдердің меңгерілуі деңгейін анықтайды.

Оқушы тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін ұғады. Егер білімді тексермесе, онда оқушы өз білімін терең, жан-жақты және дұрыс бағалай алмайды. Оқушы баға алған соң өзінің мектептегі, үйдегі жұмыстарын жетілдіруге, жақсы сапаларын дамытуға, білім, іскерлік, дағдыларындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік алады. Білім деңгейін тексеру және бағалау тәрбиеге де ықпал етеді. Оқушылардың өз оқулары, табысы, сәтсіздіктері туралы ой-пікірлері қалыптасып, қиындықты жеңуге ұмтылады.

Білімді тексеру және бағалаудың мемлекеттік маңызы бар. Мектептің, мұғалімдер ұжымының жұмысын білім басқару органдары оқушылардың үлгеріміне қарап бағалайды. Мектеп әкімшілігі, қалалық, аудандық, облыстық білім беру ісін басқару органдары, Білім және ғылым министрлігі оқушылардың білімдерінің сапасын, мектеп және мұғалімдердің жұмысының

жетістіктерін және кемшіліктерін білу үшін бақылау және тексеру жұмыстарын береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі – мектеп қабырғасында берілетін білімнің, оқытушылардың кәсіптік білім деңгейлерінің сапасымен тікелей байланысты екенін көрсетті. Бұл дегеніміз, еліміздің тағдыры және ұлтымыздың болашағы мұғалімнің қолында. Біз бірлесе отырып, әрбір мектеп оқушысының сапалы білім алуына, оның жақсы оқуына, қазіргі технологиялық білімді меңгеруіне мүмкіндіктеріне қарай көмектесетін болсақ, онда оқушылар бағдарламалық материалды тек қана міндетті деңгейде ғана емес, сондай-ақ мүмкін деңгейін де игереді. Себебі, Егеменді еліміздің көк байрағын жер шарының барлық елдерінде желбіретіп, ән ұранымызды асқақ шарықтататын – білімді, елін-жерін сүйетін дарынды жас ұрпақ. Сондықтан да, мектеп оқушыларының білім деңгейлерін талапқа сай көтеру, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Оқушылардың трансценденттік теңдеулер мен теңсіздіктер ұғымдарын меңгеруі жоғары деңгейде болуы үшін арнайы дайындалған есептер жүйесін пайдалану тиімді. Оқушылардың трансценденттік теңдеулер мен теңсіздіктерді меңгеру үрдісін әдістемелік тұрғыдан жан – жақты ұйымдастыру, бағдарламадағы материалдарды оқып үйренуге, оқушылардың білім сапасының жоғарлауына, пәнге қызығушылығының артуына және ғылыми көзқарастарының қалыптасуына, өз беттерімен жұмыс істеу белсенділіктерінің дамуына қарай қолайлы жағдайлар туғызады [4].

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қаңлыбаев Қ.И. және т.б. Математиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК Дәуір, 2013 – 368б.
2. Бидосов Ә. Математиканы оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы, 2007. – 262б.
3. Асқарова М. Теңдеулер, теңсіздіктер және олардың системалары. Әдістемелік құрал. – Алматы: Рауан, 1993. – 88б.
4. Шөкімов С. Көрсеткіштік теңдеулерді шешкенде ескеретін жағдайлар. Математика және физика. 2006. №2. – 18-19б.

Қосыбаева У.А.

Доцент

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, п.ғ.к.,

Қазақстан, Қарағанды қ.

Мамытова А.Е.

Ағылшын тілі мұғалімі

«№93 мектеп гимназия»

Қазақстан, Қарағанды қ.

МАТЕМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ МАТЕМАТИКАДАН АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Міне осындай маңызды мәселелерді шешуде жас ұрпақты сапалы да, саналы ой еңбегіне тәрбиелеуде математиканың алатын орны ерекше. Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі болғандықтан да үрдістен қалыс қалмайтындай, талапқа сай математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру басты мәселелердің бірі.

Инновациялық технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша

ұйымдастыру ол теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен жаңа оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет.

Осы тақырыпта жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты ол Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының озық деңгейіне қол жеткізуге үлес қосатын математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін қалыптасқан үрдісті сақтай отыра, инновациялық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды қолданып жетілдіру болды [1].

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда инновациялық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды пайдалану әдісі үлкен рөл атқарады. «Инновациялық технологиялар және Flash бағдарламасы мен HTML тілі интеграциясы арқылы математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру» тақырыбындағы ғылыми жұмыс математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру мақсатында жасалған және «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның» қойған «Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» мақсаты мен «оқу процесін автоматтандыруды енгізу үшін жағдай жасау; білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету» міндеттеріне қол жеткізуге ықпал етеді.

Инновациялық технологиялар және Flash бағдарламасы мен HTML тілі интеграциясы арқылы математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру жүйесін жасауда екі бағыт ұсталды:

- алғашқысы 5B010900 Математика мамандығының студенттері болашақта математика пәні мұғалімі болып қызмет атқаратын болғандықтан да олардың инновациялық технологияларды оқу үрдісінде қолдануына, компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істей алуына жоғары оқу орнында оқып жүрген кезінде үйрету.

- екінші бағытта жұмыс жалпы білім беретін орта мектептердегі математика пәні мұғалімдерімен жүргізілді.

Математика пәні мұғалімдерінің әдістемесін жетілдіру, мұғалімдерге жан-жақты қолдау көрсету мақсатында келесі жұмыстар атқарылады:

- Қазақстан мектептеріндегі математика пәнінің мұғалімдері арасында өзара тәжірибе алмасып, байланыста жұмыс істеуін қамтамасыз ету, математика пәнінің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында құрылған арнайы сайт www.matematik.kz арқылы жүзеге асырылады.

- Электронды лекциялар дайындалып, www.ksu.kz сайты арқылы кез-келген қолданушыға қол жетімді болады.

- Электронды оқу құралдары жасалады.

- Қазақ тілінде баспаға шыққан арнайы оқулықтардың аздығын ескере отыра Flash технологиясы бойынша дайындалған қазақ тіліндегі электронды нұсқадағы теориялық материалдар мен аталған технологияны практикалық тұрғыда игеруге бағытталған тапсырмалар, жаттығулар мен арнайы зертханалық жұмыстар мұғалімнің осы технологияны игеруіне үлкен мүмкіндік ашады да, мектеп оқушылары үшін игеруге қиындық туғызып жататын функциялар мен олардың графиктері, тендеулер мен теңсіздіктерді шешу тақырыптарында үлкен көмек етеді.

Жалпы Macromedia Flash MX 2004 және Macromedia Flash Professional көптеген қызықты интерактивті мультимедиялық презентацияларды дайындауға мүмкіндігі көп бағдарлама болып табылады. Flash те векторлық графикамен және анимациялар мен жұмыс істеуге болады. Әдетте бұл бағдарламамен манипулятор, растрлі графика, видеоматериалдарды монтаждауға және дыбыс манипулятор файлдарымен жұмыс істеуге болады. Flash – тің көмегімен графикаларды безендіруге көптеген видео презентацияларды соның ішінде Электронды комерциядан бастап видео айындар мен мультфильмдер жасауға болады.

Macromedia Flash MX 2004 және Macromedia Flash Professional 2004 – бұл бір бағдарламаның екі түрлі нұсқасы. Flash – те анимация, эффекті, векторлық графика, интерактивті

мысалдар, бағдарламалар, Web – сайттағы презентацияларды жасауға болады. Flash – те істеген жұмыстарды FLA форматта сақтайды. FLA форматында керекті ресурстарды, видеоматериалдар дыбыстар мен кодтар сақтайды [3]. Қазіргі таңда Macromedia Flash MX Интернетті қолданатын барлық адамдарға танымал. Көптеген қолданушылар Flash – ті үйренуге тырысады, олай дейтініміз Flash – тің мүмкіндіктері аса жоғары және көпке танымал болып табылады. Macromedia Flash пен көруге болатын көптеген сұлулықты, тыңдай алатын дыбыстарды істей алатын мүмкіндігі көп. Осындай мүмкіндіктерін есепке ала отыра аталғын бағдарламаға математика сабағына қажетті материалдарды дайындау үшін пән мұғалімдері де жүгінуіне болады.

Қорыта айтқанда заман талабына сай болу үшін асқан жылдамдықпен дамып келе жатқан инновациялық технологиялардың мүмкіндіктерін оқу үрдісінде қолдана отыра, оқушылардың бойында біліммен қатар тәрбие үрдісін қатар алып жүруде мұғалімге әрине көмек қажет. Себебі мұғалім сол инновациялық технологияны өзі толық игергенде ғана оның бар мүмкіндіктерін қолдана отыра оқу үрдісін тиімді ете алатындығы анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы// <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
2. Бидосов Э. Математиканы оқыту методикасы. Алматы: Мектеп, 1989. – 235 б.
3. Энди Андерсон Macromedia Flash MX.- М.: Наука, 2004. – 217 с.

Кулов О.А.

докторант

*Карагандинский государственный
университет им.Е.А.Букетова
Казахстан, г. Караганда*

ДИСТАНЦИОННАЯ ЗАНЯТОСТЬ КАК ФОРМА ИННОВАЦИОННОГО ПОДХОДА В СОВРЕМЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ

Информационный прогресс, создает материальную основу для дистанционных форм общения, обучения и занятости. Современные мировые тенденции трансформации занятости и появление ее дистанционных форм требуют теоретического обоснования. Прежде всего — введение дефиниции «дистанционная занятость» в научный оборот и используются разные термины по сути своей являющимися синонимами, но по содержанию могут отражать разные аспекты проявления дистанционной занятости.

Дистанционная занятость характеризуется следующими определениями (таких как: telework, telecommuting, telejob, flexplace, peripheral jobs, work-at-home, home-based work, remote work, eWork и др.) [1] основными характеристиками являются форма проведения и средство (соответственно дистанционная форма, т. е. на расстоянии, и современные коммуникации, — как средство). Отличие составляют содержательные характеристики, такие как: гибкость в способах взаимодействия субъектов социально-трудовых отношений, включая: «работу на себя» или на других работодателей, временную или постоянную занятость; в различных методах обработки информации и т. д.

Дистанционная работа определяется, как гибкая возможность работать в местности, расположенной за пределами предприятия. И. Я. Киселев термином «дистанционный труд» обозначал разновидность трудовой деятельности, происходящей в месте, удаленном от центрального офиса, что делает невозможным общение работника с руководством и с сослуживцами [2, с. 123].

Трудовой договор, является соглашением между работником и собственником предприятия, по которому первый обязуется выполнять работу, определенную этим соглашением, с подчинением внутреннему трудовому распорядку, в то же время «занятость» – выплачивать работнику заработную плату и обеспечивать условия труда, необходимые для выполнения работы.

Трудовой кодекс Республики Казахстан (ст. 221-1) определяет дистанционную работу, как

особую форму осуществления трудового процесса вне места расположения работодателя с применением в процессе работы информационных и коммуникационных технологий [3].

Также данный нормативный акт регулирует условия труда работников, занятых на дистанционной работе, в частности ст. 221-2 Трудового кодекса Республики Казахстан устанавливает, что:

«Работодатель предоставляет работнику средства коммуникаций (средства связи) и несет расходы по их установке и обслуживанию. В случае, когда работник использует собственные средства коммуникаций на постоянной основе работодателем выплачивается компенсация, размер и порядок выплаты, которых устанавливается по соглашению с работником.

Таким образом, на сегодняшний день, дистанционными работниками считаются лица, заключившие трудовой договор о дистанционной работе. В трудовом договоре прописываются порядок и сроки обеспечения работников необходимыми оборудованием и программно-техническими средствами, правила компенсации расходов по выполнению дистанционной работы.

Одна из особенностей и основных условий договора - это его форма, то есть согласно казахстанского законодательства о труде, трудовой договор заключается в письменной форме не менее чем в двух экземплярах и подписывается сторонами. По одному экземпляру трудового договора хранится у работника и работодателя. Получение работником экземпляра трудового договора подтверждается в письменной форме (ст. 32 Трудового кодекса Республики Казахстан). [3].

Под понятием «дистанционная работа» подразумевается выполнение должностных обязанностей не в офисном помещении компании, а там, где сотруднику удобно их выполнять: дома, в другом городе и даже в другой стране. Английский термин "teleworking", в интернет источниках переводится как телеработа, когда сотрудники работают на дому, то есть выполняют «дистанционную работу». Дистанционная работа (синонимы: удаленная работа, телеработа.) трактуется как способ сотрудничества, при котором работодатель и наёмный работник (или заказчик и исполнитель) находятся на расстоянии друг от друга, передавая и получая техническое задание, результаты труда и оплату при помощи современных средств связи (изначально - телефон, факс, почтовые сообщения, в наши дни - преимущественно интернет).

На наш взгляд, дистанционная занятость представляет собой особую форму организации труда, процесс выполнения трудовой деятельности вне традиционного рабочего места с целью удовлетворения индивидуальных, социальных и социетальных потребностей, получения дохода с использованием информационно-цифровых средств коммуникации (напр., факса, IP-телефонии, Интернета).

Дистанционная занятость — включает в себя три важнейшие характеристики, определяющие новую форму трудовых отношений, такие как: гибкость, расстояние и использование новых технологий, позволяющих осуществлять рабочие функции на нетрадиционном рабочем месте.

Масштабы и темп распространения дистанционной занятости в развитых странах достаточно высоки (по оценкам в Европейских странах доля потенциальных дистанционно занятых работников составляет от 10 % до 22% в общем количестве занятых). [1]

Отечественные и зарубежные эксперты оценивают ежегодное увеличение количества удаленных работников во всем мире на 20-30%. Результаты исследования, проведенного глобальной ассоциацией человеческих ресурсов WorldatWork и исследовательской группой The Dieringer Research Group Inc., показывают, что численность дистанционно занятых работников в США увеличилась с 12,4 млн. человек в 2006 г. до 17,2 млн. человек в 2008 г. При этом наблюдается тенденция к росту удельного веса молодых дистанционно занятых работников в возрасте от 18 до 34 лет - с 38 до 42% [4, с. 5].

К сожалению, в постсоветском пространстве эти новые высокоэффективные дистанционные формы занятости еще не вызвали столь же пристального внимания исследователей и практиков, как в развитых странах, хотя уже отмечена ее широкая распространенность.




Рисунок 1. Динамика численности дистанционных работников в США в 2002—2008 гг.
Источник: [5]

Степень внедрения дистанционной занятости в различные сегменты рынка труда предопределяется характером конкуренции на рынке труда, уровнем трудовой мобильности работников, степенью распространения трудовой дискриминации, активностью профсоюзов и их отношением к дистанционной занятости, эффективностью государственного регулирования рынка труда, а также качеством инфраструктуры. И, тем не менее, нарастающее распространение этой новой формы занятости требует, с одной стороны, глубокого анализа и проработки данного явления как научного открытия на рынке труда. [3].

С другой стороны, остро встает необходимость в регулировании дистанционной занятости, которое несет в себе создание новых, нетрадиционных рабочих мест, нуждающихся в социальной и правовой защите.

Концепция о продвижении новых видов занятости, связанных с организацией рабочих мест, отдаленных от основных офисов, и с использованием современных средств связи и Интернет технологий, впервые начала обсуждаться в 1972 году в США, когда были введены понятия «телеработа» (англ. — «telework») и «теледоступ» (англ. — «telecommuting»). Под ними подразумевалась возможность осуществлять работу из дома.

Существуют различные типологии телеработы. Данная типология предложена в 2000 г. Европейской организацией телеработы, выделены следующие типы телеработы: [6]

1. **Телеработа на дому** (home-based telework). Под эту деятельность подпадают работники, которые по крайней мере один день в неделю работают дома, а не на своем рабочем месте, используя компьютер и телекоммуникационные связи для взаимодействия с коллегами из дома. При этом если удаленная работа занимает свыше 90% всего рабочего времени, то таких работников рассматривают как **постоянных телеработников** (permanent teleworkers), если менее 90%, но более одного дня в неделю — как **временных** (alternative teleworkers). В случае, когда человек работает дома менее одного полного рабочего дня в неделю, телеработа классифицируется как дополнительная (supplementary).

2. **Мобильная телеработа** (mobile telework). Требуется нахождения за пределами своего рабочего места и вне дома по меньшей мере 10 часов в неделю, как правило, это служебные поездки. Впрочем, не секрет, что такие условия труда давно уже стали традиционными; для превращения же их в телеработу необходимо, чтобы в течение всего этого времени работник пользовался компьютерными коммуникационными соединениями.

3. **Телеработа в специальных центрах** — телекоттеджах, которые обеспечивают людей по месту жительства возможностями обучения, а также высокопроизводительными ИКТ (информационно-коммуникационные технологии). Чрезвычайно эффективна, когда между домом

и офисом значительное расстояние: каждый сотрудник добирается до того офиса (телецентра), который является наиболее удобным для него. К минусам этого, вне всякого сомнения, удобного и перспективного вида телеработы можно отнести то, что для его реализации необходима первоклассная инфраструктура, каковую, собственно, и являются собой телекоттеджи. Постоянное удешевление, возрастающая доступность и совершенствование ИКТ (например, создание широкополосных сетей) в значительной степени нивелируют указанный недостаток.

4. **Телеработа для самозанятых в малых офисах** — домашних офисах (telework by self-employed in SOHOs). Представляет собой комбинацию самозанятости и телеработы, при которой самостоятельные и независимые работники (собственники или влиятельные менеджеры фирмы), рабочее место которых находится дома, в малом офисе или его как такового не существует, интенсивно используют в своей деятельности ИКТ, например, удаленно взаимодействуя с клиентами или партнерами по бизнесу. [6]

Темпы распространения нетипичных видов занятости в условиях формирования инновационной экономики позволяют предположить, что со временем такие виды занятости перейдут в разряд типичных: современные технологии позволяют сочетать в мобильных устройствах практически все офисные функции, и не случайно рынок телекоммуникационных устройств и услуг связи в мире сегодня растет быстрыми темпами. Параллельно можно сделать вывод и о том, что в новой экономике в силу разворота тенденций, наблюдаемых на современном рынке труда, по направлению к повышению самостоятельности персонала при выполнении работы все более будет цениться результат (продукт) труда. Конечно, большую роль в этом будет играть и специфика самих отраслей, получающих распространение в новой экономике: в сфере ИКТ и связанных с ней видах экономической деятельности важно то, что производит работник, а не то, как он производит. Если работающий дома специалист будет в установленные сроки выполнять поставленные задачи, не будет необходимости следить, чтобы он работал нормированное время, тем более что, как показывает практика, рабочее время телеработника вовсе не сокращается, а напротив, становится длиннее по сравнению с тем, которое необходимо отработать при обычной полной занятости. [6]

В Казахстане в рамках Государственной программы «Информационный Казахстан–2020» предусматривается развитие дистанционной занятости в Казахстане и предполагается реализация следующих мер:

- реализация программ развития рынка дистанционной занятости;
- стимулирование работодателей, внедряющих систему дистанционной занятости и предоставляющих возможность трудиться удаленно.

Для развития дистанционных форм занятости в 2012 году были внесены поправки в трудовое законодательство в части законодательного закрепления дистанционной формы занятости.

Однако реальных условий для широкого применения указанной формы работы пока не создано, а между тем, дистанционная занятость влияет на многие показатели, такие как, например социальная сторона вопроса (например, занятость инвалидов или женщин имеющих маленьких детей), повышение благосостояния населения и т.д. [7]

В целях повышения готовности населения и бизнеса к возможностям информационного общества будут реализованы следующие меры: будут проводиться курсы по базовым навыкам компьютерной грамотности и получению государственных услуг в электронной форме для предпринимателей малого и среднего бизнеса (самозанятые лица), безработной и/или частично занятой молодежи, а также лиц с ограниченными возможностями здоровья, пожилых людей и других категорий социально-незащищенных слоев населения;

Для повышения уровня специалистов в области ИКТ (информационно-коммуникационные технологии) и повышения их квалификации с учётом высокого роста новых технологий будут реализованы следующие меры:

- разработка отраслевой рамки квалификаций в области ИКТ;
- создание профессиональных стандартов в области ИКТ;
- разработка образовательных программ в соответствии с профессиональными стандартами в сфере ИКТ.

В рамках Государственной программы «Информационный Казахстан–2020» прогнозируется, что количество занятых дистанционно на 100 работающих в 2017 году составит - 7 человек, в 2020 году - 20 человек. [6].

На данный момент Министерство труда и социальной защиты населения Казахстана активно применяет дистанционные формы трудовой занятости. В этой связи в 2015 году в качестве пилотного проекта запущена дистанционная форма занятости уже сейчас апробируется в Актюбинской области. [8].

Таким образом, на сегодняшний день, дистанционными работниками считаются лица, заключившие трудовой договор о дистанционной работе. В трудовом договоре прописываются порядок и сроки обеспечения работников необходимыми оборудованием и программно-техническими средствами, правила компенсации расходов по выполнению дистанционной работы. Также там указываются основания расторжения договора по инициативе работодателя (причем это могут быть и не предусмотренные Трудовым кодексом РК) [3].

Дистанционная занятость на данный момент стремительно быстроразвивающаяся форма занятости, которая быстро трансформируется в целый ряд разновидностей гибкой трудовой деятельности. Это, в свою очередь, требует глубокого анализа для понимания сути развивающихся направлений в занятости и последствий, которые они могут оказать на рынок труда.

Интернет является огромным рынком, предлагая множество видов трудовой деятельности по различным компонентам. На данный момент следует определить направления развития государственной политики в области регулирования инновационных форм занятости и механизмы воздействия. Следует проводить мониторинг и контроль дистанционной работы, который необходим для определения масштабов и изменений в сфере занятости, что позволит собрать более полную и продуманную политику в области дистанционной занятости.

Список использованных источников:

1. Луданик М В. // Автореферат - Дистанционная занятость на российском рынке труда: формирование, развитие и механизмы регулирования. Москва 2015г.
2. Киселев И. Я. Сравнительное трудовое право: учебник / И. Я. Киселев. – М.: ТК Велби, Изд-во «Проспект», 2005. – 242 с.
3. Трудовой кодекс Республики Казахстан от 15 мая 2007 года №251-111 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.02.2013 г.).
4. Официальный сайт www.worldatwork.org - Американская Ассоциация Worldatwork— всемирная Ассоциация человеческих ресурсов.
5. Report “Telework Trendlines 2009” // WorldatWork & The Dieringer Research Group Inc. - 11 P.
6. Потуданская В Ф, Мокрецова А В. Классификация нестандартных форм занятости // Бизнес. образование. право. Вестник Волгоградского института бизнеса, 2012, № 1 (18) с.75.
7. Государственная программа "Информационный Казахстан - 2020" и внесении дополнения в Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 957 "Об утверждении Перечня государственных программ".
8. Официальный сайт города Астаны - [http:// astana.kz/ru/node/4278](http://astana.kz/ru/node/4278) .

Мамутова К.К.

Бескен Б.М.

М.Әуезов ат. ОҚМУ, Шымкент қ., Қазақстан

КӘСПОРЫНДАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДА САЛЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМДЕРДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап нарықтық экономикаға бет бұрды. Нарықтық экономика ол экономикалық қатынастардың негізгі екі заңдылығының әрекеттестігінен құралады, яғни нарықтық экономика сұраныс пен ұсыныстың бітпейтін өзара әрекеттестігімен сипатталады. Ал нарықтық экономиканы макро деңгейде реттеу тетіктерін жетілдіру туралы айтқанда осы нарықтың екі заңдылығын тыс қалдыру мүмкін емес. Сондықтан да нарықтық экономикада қандай жағдай болмасын реттеу механизмдері осы екі заңдылыққа сүйене отырып іске асырылады.

Сұраныс пен ұсыныстың әрекеттестігі нәтижесінде баға қалыптасады. Егерде нарықта ұсыныс тұрақты болып, сұраныс артатын болса, онда тапшылық пайда болады. Нәтижесінде баға

көтеріледі. Ал сұраныс тұрақты болып, ұсыныс артатын болса баға төмендейді.[1]

Осы сұраныс пен ұсыныс заңдылықтары негізінде кәсіпорынның нарықтағы ықпалы қалыптасады. Егер де қай кәсіпорынның тауарына сұраныс жоғары болса ол кәсіпорын нарықта өзінің лайықты орнын қалыптастырады, егер кәсіпорын тауарына нарықтағы сұранысы төмен болса ол нарықтан ығыстырылады. Егер макро деңгейде қарастыратын болсақ мемлекеттің әлемдік нарықтағы рөлі де осы негізде қалыптасады, яғни мемлекеттің экспорттық тауарларына сұраныс артқан сайын оның кәсіпорындарының өміршеңдігін көрсетеді немесе керісінше. Ал оның өміршеңдігінің негізгі факторы тауар өндірудегі табыстың шығындардан басым болуы. Кәсіпорынның өміршеңдігін негізгі екі жағдайға байланысты қарастыру керек. Бірінші, өңдеу өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындар, олардың өміршеңдігін негізінен бәсекеге қабілеттілігі анықтайды; екіншісі шикізат өндіретін кәсіпорындар, олардың өміршеңдігі өндірілген шикізат өнімінің сұранысына байланысты, яғни адам еңбегімен емес, табиғат қойнауынан алынатындықтан және де ол шектеулі болатындықтан бәсекеге түспейді.

Шикізат нарығында сұраныс пен ұсыныс икемділігі төмен, яғни оны өндіру көлемі шектеулі болғандықтан, сұраныстың артуы әлбетте ұсыныстың артуымен жалғаспайды, нәтижесінде сұраныстың бағаға әсер ету дәрежесі жоғары болады. Сондықтан шикізат нарығында баға ауытқулар жоғары. Бағаның құлдырауымен жалғасатын сұраныстың төмендеуі жағдайында шығындарын жаба алмаған кәсіпорындар жұмысын тоқтатуға мәжбүр болады. Сол себепті шикізат саласындағы кәсіпорындардың тәуекелділігі жоғары.[1]

Ал дайын өнім нарығында сұранысты қанағаттандыру мүмкіндігі жоғары. Бұл дайын өнім өндіру кәсіпорындарының өндіру көлемін арттыру мүмкіндігінің жоғары екендігін көрсетеді. Бұл нарықта сұраныстың өсуі ұсыныстың артуымен жалғасатындықтан бағаның шарықтау құбылысы сирек кездеседі.

Кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін тереңірек қарастыратын болсақ онда оның өндіретін тауарларының нарықта тек сұранысқа ие болуы ғана емес, сонымен қатар кәсіпорын тауарларының басқа тауарлармен бәсекеге түсу қабілетімен қатар нарықтан бәсекелестерін ығыстыру қабілеттілігі.

Кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі оның жүргізіп отырған ішкі саясатына байланысты болып келеді, яғни өндірісті дұрыс ұйымдастыру, кадр мәселесі, баға саясаты, негізгі құрал жабдықтармен жарақтану деңгейі, жаңа технологияларды енгізу, жарнама, жеткізу, өнімнің ысырап деңгейі, инвестиция тарту мүмкіндігі және т.б.

Нарықтық экономика жағдайында қай мемлекет болмасын нарықтың жағымсыз салдарын реттеп, оңтайландыру құралы ретінде салық саясатын кеңінен қолданады. Маңызды қаржы құралымен қатар салық механизмі мемлекеттің қоғамдық өндіріске, оның серпіні мен құрылымына, ғылыми-техникалық прогресс жағдайына экономикалық әсер ету құралы ретінде қолданады.[2]

Алайда кәсіпорынның бәсекелестік деңгейі мемлекеттің салық саясатымен және ұлттық валюта бағамымен тығыз байланысты екендігі ескеріле бермейді. Ұлттық валюта бағамы, әсіресе, экспорттық тауар өндірушілердің бәсекелестігіне қатты әсер етеді. Яғни, ұлттық валюта бағамының айған сайын кәсіпорынның табыстылық деңгейі төмендей берді немесе олар кәсіпорынның бәсекелестік қабілеті төмендейді.

Ал керісінше ұлттық валюта бағамының төмендеуі олар экспорттық тауар өндіруші кәсіпорындарға қолайлы жағдай туғызады. Сондықтан, Үкіметтің экспорттық саясатын іске асыруда валюта бағамымен салықтық реттеу тетіктеріне жүгінгенді ұрыс.

Қазіргі кезде жерасты қазба байлығын тиімді пайдалану мақсатында салықтық заңнамаларды жетілдіруді қажет етеді.

Қазіргі салық кодексіне экспортты ынталандыру мақсатында бір аз жеңілдіктер қарастырылған.

Оның ішінде экспорт қашығарылатын тауарлар қосымша құнсалығынан босатылады.

Және отандық тауар өндірушілерді қорғайтын протекционистік саясат қабайланысты импортқа кеңдік бажсалығы (5-20% аралығында) салынады және оған ҚҚС (12%) қосылады. Яғни қазіргі салық саясаты экспортты ынталандырып, импортты шектейді.

Жалпы қазіргі салық саясаты отандық тауар өндірісін арттыруды көздегенімен оның да әлсіз жақтары бар. Мысалы, экспортты арттыруға бағытталған салық заңнамалары ішкі нарыққа шетелдік валюта ағынын ұлғайтады. Нәтижесінде Ұлттық валютаға сұраныс артып, оның нығаюына алып келеді. Сол сияқты импорттың да шектелуі шетелдік валютаның сыртқа ағынын

төмендетеді. Ол да өз кезегіне Ұлттық валютаның нығаюына септігін тигізеді. Бұл Ұлттық валютаның еріксіз нығаюына алып келеді. Ол жоғарыда аталғандай отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Сондай-ақ, осындай салық саясаты нәтижесінде еркін сауда айналымы шектеледі. Сонымен қатар инфляция деңгейін артады.

Біздің пікірімізше осындай салық саясатынан бас тартып, сауда еркіндігін қамтамасыз ету керек. Сондай-ақ, жалпы экспортты емес, оның ішінде экспорттық құрылымында дайын өнім үлесін арттыруды ынталандыратын салықтық тетіктерді қарастыру керек.

Қазіргі кезде импорттық тауарларға 12 пайыз ҚҚС салынады және оған қоса 5-20% аралығында кедендік баж салығы қосылады, нәтижесінде импортқа салынатын салық 18-33 пайыз аралығында құрап отыр. Импорттық салықтың осындай жоғары деңгейі оның заңсыз жолмен тасымалдануына итермелейді. Экспорттың импорттан екі есе асып кетуі осының дәлелі болса керек және де ол кеден саласындағы коррупцияның жоғарылығын көрсетеді. Аталған салықтық өзгерістер осы олқылықтардың орнын түзеуге мүмкіндік береді.[2]

Отандық өңдеу саласын жандандыруға және де экспорттың құрылымдық сапасын жақсарту мақсатында әлемдік нарыққа шығарылатын барлық шикізатқа бірыңғай экспорттық салығын енгізу қажет. Ол шикізаттың елімізде өңделіп, сыртқа дайын тауар ретінде экспортталуын ынталандырады және де шикізат экспортының шектелуіне байланысты ұлттық валюта құнын төмендетеді.

Шикізат экспортының ставкасы шикізат өндіруші кәсіпорындарға айтарлықтай зардабын тигізбейтіндей деңгейде белгіленуі тиіс. Біздің ойымызша шикізат экспортына салынатын салық ставкасы әлемдік шикізат бағасы деңгейінің 5-10 пайыз аралығында бекітілуі тиіс. Яғни салықтың осындай деңгейі шикізат өндіретін кәсіпорындардың қаржылық табысына шамалы ғана әсер етеді және де ішкі шикізат нарығындағы бағаны әлемдік нарықтан біршама төмендетеді. Нәтижесінде шикізат ішкі нарыққа бағытталып, отандық кәсіпорындар арзан шикізатпен қамтамасыз етіледі. Оның нәтижесі әлемдік нарықта отандық дайын өнімдер басымдыққа ие болып, дайын өнімдер шикізат экспортын ығыстырады.

Салықтық заңнамаға осындай өзгертулер енгізу нәтижесінде жалпы ұлттық валюта бағамы 15-20% аралығында төмендейді және де инфляция деңгейін біршама төмендеп, шет елдермен салыстырғанда ішкі нарықтағы баға қазіргі деңгейінен айтарлықтай төмендемек.

Сондай-ақ жергілікті басқару билігінің құзіретін арттырып, біршама салықтарды жергілікті бюджетте қалдыру керек және де республикалық бюджеттен төленетін біршама төлемдерді жергілікті бюджетке жүктеу керек. Атап айтқанда жер қойнауын пайдаланумен байланысты салықтар мен арнайы төлемдер (қол қойылатын бонус, коммерциялық табу бонусы, үстеме пайдаға салынатын салықтар, пайдалы қазбаны өндірудегі мемлекеттің үлесі), акциздер және экспортталатын шикізатқа салынатын рента салығы республикалық бюджетке немесе ұлттық қорға аударылуы керек. Қалған салықтар мен алымдар жергілікті деңгейде қалуы тиіс.

Осындай салықтық реформалаудың нәтижесінде шикізат өндіру кәсіпорындары екі деңгейде қадағаланып, қалған кәсіпорындар жергілікті биліктің бақылауына өтеді. Шикізат өндірісіне екі деңгейде салық салынатындықтан бірінші орталықтандырылған мемлекеттік бақылау және қосымша жергілікті әрбір әкімшілік өзінің аумағындағы кәсіпорындарды бақылауға алады. Атап айтқанда шикізат өндіруші кәсіпорындардың жер қойнауын пайдаланумен байланысты салықтары мен арнайы төлемдері мемлекеттік деңгейде, ал корпоративтік табыс салығы, ҚҚС, әлеуметтік салық, мүлік салықтары жергілікті деңгейде салынуы тиіс.

Шикізат өндіру кәсіпорындарына осындай екі деңгейдегі қадағалау орнатылғандықтан ондағы заңсыз әрекеттер мейлінше төмендеп, шикізатты өндіру және пайдалану тиімділігі артады. Егер салық тек бір жақты мемлекеттік деңгейде төленетін болса, онда жергілікті биліктің оларды қадағалауға қызығушылығы болмайды.

Жалпы осындай өзгерістер салықтық заңнаманы біршама оңтайландырып, бюджетке түсетін салықтық түсімдер біршама артады деп ойлаймыз. Және де осындай салықтық өзгертулермен қатар экономиканың дамуына серпін беретін салықтық ауыртпалықтарды жеңілдету керек, әсіресе қосымша құн салығын мейлінше төмендету керек.[3]

Салық деңгейін төмендету, әрине, ол мемлекет құн көріп отырған табысының бір бөлігінен айрылу деген сөз, яғни мемлекеттік бюджетке түсіп отырған кіріс төмендейді. Егер мемлекеттің мүмкіндігі көтеретін болса, онда оның экономиканы жандандыруға тигізетін үлесі орасан зор. Біздің көзқарасымыз бойынша салықты төмендетудің тиімділігі өте көп. Оларды ретімен атап өтетін болсақ:

1) тауардың өзіндік құнының біраз бөлігін салықтар құрайтындықтан, салықты төмендету тауардың өзіндік құнының төмендеуіне де әсер етеді;

2) салықтың бір бөлігінен босатылған кәсіпорындардың пайдасы артып, оның нәтижесінде амортизациялық аударымдарды көбейтуге мүмкіндіктері туады. Ол технологияны жаңарту процесін жылдамдатады;

3) экономикамызға инвестиция тартудың қолайлы климаты туады, ол экономиканың жандануына, серпінді дамуына және халықтың тұрмыс деңгейінің одан әрі көтерілуіне мүмкіндік туғызады;

4) инфляцияның деңгейі төмендейді, яғни экономиканың бәсекелестік қабілеті артқандықтан тауар бағасы төмендеуі мүмкін;

5) салықтан қашып отырған көлеңкелі экономиканың біраз бөлігі заңды түрде жұмыс істеуге кіріседі, ол бюджетке қосымша салық түсуіне мүмкіндік береді;

6) жұмыс орындары көптеп ашылады.[4]

Қорытындылай келе, салық экономикада ең маңызды орын алуымен қатар, макроэкономикалық реттеуде негізгі құралдардың бірі болып саналады. Сондықтан салық ставкаларын дұрыс белгілеп, салық саясатын орынды жүргізу ол экономика тұрақтылығының кепілі болмақ. Салық түрлеріне ставкаларды өзгерту мен экономиканың кейбір басымды салаларына салық жеңілдіктерін қарастырудағы мемлекеттің рөлі, ол үкіметтің экономиканы реттеудің негізгі тетіктері ретінде саналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жакыпбеков Д.С. Қазақстандық кәсіпорындарға салық салу, салық есебі мен есептілігін ұйымдастыру. Алматы: Экономика, 410 бет.

2. Ержанов М.С., Нурумов А.А. Қазақстандық кәсіпорындардың қаржылық есептілігі: Оқу құралы.- Алматы: Экономика, 180 бет.

3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы.

4. www.ukimet.kz сайты.

Мамутова К.К.

Токтыбаева М.Ж.

М.Әуезов ат. ОҚМУ, Шымкент қ., Қазақстан

ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ - ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Ғылыми-техникалық саясатты жетілдірудің басты мақсаты – қоғамдағы экономикалық дамуды тереңдетуді және толық түрде жаңартуды, ғылым мен қоғам арасындағы байланысты нығайтуды, ақпараттандыру процесін тез арада меңгеруді, білім беру мен ғылыми саланы одан әрі демократияландыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының ішкі саясатында жаңа қоғамды одан әрі те-реңірек топтастыруға тұрақтылықты, азаматтық бейбітшілікті, жаңа рухани келісімді дамытуға, мемлекетті және оның институттарын қалыптастыру мен нығайтуға, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған болса, сыртқы саясаты республиканың көп векторлы және көп деңгейлі интеграциялық іс-әрекетіне, аймақтық және әлемдік қауіпсіздікті нығайтуға, әлемдік қауымдастықта еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуге, жоғары технологияны пайдалана отырып, экономикалық өсуге бағытталған. Осы екі саясат саласында да инновациялық қызмет үрдістерін жетілдіру оны бүгінгі күнмен қабыстыру мақсаты көзделген. Мемлекеттік саясаттың ажырамас бір бөлігі инновациялық саясатты дамытуға бар күш-жігерді жұмсай қызмет етуіміз басты азаматтық принципміздің бірі.[1]

Инновациялық саясаттың басты ерекшелігі, оның әрдайым мемлекет назарында болуы. Қызықтысы, ғылым мен техника нарық жағдайында басқа салалар сияқты өз алдына дербес дами беруге кейде қабілетсіз болып келеді. Алайда ғылым жеке меншік өндіріске жұмыс істеген жағдайда оның нарықтық сұраныс пен ұсыныс заңдылығы арқылы даму мүмкіндігі жоғары екені сөзсіз. Мұны қазіргі күні АҚШ, Жапония; Оңтүстік Корея сияқты елдердің тәжірибелері толықтай дәлелдеп отыр. Ғылыми-техникалық саясаттың жетістіктері индустриалды қоғамды ары қарай

дамытуға жол көрсетеді. Ұзақ уақыт пен жағдайды, жалпы ұлттық негізде ұйымдастыруды талап ететін ғылыми-техникалық жаңартулар кезеңі қиын және қаржылай қымбат болуы мүмкін. Алайда, ғылыми-техникалық саясат арқылы енгізілген жаңартулар экономикалық өсудің негізгі іргетасы бола алады.

Инновациялық саясаттың мақсаты мен негізгі міндеті ғылым мен техникадағы жетістіктерді өндірістік барлық инфрақұрылымдарды ұштастыру, бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру. Осы қызметті жетілдіруді бүгінде дүние жүзінде озық экономикасы мен қоғамдық дамудағы жетістіктерімен көзге түсіп отырған өркениетті елдер қатарынан көрінуге талпыныс жасау және оған қол жеткізу.

Ғылым мен техника нарық жағдайында басқа салалар сияқты өз алдына дербес дами беруге кейде қабілетсіз болып келеді. Алайда инновациялық қызметті ең жоғары дамытқан елдер санатына кіріп отырған АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея елдерінің тәжірибелері толықтай дәлелдеп отыр. Инновациялық саясатты дамыту – ғылым мен техника жетістіктері нәтижесінде индустриалды қоғамды ары қарай дамытуға қол жеткізеді.

Осы негізгі мақсаттар мен міндеттерді ескере отырып инновациялық саясат-тың басым бағыттарын дамыту жолдарын саяси жүйеде жүзеге асыру басты қажеттілік болуы тиіс. Бүгінгі ХХІ ғасыр көз ілеспес жылдамдықпен дамуда. Осы даму үрдісі қоғамда тезірек көшке ілесуді талап етуде. Ақпараттық технологиялардың озық заманы, қоғамның тез өзгеруіне, қоғамдық санаға үлкен ықпал етіп отыр. Инновациялық саясаттың негізгі принциптерін қалыптастыруда қоғамның әлеуметтік-экономикалық мақсаттары есепке алынады. Мұнда қысқа, ұзақ, орта мерзім және ішкі заңдылықтарға негізделген ғылым мен техниканың дамуы халық шаруашылығы мен есеп жүргізудің бірлігін анықтайды. Инновациялық саясатты іске асыруда өнеркәсіп, кәсіпорындар көбіне экономикалық өркениетке ұмтылуға тырысады. Жалпы, мемлекетте жүргізілетін инновациялық саясатты қалыптастырудың негізгі принциптері төмендегідей:

- орта және шағын бизнес субъектілерін инновациялық қызметке тарту, олардың қаржылық-кредиттік салада толық мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуін талап ету;
- инновациялық саясатты дамытуға халықаралық серіктестіктерді тарту және ұлттық мүддені, интеллектуалдық әлеуетті қорғау;
- инновациялық саясаттың экономикалық-әлеуметтік бағытын жеке дара қарастыру; - әлеуметтік-экономикалық тиімділікті қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық дамудың жаңа бағыттарын таңдап алу;
- ғылым мен техниканың басым бағыттарын іске асыру үшін ресурстарды бір жерге топтастыру;
- ғылым-өндіріс-тұтыну жүйесіндегі халықаралық еңбек бөлінісінің объективті үрдістерін көрсету үшін, халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық, топтарға мүше болу;
- осы жүйені қолданысқа еңгізіп қалыптастыру үшін қажетті орталықтың болуы.

Сонымен қатар, инновациялық саясаттың принциптерін дайындау кезеңінде мынандай аспектілерді қарастыру тиіс. Бүкіл мемлекет деңгейінде шешілетін сұрақтар арасындағы бірлікті, сондай ақ аймақтық жүйелер деңгейінде шешілетін мәселелер бірлігін ұмытпау қажет. Кез-келген мәселенің шешімін табарда оған жауапты құрылымдар бірлігі аса маңызды рольге ие екендігі сөзсіз. Аймақтық жүйелер инновациялық саясатты қалыптастырып, жүзеге асыра алады. Сондықтан ғылыми еңбектерде, әдебиеттерде аймақтық инновациялық саясат мәселелері (алдыңғы қатарлы ірі өндірісті қалалар, облыстар деңгейінде), сондай-ақ инновациялық саясатты оқу орны, академия, өндіріс жүйелері деңгейінде қарастыру керек.

Жаңа шаруашылық жағдайында инновациялық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруда жеке бөлімше, өнеркәсіп, ғылыми мекеме ретінде қарастыру жиі орын алады. Сонымен бірге, оны жаңа өндіріс формасы – концерн, өндіріс арасындағы мемлекеттік бірлестік, әртүрлі ассоциациялар, түрлі серіктесіктер мен акционерлік қоғам және тағы басқа ретінде бағалау жиі кездеседі. Жергілікті және тұтастай мемлекеттік деңгейде ғылыми-техникалық прогресті басқарудағы өзара байланыс пен өзара тәуелділік инновациялық саясат бірлігін қарауға әкеледі.

Қазақстанның 2003-2015 жылдарға арналған Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясында «ғылыми-техникалық және инновациялық саясат» - деп аталатын бөлімінде айқын көрсетілген.

Экономикалық қатынастардың жалпы жүйесінде инновациялық қызметтің түпкі нәтижелері - өндіріс тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігімен капиталдың өсуі, жоғары технологиялы өнім көлемі - елдің қуатын айқындайтын болғандықтан, оған басты рөл беріледі.

Дамыған индустриалды елдерде технологиялардан, құрал-жабдықтардан, кадрлар даярлаудан, өндірістерді ұйымдастырудан көрініс табатын жаңа ілімдер үлесіне ІЖӨ өсімінің 80 пайызынан 95 пайызына дейін келеді. Бұл елдерде жаңа технологияларды енгізу нарықтық бәсекелестіктің өзекті факторы, өндіріс тиімділігін арттырудың және тауарлармен қызметтер сапасын жақсартудың негізгі құралы болып отыр.

Қазақстандағы ғылымның қазіргі таңдағы жағдайы аяқталған ғылыми әзірлемелер мен қажетсіз өндірістер санының көптігімен сипатталады.

Бұл айтарлықтай үлкен әлеует және оны пайдалану инновациялық қызметті дамытудың негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс.[1]

Біздің ойымызша инновациялық іргелі жаңалықтарды өндіріске енгізудің оңтайлы жолдары осындай орталықтар құру. Біздің елімізде де технопарктер құру үшін ғылыми база бола алатын орталықтар бар. Атап айтсақ олар биотехникалық орталық бола алатын – Степногорск, Курчатова қалалары болса, информациялық технология орталығы бола алатын – Алматыдағы Алатау поселкісі, мұнай-газ салаларындағы тағы басқа аймақтар. Осындай жаңа ғылыми-зерттеу объектісі бола алатын аймақтарды мемлекеттік қамқорлыққа алып, іске жаратуға болады.

Мемлекеттік білім беру стандарттарында көрсетілген мамандықтарды енгізу, Қазақстанда инновациялық қызметті жүзеге асыратын тиісті сұраныстағы мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында жүйелік оқытуды ұйымдастыру мәселелері назардан тыс қалған. Инновациялық мүмкіндіктерді ұйымдастыру және өнеркәсіптік салалар үшін тиімді комбинациялар құру нақты инновациялық жобаны таңдаумен жүзеге асыруға әкеліп тірейді.

Қазіргі кезеңде ғылыми-инновациялық саясатты дамыту үшін отандық индустриаландыру, ғылыми және техникалық шешімдерді жүзеге асыратын салалармен кәсіпорындардың белсенділігін арттыру қажет. Ғылыми-техникалық саясатты жүргізудегі индустриалды елдердің тәжірибесінен көріп отырғанымыздай өнеркәсіп кәсіпорындары трансұлттық корпорациялармен, ірі шет елдік және отандық компаниялармен қауымдастықты күшейту керек. Отандық өнеркәсіпті технологиялық тұрғыдан индустриаландыру үшін алдыңғы қатарлы ғылыми және ғылыми техникалық шешімдерді жүзеге асыратын салалармен кәсіпорындардың белсенділігін арттыруды нақты жолдарымен бағыттарын айқындау қажет. Ғылыми-техникалық саясатты дамытудың басты салаларының бірі қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің нәтижелері экономиканың барлық салаларына сондай-ақ мемлекеттің саяси және әлеуметтік жағдайына ықпал ететін стратегиялық міндеттердің бірі. Әлеуметтік-экономикалық қайта өзгерістердің күллі жетістігі қоршаған ортаны қорғау және табиғатты орынды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатқа тікелей байланысты.

Ғылымға негізделген технологиялық өндірістерді дамыту, табиғи ресурстарды мейлінше аз пайдаланылатын, қоршаған ортаға мейлінше аз пайдаланылатын аз өндірістерді құру қажет. Жоғары технологиялы өнімдерге тауарларға қызмет көрсетуге бағытталған экономикалық даму қоршаған ортаға салмақтың аз түсуін қамтамасыз етеді. Шикізат пен қалдықтарды кешенді пайдаланудың тұйық, технологиялық циклін жасау бәсекеге қабілетті өнімді өндіруге бағалау компоненттерді кәдеге жаратуға әрі онымен бір мезгілде қоршаған ортаға түсетін салмақты азайтуға мүмкіндік береді. Стратегияны жүзеге асыру барысында әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, инвестицияларды үйлестіру жөніндегі бастамаларды жүзеге асыруға және іскерлік ынтымақтастықты дамыту қажеттілігін көрсетіп отыр.[2]

Қазіргі уақытта ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған ғылымды көп қажетсінетін жаңа технологияларды және ақпараттық технологияларды әзірлеу мен игеру республиканың өнеркәсіп пен ғылыми-техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету. Қазақстан экономикасының өзекті стратегиялық міндеті болып табылады. Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге өнеркәсіптегі жаңа қайта бөліністерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жоюға, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы керек. Ғылыми техникалық салада кәсіпкерлік секторды қалыптастырмай инновациялық қызметті дамыту мүмкін емес. Соңғы жылдар ішінде өнеркәсіп өндірісі көлемінде және жұмыспен қамтылу санында шағын бизнес секторының үлесі өзгеріссіз қалып отыр және тиісінше 2,8-3,2% және 12,4-14,0%-ды құрап отыр, бұл индустриясы дамыған елдердегіден бірнеше есе аз. Шағын инновациялық кәсіпкерліктің дамуы тежелуінің негізгі себебі шағын кәсіпорынның әдетте, ірі кәсіпорындармен салыстырғанда

бәсекеге қабілетті өнімдер шығара алмауында болып отыр.

Шағын кәсіпкерлікті ірі кәсіпорындармен біріктіру (коперациялау) мақсатында табиғи монополия субъектілерінің негізгі қызметіне қатыссыз қызметтер көрсету жөніндегі функцияларын шағын бизнес субъектілерінің бәсекелестік ортасына беру тетігін әзірлеу қажет. Бұдан өзге, шағын бизнесте инновациялық және ғылымды көп қажетсінетін өндірістерді, оның ішінде лизинг бойынша құрал-жабдықтар мен технологияларды сатып алу, және шағын және ірі бизнестің франчайзингтік қатынастырының кең таралуы есебінен дамыту үшін жағдай жасау керек.

Қазақстандық өндірушілерге ғылыми әдістемелерді рыноктік тауар деңгейіне жеткізу тәжірибесі жетіспейді, менеджмент, маркетинг және талдау саласындағы жоғарғы білікті мамандар жеткіліксіз. Осыған байланысты қазақстандық мамандарды жетекші шетелдік ғылыми-зерттеу институттары мен компанияларына тағылымдарға жіберу және отандық кадрлар даярлау үшін республикаға жоғары білікті шетел мамандарын тарту тәжірибеге енгізілетін болады. Қазақстандағы ғылымның қазіргі таңдағы жағдайы аяқталған ғылыми әзірлемелер мен қажетсіз өндірістер санының көптігімен сипатталады. Бұл айтарлықтай үлкен әулет және оны пайдалану инновациялық қызметті дамытудың негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс. Зияткерлік меншікті пайдалану мен құқықтарын қорғау инновациялық қызметті дамытудың маңызды факторы болып табылады. Құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен ғылыми-техникалық зерттеулерді дамытуды, оларды өнеркәсіпте іске асыруды, бәсекеге қабілетті жаңа тауарлар мен қызмет көрсету өндірісі мен тұтынуды қамтамасыз ете алады.

Инновациялық дамудың базалық үлгісі негізінде ішкі және сыртқы инновация көздерінің арасындағы қатынас жатыр. Инновацияларды өсіру стратегиясы іргелі және қолданбалы жеке зерттеулерге негізделген өзіндік технологияларын белсенді жетілдіретін алдыңғы қатардағы елдерге тән. Технологиялардың трансферті стратегиясы іргелі және қолданбалы жеке әзірлемелері жоқ және бұл мақсаттарға арналған ресурстары шектеулі елдерде де іске асырылады.

Сонымен, ғылыми-техникалық және қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары:

- мемлекеттің қатысуымен маманданған венчурлік капиталды ғылыми-техникалық және инновациялық салаға тарту;
- инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау нысандарымен әдістерін әзірлеу;
- инновациялық қызметтің мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы маманданған субъектілерін құру енетін инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру.
- инновациялық сала үшін кадрлар даярлау және қайта даярлау;
- өнеркәсіптің базалық салаларында жаңа технологиялық құрылым қалыптастыру
- технологиялардың өркендетті нарығы үшін жағдайлар жасау, яғни ав-торлық құқықты, патенттер мен сауда белгілерін қорғау саласындағы барлық халықаралық конвенцияларды тану арқылы шетел технологиясының транс-фертін ынталандыру
- отандық кәсіпорындардың үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес сапа стандартына өтуін жандандыру.

Қазақстанның әлеуметтік-инновациялық дамуы қоғамдағы ғылыми-техникалық өркендеудің деңгейімен анықталады. Қазақстанның бәсекеге ба-рынша қабілетті 30 елдің қатарынан көрінуінде инновациялық дамудың рөлі ерекше. Жоғары технологиялы өндірісті дамытуға, ғылыми тұрғыдан ауқымды өнімдер көлемін өсіру арқылы бюджетке түсімдерді арттыруға, жаңа технологияларды пайдалану негізінде экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Инновациялық саясатты ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеу, оның нақты жетілдіру механизмдерін көрсету ғылыми-техникалық өркендеудің тиімділігін арттырады. Демек, еліміздегі инновациялық дамудың әр саладағы нақты мақсаты мен міндеттерін айқындау оған теориялық терең талдау жасау, инновациялық саясатты әрі қарай жетілдіруге жол ашады. ХХІ ғасырда басым бағытқа ие болып отырған озық технологияларды игеру мен қоғамды дамытуға инновациялық саясаттың қосатын үлесі қомақты.[2]

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы.
2. Сулейменов Е.З., Галанц Э.А. Динамика научно-технического потенциала Республики Казахстан на 2000-2015 гг.: Аналит. обзор. – Алматы: НЦНТИ, 2006. - 37 с.

НОРМИРОВАНИЕ ТРУДА КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ ПРОИЗВОДИТЕЛЬНОСТИ ТРУДА И КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЯ

Одним из направлений развития экономики организаций является рациональный выбор системы оплаты труда, которая является фактором регулирования расходов, основой заинтересованности работников и повышения производительности труда, влияющих на рост объема производства, результативность деятельности организаций. Выбор системы оплаты труда должен быть основан на научно обоснованном подходе, современных методиках оценки выработки работающих, оптимальном подборе критериев оценки с учетом профессиональных индикаторов.

Современный этап развития экономики характеризуется изменением роли человека в социально-трудовых отношениях. Человеческий ресурс является главным условием и движущей силой повышения конкурентоспособности и эффективности любой фирмы, отрасли народного хозяйства, экономики в целом. Как известно, неразвитость условий формирования и поддержания на необходимом уровне трудового потенциала общества ведет к его недоиспользованию и к экономическим потерям. Снижение трудового потенциала работников происходит быстрее, чем восстановление. Рабочая сила является ключевой категорией в исследовании трудовой функции, что связано с ростом сложности производства, его внутренней и внешней среды, возрастанием в этой связи требований к профессионально-квалификационному уровню работников, необходимостью эффективного решения вопросов децентрализации управления.

Важной составной частью организации труда является нормирование труда. Технический прогресс, интенсификация производства, ресурсосбережение определяют необходимость перехода к более совершенной организации труда. Организация производства и труда на научной основе требует вести производственный прогресс на высоком технико-экономическом уровне, выводить на новую, более высокую ступень организацию, нормирование и оплату труда. В связи с этим возрастает значение и роль нормирования труда, снижения себестоимости продукции, недопущение потерь рабочего времени и рационального использования других ресурсов производства. Это требует усиления внимания к изучению нормированию труда при подготовке специалистов и руководителей.

Основной целью оценки эффективности управленческого труда, является поиск путей повышения эффективности работы подразделений и организации в целом. Эта цель может быть достигнута только в том случае, если, с одной стороны, каждый руководитель будет максимально полно использовать все возможности, открывающиеся перед ним и перед его подразделением (организацией), а с другой стороны, если руководящие должности будут занимать самые достойные, самые способные, самые знающие люди.

Эффективность труда управления зависит от целого ряда организационных, экономических и психологических условий. Это может быть прямой эффект, если результатом является сокращение численности или величины затрат на содержание административно-управленческого аппарата, или косвенный эффект, если результатом являются конечные результаты производства.

Использование научно-обоснованных, прогрессивных норм труда является одним из важнейших условий экономического благополучия предприятия и его конкурентоспособности. При установлении норм главное внимание нужно уделять поиску рациональных организационно-технических условий, возможностей использования эффективной техники и технологии, соответствующей им организации трудовых процессов в производстве и управлении.

Нормирование труда – это процесс установления необходимых затрат труда и его результатов, оптимальной численности работников различных должностных категорий и групп, их удельных соотношений в общей численности персонала предприятия (организации), оптимальных соотношений между численностью работников и количеством единиц орудий труда (машин, механизмов, приборов, установок и пр.) [1]. К числу средств нормирования труда относятся централизованно разрабатываемые нормативные материалы, средства измерения и анализа трудовых процессов, компьютерная техника. Методы нормирования труда представляют

собой технологии определения и применения норм труда.

Целью нормирования труда на предприятии является обеспечение эффективного использования его производственного и трудового потенциала, конкурентоспособности выпускаемой продукции на основе целенаправленных усилий по снижению трудовых затрат в результате внедрения достижений науки и передового опыта, своевременного их отражения в нормах.

В условиях сложившихся рыночных отношений нормирование труда не может ограничиваться текущими задачами, выявлением наиболее эффективных условий производства, их закреплением в нормах и освоением. Необходимо решать перспективные стратегические задачи, такие, как оценка трудовых затрат по общеотраслевому уровню, выявление возможности его достижения и снижения, проверка экономической целесообразности снижения трудовых затрат при проведении комплекса мер технического и организационного характера. Для этого требуется значительное расширение направлений работы в области нормирования, совершенствование и информационная база [2].

Рыночные экономические отношения не только усиливают требования к нормированию и нормам, но и создают благоприятные условия для повышения качества нормирования, воздействия его на эффективность производства и труда.

В системе централизованной плановой экономики нормирование труда играло роль важнейшего инструмента повышения производительности труда, снижения себестоимости продукции, совершенствования организации оплаты труда; нормированием было охвачено более 80% работников; были разработаны и действовали единые нормативы труда и типовые нормы, для адаптации которых к внешним и внутренним условиям использовались поправочные коэффициенты.

С развитием рыночных отношений большинство предприятий отказались от использования системы нормирования труда, что можно объяснить:

- во-первых, отсутствием адекватных, актуальных на сегодняшний момент единых нормативов труда;
- во-вторых, нежеланием, а зачастую, и неумением предприятий самостоятельно осуществлять мероприятия по нормированию труда.

Вместе с тем новые возможности в области нормирования связаны, в первую очередь, с расширением прав предприятий. Все вопросы нормирования труда теперь полностью стали их прерогативой, они имеют право самостоятельно разрабатывать систему оплаты труда, определять соответствие рабочих мест классам вредности и опасности. Нет необходимости регулировать оплату труда путем завышения норм времени, что позволяет вводить нормы на уровне необходимых затрат, которые в полной мере могут регулировать социально-трудовые отношения между работодателем и наемными работниками.

Нормы трудовых затрат призваны выполнять следующие функции:

- 1) определение необходимой численности работников;
- 2) внутрипроизводственное текущее и перспективное планирование;
- 3) оценка и стимулирование эффективного труда;
- 4) обеспечение нормальной интенсивности труда соответственно принятым критериям;
- 5) гарантированное соблюдение интересов работника в части содержательности, поручаемых ему в соответствии с нормой работ, перспектив его профессионально-квалификационного роста.

Необходимо отметить, что сегодня как работодатель, так и наемный работник заинтересованы в применении обоснованных норм затрат труда, рациональном использовании рабочего времени по продолжительности и интенсивности. Внедрение норм труда для всех категорий работников создает возможности повышения уровня конкурентоспособности на рынке, обеспечивает получение дополнительного объема прибыли, повышает эффективность интеграции интересов персонала с целями предприятия. Кроме того, нормирование труда имеет важное значение для улучшения организации труда через определение действительно необходимых затрат рабочего времени на выполнение той или иной работы, правильный расчет количества рабочих, рациональную организацию их труда, рациональное использование оборудования [3].

Современные методологические основы нормирования включают:

- 1) расширение сферы нормирования труда;
- 2) обеспечение высокого качества норм труда и их максимальное приближение к

общественно необходимым затратам труда;

3) научное обоснование норм с учетом организационно-технических, социально-экономических и психофизиологических факторов;

4) гуманизацию норм труда.

Как известно, существует несколько основных методов нормирования труда. Например, хронометраж – метод изучения трудовых операций путем наблюдения и измерения затрат на выполнение отдельных элементов, повторяющихся при изготовлении каждой единицы продукции.

Наблюдения и замеры затрат труда заносятся в специальную карту. Число наблюдений может быть от 6 до 80, что повышает объективность исследования. Пример другого метода – фотография рабочего времени, то есть изучение затрат рабочего времени путем наблюдения и измерения всех без исключения затрат труда на протяжении полного рабочего дня или определенной его части. Она может проводиться самим работником или нормировщиком. Различают индивидуальную, маршрутную, бригадную, групповую фотографии рабочего времени. Наблюдения и замеры, сделанные во время фотографии рабочего времени, заносятся на фотокарту текстом, с помощью индексов или путем построения линий на графике. Ещё один метод – моментных наблюдений – это статический способ получения средних данных о фактической загруженности рабочих и оборудования. Наблюдения осуществляются нормировщиком, который обходит работников по определенному маршруту и фиксирует на бумаге, что в момент обхода делает рабочий. Эффективность данного метода зависит от числа наблюдений.

В современных условиях появилась возможность осуществлять нормирование труда с применением специальной аппаратуры, в частности киноаппаратуры, и ЭВМ. Это позволяет более тщательно проводить микроэлементное нормирование, которое нацелено на установление норм труда на простейшие действия и движения работника. Эталон нормального темпа выполнения действий (движений) считается движение рук и ног человека средних физических данных, идущего без нагрузки по прямой ровной местности со скоростью 4,8 км/ч (в некоторых странах – 3,5-4,2 км/ч).

В настоящее время вопросы нормирования труда в стране регламентируются условиями коллективного договора. Поэтому важную роль в регулировании интенсивности труда должны играть профсоюзные организации при заключении коллективного договора или иных отраслевых трудовых соглашений. В трудовых договорах целесообразно предусматривать возможность изменения норм труда лишь при соответствующих изменениях организационно-технических условий работы и запрещение их ужесточения без соответствующих мер улучшения условий труда [4].

Для казахстанской экономики считается важной реализация следующих задач, стоящих перед нормированием труда:

1) повышение обоснованности применяемых норм труда и их взаимозависимости с планированием, ценообразованием, организацией производства, определением численности работников и оценкой их трудового вклада;

2) нормирование труда руководителей, специалистов и других служащих предприятия;

3) разработка комплекса мер по рациональному использованию возможностей работника.

В условиях рыночных отношений нормирование труда приобретает все большее значение как фактор повышения конкурентоспособности. Разработка и внедрение рационально обоснованной системы нормирования труда на предприятии позволяет решить такие задачи, как:

- обеспечение высокого уровня конкурентоспособности предприятия за счет контролирования качества продукции;

- повышение эффективности использования средств предприятия;

- создание необходимых условий труда, позволяющих рационально использовать трудовые ресурсы при сочетании роста производительности труда и сохранения социальных гарантий.

Список использованных источников:

1. Фатхутдинов Р.А. Конкурентоспособность: экономика, стратегия, управление. – М.: Инфра-М, 2013. – 314 с.

2. Гордеев В.А. Национальная конкурентоспособность в условиях глобализации: монография /В.А. Гордеев, С.В. Шкиотов. – Ярославль: Изд-во ЯГТУ, 2014. – 191с.

3. Фатхутдинов Р.А. Управление конкурентоспособностью организации / Р.А. Фатхутдинов. – М.: Эксмо, 2014. – 352 с.

4. Савичева А.Н. Нормирование труда как фактор повышения конкурентоспособности предприятия //Журнал Теоретическая экономика - №1, 2015 – с.63-66

Қосыбаева У.А.

Доцент

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, п.ғ.к.,

Оразғалиева М.А.

1-курс магистранты

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қазақстан, Қарағанды қ.

МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДАҒЫ ПАЙЫЗДЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ РӨЛІ

Қоғамның гүлденуі мен білім деңгейі өзара тығыз байланыста екендігі белгілі жайт. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында білім жүйесін дамыту қоғамның экономикалық және әлеуметтік өрлеу факторларының бірі екенін көрсетілген [1]. Сапалы математикалық білім ол оқушылардың әр түрлі нақты жағдайларда, тәжірибеде есептерді шешуде тәсілдерді қолдана білу болып табылады және оқушы үшін аса маңызды фактор. Математикалық есептерді тәжірибемен, күнделікті өмірмен байланыстыру қажеттіліктерін жүзеге асыруда қолданылатын әдістер туралы бірнеше ғылыми еңбектер де бар. Математиканы оқытудың өмірмен, тәжірибемен байланысты мәселелеріне де айтарлықтай көп жұмыстар арналғандығын арнайы басылымдардан, Интернет беттерінен, ғылыми кітапханалардан көз жеткізіп байқауға болады.

Бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстар орта мектептің математика курсына экономикалық мазмұны бар есептер жүйесін құруға, оқушылардың осындай есептерді шешуде құрастыру әдістемесін қалыптастыруға, экономикалық білім беру және тәрбиелеу жоспарында математика курсына экономикалық есептерді шешу мүмкіндіктерін анықтауға арналды. Осындай сипаттағы есептер қатарында «пайыздар» тақырыбына берілген есептер бар.

Математиканы оқыту барысында әртүрлі адами іс-әрекеттер саласында кездесетін кең ауқымды өмірлік есептерді шешу үшін білім мен біліктерді пайдалану дағдыларын кеңейтуге, яғни сауаттылықты дамыту бойынша жұмыстарға назар бөлу керек. Сауаттылық әр мектеп пәнін оқыту негізінде қалыптасады.

Білім беретін орта мектептің математика бағдарламасында: «Оқушылардың математикаға ынтасын дамыту мұғалімнің негізгі мақсаты болып табылады» деп атап көрсетілген. Орта мектептегі оқу пәндері жүйесінде математика пәнінің айрықша орны бар. Оны оқып үйрену барысында оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру мақсатында олардың ой - өрісі дамуын жалпылау, нақтылау, жүйелеу, классификациялау, анализ және синтез жүргізу, өзіне - өзі бақылау жүргізу дағдыларын қалыптастыру іске асырылады. Мектеп математикасын оқытудың мақсаты – оқушылардың практикалық жағдайларда математиканы қолдана білу қабілеттерін, яғни математикалық сауаттылықтарын дамыту болып табылады. Математика пәніндегі өзекті деген тақырыптардың бірі «пайыз» ұғымы. Жалпы алғанда пайыз дегеніміз - толық санның жүзден бір бөлігі. Пайыз ондық санның бір түрі болып есептеледі. Пайыз математикада «%» белгісімен белгіленеді және ол cento-жүз сөзінен шыққан [2].

Математика пәнінің негізгі ұғымдары мыналар: «сан», «функция», «теңбе-тең», «өрнектер», «теңбе-теңдік», «теңдеу», «теңсіздік», т.б.

Теңдеулермен, теңсіздіктермен байланысты материалдар мектеп курсына дағы математиканың маңызды бөлігін құрайды. Бұл жағдай теңдеулер, теңсіздіктер математика курсының әртүрлі бөлімдерінде, маңызды қолданбалы жаттығуларды шешуде кеңінен қолданылуымен түсіндіріледі. Осы негізгі ұғымдар қатарынан пайыздар тақырыбын да көре аламыз. Математикалық ұғымдар қатары енді көбейіп келе жатқан 5-сынып оқушысы үшін әр тақырыптың санасына сіңімді, жадында тез жатталуы тиіс. Сондықтан да 5-сыныпта берілетін пайыздар тақырыбының өз деңгейінде жан-жақты оқытылуы аса маңызды фактор.

Пайыздың қоғамдық ортада және математикада кеңінен қолданылатыны анық. Себебі есептердің көп бөлігі пайыз есебінде шығарылады, яғни пайыздарды білу қажеттілік.

Математикалық әдістер көмегімен пайыз қоғам салаларында әсіресе экономикада қолданылады: инфляцияны есептеу, акция бағасының өсімімен сұраныстың көрсеткішін есептеу. Күнделікті өмірде де пайыздың атқаратын рөлдері бар. Ол банк пайызын есептегенде, несие алу кезінде пайыздық үстемені есептегенде және т.б.

Пайызды қолданудағы басты мақсат - пайызға қатысты ұғымдарының болуының маңыздылығын, пайыздық есептеулерді жүргізе білудің әрбір адам үшін қажеттілігін ұғындыру, кең ауқымды өмірлік есептерді шешу үшін білім мен біліктерін кеңейту, яғни функционалдық сауаттылықтарын арттыру болып табылады. Сондықтан да пайызға берілген есептерді шығара білудің өзектілігі ол мектепте математикадан алған білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдана алу, өмірдегі қолданысы аясын игеру, пайыздық есептеулерді жүргізе білу. Жалпы айтқанда оқушылардың математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру екені анық.

Бүгінде жалпы білім беретін орта мектеп математикасында 5 сыныпта «Пайыз» тақырыбына барлығы 14 сағат бөлінеді. 6 сыныпта пайыз тақырыбын қайталауға барлығы 6 сағат бөлінеді. 7,8,9 сыныптарда қайталау есептері өте аз кездеседі. Осы сағаттарды тақырыптармен көрсетсек:

Кесте1. Пайызға берілген сағаттарды жіктеу.

V тарау. Пайыз		14 сағ
Пайыз		3
Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу		4
Статистикалық мәліметтерді беру тәсілдері. Диаграмма		2
Формула. Формула бойынша есептеу		3
<i>Бақылау жұмысы «Пайыз»</i>		1
Пайызға есептер шығару		1

Бұл тақырыпқа қатысты есептер ҰБТ есептерінде де бар. Оқушылардың оқу жетістігі, оның деңгейі тест арқылы тексеріліп, қорытындыланады. Сол себепті ҰБТ-да кездесетін пайыз тақырыбын қамтитын тесттер де жинақталған. ҰБТ талапкерлерге біршама қиындықтар туғызатын болғандықтан да мұндай есептер әр сыныпта қайталанып тұрса орынды болар еді.

Жалпы жағдайда есептер шығару математикалық ұғымдарды оқушы бойында қалыптастыруға мүмкіндік береді. Есептер шығару оқушылардың білімін толықтырып, нақтылау және дағдыларды қалыптастырып, одан әрі жетілдіру үшін пайдаланылады. Есеп шығарудың мақсаты:

- есеп мазмұнына енетін шамалардың арасындағы себептілік пен салдарлық байланыстарды және функциональдық тәуелділіктерді тағайындау;
- есеп шығару тұжырымдауларын негіздей және логикалық дұрыс ойлай білуге үйрету;
- қолданылатын формулалар мен орындалатын амалдарды негіздеп дұрыс таңдай білу және әрі қарай қатесіз орындай алу;
- белгілі бір түрдегі есептерді шығару жолдарымен таныстыру.

Сонымен қатар есеп шығару кең көлемдегі тәрбиелік мақсатты да көздейді:

1. Көптеген есептер оқушылардың алған білімдерін оқу процесінде немесе өмірде, практикада қолдануға дайындайды.
2. Есеп шешуін іздеу оқушыларды қиыншылықта жеңуге жігерлендіреді, тапқырлыққа, зеректілікке тәрбиелейді.
3. Берілген есептің шешуін табудағы творчестволық процеске қатысу оқушыға эстетикалық ләззат алуына жағдай жасап, эстетикалық тәрбие береді [3].

Жалпы 5-6 сыныптарда математикалық және экономикалық ұғымдарды қалыптастыра отыра оқыту міндеті үнемі көкейкесті болуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // www.adilet.zan.kz
2. Аширбаев Н.К., Рахымбек Д., Бүркіт Ә.Қ. 5, 6 сынып математика сабағында көрнекілік принципті жүзеге асырудың теориялық, психологиялық-педагогикалық негіздемесі // ҚарМУ хабаршысы, 2009. - №4
3. www.bilim.kz

*Орынбасарова Е.Д.
PhD., аға оқытушы
Жашкенова Р.Б.
1-ші курс магистранты
Жашкенова Н.С.
1-ші курс магистранты ҚЭУҚ
Қазақстан, Қарағанды*

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Ұлттық тиімді инновациялық жүйелер инновацияларға негізделген жаңа, сапалы, бәсекегеқабілетті экономиканы қалыптастыру мен экономиканың инновациялық потенциалының дамуының механизмі болып табылады. Инновациялық дамулар жүйелік тәсілдерді қажет етеді, себебі ол ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық инновацияларға апаратын біржақты байланыстар тізбегі ретінде емес, керісінше ғылымды қажет ететін өндірістердің дамуы мен инновациялық қызметтің коммерциаландыруды айқындайтын экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, қаржылық және басқа да факторлардың жиынтықтарының арасындағы байланыстар үрдісі ретінде қарастырылады [1].

Дамудың мемлекеттік институттары инвестициялық және инновациялық жобаларды несиелендіру үшін қажетті бюджеттік қаржылық ресурстармен үлестіріліген, сондай-ақ өндірістегі және инфрақұрылым сфераларында құрылып, жүзеге асырылатын кәсіпорындардың жарғылық қорларға қатысу үшін керек. Олар экономикалық өсім мен ұлттық экономиканың дамуының экспортқа бейімделген моделін қалыптастыру үшін қажет, олар жеке секторлардың өздігімен қаржыландырып және жүзеге асыра алмайтын инвестициялық және инновациялық жобаларына қолдау көрсетеді. Берілген жобалар шикізаттық емес секторлардың дамуына, жаңа өнеркәсіптік өндірістерді құру мен әрекет етуші өндіріс орындарын модернизациялауға, ұлттық экономиканың бәсекегеқабілеттілігінің жоғарлауы мен әртараптануына мүмкіндік береді.


Осыған байланысты, индустриалдық-инновациялық саясаттың әлеуеттерін таңдау тереңінен ойластыратын стратегиялық тәсілдерді қажет етеді, кез келген қателік үлкен шығындарға әкелуі мүмкін. Ол біріншіден ғылыми-техникалық өзгерістер құрылымы мен перспективалық технологияны қалыптастыратын ғылыми-техниканың бағытына байланысты. Мемлекеттің шектелген қаражаттарын техника бойынша артта қалатын және өнімнің төмен бәсекегеқабілеттілігін көрсететін жалған инновацияларды қолдау үшін салуға мүмкіндік бермеу керек. Сонымен қатар, жүзеге асыру уақыты әлі келмеген өнеркәсіптер мен технологияларға әрекет етуіне көңіл бөлу қауіпті болып есептеледі, себебі жұмсалған ресурстар он жылдап өз пайдасын бермеуі мүмкін. Екіншіден, әрбір мемлекеттің экономикасы, оның құрылымы, технологиялық қажеттілігі, ғылыми ізденістері әрқелкі және қайталанбайды. Яғни, ғылыми-техникалық саясатты берілген мемлекеттің спецификалық жағдайына байланысты бейімдеу керек. Тіпті ең тиімді деген технологиялардың өзін басқа ортаға бейімдеуде қауіпті және апатты болуы мүмкін. Ғылым мен техникадағы өзгерістерге ие элементтердің өзін дұрыстап іріктеп бейімдеу қажет [2].

Осыған байланысты, Қазақстандағы индустриалдық-инновациялық дамуды инвестициямен қамтамасыз ету мемлекеттік-жеке серіктестік пен олардың ұлттық экономикалық жүйенің модернизациялық кезеңдерде әрекет етуіне негізделген инвестициялық ресурстардың қалыптасуына алып келді (Сурет 1).

1-ші суреттің сызбасында көрсетілгендей, экономикалық модернизациялауды қаржылық-инвестициялық қамтамасыз ету мен секторлардағы инновациялық белсенділікті жоғарлатуда венчурлық қорлар маңызды рөлге ие. Кәсіпкерліктің қаржылық қолдауының венчурлық механизмді несиелендірудің ұлттық банктік технологиясынан әлдеқайда ерекшеленеді.

Бірінші ерекшелік жарғылық капиталдағы инвестордың пропорциялық үлесіндегі инвестициялайтын кәсіпорындар активтерінің бір бөлігіне ғана үміттен алатын инвесторларға қаржылық ресурстарды берудегі кепілдендірілмеген механизмге негізделген. Бизнес жетістікке жете бастаса, инвестор өзінің акция пакетін сатып, инвестициялық капиталдан да жоғары табысқа ие бола алады (Мысалы, Секвойя Капитал компаниясы сатып алған телекоммуникациялық құрылғыларды шығаратын өндіруші фирманың акция пакетінің батапқы құны 2,5млн. долларды

құраса, бір жылдан соң пакет құны 3 млрд. долларға дейін өсті). Ал егер жоба құрдымға кететін болса, инвестор қаржылық тәуекелді кәсіпкермен бөліседі.



Сурет 1 – Қазақстанның инновациялық дамуының инвестициялық механизмі
Ескерту – Автор құрастырған

Екінші айырмашылық инвестордың жобаларды басқару әрекеттерінің барлық кезеңдеріне белсенді қатысуымен ерекшеленеді.

Үшіншіден, венчурлық қаржыландыру жобаларының белгісіздігі жоғары деңгейде болғанына қарамастан, ғылымды қажет ететін өндіріспен тығыз байланысты болып табылады. Эмпирикалық қадағалау нәтижелері, бұл сферада табыс табудың ең жоғарғы потенциалдық резерві барын анықтады.

Отандық венчурлық инфрақұрылым – ұлттық инновациялық жүйені (ҰИЖ) қалыптастыруға арналған мемлекеттік бағдарламалар өнімі. Венчурлық инфрақұрылымды тікелей мемлекеттің қолдауымен жоғарыдан бастап құру, экономиканы әртараптандырудың масштабты жобаларының мысалы ретінде қарастырылады. Біздің венчурлық инфрақұрылым Израильдің және Сингапурдың үлгісінің мысалында құрылды. Олардың негізінде венчурлық инфрақұрылым мен мемлекеттік қордың құрылуының бастамалары жатыр. Израильден – инфрақұрылым тараса, Сингапурдан – әлемдік индустрияны интеграциялау тәсілі бастама алды [3].

Таңдаудың Израильге түскенін республикадағы отандық инициаторлардың өз жобаларын ұсынып, өз қарамағындағы ресурстар базасын ұсынуымен түсіндіруге болады. Бұл ұсыныстардың сапасын қадағалау бір бөлек. Білімнің жоғарғы деңгейі мен ғылымға мықты қаржылай қолдаудың арқасында Израиль инновациялық ұсыныстарды генерациялау мен техник-мамандардың жетіспеушіліктері сияқты ешқандай қиындықтарды бастан кешкен жоқ. Венчурлық қорлармен бір уақытта мемлекет ЖОО мен ҒЗИ (ғылыми зерттеу институттары) тартымды бизнес-жобаларды жүзеге асыруға жеткілікті ресурстары бар технопарк желілерін дамыта бастады. Технопарктер

инновациялық менеджерлердің аздығына байланысты мамандандырылған жобаларды жеткілікті көлемде жүзеге асыра алмады.

Израильдік модельден екінші айырмашылық – кәсіпкерлік орта. Израильдің экономикасы шағын және орта бизнеске негізделсе, ал Қазақстандағы ЖІӨ құрылымындағы бизнестің бұл үлесі 30%-ға да жетпейді, бұл кері пропорцияға алып келеді, яғни жобаның он инициаторына бір менеджерден келеді.

Сингапурлық венчурлық құрылымнан Қазақстан әлемдік венчурлық индустриясы бар интеграциялық қор сызбасын алды, яғни капитал мен технология үшін ашық инновациялық жүйені құру. Бүгінгі күнде НИФ 5 инновациялық Оңтүстік-Шығыс Азия, Германия және Израиль сияқты батыстық қорлардың акционерлері болып табылады. Шетелдік қорлардың жалпы инвестициясы – 30 млн. доллар шамасында. НИФ қорларының әрқайсысымен берілген базаларға жету үшін шарт жасасқан. Технологияның транспорты мен шетел капиталдарын тартуда тәжірибе бар. Бірақ интеграцияның әлемдік венчурлық индустриядағы көлемі шамалы.

Қазақстандағы қор нарығының жеткіліксіз дамуы венчурлық инвесторларды қаржыландырылған жобалардан шығаратын технологияны пайдалануда кері әсерін тигізеді [4].

Қазақстандағы венчурлық капиталдың дамуы басқарушылық процедураларға ие жаңартылған құқықтық-нормативтік базаларды құратын, салық салуды өзгертетін (оның мотивациясын экономиканың шынайы секторындағы венчурлық инновациялық инвестициялаудың дамуына бағыттау), жас әрі тез өсіп жатқан шағын және орта фирмаларды инвестициялау ерекшеліктерін ескере отырып антимонопольдік тәжірибені өзгертетін, мемлекеттік тапсырыстар үшін бәсекелестік күресте шағын кәсіпорындар мен ірі компанияларға сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық сфераларындағы теңдікті қамтамасыз ететін, мемлекеттегі венчурлық инвестициялаудың дамуында мемлекеттік органдардың тікелей қаржылық қатысуын қадағалайтын ерекше мемлекеттік механизмді қажет етеді.

Бүгінгі күнде маңызды мәселелердің бірі болып венчурлық қорларға қатысты критерилерді анықтау болып табылады.

Батыс елдерінің тәжірибелеріне сүйенсек, венчурлық қорлар көбіне қор нарығында тіркелмеген кәсіпорын акцияларын инвестициялайды, қор нарығындағы бос сатылымдарға қатыспайды, өз қызметтерін ғылымды қажет ететін салаларда жүзеге асырады. Венчурлық инвесторлар бақылаушылық пакеттен аз акциялар көлемін сатып алады. Олардың есептеулері бойынша компания басқарушысы алған ақшалай қаражаттарды жоғарғы табысқа ие болатын бизнесті құру үшін бағыттаған, бұл жағдай венчурлық инвесторларға иемденген акция үлесін пайдалы сатып, жақсы табысқа кенелуіне жағдай жасайды. Венчурлық қорды инвестициялаудың ерекшелігіне инвестицияланатын кәсіпорын акцияларының бақылау пакеті көбіне басқарушылардың қолында қалуы жатады. Ескере кететін жайт, венчурлық қорлармен қаржыландырылатын инновациялық жобаларды жүзеге асыруда венчурлық фирмалар техникалық, басқарушылық және баға тәуекелдерін өз қалаулары бойынша өз міндеттемелеріне алады, ал инвесторлар тек қаржылық тәуекелге ғана жауап береді. Сонымен қатар, венчурлық қорлар өздері қаржыландыратын жобаларға тек ақшалай көмек қана емес, сондай-ақ жаңа фирмаларға маркетингтік зерттеулерде, потенциалдық клиенттерді іздестіруде, фирманың жұмысын қалпына келтіру үшін өз менеджерлерін жіберу және т.б. көмек көрсетеді. Венчурлық қордың келесі ерекшелігі инновациялық жобаларды өңдеу мен оның мерзімін өтеу болып табылады, бірақ бұл ерекшеліктегі үлкен рөлді фирмалардың салалық бағыттары ойнайды, себебі жобаның қиындығына байланысты жобаларды жүзге асыру мерзімі бірнеше уақытқа созылуы мүмкін.

Венчурлық қорларда басқарушылық жұмыстар қандай тәртіппен жүзеге асырылатынын айқындап алу қажет. Осыған байланысты, венчурлық қорларды басқару мен жұмыс тәртіптерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің атқарушы органдарымен бекітіп алған дұрыс.

Венчурлық қорлар өз кезегінде көрсетілген типтік ережелер негізінде инновацияның салалық бағытын ескере отырып, құжаттардың дұрыс жүргізілуін қадағалап отырады.

Осыған байланысты, құрастырылған типтік ережелер мемлекеттік органдар мен инновациялық даму институттарының жалпы бағытын регламенттеу қажет, яғни венчурлық инвестициялауға үміткер болып саналатын венчурлық қорлар үлесіне қатысатын немесе оны құратын заңды тұлғалар. Тәуекел (венчурлық) қаржыландырудың дамуының альтернативтік нұсқалары.

Қазақстан Республикасы экономикасының дамудың инновациялық жолындағы өтпелі кезеңінде венчурлық индустрия ұлттық инновациялық жүйенің ажырамас бөлігі болып есептеледі. Басқа қаржылай көздер тәуекел болып есептелетін салымдарға барудан бас тартып жатқан кезеңде, венчурлық инвестицияландыру шағын және орта инновациялық кәсіпорындарды қаржыландырып және компания өсімінің жоғарғы қарқынын қамтамасыз ете отырып, ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану негізінде, әрекет етуші өндірісті модернизациялауда негізгі механизмнің бірі болып табылады.

Дамудың инновациялық жолы венчурлық инвестордың одан әрі дамуына мүмкіндік береді, бірақ ол үшін ғылыми-техникалық прогресс пен экономиканың дамуына оңтайлы жағдай жасайтын немесе бос нарық жағдайында бос кәсіпкерліктің дамуы мен өндірістің өзін-өзі реттеуіне кедергі болмайтын заңнамалық базалармен тығыз байланысты оңтайлы инвестициялық климатты қалыптастыру керек. Бұл шарттардың ішіндегі ең маңыздысы болып, бәсекеге қабілетті тауарлардың жоғарғы технологиялық өндірістерінің дамуын қамтамасыз ететін салық салуды жеңілдету болып табылады. Бұл экономиканы көтерудің мәселелерін шешуде үлкен талпыныстар мен күш салудың бірігіуіне алып келеді.

Басқа мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып, мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысында мемлекет пен экономиканың жеке секторлары тығыз байланыста болса ғана, үлкен жетістіктерге жетуге болады. Яғни, жоғарғы өсім кезеңінде жеке венчурлық капиталды тарту үшін, мемлекет акциялардың миноритарлық пакеттің иегерлері және жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен құрылтайшысы ретінде инвестициялауды жүзеге асыру жолы арқылы жеке инвестор үшін тәуекелді азайта алады. Венчурлық капиталдың қолдауына ие болған фирмалар 1990 жылғы АҚШ-тың, Ұлыбритания мен басқа да мемлекеттердің инновациялық экономикалық қызметінде шешуші рөлді ойнады.

Дүниежүзілік тәжірибелерге сүйене отырып, венчурлық капиталдың дамуының бірнеше жолдарын анықтауға болады: венчурлық инвестициялардың мемлекеттің ішіндегі салымдары, инвестицияларды мемлекеттен тыс аймақтарда жүзеге асыру, мемлекеттік және жеке корпорациялардың негізінде мемлекет пен одан тыс аймақтарда инвестициялауды жүзеге асыру, сондай-ақ технологиялық компанияларды құру.

Мемлекет ішінде шетел инвестицияларын тарту мен ресурстардың салымының мысалы ретінде Израильді келтіруге болады, олар мемлекеттің қолдауымен жүзеге асырылған ғылыми-техникалық зерттеулерге негізделген.

Сыртқы инвестициялаудың мысалы ретінде Сингапурды айтуға болады, мемлекеттегі венчурлық капиталдың қалыптасу кезеңінде өзінің меншікті инновациялық зерттемелері болмаса да, «Темасек» мемлекеттік қоры батыстың венчурлық қорларына инвестицияларды шығарды және бүгінгі күнге дейін сол қызметті жүзеге асыруда, бұл мемлекетке венчурлық бизнестегі байланыстарды қалпына келтіруге, технологиялық трансферттерді қамтамасыз етуге және мемлекетке шетел капиталдарын тартуға мүмкіндік береді.

Корпорациялық негізінде инвестициялаудың мысалы ретінде Жапонияны келтіруге болады, бұл мемлекеттің корпорациялары шағын және перспективалық әрі жоғары технологиялық компанияларда ірі инвестицияларды жүзеге асырады, ол қызмет тек Жапонияда ғана емес, шет мемлекеттерде де жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қызметтің бұл түрі корпорацияларға өз шығындарын үнемдеуге және корпорацияның негізгі бизнесінен тыс салалардың перспективалық зерттеулерін қаржыландыруға септігін тигізеді.

Басқа мысал ретінде Чилиді алуға болады, ол мемлекет ішіндегі көлемді ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық қаржыландыру барысындағы сәтсіз тәжірибесінен кейін агро өнеркәсіп кешеніндегі қымбат емес технологияларды сатып алып, ие болған технологиялар базасының негізінде кәсіпорындарды құру мен олардан құрылған компанияларды сатумен айналысты.

Осыған байланысты, Қазақстанға мемлекеттен тыс технологияларды қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру қажет (мысалы, Сингапур), ол мүмкіндік венчурлық қаржыландыруда қандайда бір тәжірибе алуға, Қазақстанға қажетті технологиялар трансфертін жүзеге асыруға, сондай-ақ дүниежүзілік инвестициялық нарыққа қатыса отырып, көптеген батыс инвестицияларын мемлекетке тартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, венчурлық қаржыландыруды дамытудың альтернативтік нұсқасы ретінде бизнес-періштілерді қарастыруға болады. Бизнес-періштелер – компанияға бастапқы кезеңде қолдау көрсету үшін өз қаражаттарын пайдаланатын (кей жағдайларда өздерінің кәсіпкерлік және

іскер дағдыларын да пайдаланады) бай кәсіпкерлер. Өздерінің байлықтары мен көрегендерінің арқасында олар басқа да қаржыландыруды көрсететін категориялардың ішінде ерекше айқындалды. Олардың артықшылықтары: бизнес-періштелер кәсіпорындарды бастапқы кезеңдерде қаржыландырады, жұмыс тәжірибесімен салаға байланысты біліммен қаруландырылған, қолайсыз кезеңдерде қаржыландырып отырған компанияның менеджерлеріне маңызды қолдау көрсете алады, құрған жоспарлары ұзақ мерзімдік ерекшелікке ие, оперативті болып саналады, осы артықшылықтарына байланысты «бизнес-періштелер» ортасының дамуына мүмкіндік беретін принциптер мен жағдайларды құру ұсынылады[5].

Меншікті қорларды құру үшін отандық ірі компанияларды тартуға болады, оған ҚазМұнайГаз, Қазақмыс, ENRC компаниялары жатады, олар қажетті технологияларды шетелден алып, сыртқы нарыққа тек шикізатты ғана емес, сонымен қатар қосымша құн өнімін ұсына отырып, отандық компаниялардың дүниежүзілік нарықта дамуына әсерін тигізеді.

Қазақстанда венчурлық капиталды жаппай пайдаланудан бұрын, акционерлік капиталдың қор нарығына жалпы көзқарас пен дамудың арқасында венчурлық инвестициялау өндірісін жоғарылату керек.

Қазіргі дүниежүзілік экономикада мемлекет үшін локальды білім, дағдылар және технологиялар бәсекеқабілеттілікті сақтап қалу үшін жеткіліксіз болып табылады. Басқа да салалармен байланысты арттыруға қажеттілік туындайды. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырымдық аймағындағы бірге қызмет ету, сондай-ақ ішкі нарықтағы мықты бәсекелестік дамушы экономикасы мен нарығы бар мемлекет үшін инновациялар мен технологияларды игеруде маңызды алғы шарт болып табылады.

Инновациялық фирмалар үшін инвестициялық климатты жақсарту, қадағалау сферасындағы бағдарламаларды құру мен жүзеге асыру, бәсеке жолындағы кедергілерді алу және жаңа білім мен дағдылардың дамуына жағдай жасау инновацияның дамуы үшін жақсы ынталандыру болып табылады.

Ғылыми мекемелерді коммерциялық және өндірістік кәсіпорындардан алшақтататын кедергілерді жою және олардың бірігулерін жоғарлатуды минигрант, грант және венчурлық капиталдар негізінде ынталандыру қажет, ол арқылы жобаларды қатыстыру мәселелерін шешуге болады. Бұл мәселелерді шешуде мемлекеттің қатысуы маңызды болып есептеледі, себебі венчурлық капиталдар мемлекеттің қатысуынсыз әрекет етсе, бастапқы кезеңдердің өзінде-ақ төмен нәтижені көрсетеді.

Осыған байланысты, Қазақстан инновациялық құрылым мен венчурлық капиталдың одан әрі дамуына зейін қою қажет, яғни инновациялық үрдістерді қолдайтын байланыстарды құру қажет. Сондай-ақ инновациялық фирмаларға тікелей инвестицияларды жүзеге асыру үшін венчурлық қорлар мүмкіндіктерін тек мемлекет ішінде ғана емес, одан тыс аймақтарда да кеңейтуге мүмкіндік алу.

Яғни, Қазақстан бастапқы кезеңде инновациялық кәсіпорындарды қаржыландыру үшін капитал көздерін іздестіруді шешу мәселелері тұр, әсіресе ғылымды қажет ететін өндірістер сфераларында. Берілген мәселелерді шешуде басқаруға келетін және ұйымдасқан венчурлық капитал белсенді рөлге ие болуы мүмкін.

Қазақстан үшін венчурлық капиталдың дамуы екі аспектіге негізделген: ұлттық экономикалық ортаның ерекшеліктерін ескере отырып, теріске шығарылған тәжірибе позициясы және мәселелерді өз жолдарымен шешуді қарастыратын позиция.

Инвестициялық ресурстарды инновациялық сфераларға тарту венчурлық қаржыландырудан басқа, инновацияларды коммерциялаумен байланысты, ол өз ішінде ғылымды қажет ететін өнімдердің қозғалысын құруға жағдай жасайды. Коммерциаландыру дегеніміз инновацияларға қаражаттардың бөлінуі мен олардың жұмсалуын кезең-кезеңімен қадағалау үрдісі, оған сондай-ақ өндірістегі инновациялық қызметтің игерілу, бағалану нәтижелері жатады. Инновацияларды басқару мен қаржыландыру және нәтижелерді қорытындылау бөлек жүргізілетін жоспарлы-директивтік экономикаға қарағанда, коммерциалау үрдісі нарық жағдайында оңтайлы коммерциялық(яғни өз шығынын өзі өтейтін) нәтижелерге жету мақсатында бұл функциялардың барлығын біріктіреді.

Қазақстанда жоспарлы-директивтік экономика кезінен бастап шешілмей келе жатқан зерттеулер нәтижелерін енгізу мәселесі бүгінгі күнде де өз маңыздылығын сақтап қалуда. Бұрыннан қалған ведомствааралық кедергілерді жою, шешімдерді қабылдаудағы жаңа механизмдерді құруда өз көмегін тигізбеді.



Сурет 2 – Ғылымды қажет ететін секторларды коммерциялау кезіндегі институттардың, ұйымдар мен кәсіпорындар байланысының сызбалары
Ескерту - Автор құрастырған [6]

Беделдіқалыптастыру, басқару ісімендәл осы мамандарайналысады. Қазіргікездебұлардыбарлық министрліктер, мемлекеттікжәнежекеірікомпанияларжәне бірқатар ірі тұлғалардыңжанынанкөругеболады. Оларминистрліктіңнемесемемлекеттікжекекомпанияныңбаспасөзқызметінде, қоғамменбайланысдепартаментінде, жарнамажәне маркетинг бөлімінде, БАҚ-пен байланысбөлімінденемесежеке PR агенттігіндежұмыс істеуі мүмкін.

Сала мамандары PR –дың басты қызметі тек оң бағыттағы істерді жүзеге асыру деп анықтама береді. Алайда, түрлі компаниялардың, жеке адамдардың арасындағы бәсекелестік PR саласына да өзгеріс енгізді. Бәсекелестер БАҚ материалдары мен жарнамалық өнімдерді, түрлі сыбыстарды тарату арқылы жеке компанияның, жеке адамның беделіне нұсқан келтіруді көздейді. Алайда, бұл кәсіби PR мамандарының қызметтік этикасына жат. Әйтсе де, біздің қоғамда қара PR белең алып келеді.

Кәсіпорындардың жақсы беделге ие болуы үшін қазіргі таңда жұртшылыққа қалай көрінетінін, болашақта қалай көрінгісі келетіндігін, мақсаттарын жүзеге асыру үшін нелерге мұқтаж екендігін анықтау қажет.

Кәсіпорынның беделінің ұйым басшысына қаншалықты байланысты екендігін сұрастырғанда, кәсіпорын басшысының беделі кәсіпорынның да беделі болады деген пікір басым болған. Мұның себебі: кәсіпорын басшысының лидерлік қасиетінің жоғары болғандығынан.

Кесте1.«Кәсіпорынбасшысыбеделікәсіпорынның да беделіболадыма» сауалнамасы

Тұтынушы	48%
Медия	41%
Әкімет	36%
Биржа	44%
Басқарма	43%
Басқарушылар	42%
Кәсіпорын директоры	43%

Фирма басшылығымен жұмыс – пиар қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Оның негізгі құрамдас бөліктерін атап өтсек: «фирманың міндетін» анықтауға қатысу – оның ресми мәлімделетін әлеуметтік мақсатына араласу; екі жақты келісілген фирма мен оның басшылығының имиджін, тауарлар мен қызметтер брендин әзірлеп, іс жүзіне асыру, компания басшылығының келіссөздерде және БАҚ-та сөйлейтін сөзін әзірлеу; фирма басшылығының билікпен, серіктестермен, саяси партиялармен және қоғамдық ұйымдармен байланысын реттеу; арнайы шараларды ұйымдастыру: тұсау кесер, кездесу, конференция, брифинг, көрме және т.б.; қайырымдылық, демеушілік, қамқоршылық және фандрайзинг жұмыстарын ұйымдастыру; дағдарыстарды болжай білу және олардың алдын алу немесе оларға дайын болу үшін шаралар легін жоспарлай білу.

Қазіргі таңда Қазақстанда PR қарқынды дамуда,бірақ басқа елдерден артта қалудамыз. Көпшілік қауым PR сөзінің не екенінда білмейді,біз ең алдымен қазақстандықтарға PR деген не? неге керек? деген сұрақтарына дұрыс жауап беруіміз керек.PR ол біздің еліміздің қарқынды дамуына үлес қосатын қару десекте болады,сол себептен елімізде PR-дың дамуына көп көңіл бөлу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <http://massaget.kz>
2. "Баға және баға белгілеу" Даулетова А.М., Кішкентаева Қ.М.
3. <http://www.stat.gov.kz>

4. Абельмас, Н. В. Универсальный справочник по Паблик Рилейшнз [Текст] / Н. В. Абельмас. – Ростов н/Д : Феникс, 2008. – 237 с
5. <http://aikyn.kz>.

Мухаметжанова З.Б.
аға оқытушысы, магистр,
Мамайқызы А.
РД-31каз тобының студенті
ҚҚЭУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАҒАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғалы бері өзқатарлыТМД мемлекеттері арасында экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени салаларында көшбасшы атанып келеді. Бұл еліміздің қай саласын алып қарасақ та халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жасалынып жатқан игі істер мен экономикалық жағдайды көтеруде алдыңғы қатарлы озық ойлар мен пайдалы қадамдар жасалынып жатқандығын көрсетеді.

Нарық жағдайында бағаны мемлекеттік реттеу белгілі бір жүйемен жүргізіледі:

1. Үкімет органдары тарапынан бағаларды бақылап отыру. Оның мақсаты – еңбекақы мен зейнетақының жылма-жылғы номинальды көтерілуінің индексін белгілеу үшін өмір сүру құнының өсуін, сонымен қатар, бағаның көтерілуі өндіріс шығындарына және ұлттық бәсекелестік қабілетіне қалай әсер ететінін анықтау. Бақылаумен орталық статистика басқармасы айналысады.

2. Бағаға жанама әсерету. Оның мәні сыртқы саудада белгілі бір сандық және кедендік шектеулерді немесе алыптастауда, есепнарығын өзгертуде, салықтардың түрін өзгертуде, ақша эмиссиясының мөлшерін көбейтуден немесе азайтудатұр.

3. Бағаны белгілеу мен тұрақтандыру процестерінде мемлекеттік араласу. Бұл жерде әңгіме мемлекеттік органдар рұқсат беретін өндіріс шығындарына реттеу, яғни өзіндік құнға арттырылған амортизациялы шығындарды кіргізу және басқа қорларға аудару туралы болып отыр.

4. Бағадағы жетекшілік. Бұндай құбылыс тауарлар немесе қызметтерді өндіретін мемлекеттің үлесі дәуір салаларда байқалады. Бұндай жағдайларда мемлекеттік органдар тауарлар мен қызметтерді өндіруші фирмалармен келісім бойынша шартты баға белгілейді, кейін ол баға бүкіл өндіріс саласы үшін негізгі баға болып табылады.

5. Бағаға тікелей мемлекеттік әсер ету. Оны жеке өндірушілердің шығындарын азайту үшін жұмсалатын мемлекеттік жәрдемақы құрайды.

Нарық экономикасына өту жағдайында және экономикалық дағдарысты жоюда, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуде ҚР бағаны тұрақтандыру маңызды роль атқарады. [2]

Қазақстан өз тәжірибесінде көптеген баға тұрақтандыру мәселелеріне байланысты басты сұрақтардың шешімін тиімді шешіп келеді және шешу үстінде. Осы тұрғыда мемлекет баға тұрақтандыру шараларын қалыптастырып үлгерді:

- банкноталарды монополиялы түрде эмиссиялау;
- ақша-несиелік қатынастарды реттеу;
- сыртқы экономикалық қатынастарды жүргізу;
- банктердің қызметін жүйелеу;
- үкімет тарапынан бағаны қадағалау және т.б.

Мемлекет өзінің реттеу іш ықпалында құқықтық мәжбірлеуді қолдана алады және онда қомақты экономикалық ресурстар бар. Экономикалық үдерістерді реттеудің мемлекеттік құралдары:

1. мемлекеттік бюджет;
2. мемлекеттік банктер жүйесі;
3. экономиканың мемлекеттік секторы.

Мемлекеттің бағаларды бекітудің еркіне қарай мына бағаларды бөліп қарастыруға болады:


- шектелген;
- реттелетін;
- еркін бағалар.

Республикамызда ағымдағы жылғы қыркүйекте 2014 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда

ауылшаруашылық құрылымдары өсімдік шаруашылығы өнімін өткізу бағасы - 0,2%, мал шаруашылығы өнімін өткізу бағасы 6,6%-ға арзандады(1-схема).

Өнімдердің жекелеген түрлеріне өткізу бағасының өзгеруі

пайызбен, өткен айға, өсуі+, төмендеуі-




2015 жылғы қыркүйекте өткен аймен салыстырғанда абаттандырылмаған тұрғын үйлерді алып сату бағалары 2,9%, абаттандырылған тұрғын үйлерді – 2%, жаңа тұрғын үйлерді сату – 1%-ға жоғарылады. Абаттандырылмаған тұрғын үйді жалға алу төлемі 0,3%, абаттандырылған – 0,2%-ға жоғары болды(2-схема).[1]

2-схема


Жаңа тұрғын үйлерді сату бағасының өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі+, төмендеуі-



Абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату бағасының өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі+, төмендеуі-



Үстіміздегі жылдың 20 тамызында Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің құны күрт құлдырап кетті. Осыған байланысты теңгені еркін айналымға жіберу туралы шешім қабылдады. Теңгені тұрақтандыру бағытындағы саясатты жүзеге асыру үшін Қазақстан түрлі қорларынан 28 миллиард долларға жуық қаражат жұмсаған. Бұл теңгенің тұрақтылығы есебінен ішкі әлеуметтік міндеткерліктерді жүзеге асыруда, халықтың әл-ауқатын көтеруде маңызды қадам болатын. Шын мәнінде, мемлекет өз міндеткерліктерін жүзеге асыруының нәтижесінде халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуде тұрақтылық сақтады. Ұлттық өндірушілер өз тауарының

кымбаттығы себебінен шетелдік әріптестеріне төтеп бере алмады. Бұл өз кезегінде мәселені шешудің үш жолын айқындады: Не экономиканы модернизациялау арқылы, бәсекеге қабілеттігін арттыру; не шығындарды азайту мақсатында жұмысшылар санын қысқартып өндірісті жабу; не орталық тарапынан девальвацияны жүзеге асыру. Теңгенің еркін айналымға жіберілуінің, тандалуы кәсіпкерлерді құтқарғандай көрінгенімен, экономикадағы жаңа дағдарыс орын алуы мүмкін екендігін жоққа шығара алмасымыз анық. Девальвация ұлттық экономикаға оң әсерімен қоса, кері әсерін де тигізеді. Кез келген қаржы-экономикалық процестің ел экономикасына оң әсер етуі үшін, бірінші кезекте қуатты экономика керек. Қуатты экономика дайын өнімдер экономикасы болып табылады. Неғұрлым тікелей тұтыну тауарлар өндірісі артқан сайын кез келген экономикалық дағдарыстың халыққа деген кері әсері төмен болады. Ол үшін маңызды екі құрамдас реформа жасалуы керек. Біріншісі – экономиканы әртараптандыру бағытындағы жүйелік реформа болса, екіншісі – толыққанды нарықтық тетіктермен ғана басқарылатын экономика. Осы екі саясатты ұштастыра отырып мемлекет өз экономикалық әлеуетінің дамуын толыққанды қамтамасыз ете алады. Басқаша жағдайда біздің еліміз кез келген экономикалық дағдарысты қиын өткізетін болады. Мұнай, шикізат бағамының төмендеуі – заңды процесс. Себебі әлемнің экономикасы дамыған, қуатты елдері бастарынан күрделі, құрылымдық, жүйелік дағдарысты кешіріп жатыр. Дағдарыс өзімен бірге мүмкіндіктер де алып келеді. Осы жағдайды пайдаланып экономиканы жүйелі түрде қайта құруға кіріссек қана дағдарысты еңсеріп, бәсекеге қабілетті елге айналарымыз сөзсіз.[3]

Бағаны мемлекеттік реттеуде баға саясатын дұрыс ұйымдастыру мен оның орындалуын жүзеге асыру күрделі процесс. Сондықтан мемлекет тарапынан осы мәселелерді шешуде жан-жақты зерттеу жұмыстарын қатаң түрде жүргізу талабы қойылады. Мұның бәрі ел үшін және оның тұрғындарының әлеуметтік жағдайын көтеруде маңызды болып табылады. Мемлекетте орнаған бағаның тұрақтылығы әлеуметтік маңызы бар қызмет көрсетулерді де тұрақтандырады. Бұның бәрі ел экономикасының дамуына әкелетін негізгі қадамдардың бірі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <http://massaget.kz>
2. "Баға және баға белгілеу" Даулетова А.М., Кішкентаева Қ.М.
3. <http://www.stat.gov.kz>
4. <http://aikyn.kz>.

Нурбаева А.Т.
*Л.Н. Гумиев атындағы
Еуразия Ұлттық
Университетінің оқытушысы
Қазақстан, Астана қ.*

РЕИНЖИНИРИНГ КӘСІПОРЫННЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ МЕН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

Күрделі әрі қарқынды дамып отыратын сыртқы орта кәсіпорындардың өзіндік басқару жүйесі мен оларды қолдаудың ақпараттық жүйесін әрдайым жетілдіріп отыруларын талап етеді. Бұл жағдайда менеджментті ұйымдастырудың әртүрлі нұсқалары болуы мүмкін. Соңғы кездері кәсіпорынды басқарудың тиімді жүйесін жасау үшін үдерістік тәсіл кеңінен қолданылып жүр, әлемнің көптеген кәсіпорындары өндірістің атқарымдық ұйымдастырылуынан үдерістік түріне көшіп жатыр.

Бизнестің заманауи технологиялары қарқынды дамуымен ерекшеленеді, бұл нарық талабының үнемі өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне, тауар өндіру мен қызмет көрсетуді тапсырыс берушілер мен тұтынушылардың жеке талаптарына сай атқаруға, техникалық мүмкіндіктерді үнемі жетілдіріп отыру мен мықты бәсекелестікке байланысты. Мұндай жағдайда кәсіпорын менеджментінде жекелеген ресурстарды пайдалану арқылы басқарудан қарқынды бизнес үдерістерге көшу үрдісі орын алады.

М.Хаммер мен Д.Чемпидің анықтауына қарағанда, бизнес үдерістердің реинжинирингі (BPR – Business process reengineering) «кәсіпорын қызметінің негізгі көрсеткіштерінің түбегейлі жақсаруына қол жеткізу үшін бизнес үдерістердің іргелі өзгеруі мен қайта жобалауы» болып табылады [1].

Бизнес үдерістер реинжинирингі технологиялары ақпараттық технологиялардың заманауи жетістіктерінің арқасында пайда болды, олар бизнес үдеріс қатысушыларын тексеру мен үйлестірудің қалыптасқан ұйымдық әдістеріне қарағанда бірыңғай технологиялық желіге тезірек әрі сенімдірек шоғырландырады. Ең жаңа ақпараттық технологияларды қатыстырумен басқаруды ұйымдастыру ережелерінің өзгеру сипаты кестеде көрсетілген.

Бизнес үдерістердің реинжинирингінің мақсаты – ұйымдық құрылымды жеңілдетуге, әртүрлі ресурстарды пайдалануды қайта бөлуге және барынша азайтуға, тұтынушылардың талаптарын орындау уақытын қысқартуға, оларға қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған материалды, қаржылық және ақпараттық ағымдарды тұтастай және жүйелік модельдеу мен қайта ұйымдастыру.

Кесте 1. Басқаруды ұйымдастыру ережесі

Бұрынғы ереже	Ақпараттық технология	Жаңа ереже
Ақпарат тек бір уақытта және бір жерде пайда бола алады	Үлестірілген дерекқорлар	Ақпарат керек жерде бір мезгілде пайда бола алады
Бизнесті орталықтандыру немесе орталықтансыздандыруды арасын таңдау	Телекоммуникациялық жүйе	Орталықтандырудың да және орталықтансыздандырудың да басымдылығын падалану
Офистің қажеттілігі	Сымсыз байланыс және жылжымалы компьютерлер	Қызметкерлер кез-келген жерден ақпаратты жіберіп немесе ала алады
Мәселелерді шешу үшін жеке кездесудің қажеттілігі	Интерактивті бейне мүмкіндік, телеконференциялар	Тұрақты тұтынушылармен ең жақсы ақпарат алмасу
Қиын жұмысты тек эксперттер атқара алады	Экспертті жүйе	Эксперттің жұмысын қарапайым жұмысшы атқарады
Барлық шешімді менеджер қабылдайды	Шешімді қолдау құралдары	Шешім қабылдау әрбір жұмысшының міндеті
Ақпарат көзі: автормен құрастырылған [1]		

«Қазақстан-2050» стратегиясы»: тұрақталған мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейін әлемнің 30 дамыған мемлекеттер қатарына кіруге мақсат қойды. Бұл мақсатқа жету үшін Қазақстан Республикасына бірінші ретті міндеттер ретінде экономикаға инвестиция көлемін ұлғайту және еңбек өнімділігін арттыру қажет. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ы мемлекеттің ірі көлемде активтерін иеленеді және стратегия мақсатына жетуде компанияның үлкен ролі бар [38].

Мемлекеттің стратегиясын орындау үшін бүгінгі таңда компанияның инвестиция тиімділігі мен операциялық қызметі көрсеткіштері жеткіліксіз. Сол себепті инвестиция тиімділігі мен операциялық қызмет тиімділігін жоғарлату үшін компания өзінің қызметін реинжиниринг арқылы күрделі өзгертулер енгізу туралы «бизнестің реинжинирингі» бағдарламасын жасады. Бұл бағдарлама компанияның жоғары басшылығымен жасалып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қызметіне реинжиниринг жүргізуге негіз және ортақ принциптер салды.

Бағдарлама үш негізгі бағыт бойынша жұмыс істейді:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының құнын арттыру;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының инвестициялық портфель құрылымы мен инвестициялық қызметті жүргізуді өзгерту;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының басқару жүйесінде өкілеттілік пен жауапкершілікті қайта бөлу.

Бағдарламаны іске асыру барысында компания қызметі және мемлекеттік органдармен қарымқатынас тетіктері бірқатар өзгерістерге ұшырайды. Бағдарламаның мақсатына жету үшін белгілі өзгерістерді еңгізіп қоймай, барлық мүшелердің ойлау қалпын және мінез-құлық нормалырын өзгерту керек. Бизнестің реинжинирингі бағдарламасын жүргізу арқылы компания тұрақты даму үдерісін бастайды. Бұл, бағдарлама толық еңгізілгеннен кейін, қызметті тұрақты дамыту корпоративті нормаға айналады.

Бизнестің реинжинирингі бағдарламасын басқару үшін Жоба офисі құрылды, негізгі міндеттеріне бағдарламаның бағыттарының орындалу мерзімін бақылау және бизнестің реинжинирингін жүргізу тәуекелдерін басқару [2].

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның құнының өсуі тікелей компанияның ұйымдастырушылық, операциялық және қолдаушы бизнес-үдерістердің тиімділігін арттырумен байланысты. Компания

үдерістерінің және маңызды қызметтерінің көрсеткіштерін ұқсас әлемдік компаниялармен салыстыру талдауы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның негізгі бизнес-үдерістерінің тиімділігін арттыруға болатындығын көрсетті. Компания бизнес-үдерістерінің тиімділігін арттыру мақсатында 2014 жылдың басында бизнестің реинжинирингі (оңтайландыру) бағдарламасын бастаған. Компанияның қызметтерінің реинжинирингі бағдарламасы бизнес-үдерістердің реинжинирингілеу жұмыстарын келесі қағидалар бойынша жалғастырады:

- Құн басымдылығын жасау – бизнес-үдерістердің негізгі мақсаты жүйелі түрде компания қызметінің тиімділігін арттыру және компания құнын өсіру;

- Алдыңғы әлемдік тәжірибелерді қолдану – бизнес-үдерістер алдыңғы әлемдік тәжірибелер негізінде анықталады;

- Персоналды дамыту – бизнес-үдерістердің тиімді қызмет етуі, үдерістерді біліктілігі сай қызметкерлермен қамтамасыз еткенде ғана мүмкін. Бизнес-үдерістердің реинжинирингін жүргізудің негізгі қағидаларының бірі қажетті біліктілігі бар мамандарды жасақтау және жалдау;

- Технологияларды жетілдіру – техникалық қамтамасыз ету және бизнес-үдерістердің автоматтандыру деңгейі үдерістердің тиімділігін анықтайды. Бизнес-үдерістердің реинжинирингін жүргізу кезінде IT-технологияларды бизнес-үдерістердің тиімділігін арттыру үшін қолдану.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның бизнес-үдерістерінің реинжинирингін жүргізгеннен кейінгі нәтижелер: бизнес-үдерістер оңтайландырылады және жеңілденеді, бизнес-үдерістерді жасау әдісі стандартталған болады. Компанияның бизнес-үдерістері жайлы ақпараттар бір дерекқорда сақталады, бұл бизнес-үдерістердің тиімділік талдауын жүргізгенге және олардың қызметін үнемі жетелдіріп отырғанға мүмкіндік береді. Компанияның қамсыздандыру және басқару үдерістері стандартты реттілікпен жүргізіледі, бұл оқыс мәселелер болған жағдайда тез арада әрекет етіп, керекті өзгерістерді енгізуге мүмкіндік береді.

Үдерістер ұйымдық құрылыммен тығыз байланысты болады; құзіреттілік бөлінісі толығымен анық болады. Осындай ашықтылық деңгейі әрбір қызметке қызметкерлерге мұқтаждықты, персоналдың білімі мен біліктілігінің сай екендігін бағалауға мүмкіндік береді. Сәйкессіздіктер қызметкерлердің біліктілігін арттыру, қайта оқыту және адам ресурстарын қайта орналастыру арқылы шешіледі.

Бағдарламаның жүзеге асуының максималды тиімді болуы үшін алдыңғы кезекте тез арада және аз шығын алып келетін өзгерістер енгізіледі. Бизнес-үдерістерді жасағанда алдыңғы әлемдік компаниялардың үдерістері алынады, және ол үдерістерді компанияның әрбір бөліміне бейімдейді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының бизнес-үдерістеріне реинжиниринг төрт жүйелі кезең арқылы жүргізіледі:


- Дайындау. Бұл кезең бір ай көлемінде жүргізіледі және осы уақытта компанияда жоба тобы құрылады және оқытылады, бизнес-үдерістердің реинжинирингі жобасын басқару құжаттары дайындалады және қабылданады;

- Бизнес-үдерістердің реинжинирингі бастамаларын дайындау және диагностикасын жүргізу. Бұл кезең 6-9 айға созылады, жоба тобы үдерістердің картасын жасайды, жетілдіру мүмкіндіктерін анықтайды, үдерістерді автоматтандыру графигін жасайды. Бұл кезеңде барлық жүйе элементтерін: үдерістер, кадрлық және технологиялық қамсыздандыруды қамтиды; және осы кезеңде компанияның үдерістерінің негізгі көрсеткіштерін ұқсас компаниялармен сәйкестендіру жүргізіледі (бенчмаркинг);

- Өзгерістерді енгізуді жоспарлау. Бұл кезең бір айға созылады, осы кезеңнің қорытындысы бойынша бизнес-үдерістер реинжинирингі бастамалары қабылданады;

- Өзгерістерді енгізу. Бұл кезең 12 айдан көп уақытқа созылуы мүмкін (уақыт ұзақтығы және ресурстар қажеттілігі бизнес-үдерістердің реинжинирингі бастамаларының күрделілігіне байланысты). Аталған кезеңдердегі өзгертулер бастамаларын енгізу жүргізіледі.

Әлемдік ұқсас компаниялар мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қызметінің сәйкестендіру жүргізу (бенчмаркинг).



Сурет 1. 2014 жылғы Әлемдік темір жолдардың орташа аудандық жылдамдығы

Ескерту – Мәліметтер [3] негізінде автормен құрастырылған

CSX - CSX Transportation (США)	CP - Canadian Pacific (Канада)
NS - Norfolk Southern (США)	РЖД - Российские железные дороги
BNSF - Burlington Northern and SantaFe (США)	DB S - Deutsche Bahn Schenker (Германия)
UP - Union Pacific (США)	БЧ - Белорусские железные дороги
CN - Canadian National (Канада)	УЗ - Укрзализныця

Сурет 2. Қолданылған қысқартулар

Ескерту – Мәліметтер [4] негізінде автормен құрастырылған



Сурет 3. Бизнесінің реинжинирингі бағдаламасы 2020 жылға дейінгі

Ескерту – Мәліметтер [5] негізінде автормен құрастырылған

Сурет «КТЖ» ҰК» АҚ-ның жүк вагондарының өнімділігі жоғары екендігін көрсетеді. Ресей Федерациясының «Российские железные дороги» компаниясы көрсеткіштерімен «КТЖ» ҰК» АҚ көрсеткіштерін салыстырса Қазақстандық компанияның жүк вагондарының өнімділігі 41,6%-ға көп. Бұл көрсеткіштер Украина және Белоруссия Республикалары компанияларынан 96,8%-ға және 88,7%-ға сәйкесінше жоғары. Бизнесінің реинжинирингі бағдарламасы толығымен 2020 жылы іске асқанда бұл көрсеткіштер жоғары болады деп күтіледі [5].

Бизнесінің реинжинирингі бағдарламасы толығымен 2020 жылы іске асқанда бұл көрсеткіштер жоғары болады деп күтіледі.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың еншілес ұйымдарының ішінде бірінші болып құрылымдалды және «КТЖ» ҰК» АҚ-тың компаниялар тобының қызметтердің реинжинирингі бағдарламасына кірісті.

Компания үшін маңызды бизнесті реинжинирингілеу бағдарламасымен жұмыс жүргізу үшін қызметтің түрлі салаларындағы қажетті біліктілікке, тәжірибе мен іскерлікке ие жоғары

білікті 100 маманнан команда қалыптастырылды, сарапшылар ретінде жобаға «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың реинжинирингілеу командасының мүшелері мен халықаралық консультанттар қатысуда.

Үздік халықаралық тәжірибе мен көлік-логистикалық қызмет нарықтарындағы жаһандық көшбасшылардың жұмыс тәжірибелеріне жасалған талдау олардың қызмет көрсету сапасының және бизнестің қаржылық көрсеткішінің ең жоғарғы стандарттарына қол жеткізуінде оларға мемлекет тарапынан, әсіресе, олардың Ұлттық деңгейде қалыптасуы сатысында барынша қолайлы жағдайлар туғызып, қолдау жасауының ықпал еткенін көрсетіп отыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Хаммер М. Реинжиниринг корпорации: Манифест революции в бизнесе. М.: Манн, Иванов и Фербер, 2006. 287 бет. Ақпарат көзі: <http://www.mann-ivanov-ferber.ru/htm>
2. Репин В.В., Елиферов В.Г. Процессный подход к управлению.
3. Моделирование бизнес-процессов. М.: РИА «Стандарты и качество»,
4. 2004. 408 бет. Ақпарат көзі: <http://www.twirpx.com.htm>
5. Гончарук В.А. Реинжиниринг: бизнес-процессы или зоны
6. ответственности?, 2004. Ақпарат көзі: <http://www.kreakratia.ru.htm>
7. Қазақстан 2013 жылы: стат. Жылнамалығы / Бас редактор Ә.А. Смайылов. – Астана: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2014. – 298 б.
8. Қазақстан 2013 жылы: стат. Жылнамалығы / Бас редактор Ә.А. Смайылов. – Астана: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2014. – 254 б.
9. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның бизнестің реинжинирингі бағдарламасы. Ақпарат көзі: <http://railways.kz.htm>

Орымбекова Р.А.

*к.э.н., доцент кафедры Бухгалтерский учет и аудит,
Карагандинского экономического университета
Казпотребсоюз,*

Асанова М.К.

*к.э.н., доцент кафедры
Экономики и международного бизнеса,
КарГУ им. Е.А. Букетова,
Казахстан, г. Караганда*

СНИЖЕНИЕ ФИСКАЛЬНЫХ БАРЬЕРОВ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В Казахстане на сегодняшний день есть 13 видов налогов и два налоговых режима. Налоговый кодекс более либерально функционирует по отношению к налогоплательщикам, содержит нормы, которые стимулируют создание новых производств [1]. Однако, существует ряд приоритетных задач, которые требуют решения. К таким задачам причисляются:

- оптимизация налоговой системы;
- усовершенствование работы налогового администрирования, включая открытость механизмов взаимоотношений налогоплательщиков с налоговыми органами, четкая регламентация прав и обязанностей [3].

Одной из основных проблем системы сбора налогов в Казахстане является низкая сознательность населения и правовой нигилизм в области уплаты налогов. Это одна из причин, которая существует объективно и является показателем решающего воздействия на осуществление налоговой политики государства. Республика Казахстан долгое время являлась составной частью социалистического государства, где соблюдались условия государственной собственности, и налоговая система была не особо развита, что, в свою очередь, повлекло за собой неразвитость налоговых отношений между государством и обществом, в лице налогоплательщиков. Генерирование гражданского сознания занимает длительное время и является достаточно сложным процессом.

В отношении увеличения налоговой нагрузки на бизнес. Методика исчисления коэффициента налоговой нагрузки за основу берет сумму исчисленного и уплаченного налога за

определенный период, в знаменателе оказывается общая сумма заработанного дохода без вычета себестоимости товаров и услуг, не учитываются другие затраты. Такой метод не имеет возможности оценить реальное финансовое состояние субъектов бизнеса. Что касается методов расчета налоговой нагрузки, на предприятие применяемых за рубежом то, в качестве примера можно привести исследование DoingBusiness которое ежегодно проводит специальное подразделение Мирового банка. Расчет КНН проводится путем соотношения налогов обязательных отчислений уплачиваемых предприятиями и коммерческой прибыли. Под коммерческой прибылью понимается сумма прибыли до уплаты всех налогов, которая рассчитывается как выручка, за исключением себестоимости проданных товаров включая всех затрат организаций. Из вышесказанного следует, что налоговая нагрузка на микроуровне отражает влияние налогообложения на финансовое состояние и платежеспособность предприятие и дает представление о части дохода, направленного субъектами бизнеса на уплату налогов. Такой метод исчисления КНН дает более менее конкретности по причине того, что отталкивается от механизма составления 100 формы. В этой связи налоговой службе рекомендуется рассчитывать КНН согласно стандарта Всемирного банка, с целью получения реальной нагрузки налогоплательщиков нашей страны. Реальные цифры позволяют принять решение о дальнейших мерах при реформировании налоговой системы. Действующая налоговая нагрузка рассчитана по поступлениям, а надо учитывать и то, что высокая доля налогоплательщиков либо не платит налоги, либо минимизируют налоги путем завышения показателей расходов, либо не становятся на учет по налогам. Поэтому налоговая нагрузка как таковая, если ее рассчитать не по поступлениям, а по обязательствам, в Казахстане не низкая, а гораздо выше, чем в развитых странах мира. Налоговая нагрузка должна быть повышена не путем увеличения ставок, а путем решения проблем неплатежей и низкой налоговой культуры, необходимости вовлечения в налоговый учет теневого сектора экономики.

Рассмотрим налог на добычу подземных вод (Налог на добычу полезных ископаемых-НДПИ), регламентируемый статьями 340-342 НК РК.

Средневзвешенная цена реализации определяется по следующей формуле:

$$Ц_{ср.} = (V_1 \text{ р.п.} \times Ц_1 \text{ р.} + V_2 \text{ р.п.} \times Ц_2 \text{ р.} \dots + V_n \text{ р.п.} \times Ц_n \text{ р.}) / V \text{ общ. реализации,}$$

где:

$V_1 \text{ р.п.}, V_2 \text{ р.п.}, \dots, V_n \text{ р.п.}$ - объемы каждой партии общераспространенных полезных ископаемых, подземных вод и лечебных грязей, реализуемых за налоговый период,

$Ц_1 \text{ р.}, Ц_2 \text{ р.} \dots + Ц_n \text{ р.}$ - фактические цены реализации общераспространенных полезных ископаемых, подземных вод и лечебных грязей по каждой партии в налоговом периоде,

n - количество партий реализованных общераспространенных полезных ископаемых, подземных вод и лечебных грязей в налоговом периоде,

$V \text{ общ. реализации}$ - общий объем реализации общераспространенных полезных ископаемых, подземных вод и лечебных грязей за налоговый период.

Для практики налогоплательщиков проблема состоит в том, что очень сложно исчислять налоговую базу. Поэтому для ее решения обязательно нужно упростить процедуру расчета налоговой базы. Предлагаем установить ставку НДПИ на подземные воды за 1 тонну добываемой воды в пределах 3% от МРП.

Практика исчисления единого земельного налога также выявляет определенные сложности. Упрощение расчета единого земельного налога позволило бы решить эту проблему. Порядок исчисления единого земельного налога невозможен без подтверждения земельного комитета оценочной стоимости земельных участков. Цена одного оценочного акта кадастрового центра достигает 10000 тенге, это больше чем размер самого налога. Предлагаем изменить порядок расчета на примере исчисления налога на имущество физических лиц согласно ст. 40б действующего законодательства. Определив базовую ставку налога, умножаем ее на площадь земельного участка в гектарах.

К примеру, в среднем ставка за 1 гектар по Карагандинской области составляет: пашня – 21 тенге, пастбища, сенокос-13 тенге, данным специальным налоговым режимом для крестьянских или фермерских хозяйств. Данный вид налога уплачивают фермеры, которые не всегда могут содержать в штате бухгалтера, и в своей практике они вынуждены обращаться к налоговым инспекторам по месту регистрации для составления декларации и исчисления налога. Необходимость введения патентной системы налогообложения явилось тем, что в той значительной сфере деятельности, в особенности касаясь сектора услуг, помимо всех крупных

лидеров рынка, существует и большое количество малых и средних субъектов. С целью эффективной поддержки развития малого и среднего бизнеса государству крайне необходимо было провести в предпринимательской среде минимизацию существующих рисков и предложения альтернативных вариантов государственной поддержки, что и было сделано. В настоящее время с учетом основных целей налоговой политики сохранения экономической устойчивости, а также получение необходимого объема доходов в бюджет страны, а с другой стороны, поддержка предпринимательской деятельности вопрос развития патентной системы достаточно актуален, в этой связи предлагаем установить фиксированный налогооблагаемый доход по отраслям и видам деятельности. Данный отчет должен быть квартальным, ставка налога сохраняется в размере 2%. Преимущества данного предложения:

- 1-заранее оплачивается сумма налога.
- 2-не требуется затраты на содержание бухгалтера.
- 3- доступно и понятно схема исчисления налогов и заполнение декларации 911 ф. для налогоплательщика.
- 4- выгодно государству.

Следующее предложение по оптимизации составления налоговых декларации и уплаты налогов предлагаем: ф 910 для СНР предусматривает разделение исчисленного налога на 2 вида налога ИПН, Социальный налог. В связи с вышесказанным предлагаем вариант по объединению этих двух налогов с целью оптимизации и сокращения количества налогов. Положительные стороны: сокращение банковских расходов по перечислению налогов и избежание ошибок по перечислению КБК налогов. Данный объединенный налог можно называть «Упрощенный налог».

Учитывая актуальность вопроса по переходу с НДС на налог с продаж необходимо планомерное мероприятие для выработки концепции налога с продаж. В этой связи предлагаем «безболезненный» переход через дифференциацию НДС, применяя размер ставки от 0-12% на различные отрасли в зависимости от приоритетности отраслей. На производства, на сельхозпроизводителей, КХ, детские товары, продукты питания, учебники и т.д. можно установить от 7%-10%.

Одним из актуальных вопросов является возврат НДС из бюджета по экспортным операциям. С целью экономии бюджета предлагаем рассмотреть вопрос возврата НДС произвести только производителям-экспортерам.

В последнее время правительство улучшает работу госструктур с целью поддержки предпринимательской деятельности. Этому свидетельствует упразднение выдачи разрешительных документов. Например, регистрация индивидуальных предпринимателей осуществляется за один день, с требованием минимального количества документов. Развивается принцип работы «Одного окна».

Итак, для развития предпринимательства в Казахстане созданы необходимые поддерживающие инструменты. Однако все же существуют определенные барьеры, преодоление которых принесет пользу активизации деловой активности бизнеса.

Список использованных источников:

1. Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 16.05.2015 г.) // <http://online.zakon.kz>
2. Скала В. Нормативная база для разработки учетной и налоговой политики субъектами предпринимательства Республики Казахстан в 2015 году / В. Скала // Учет и аудит Казахстана. - 2015. - №1. - С. 14-19.
3. Савченко О. КПП, местные налоги и специальные режимы в 2015 году // Файл бухгалтера. - 2015. - №1-2. - С. 3-8.

ЕКІНШІ ДЕНГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ДЕПОЗИТТІК ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, қазақстандық банк жүйесіне сенімді қолдау көрсету және депозиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры қатысушы банктерде орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік береді, яғни жеке тұлғалардың барлық банктік шоттарындағы, оның ішінде төлем карталарын қолдануымен, ақшасының қайтарылуына кепілдік береді. 2015 жылдың 1 наурызындағы жағдайға сәйкес қатысушы банктерде орналастырылған жеке тұлғалардың банктік шоттарының (депозиттерінің) 99,6 %-ға жуығы толық көлемде кепілдендірілген. Осылайша, Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры Заңда қарастырылған өз қызметтерін орындау үшін барлық қажетті ресурстарға ие [1].

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының жеке тұлғалардың депозиттеріне бекітілген пайыз мөлшерлері туралы салымшылардың сұранысы бойынша «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» (Қор) хабарлайды жеке тұлғалардың барлық банктік салымдары олардың пайыз мөлшеріне қарамастан кепілдендіріледі.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (25.12.2014 ж. № 6 хаттама) жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша келесідей ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелері (Қормен ұсынылатын) бекітілді (1-кесте).

Кесте 1. Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелері

Сыйақының номиналды жылдық мөлшерлемесі, теңгемен	Сыйақының номиналды жылдық мөлшерлемесі, шетел валютасымен
10 %	3 %
Шығыс көзі: «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ сайты www.kdif.kz	

Қордың Консультативтік және Директорлар Кеңестерінің қабылдаған шешімі бойынша депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінде қатысушы банктердің жаңадан қабылданған салымдарына пайыз мөлшерлері бекітілді.

Ұлттық валютаны қолдау мақсатында ҚР Ұлттық банкінің қолданылып жатқан шаралар аясында, 2009 жылдың 16 ақпанында Қордың шет ел валютасымен ашылған депозиттерге бекітілген пайыз мөлшері 10%-тен 8%-ке дейін төмендетілген болса, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ұлттық валюта депозиттеріне бекітілген пайыз мөлшері 10%, ал шет ел валютасымен ашылған депозиттерге бекітілген пайыз мөлшері 3% құрайды (2-кесте).

Кесте 2. Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ұсынылатын сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру хронологиясы

№	Қолданылу кезеңі	Ұсынылатын сыйақы мөлшерлемелері	
		теңгеде	шетел валютасында
1	01.07.2008 - 15.02.2009	13,5%	10%
2	16.02.2009 - 20.09.2009	13,5%	8%
3	21.09.2009 - 31.03.2010	11,5%	8%
4	01.04.2010 - 30.06.2012	10%	7%
5	01.07.2012 - 31.12.2012	9%	6%
6	01.01.2013 - 30.06.2013	9%	5,5%
7	01.07.2013 - 31.10.2013	9%	5,5%
8	01.11.2013 - 28.02.2014	9%	-
	01.11.2013 - 31.03.2014	-	4,5%
9	01.03.2014 - 31.03.2014	10%	-
	01.04.2014 - 31.03.2014	-	4%
10	01.01.2015	10%	3%
Шығыс көзі: «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ сайты www.kdif.kz			

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша жеке тұлғалардың барлық банктік салымдары Қормен міндетті түрде кепілдендіріледі, және банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда депозит иесіне кепілдік берілген өтем төленеді [2].

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәліметтері бойынша (қорытынды айналымдарды есепке алмағанда) 2013 жылдың басында екінші деңгейдегі банктердегі заңды және жеке тұлғалардың салымдары 7 611 867 млн. теңге болса, 2015 жылғы 1 қаңтарда 9 814 830 млн. теңге болды, яғни 2 202 963 млн. теңгеге немесе 28,9%-ға ұлғайды (3-кесте).

2013 жылдың басымен салыстырғанда 2015 жылдың басында жеке тұлғалардың салымдары 30,6%-ға немесе 1 025 709 млн. теңгеге өсті. Заңды тұлғалардың салымдары 27,6%-ға немесе 1 177 254 млн. теңгеге өсті.

3-кесте мәліметтеріне назар аударатын болсақ, еліміздегі екінші деңгейлі банктердің депозиттік портфелінің көлемі жылдан жылға ұлғайып кележатқандығын байқауға болады. Әрине бұл клиенттердің банк жүйесіне деген сенімділігін білдіреді.

Сонымен қатар шетел валютасына қарағанда ұлттық валютадағы салымдардың үлесі көп болып отыр.


Кесте 3. Екінші деңгейдегі банктердің депозиттік портфелінің құрылымы, оның ішінде шетел валютасында, млн.теңге

Көрсеткіштің атауы	01.01.13		01.01.14		01.01.15	
	барлығы	оның ішінде шетел валюта сында	барлығы	оның ішінде шетел валюта сында	барлығы	оның ішінде шетел валюта сында
Салымдардың барлығы, оның ішінде	7 611 867	2 432642	8 830 429	3 408770	9 814 830	5 995021
Заңды тұлғалардың салымдары	4 261 815	1 131785	4 945 610	1 703359	5 439 069	3 049056
Жеке тұлғалардың салымдары	3 350 052	1 300857	3 884 819	1 705411	4 375 761	2 945965
Шығыс көзі: ҚР ҰБ мәліметтері негізінде құрастырылды. Статистикалық бюллетень №12, 2012-2014						

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәліметтері бойынша (қорытынды айналымдарды есепке алмағанда) еліміздегі екінші деңгейдегі банктердегі халықтың салымдары 2013 жылдың басында 3350052 млн. теңгені құраған болса, 2014 жылдың басында 3884819 млн. теңгені, 2015 жылдың басында 4375761 млн. теңгені құрады (1-диаграмма).

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру Қорының мәліметтеріне сәйкес 2014 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар депозиттерінің банктік шоттардығы (23,1 млн. шот) сомасының көлемі 492,3 млрд. теңгеге немесе 12,5%-ке ұлғайып 4,4 трлн. теңгеге жетті.

Депозиттік қоржынның әр валютасы бойынша өзгерісіне келетін болсақ, ұлттық валюта бойынша депозиттердің айтарлықтай кемуін айтуға болады, кему мөлшері 765,2 млрд. (-34,7%) теңгені құрайды және халықтың ұлттық валюта бойынша салымының өсімі Т1,3 трлн. немесе +72,4%-ті құрайды.



Шығыс көзі: ҚР ҰБ статистикалық бюллетені, 2014, №12 (241)

Диаграмма 1. Халықтың банктердегі салымдары, млн. теңге

2014 жылдың 4-тоқсандағы депозиттердің өсімі 54,9 млрд. теңге немесе 1,3%. Қатысушы банктердің депозиттерінің жиынтық қоржынының құрамында үлкен бөлік жалпы үлесі 89,2% немесе 4,0 трлн. теңге және тоқсандық өсімі 1,3% болатын мерзімді және шартты салымдарға тиесілі, одан кейінгі орында жалпы үлесі 10,4% немесе 459,4 млрд. теңге және тоқсандық өсімі 5,2% болатын - ағымдағы және карт-шоттардағы қалдықтар және жалпы үлесі 0,4% немесе 19,5 млрд. теңге, тоқсандық кемуі 48,1% болатын - талап етілгенге дейінгі салымдар.

2015 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша бүгінгі таңда еліміздегі Ислам банкіні қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы барлық 37 екінші деңгейдегі банктер депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болып табылады.

2015 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша депозит нарығының банктердің үлесін 2-диаграммадан көруге болады.

Жоғарыда аталған банктердегі салымдарды депозит түрлері бойынша салыстыратын болсақ, мерзімдік салымдар басқа салым түрлерін қараған едәуір жоғары салмаққа ие. Мерзімдік салымдардың өзін ұзақ және қысқа мерзімге бөліп талдау жасайтын болсақ, ұзақ мерзімдік салымдардың үлесі басым болып келеді.

Жалпы алғанда, екінші деңгейлі банктердің депозиттік портфелінің құрылымында 2015 жылдың басындағы мәліметтер бойынша оң өзгерістер болғандығы байқалады.

Халық қаражаттарын салымға тартудың негізгі себептері мыналар:


1. Халық салымдары – банк үшін банкаралық займдармен, банктік вексельдермен және басқа да қаржылық құралдармен салыстырғанда арзан ресурс болып табылады.
2. Коммерциялық банктердің көп ресурстар тартуға мүмкіндіктері бар.
3. Халықтың ақшалай қаражаттары – банк үшін тұрақты ресурс.

Халық жинақтары банк ресурстарының бөлек тобын құрайды. Халық қолындағы құн массасы ақша формасынан жеке тұтыну затына айналғанға дейін уақытша банк басқаруында болады. Жеке тұлғалардың салымдары шетел банктерінің банктік табысының басты бабы болып қалып отыр. Жақын жылдары әлемдік нарықта халыққа қызмет көрсететін банктер арасында бәсекелестік туындайтыны қарастырылған. Халыққа қызмет көрсету көп ірі банктер үшін қолма

қол қаражаттардың негізгі көзі болып табылады.

Депозиттік салымдар банктің қызмет етуі үшін маңызды болғандықтан оны үнемі арттыру жолдарын қарастырып отыру маңызды болып табылады. Содықтан банктің депозиттік салымдарын арттыру, депозиттік операцияларды жетілдіру үшін келесілерді ұсынамыз:

- әр түрлі деңгейдегі халықтың табыстарын негізге ала отырып, салымдардың қатарын арттыру;
- жинақ сертификаттарын шығаруды игеру;
- халық мерзімді салымдарын мерзімінен бұрын алуынан болатын негативті ықпалды минималдау шараларын қабылдау;
- орналастырылған салымдар бойынша пайызды, инфляциялық шығындарды компенсациялау мақсатында алдын ала төлеу;
- клиенттер үшін жаңа қызмет түрлерін енгізу;
- халықтың банкке деген сенімділігін арттыру мақсатында жеке тұлғалардың салымдарын сақтандыру қорының қызметін одан әрі жетілдіру;
- банктің депозиттік салым түрлерін жарнамалау қызметін үнемі жүргізуі қажет.



Шығыс көзі: ҚР ҰБ статистикалық бюллетені, 2014, №12

Диаграмма 2. Қазақстан Республикасы бойынша халықтың сақтандыру жүйесіне кіретін ЕДБ-дегі салымдары (%), 01.01.2015 ж.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы «Банктер және банктік қызмет туралы» Заңы 31 тамыз 1995 жыл (соңғы өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғандағы).
2. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы ҚР Заңы. (2009.12.02 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
3. Сейтқасымов Ғ.С. және т.б. «Банк ісі» оқулық, Астана: 2009 ж.
4. Мақыш С.Б. «Банк ісі» оқулық, Алматы: 2009 ж.
5. ҚР ҰБ статистикалық бюллетені, 2013-2014, №12
6. «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ сайты www.kdif.kz

Комекбаева Л.С.
заведующий кафедры «Финансы»
КарГУ им. Е.А.Букетова, к.э.н., доцент
Сандыкбаева А.Ж.
магистрант КарГУ им. Е.А.Букетова
Казахстан, г. Караганда

СОВРЕМЕННАЯ КРЕДИТНАЯ ПОЛИТИКА КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ И ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ЕЕ ОПТИМИЗАЦИИ

В условиях предстоящей конкуренции банковских систем стран ЕАЭС урегулирование вопроса качества активов, повышение устойчивости базы фондирования, переход к стандартам Базель III и совершенствование бизнес-стратегий банков, направленных на увеличение рентабельности активов и капитала, будет способствовать повышению конкурентоспособности казахстанского банковского сектора. На фоне ограниченности доступа к внешним источникам фондирования внутренний рынок Казахстана включает в себе потенциал для роста базы фондирования банков: повышение доверия реального сектора к казахстанской банковской системе позволит сконцентрировать и направить потоки финансово-экономических ресурсов страны через банковский сектор, что будет способствовать повышению уровня кредитования экономики [1].

Важная роль в этом принадлежит банкам, проводимой ими кредитной политике. При разработке и реализации своей кредитной политики коммерческие банки в обязательном порядке должны учитывать интересы не только собственные, но и прежде всего интересы своих клиентов.

Сущность кредитной политики можно определить как стратегию и тактику банка по привлечению ресурсов на возвратной основе и их инвестированию в части кредитования клиентов банка.

Современный уровень развития производственных отношений выдвигает в качестве главного критерия формирования заемных средств не доступность кредита, а производительное его использование в интересах экономики страны, хозяйствующих субъектов и индивидуальных заемщиков, в связи с чем сегодня особое значение приобретает оценка кредитной политики каждого коммерческого банка.

Активность (воздействие) кредитной политики по отношению к кредиту заключается в том, что она позволяет оценить реальные потребности клиентов и реализовать их в новой комбинации форм кредита (или новых формах кредита), что несомненно затрагивает и кредит как экономическую категорию. Так прогрессивная, оптимальная кредитная политика, как важный элемент надстройки, принятая к исполнению персоналом банка и правильно воспринятая акционерами, клиентами банка, органами банковского надзора и другими структурами общества, становится важной материальной силой, способствуя развитию банка, повышению эффективности его работы, и напротив - неадекватная кредитная политика ведет к задержке развития банка, ухудшению показателей его финансового состояния, а то и к его банкротству.

Кредитная политика опирается на экономическую основу общества, отражает ее, что предполагает использование маркетингового подхода, риск-менеджмента в работе банков, требует адекватной правовой основы, поддержания ликвидности и надежности банка, в связи с чем в современных условиях развития экономики встает вопрос оптимальности кредитной политики коммерческого банка.

Успех кредитной политики зависит от того, насколько полно воплощены ее установки в разрабатываемых на каждом этапе развития банка стратегии и тактике. Решения стратегических и тактических вопросов кредитования клиентов определяют роль кредитной политики в развитии банка как коммерческого предприятия.

Роль кредитной политики банка заключается в определении приоритетных направлений развития и совершенствования банковской деятельности в процессе аккумуляции и инвестирования кредитных ресурсов, развитии кредитного процесса и повышении его эффективности. На макроэкономическом уровне следует подчеркнуть важное значение кредитной политики в процессах формирования, распределения и перераспределения национального дохода, в организации планирования и регулирования денежного оборота, а на микроэкономическом

уровне - уровне конкретного банка - в обеспечении стабильности и надежности банка, его рентабельности и ликвидности, адекватности его деятельности потребностям клиентов.

Роль кредитной политики банков в экономике определяется ее важным значением в процессе перераспределения денежных средств между отраслями и сферами рыночной экономики через банки; перевода сбережений, прежде всего населения, из непроизводительной в производительную форму; финансирования и кредитования потребностей экономики и населения на неинфляционной основе, т.е. без выпуска в обращение дополнительных денежных средств.

Так, анализируя данные НБРК, по итогам 2014г. прослеживается изменение структуры роста кредитного портфеля в разрезе отраслей Республики Казахстан. В структуре роста уменьшились доли кредитования строительства и сферы услуг, при этом увеличение кредитования физических лиц продолжает вносить основной вклад в рост объемов кредитования (Рисунок 1).




Рисунок 1 Динамика изменения совокупного ссудного портфеля в разрезе отраслей

Примечание – рисунок составлен на основе данных КС МНЭ РК, НБРК

В отраслевом делении с начала 2014г. максимальное увеличение концентрации ссудного портфеля (Рисунок 2) зафиксировано в сельском хозяйстве, горнодобывающей промышленности и прочих отраслях промышленности (электро-, газо-, водоснабжение и др.).




Рисунок 2 Показатели концентрации пяти крупнейших (по каждой отрасли/сегменту) банков РК

Примечание – рисунок составлен на основе данных КС МНЭ РК, НБРК

Высокие показатели концентрации (пяти банков с наибольшей долей) прослеживаются в следующих сегментах: займы физическим лицам на прочие цели, основную часть которых составляют кредитные карты, займы физическим лицам на приобретение автотранспорта, займы строительной отрасли и займы в сфере услуг [2].

Рассматривая кредитную политику банка как элемент банковской политики, следует подчеркнуть, что цели кредитной политики находятся в органичной связи с общими стратегическими целями банка, согласуются с целями его банковской политики. Банковская политика и кредитная политика коммерческого банка, как ее элемент, имеют общей целью - получение прибыли от размещения денежных средств вкладчиков, а также динамичное развитие банка в направлении увеличения объемов и спектра услуг, что гарантирует стабильность и рост прибыли банка [3].

Основные цели кредитной политики коммерческого банка должны включать: анализ кредитного рынка и определение целевых рынков с целью минимизации кредитного риска; максимизацию прибыли в процессе кредитования и привлечения средств в депозиты; оптимизацию управления депозитным и кредитным портфелями банка; снижение доли проблемных ссуд; поддержание ликвидности банка с позиций управления кредитом (ссудами и займами).

Необходимо подчеркнуть, что не существует единой (одинаковой) кредитной политики для всех банков. Каждый конкретный банк определяет свою собственную кредитную политику, учитывая экономическую, политическую, социальную ситуацию в регионе его функционирования, или, что более правильно, принимая во внимание всю совокупность внешних и внутренних рисков, влияющих на работу данного банка.

Кредитная политика должна включать в себя план по размещению кредитных ресурсов банка, а также методологию, согласно которой кредитный портфель должен управляться, т.е. определять, каким образом кредиты возникают, обслуживаются, контролируются и возвращаются. Хорошая кредитная политика не должна быть слишком ограничивающей. Если служащие считают, что некоторые предложения по кредитованию могут быть рассмотрены, хотя и не соответствуют письменным директивам, кредитная политика должна позволять выносить такие предложения на обсуждение Совета директоров. Кредитная политика должна быть достаточно гибкой для того, чтобы банк имел возможность быстро реагировать и приспосабливаться к новым рыночным условиям и изменениям в структуре своих доходных активов [4].

В качестве основы для надежной кредитной политики должны рассматриваться следующие факторы.

- **Лимит на общую сумму выданных кредитов.** Лимит на общий кредитный портфель обычно выражается как отношение суммы кредитного портфеля к сумме депозитов, капитала или общей сумме активов. При установлении данного лимита должны рассматриваться такие факторы, как спрос на кредиты, колебания депозитов и кредитные риски.

- **Географические лимиты обычно являются сложной проблемой.** Если банк недостаточно хорошо ориентируется на своих рынках и/или управление банком недостаточно профессионально, географическая разбросанность может стать причиной появления просроченных кредитов. Рынок деятельности банка должен быть четко определен и соответствовать профессионализму управляющих и служащих. Банковские служащие должны быть в полной мере осведомлены о географических ограничениях в отношении кредитования. Данное положение наиболее важно для вновь созданных банков.

Жилищное хозяйство предоставляет услуги по эксплуатации жилищ, обеспечивающие воспроизводство материальных условий повседневной жизнедеятельности людей (водоснабжение, отопление, освещение и т.д.). Социальное страхование, предоставление социальных пособий и пенсионное обеспечение поддерживают на определенном уровне материальные возможности людей, лишившихся доходов вследствие временной нетрудоспособности, производственной травмы, старости и т.п.

Таким образом, социальная сфера – это крупное системное образование, пронизывающее самые разные области человеческой жизнедеятельности, начиная с производства и включая быт, удовлетворение культурных, образовательных, медицинских и других жизненных потребностей. [4].

Отрасли социальной сферы постоянно выступают объектом ценностных оценок со стороны государства и общества. Например, возможности получения медицинской помощи и образования различными социальными группами являются в любом современном обществе предметом оценки с позиций социальной справедливости. Международные организации и конституции многих стран относят доступность медицинского обслуживания, образования, культурных благ к числу неотъемлемых прав человека.

Состояние и развитие социальной сферы находится в прямой зависимости от уровня развития производственной сферы, объемов ВВП, установленных и соблюдаемых пропорций его распределения между сферой производства и сферой услуг. Социальная сфера оказывает всестороннее влияние на развитие производительных сил, выступает важным фактором повышения производительности труда. Тем не менее, в Республике Казахстан функционирование отраслей социальной сферы всё ещё нередко осуществляется по второстепенному принципу. Недопонимание их значения (как одного из главных факторов социально-экономического прогресса, социальной ориентации экономики) несомненно тормозит ход экономических реформ.

Список использованных источников:

1. Курманов А.М. Социальная защита в Республике Казахстан. Развитие и перспективы.- Астана, 2010.
2. Власов Г.Н. Государственное регулирование экономики. – Нижний Новгород, 1998.
3. Осадчая Г.И. Социальная сфера: теория и методология социологического анализа. – Москва, 1996.
4. Туишева М.Р. Социальная сфера как экономическая категория и ее структура// Вопросы инновационной экономики.- 2012.- №1(11).

Әшімова Т. П.

Сабилов А.И.

Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ТАБИҒАТЫ

Құқықтық сана теориясының жүз жылдық даму тарихы болса да, ғалымдардың құқықтық сана туралы және оның мәні мен табиғатын түсіну, құрылымдық компоненттерінің көрініс табуы және қызмет етуі туралы зерттеулері, олардың көзқарастарының ортақтасуына әкелген жоқ.

Құқықтық сана теориясында көптеген көзқарастардың болуы, табиғи құқықтық, позитивистік, марксистік теория, әлеуметтік, тарихи құқықтық мектеп өкілдерінің болуы, осы құбылыстың күрделілігімен түсіндіріледі.

Құқықтық сананың күрделі әлеуметтік-құқықтық табиғатын түсіну ғылымда, құқықтық сананың генезисін зерттеу, оның ғылыми құқықтық мектептеріндегі ролін анықтау, құқықтық сананың өзге сана нысандарымен ара-қатынасын (саяси, діни, өнеге), құқықтық сананың тарихи, рухани, мәдени мәртебелерін және құқықтық менталитетінің ара-қатынасын белгілеу арқылы жетуге болады.

Заң әдебиеттерінде құқықтық санаға түрлі анықтамалар берілген. М.В. Лукьяненко «құқықтық сана жеке тұлғаның құқықтық және құқыққа қайшы мінез-құлықтық бағытқа ұмтылуларын шектей отырып, бағыт беруші күш» [1, 14 б.] деп пайымдаса, И.Ф. Рябко, құқықтық сананы «барлық құқықтық нысандар мен құбылыстардың (құқықтық жүйе, құқықтық тәртіп, заңдылық,) адам санасында жекелеген фактілерге рефлекторлық реакциядан, әлеуметтік маңызы бар теориясына дейін талдап қорытылуының экономикалық өркендеуі» [2, 91 б.] деп түсіндіреді. Бұл жерде автор, құқықтық сананың абстрактілі (идея, теория) және нақты (құқық нормалары) - объективті шындықтың әсер ету қасиеттерін ашып көрсеткен. Алайда, автордың құқықтық сананы экономикалық өркендеумен байланыстыруымен келісуге болмайды.

Құқықтық жүйенің, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси, рухани құрылымының өзгеруі құқықтық санада әсерленеді және ол құқықтық қабылдаушылық қоғамдық қатынастың тұрақталуын қамтамасыз етеді.

В.Н. Сорокин, құқықтық сананы сыртқы талаптардан тәуелсіз деп айта отырып, «құқықтық санаға экономика мен саясат қалай өзгерсе де, оған, отандық құқықтық ойлаудың бір нысанын өндіретін тұрақты шама тән» деп қарастырады [3, 61 б.]. Мұндай констант құқықтық сананың позитивті және негативті зарядталуына (жаңалыққа қарсы болу) әсер етеді. Осыған байланысты, құқықтық сананы сипаттаған кезде, И.Ф. Рябконың [4, 11 б.] анықтамасы бойынша көрсетілген құқықтық сананың рационалды, прагматикті жақтарын ғана емес, сонымен қатар, оның құрылымындағы рефлексивті, психологиялық факторларын да елеп өткен жөн.

В. А. Чефранов құқықтық санаға «құқықтық сананың, құқықтық теорияның, құқықтық көзқарастардың сонымен қатар топтық және жеке құқықтық көзқарастардың тәжірибелік жақтары ретінде құқықтық нормаларда көрініс табатын, құқықтық идеялар мен оларға тән психологиялық нысандардың жиынтығы» [5, 13 б.] деп түсінік береді. Аталған анықтамадан, құқықтық санада өзінің ерекше ішкі және сыртқы нысандары бар, ұйымдасқан күрделі жүйе түсінігіне негізделген керекті әдістемелік ереже көрініс тапқанын көре аламыз. Алайда құқықтық сананы былайша кең мағынада қарастыру, құқықты түсінудің таптық шектелуіне негізделген, ол өз кезегінде құқықтың және құқықтық сананың әлеуметтік мәнін тарылтады.

Құқықтық сана тек қана таптық көзқарастарды ғана көрсетпейді, сонымен қатар барша адамзаттық құндылықтарды, құқықта көрініс табатын бостандықты, әлеуметтік әділеттілік, теңдікті көрсетеді.

Құқықтық санаға мұндай бағалы түрде түсінік беру В.И. Бегининнің еңбектерінен де байқалады. Ол құқықтық сананы «көзқарастар, түсініктер, бағалау, пікірлер және қатысушылардың мемлекетпен бекітілген және қорғалатын қатынастар мен міндеттерге негізделген әрекет етіп тұрған және міндетті қоғамдық қатынастың тәртібіне деген уайым жүйесі» сонымен қатар «осы тәртіп жағдайында өзінің жауапкершілігін ұғынуы» [6, 33 б.] деп түсінік береді. Мұндай түсінік бере отырып автор, құқықтық сананың деңгейін оның мазмұнына әлеуметтік белсенді мінез-құлықты енгізе отырып, оны саналы түрде жоғарлатты. Шынында, құқықтық сана өзінің дамыған, мақсатты жағдайында – позитивті құқықты шығармашылық тұрғыдан түсіну, құқықтық мақсаттарын іздеу, оның құндылығын анықтау және жеке тұлға мен қоғамның рухани шамасын жұмылдыруға, қызмет атқаруға бағытталған.

Заманауи талаптарға сай Қазақстанда құқықтық мемлекеттің құрылуы барысында бұл сұрақтар ерекше маңызды. Өйткені заңды өзгертуді қамтамасыз етіп қана қою жеткіліксіз, сонымен қатар жеке тұлға мен жария билік деңгейінде жауапкершілік сезімін тәрбиелеу қажет.

Бүгінгі таңда құқықтық сана азаматтың жалпылай құқықтық әлеуметтену үрдістерінің нәтижесі, қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайы, формальды құқықтық және құқықтық емес сипаттағы нормативті талаптар, орнап отырған құқықтың барлық жүйесін немесе жекелеген элементін өзгерту қажеттіліктерінен көрініс табатын құқықтық шығармашылықта және құқық қолданушылықта маңызды критерий ретінде рөл атқаратын интегральды феномен ретінде

қарастырылып келеді [7, 71 б.].

Бірінші кезекте, құқықтық сананың мазмұнының тәжірибиелік жағы мен оның тұрақты қасиеті шығады, ол өз кезегінде уақыт қажеттілігімен құқықтық ақиқаттың қоғамдық қажеттіліктерімен салыстыруға жауап береді, дамыған, дұрыс құқықтық сана негізінде құқықтық жүйенің қайта құрылуын қамтамасыз етеді. Сондықтан да, құқықтық прогрестің кепілі ретінде, қоғамның, құқық шығармашылықтың, құқық қолданушының құқықтық санасының деңгейін көтеру өте маңызды болып табылады.

Р.С. Байниязов, жоғарыда қарастырылған құқықтық санаға: құқықтық мақсат, көзқарас, ниет, әдет, дәстүр, иллюзия, құқықтық сендіру, еліктеу, құқықтық мәдениетті модельді мінез-құлықпен толықтырады [8, 17 б.].

Құқықтық сана қай жағынан болмасын анықталса да ол, құқықтық санаға тән белгілерге, сондай-ақ жалпылай өзгешіліктерге ие, қоғамдық сананың бір нысаны ретінде қарастырылады. Бірінші кезекте, құқықтық сананы психикалық іс-әрекеттің нысаны мен салдары, яғни нәтижесі ретінде қарастыру керек. Кез-келген құқықтық нормалар азамат санасына бағытталған. И.А. Ильин «құқық - сана тілі бойынша сөйлейді және саналы тірі жандарға қарай бағытталған» деп айтқан. Адамның санасында объективті шынайылық бейнесі көрініс табады, демек сана да құқықтық категориядағы білім, түсінік, құқықтық тәжірибе, әрекет етіп тұрған қатынастарда көрінетін объективті белгілерге ие.

Құқықтық шынайылық санада суреттелу үрдісінде, сана жеке қабылдау, жеке тұлғаның танымдық қабілеттілігі, дүниетанымдық негіздері мен қабылдау сипатын анықтайтын, жеке өмірлік құндылықтар арқылы субъектенеді. Осыған байланысты сана объективті қасиетпен толып, ақиқатты түсіну пайда болады.

Таным табиғаты, «әлемнің екіге көбеюіне», яғни, шынайы әлем мен оның, тіл, білім, сезумен көрінетін бейнесінің көбеюіне әкеледі.

Ғ.С. Сапарғалиев, А.С. Ибраевалар құқықтық сананы қоғамдық сананың жеке бір саласы дей келе, оған мынадай анықтама береді: «Құқықтық сана дегеніміз Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқық сезімдерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі» бес бейне, яғни, құқықтық болмыс жөнінде білімдер, құқықты бағалау және оны жүзеге асыру тәжірибе, құқықтық мақсаттар, құндылық бағдары заңдық мәні бар жағдайлар туындағанда адамдардың жүріс-тұрыстарын реттейді деп есептейді.

Басқаша айтқанда, құқықтық сана дегеніміз адамдардың, әлеуметтік бірліктердің қоғамда бар және олардың тілек-ықыластарына сай келетін құқыққа қатыстылықтарын білдіретін көзқарастарының, идеяларының, түсініктері мен сана-сезімдерінің жиынтығы деп қорытындылайды. Жалпы айтқанда, аталған тұжырымдама жоғарыда көрсетілген көзқарастарды түйіндеп, толықтырып тұр деп есептеуге болады.

Құқықтық сананың ерекшелігі, оның пәнінің нормативті сипатта болуында. Құқықтық сананың нормативтілігі жөніндегі сұрақ ғылымда даулы мәселелердің бірі болып табылады. Көпшілік ізденушілер құқықтық санаға нормативтік сипат тән деген көзқараста. Олардың кейбіреулері құқық нормаларын құқықтық сананың сыртқы нысаны ретінде қарастырады.

Н.И. Козюбра, құқықтық санада нормативті мінез-құлықтың қалыптасуы құқықтық нормалармен байланысты емес, ол заңды құқықтар мен міндеттерді, мінез-құлықты қабылдау мен бағалау нәтижесінде қалыптасады дей келе, «құқықтық сана амалсыз нормативті әдіспен ойлауды ұйғарады» деп қорытындылайды. Мұндай көзқараспен толықтай келісуге болмайды, өйткені ойлау үрдісін, мұндай қатаң шеңбер өзіне құқықтық санаға қатысты саналы және санасыз, аффектілі және кенеттілік психологиялық табиғатын сығызса алмайды.

Құқықтық сана құрылымындағы құқықтық психологияның маңыздылығын бағаламауға болмайды. Құқықтық саясатта оған көңіл бөлмеу, мемлекеттік билікке қымбатқа түседі және жүргізіліп жатқан реформалардың құқықтық қателігіне ғана емес, сонымен қатар, құқықтық регресске әкеліп соғады. Құқықтық шынайылықтың эмоциялық түрі, заңды суреттеменің негізгі көрсеткіші болып табылады. Көңіл-күй, уайым, тілек сияқты өзінің айқын құралдары бар құқықтық психология, өзара құқықтық қатынасты түрлі сипатқа толтырады, көптеген құқықтық сезімдер шығарып, құндылық қатынастардың түрлік психологиялық түстерін көрсетеді, құқықты және оған қатынастың қабылдауының күрделілігі мен бір жақты емес екендігін көрсете отырып, құқықтық әлемді толықтыра түседі.

Құқықтық психологияны бірлесіп бағытталған үрдіс ретінде қарастырған жөн: позитивті құқықтың әсер етуін тыйым салу, позитивті міндеттер, рұқсат ету арқылы байқай отырып, құқықтық сана, субъектілердің құқықтық сезім, баға, қатынас, көңіл-күй түріндегі құқықтық ақиқатқа деген нәзік реакциясымен көрсетеді. Бұл сезім (қабылдаған заңды мақұлдау немесе келіспеу) бағалау (сот шешімінің әділеттілігі немесе керісінше) құқықтық ұстаным мен іс-әрекетке көзқарас (заңды сыйлай, заңды тыңдау) және басқа болуы мүмкін.

Жалпы құқық теориясында құқықтық мәдениет мәселесі әртүрлі аспектілерде, ракурстарда қарастырылып жүрген өте ауқымды мәселенің бірінен саналады. Әрине құқықтық мәдениет қана емес жалпы «мәдениеттің мәселесі ғылымда осы күнге дейін өзінің бір ізді шешімін таба қоймаған, сан түрлі концептуалдық ғылыми ұғымдар мен теориялық бағыттарды өмірге әкелген күрделі түсінікке айналып отыр.

Құқықтық мәдениет жалпы мәдениет ұғымы секілді құқық теориясында бір жақты қаралып бағаланбайды. Бұны әрине түсінуге де болады. Себебі, құқықтық мәдениетті бір ұғыммен түсініктің аясында толығымен ашып көрсету мүмкін емес. Құқықтық мәдениет әлеуметтік феномен ретінде күрделі құбылыс. Ол өзінің бойына әртүрлі маңызды белгілер мен критерилерді топтастыра алған өте ауқымды жүйелік құрылым. Сондықтан да құқықтық мәдениет ұғымы мен оның табиғатын ашуға қатысты сан түрлі көзқарастар мен пікірлердің жүйесі қалыптасқан болатын.

Құқықтық мәдениеттің теориялық және методологиялық мәселелермен терең айналысқан ғалымдардың бірі В.П. Сальников құқықтық мәдениет табиғатын ашуға байланысты көзқарастардың дамуының кейбір қырларына тоқтала келе: «60 жылдардың аяғы 70 жылдардың басында құқықтық мәдениет ұғымын беруде екі бағыт тұрғысынан: қоғам дамуының белгілі кезеңіндегі идеялық құқықтық жағдай тұрғысынан және құқық туралы білім жиынтығы, заңдарды қолдана білу және оған деген құрметке қатысты көзқарас қырынан келгендігін» сөз етеді.

Құқықтық мәдениеттің ұғымын ашып көрсетуге қатысты екінші бір көзқарастардың легін құқықтық сананың аясында өрбітуді жатқызуға болады. Бұл бағыт құқықтық тәрбие мәселесінде құқықтық сананың атқаратын ролін және құқықтық тәрбие мен құқықтық сананың арақатынасын ашуға қатысты арнайы еңбектерде негізінен орын алған болатын. Сонымен бірге біз бұл бағыттан құқықтық мәдениеттің түсінігін беруге қатысты алдын-ала мақсаттың айқындығын да аңғарамыз. Себебі, бұл бағытты қолдаушылар негізінен акцентті құқықтық мәдениеттің психологиялық өлшемдері мен көріністеріне жасайды. Бұл бағытты қолданушылар мен әрмен қарай дамытушыларға: Моралев К.А., Могилевский Р.С., Орехов В.В., Каминская В.И., Ратинов А.Р. т.б. жатқызуымызға болады. Белгілі ғалым А.Б.Венгеровтың құқықтық мәдениеті «более высокая и емкая форма правосознания деуі бізге оны да осы бағыттың қолдаушылары қатарына жатқызуға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Ендігі құқықтық мәдениеттің ұғымын беруге қатысты бағыты пәндік-құндылық бағыты ретінде топтастыруға болады. Мұнда құқықтық мәдениет ұғымының екі аспектісі: “пәндік (құқық, құқықтық құрылымдар т.б) және рухани қыры (құқықтық сана, құқықтық білім т.б) бірін-бірі толықтыратын бір нәрсенің екі қырындай сабақтастықта қаралады. Әрине бұл бағыттың бір ұтатын қырына біз оның бағалаушылық позициядан келетіндігін жатқызуымызға болады. Бірақта біз бұл, бағыттан құқықтық мәдениетті қандай критерилердің жүйесіне сәйкес бағалауға болатындығын көре алмаймыз. Құндылықтың өзіне көп жағдайларда қоғамда қалыптасқан ұстанымдар жүйесі өте күшті әсерін тигізіп жатады. Оны біз кеңестік жетпіс жылғы тарихымыздан өте жақсы білеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасы Конституциясына түсініктеме. Ғ.Сапарғалиев. Алматы, Жеті жарғы, 1999 ж.
- 2 Мемлекет және құқық негіздері. Е. Баянов. Алматы, Жеті жарғы 2001 ж.
- 3 Қазақстан мемлекетті: хандық биліктен Президенттік Республикаға дейін. Е.К.Нұрпеисов, А.К.Котов. Алматы, Жеті жарғы, 1996 ж.
- 4 Саясаттану негіздері. Д. Жамбылов. Алматы, Жеті жарғы.1995,
- 5 Мемлекет және құқық теориясы. Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева Алматы, Жеті жарғы, 1997 ж.
- 6 Глава Государства Суверенного Казахстана. В. Малиновский 1998 г.
- 7 Парламент Республики Казахстан в системе органов государственной власти. Ж.Н.Байешов Алматы 1997 г.
- 8 Конституция и Парламент. С.З.Зиманов алматы 1996 г.

ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫН САРАЛАУ

Құқықты басқаша әдет – ғұрыптар деп атауға болады, олар құқықтың бастауы, қайнар көзі болып табылады. Олар алғашқы қауымдық қоғамда қатынастарды реттеп отырды және тұрақталған нұсқадағы адамдардың тәртібін, өмірдегі нақты оқиғаларды бекіте отырып ұрпақтан – ұрпаққа беріліп отырды. Әдет – ғұрыптармен алғашқы қауымдағы адамның барлық саласындағы қызметі реттелді. Олар кейінірек пайда болған жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық туралы көрініс берген мораль нормасымен, сонымен қатар, діни сенімдермен бірге кешенді түрде әрекет етті. Әдет – ғұрыптар жиі діни дәстүрлер нысанына жатқызылды және әдет болып қалыптасқан, өмірлік қажеттілік болған тек қана қоғамдық пікірмен, ақсақалдардың беделімен ғана емес, жоғарыдан келетін жазаның қауіптілігімен де қолдау тауып отырды.

Әдет – ғұрыптар, мораль нормалары, сонымен қатар, діни сенімдер алдыңғы кезекте барлық ұлымдық мүдделерді бейнелейді және қорғады. Жеке тұлға қоғамнан тыс ешкім емес болып танылды. Бірақ та, өндірістік экономикаға өту жеке адамның еңбегінің өнімділігін көтергені соншалықты, барлық әлеуметтік қатынастар жүйесі қайта құрылды, қоғамдағы адамның жағдайы өзгеріске түсті. Әрбір меншік иесінің мүддесі мүмкін болатын оқыс оқиғалар мен басқа тұлғалардың тарапынан болатын алдаудан кепілдендірілуі керек. Мұндай кепілдің рөлінде қоғамды бейнелейтін және оның өмірлік қызметін басқару үшін нақты, анықталған биліктік өкілеттіктермен қамтамасыз етілген органдар табылады. Бұл рөлді бұрын ру басылары және басқа да алғашқы қауымдық құрылыстағы биліктік органдар, кейінірек шіркеулер атқарды. Әдет – ғұрыптардың, мораль мен діни нормалардың әлеуметтік табиғаты қалыптасушы қатынастардың арнайы салаларын реттеуге аз жауап берді. Олар жаңадан туындап келе жатқан әлеуметтік байланыстар жүйесі қажет ететін қоғамдық және жеке мүдделердің жағдайын жеткілікті түрде есепке алып отырмады, бекітілген құқықтар мен міндеттер нақты, егжей – тегжейлі реттелмеді.

Құқықтың қалыптасуына белсенді түрде қоғамның мүліктік қабаттарға бөлінуі қолдау білдірді. Жаңадан туындап келе жатқан мүлкі бар топтың өкілдері олардың жеке мүдделерін тек қорғап қана қоймай сондай-ақ бейнелейтін әлеуметтік нормалардың туындауына аса қатты қызығушылық білдірді. Бұл үшін өздеріне экономикалық қожайындықты қамтамасыз етіп, жайлап жалпыға міндетті тәртіп ережелерін шығаратын тұлғалардың шеңберін шектей бастады, және де өздерінің қоғамдағы жағдайының арқасында бұрыннан қалыптасқан тәуелділіктен құтылып, жасаған құқық бұзушылығы үшін материалды түрде өз бостандығын сатып ала-алатын мүмкіндікті алды[1].

Жария биліктің күшейу шегі бойынша, қалыптасып келе жатқан мемлекеттік аппараттың құрамының өсуі, оның қоғамнан бөлінуіне байланысты халықтың негізгі бөлігі құқықтық жазбалардың мазмұнын қалыптастырудан шет қалды. Бұл тек таңдаулылардың ғана қолында болды. Заң нормаларындағы есепке алынған мүдделердің балансы қоғамда экономикалық және саяси қожайындықты жүзеге асыратын тұлғалар тарапына қарай көбірек бөліне бастады.

Құқықтық жүйелердің көп мағыналылығына қарамастан, құқық әлеуметтік нормалардың ішіндегі ерекше бір түр ретінде, алғашқы қауымдық құрылыстағы әлеуметтік нормалардан салмақты да, мәнді ерекшеленеді:

1) әдет – ғұрыптар барлық қоғаммен шығарылды, ал құқық не тікелей мемлекетпен, немесе басқа да әлеуметтік ұйымдардың (қоғамдық, ұжымдық, шіркеулік ж.т.б.) қатысуымен және оның бақылауымен қалыптастырылады;

2) әдет – ғұрыптар жалпы ерікті бейнелейді және қоғамдық мүддені қорғады, ал құқық қоғам мүшелерінің еркі мен қоғамдық, ұжымдық және жекелердің балансын бейнелеуші болып табылады;

3) әдет – ғұрыптар негізінен арнайы бекітілмеген нысанда болды, ал құқық өз кезегінде өзінің сыртқы бейнесін ие болады және ол әр түрлі нормативтік актілер, прецеденттер, нормативтік мазмұнға ие шарттар, құқықтық әдеттер түрінде бекітіледі;

4) әдет – ғұрыптар бұзылуынан барлық қоғам болып қорғалды, ал құқық мемлекеттің ұйымдастырған арнайы құрылған мәжбүрлеу аппаратымен қамтамасыз етіледі.

Заң нормаларын әр түрлі негіздер бойынша түрлерге бөлуге болады:

1) қызметтік рөлі бойынша:

а) жалпы нормалар – құқық саласының осы немесе басқа жалпы бөліміне қатысты және сәйкес құқық саласының барлығына немесе көп бөлігінің институттарына таралатын жазбалар;

б) арнайы нормалар. Олар осы немесе басқа құқық саласының жекелеген институттарына қатысты және қоғамдық қатынастардың өзіндік ерекшелігі, нақты жағдайлары ж.т.б. байланысты анықталған түрін реттейді. арнайы нормалар жалпыны бөлшектерге бөледі, олардың жүзеге асу жағдайларын уақыттық және кеңістік жағынан, тұлғаның тәртібіне құқықтық әсер ету тәсілдерін тексереді;

2) заң нормалары құқықтық реттеу пәні бойынша әр түрлі құқық салалары нормаларына бөлінеді, олар:

а) мемлекеттік;

б) әкімшілік;

в) қаржылық

г) жер;

д) азаматтық;

е) азаматтық іс – жүргізу;

ж) еңбек;

з) қылмыстық ж.т.б.

салалық нормалар бөлінеді:

а) материалдық; [2]

б) іс жүргізушілік, ол материалдық құқық нормаларын жүзеге асыру процедурасын, тәртібін, нысанын және әдістерін реттейді;

3) құқықтық реттеу әдісі бойынша құқық нормалары сараланады:

а) императивті, немесе қатаң міндетті, жазбада көрсетілгеннен айналып кетуді, шегінуді болдырмайтын. Оған әр түрлі салаларына қатысты құқық нормаларының көпшілігі жатады.

б) диспозитивті, олар тәртіптің нұсқасын көрсетеді, субъектілерге заң шеңберінде өз қалаулары бойынша қатынастарын реттеу мүмкіндігін береді. Мұндай кең құқықтық автономияның мәні қатысушыларға өздерінің өзара құқықтары мен міндеттері туралы өздері келісуге мүмкіндік ұсынуға негізделеді. Егер олар мұны жасамаса, арнайы тәртіптің міндеті жазылады. Диспозитивті нормалар қазақстандық құқықтың көптеген салаларына тән, бірақ та көптеген жағдайда ол азаматтақ құқыққа қатысты, мұнда құқықтық реттеудің әдісі субъектілердің жағдайы жеке – даралығана негізделеді.;

в) марапаттаушы. Субъектілердің өздерінің заңдық және қоғамдық міндеттерін ар – ұятымен орындайтын тәртіп нұсқасы үшін мемлекет пен қоғам қолдайтын пайдалы іс-әрекеттері үшін ұсынылатын марапаттау іс-шараларына қатысты жазбалар.

г) ұсынушы, бағытталған субъектілер өздерінің жергілікті жағдайлары, мүмкіндіктері мен қорларын есепке ала отырып ұсынылған қалауды өздерінің құзіреттеріне сәйкес іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ету үшін мемлекет қоғамдық қатынастарды реттеу барысында қалау нұсқасын бекітеді. Субъектілер – ұсынушы нормалардың адресаттары әртүрлі, бірақ қазақстандық құқықта қалыптасқан тәжірибеге сәйкес олардың бастылары болып ұжымдық ұйымдар және мемлекеттік кәсіпорындар табылады;

4) құқықшығармашылық субъектілері бойынша нормалар бөлінеді:

а) жоғары заң күшіне ие заң нормалары;

б) заң негізінде шығарылатын заңға қосымша нормативтік актілерде мазмұндалатын заңға қосымша нормалар;

5) әрекет ету аймағы бойынша заң нормалары шектеледі:

а) жалпы әрекет етуші;

б) шектелген әрекет;

в) локальді;

Заң нормаларының саралануы құқықтық реттеуді жетілдірудегі бай, жан – жақты мүмкіндіктерді тәжірибе жүзінде пайдалануға, қоғам дамуында ұдайы түрде рөлінің өсуіне қолдау жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы.-Алматы, 2003

2. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. –Алматы, 1999.

3. Бейсебаева С. Б. Мемлекет және құқық теориясы. –Шымкент, 2001

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстан Республикасында адам және азаматтың конституциялық мәртебесі 1995 жылғы Конституцияның II “Адам және азамат” бөлімінде белгіленген. Адам және азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі институты төмендегідей элементтерді қамтиды:

а) адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің мән-маңызын құрайтын конституциялық құқықтар, бостандықтар және міндеттер;

ә) адам және мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды, сондай-ақ адамның қоғамдағы және конституциялық құқықтың басқа субъектілері арасындағы жағдайларды сипаттайтын адам және азаматтың мәртебесінің конституциялық принциптері.

Жаңа конституциялық заңдылықтардағы негізгі басты жаңалық адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп танылуы болып табылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы). Бұл жағдайда адам және мемлекет арасындағы қарым-қатынастарда өзара жауапкершілікке басым бағыт беріледі.

Қоғам мен мемлекеттегі адам және азаматтың жағдайын белгілеуші негізгі принциптер Конституцияның тікелей өзінен де, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдылықтарынан да келіп шығады.

Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің конституциялық принциптеріне мыналарды жатқызуға болады:

- құқықтар мен бостандықтардың әркімге тумысынан жазылғандығы принципі;
- құқықтар мен бостандықтардың абсолюттілігі және олардан ешкім айыра алмайтындығы принципі;

- құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырған кездегі құқық теңдігі принципі;

- заң мен сот алдындағы теңдік принципі;

- адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық принципі;

- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сот төрелігімен қамтамасыз етілу принципі;

- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бірлігі принципі;

- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға жол берілмейтіндігі принципі;

- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтіруге жол берілмейтіндігі принципі;

- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілу принципі;

- саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейтіндігі принципі;

- заңдардың және басқа да нормативтік актілердің мазмұны мен қолданылу өрісін анықтаған кездегі адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы принципі.

Бірінші рет Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке тұлғаның табиғи шығу төркінін бекітті, сөйтіп 12-баптың 2-тармағында адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды деп жариялады.

Конституциялық жаңалықтардың бірі адамның құқықтары мен бостандықтары заңдар мен басқа да нормативтік актілердің мазмұны мен қолданылуын анықтайды деп белгіленуі болып табылады. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасының заңдарын шығарған кезде мемлекет жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтары, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тұрғысынан шығуға тиіс дегенді білдіреді. Конституцияның аталған бабы бірінші рет қазақстан қоғамдастығы өміріне құқықтық мемлекет принциптерін, сондай-ақ тұлғаның мемлекет алдындағы басымдылығын нақтылы енгізеді.

Бұл жерде Конституция адам және азаматтың құқықтық мәртебесі жөнінде сөз ете отырып,

белгілі бір шектеу жүргізетінін айта кету қажет. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру шектеу шеңберлеріне ие, олар төмендегідей болып келеді:

- 1) ол басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс;
- 2) ол конституциялық құрылысқа нұқсан келтірмеуге тиіс;
- 3) ол қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Конституция жеке тұлғаның аса маңызды, әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын бекітеді. Олар оның ерікті адами тұлғаға тән ар-ожданы мен қадір-қасиетін қамтамасыз етеді. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар қоғамды құру және басқару ісі мәселелерін шешуге қатысуға табиғи құқықтарды бекітеді. Сонымен қоса конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру мемлекеттің конституциялық екендігін дәлелдейтін демократиялық бастауларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

Конституциялық құқықтар мен бостандықтар бастапқы сипатқа ие, олар аласталмайды және әркімге тумысынан тиесілі. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар әрбір адам мен азаматқа бекітіледі және тұлғаның құқықтық мәртебесінің өзегін құрайды.

Құқық ұғымы оны іске асыру үшін мемлекет тарапынан ықпалды іс-әрекет болуына, сондай-ақ жеке тұлғаның қоғамдық, саяси не шаруашылық құрылымдары қызметіне қатысу өкілдігі болуына жағдай жасайды. Бостандық ұғымы адамға өзінің ішкі әлеміне кедергі келтіруден қорғануға және белгілі бір белсенділік танытуға мүмкіндік беретін өзіндік мінез-құлықты таңдау мүмкіндігін білдіреді.

Жеке тұлға мен мемлекеттің, сондай-ақ адамдардың өздерінің арасында пайда болатын қарым-қатынастардың сипатына орай конституциялық құқықтар мен бостандықтар түрлі салаларға бөлінеді.

Әрбір адам белгілі бір азаматтық қоғамға тиесілі болады, содан келіп оған әлеуметтік-экономикалық құқықтар жүктеледі. Келесі кезекте саяси қоғамдастықтың мүшесі ретінде тұлға саяси құқықтар мен бостандықтарға ие болады.

Мынаны мойындау керек, құқықтар мен бостандықтардың басым бөлігі табиғи құқықтардан келіп шығады, басқаша айтқанда оған тумысынан тиесілі болады. Бұлар жеке құқықтар деп аталады.

Сөйтіп, конституциялық құқықтар мен бостандықтар былайша бөлінеді:

- жеке;
- әлеуметтік-экономикалық;
- саяси.

Жеке құқықтар мен бостандықтарға адам азаматтығына қарамай-ақ ие болады. Бұл тумысынан тиесілі құқықтар, олар мемлекеттің не басқа тұлғалардың еркі бойынша аластатылуы мүмкін емес. Бұлар адамның өмірімен, бостандықтарымен, ар-ожданымен және басқа табиғи құқықтарымен байланысты құқықтар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-бабына сәйкес әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ.

Өмір сүру құқығы әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы деген конституциялық нормалармен бекітіле түскен (13 б.).

Салауатты өмір сүру құқығына әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға, білікті заң көмегін алуға құқығы бар деген сияқты конституциялық нормалармен кепілдік беріледі (13-б. 2,3-тт.).

Адамның жеке басының бостандығы (16-б.) және еркін жүріп-тұру құқықтары (21-б.) конституциялық түрде бекітілген. Кез келген конституциялық мемлекеттердегі сияқты Қазақстан Республикасында заңда көрсетілген реттерде ғана және тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға немесе қамауға және қамауға алуға жол беріледі. Бұл жағдайда тұтқындалған адамның сотқа шағымдануға, тұтқындалған сәттен бастап адвокаттың көмегін пайдалануға құқығы бар.

Конституциялық құқықтарға бекітілген және бір жаңалыққа Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адамның оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы барлығын жатқызуға болады. Әрбір адамның Респубикадан тыс жерлерге кетуіне және Респубика азаматтарының Респубикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар. Конституциялық құқықтардың бұл

тобы жеке тұлғаның азаматтық қоғамның мүшесі ретіндегі құқықтық жағдайын анықтайды. Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың маңызды бір санаты жеке меншікті иемдену және ұстау құқығы болып табылады. Конституцияның 26-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Бірінші рет 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы жерге жеке меншік құқығын бекітті (6-б. 3-т.). Конституцияда меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі. Конституциялық түрде меншікке қол сұғылмаушылық бекітілген: соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Дегенмен, Конституция заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен айыру мүмкіндігін қарастырады. Мұндай айыру тек мүліктің құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін[1].

Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың конституциялық міндеттері. Адам және азаматтың міндеттерінің конституциялық-құқықтық институты тұлғаның конституциялық-құқықтық қа-тынастардың субъектісі ретіндегі міндеттер көлемін бекітеді.

Адам және азаматтың негізгі міндеттері жалпыға ортақ сипатқа ие, тұлғаның нақтылы мәртебесіне қатысты емес және жоғары, конституциялық деңгейде бекітіледі. Конституциялық міндеттер тиянақталған талаптар тізімін құрайды, оларды орындаудан тұлғаның қоғам алдындағы, азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершілігі көрініс табады.

Конституция “әркім” және “азамат” терминдерін пайдалан отырып, адам және азаматтың конституциялық міндеттерін белгілейді. Конституция “әркім” ұғымын қолданған кезде Қазақстан Республикасының азаматтарымен қоса республика аумағына тұрақтаған шетелдіктерді және азаматтығы жоқ тұлғаларды есепке алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. Алматы ЖШС «Баспа», 1995 – 64 б.
2. Амандықова С.К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Оқу құралы – Астана: Фолиант, 2001. – 174 б.
3. Баглай М.В. Конституционное право Российской Федерации: Учеб. для юрид. вузов и факультетов. – М.: Изд. группа НОРМА – ИНФРА М, 1998. – 752 с.

Бүлешов М.Ә.

*кафедра меңгерушісі «Қоғамдық денсаулық сақтау -
I» профессор, м.ғ.д.*

Алдабергенова Ж.Б.,
магистрант

Қазақстан, ОҚМФА, Шымкент қ.

ЕҢБЕК ЕТУ ЖАСЫНДАҒЫ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Кез келген қоғамның және мемлекеттік органның негізгі әлеуметтік саясаты еңбек ету жасындағы тұрғындардың денсаулығын сақтау және жоғары дәрежеде қамтамасыз ету болып табылады. Себебі осы әлеуметтік топ қоғамның ең маңызды өндірістік қуаты және ұлттық қауіпсіздіктің кепілі болып табылады. Еңбек ету жасындағы тұрғындардың денсаулығын сақтауға бағытталған бағдарламаны құрастыру және жүзеге асырудың маңыздылығы әсіресе экономикалық тоқырауға байланысты соңғы жылдары аса үлкен мәселеге айналып отыр [1,2,3,4]. Оның негізгі себебі, осы топтағы тұрғындардың арасында аурушандық пен өлімнің күрт өсуі болса, екінші себебі бұл топта жұмыссыздықтың белең алып, жалпы әлеуметтік – гигиеналық қауіп қатердің одан ары өршуі деп айтуға болады. Басқаша айтқанда еңбек ету жасындағы тұрғындардың денсаулығына төнген қауіп-қатер күрт ұлғайды.

Еңбек ету жасындағы тұрғындардың арасындағы өлімнің аса жоғары деңгейі мемлекеттік ішкі демографиялық ақуалына және жалпы тұрғындардың денсаулық жағдайына кері әсерін тигізіп отыр деуге болады. Бұл жағдай жақын болашақта еңбек қорының күрт азаюна жол ашып, ұлттық қауіпсіздікті барынша нашарлататындығы белгілі. Экономикалық тоқырау кезеңінде қожалық басшыларының кіріс көзін арттыру мақсатында гигиеналық мәселелерге көңіл бөлмей және денсаулықты қорғау жұмыстарын есепке алмай өндірістік ережелерді бұза отырып, еңбек үрдістерін ұйымдастыруға бет алуа.

Бұл жағдай жұмысшылар арасында кәсіптік патологиялар мен өндіріске тәуелді аурулардың туындауын арттырады. Алайда осы аурулардың таралуын жасыру оқиғалары еңбек ету жасындағы тұрғындардың ерте жастан мүгедектікке ұшырап, өлім оқиғаларының артуына жол ашады. Жоғарыда аталған мәселелер еңбек ету жасындағы тұрғындардың денсаулығын қорғауға бағытталған шаралардың тиімді және әсерлі бағдарламаларын ғылыми түрде негіздеу қажеттігін көрсетеді. Тек осы жағдайда қоғамның еңбек қорларын сақтап қалуға және оның одан ары өркендеуіне жол ашылады.

Осы бағыттағы ғылыми тұрғыда негізделген бағдарламалардың қатарына әлеуметтік-гигиеналық мониторинг жүйесі жатады. Еңбек ету жасындағы тұрғындардың денсаулығын қорғау және одан ары арттыру механизмі ретінде есептей отырып, әлеуметтік – гигиеналық мониторинг жүйесін олардың денсаулығын бағалау, одан ары барысын болжамдау және өндірістік – әлеуметтік қауіп-қатерлердің зияндылық қуатын анықтау негізі ретінде қолданып, профилактикалық шаралар жүйесін қалыптастыру қажет [5,6,7]. Осындай әдістемелік тұрғыда қарастыру, әлеуметтік – гигиеналық мониторинг жүйесін организмге қатерлі себептердің әсер ету қуатын бағалау деп есептеумен бірдей саналады. Мәселеге осындай көзқараспен қарау еңбек ету жасындағы тұрғындардың денсаулығын қорғау жұмысының өткен кезеңдегі және болашақтағы жағдайына баға беруге мүмкіндік береді.

Сонымен, қоғамда орын алған әлеуметтік-экономикалық тоқырауға байланысты еңбек ету жасындағы тұрғындардың денсаулығын қорғау бағдарламасын ғылыми жетістіктерге сай ұйымдастыру мәселесі, оларға көрсетілетін алғашқы медициналық-санитарлық көмекті одан ары жетілдіру жұмыстары ғылыми тұрғыда негізделуі тиіс.

Қызметі нөзгеруге деген ниет жұмысшылардың бар болғаны 14,9% байқалды. Ұжымдағы жұмысшылардың арақатынасын зерттеу, оның аса жоғары еместігін байқатты. Респонденттердің 42,7% ұжымдағы жұмысшылардың арақатынасын жақсы деп бағаласа, 35,3% - қанағаттанарлық, ал қалған 22% нашар деген баға беріп отыр. 2000 жылғы осы сұраққа респонденттердің жауабына үнілсек, онда жақсы деп 59,2%, қанағаттанарлық деп – 37,1%, нашар деп – 3,7% жауап берсе, 2009 жылы ретімен алғанда 61,3%, 38,2%, 05% құрады (3 сурет). Сонымен, ұжымдағы жұмысшылардың бір-бірімен арақатынасы, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тікелей байланысты екендігі байқалады.

Респонденттердің өзі атқаратын қызметіне көңіл толмауына алып келетін себептердің бірі жұмыстың бірқалыпты жүрмеуі болып табылады. Осы себепке нұсқаған респонденттердің үлес салмағы 2000 жылы 67,9% - болса, 2009 жылы 64,5%, ал 2015 жылы 74,3% құрады.

Зауыттағы қолданылатын автоматтандырылған қондырғылардың жиі бұзылуынан өндірістегі жұмыстың ырғағы үнемі бұзылады және ұзақ мерзімге жөндеу жұмыстары орын алды. Осы кезеңде білікті мамандар жұмыссыз және еңбек ақысыз отырады. Респонденттердің көңілі толмайтын себептердің бірі еңбек ету ортасының жайсыз гигиеналық жағдайы болып табылады. Осындай себептерді нұсқаған респонденттердің үлес салмағы 18,9% жетті. Олардың 37,2% - шудың деңгейінің жоғарлығын; 29,1% - микроклиматтың нашарлығын (жазда ыстық, қыста суық) 12,6% еңбек ету ортасындағы атмосфералық ауаның газбен мастанғандығын атап көрсеткен.

Өндіріс жұмысшыларының өзінің біліктілігі мен қызметін жоғарлатуға деген ұмтылысын, олардың кәсіби білімін арттыруға деген талпыныстарынан байқауға болады. Социологиялық зерттеуге тартылғандардың 2,4% жоғары оқу орындарында, 12,9% мақсаты ұстанымдағы курстарда, ал 3,2% жаңа кәсіпті игеру курстарында оқитын болып шықты. Білімін арттырушылардың негізгі мақсаттарын зерттеу, олардың 63,4% - кәсібін өзгерту және жоғары жалақы алу үшін, 31,2% жұмыстан қысқартылған жағдайда жаңа қызметке орналасу, 5,4% жалпы білімін арттыру үшін оқитындығын көрсетті.

Жұмысшылардың бос уақыты олардың өмірінің ең маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Жұмысшылардың басым бөлігі (31,7%) бос уақытында үй жұмысымен айналысады, бала тәрбиесімен айналысатындардың үлес салмағы да аз емес (24,7%). Респонденттердің 29,2% бос уақытында телевизор көреді, ал 7,9% әдеби кітаптарды оқиды. Респонденттердің 1,9%-ғана дене тәрбиесі мен спортпен шұғылданады деп көрсетті. Жұмысшылардың 4,0% бос уақытын жолдастарымен бірге сауық құру орындарында дем алатын болып шықты. Социологиялық зерттеуге тартылған респонденттердің әлеуметтік-тұрмыстық сұраныстарын сараптау нәтижелері, олардың келесі сұраныстары қамтамасыз етілмегендігін көрсетті; оның ішінде қоғамдық тамақтанудың ұйымдастырылуын жетілдіру (49,2%), үймен қамтамасыз етілу (21,9%), еңбек ету жағдайын жақсарту (34,5%), отбасымен бірге демалыс (19,2%), санаторлық сауықтыруға (4,9%)

сұраныстары толық қамтамасыз етілмеген болып шықты.

Зерттеулеріміздің нәтижесінде, Шымкент қаласы көлемінде жүргізіліп жатқан құтырма ауруын алдын алудағы санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринарлық іс-шаралар мен көрсетілетін алғашқы медициналық санитариялық көмекті бір қатар бағыттарда жетілдіруді қажет етеді олар; - жануарлардан жарақат алған және құтырма ауруымен қарым-қатнаста болған адамдардың емдеу-иммундау сызбасы бойынша ем қабылдауын 100% қамтамасыз ету.

- халықтар арасында құтырма ауруының алдын алу жөнінде шынайы санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу.

- жарақат алған адамдардың алғашқы медициналық санитариялық көмекке жүгінген мерзімінен бастап психолог маманның көмегімен қамту.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Колесников Б. Л. Практика применения статистических взаимосвязей и социологического исследования при анализе социально-экономических факторов и показателей здоровья населения / Б. Л. Колесников, В. М. Боев // Здоровье населения и среда обитания: информационный бюллетень. - 2008. - № 1. - С. 25-29.

2. Максимова Т.М. Особенности гигиенического поведения практически здорового населения / Т.М. Максимова, В.Б. Белов, А.Г. Роговина // Проблемы социальной гигиены, здравоохранения и истории медицины. - 2005. - № 1. — С. 9-12.

3. Онищенко Г. Г. Проблемы изучения влияния среды обитания на здоровье населения // Здоровье населения и среда обитания: информационный бюллетень. – 2003. –№ 1. – С. 1 – 5.

4. Спиридонов А. М. Социально-гигиенический мониторинг – важнейший механизм государственной политики укрепления здоровья населения / А. М. Спиридонов, Н. М. Цунина, В. Г. Зотов // Здоровье населения и среда обитания: информационный бюллетень. - 2004. - № 8. - С. 1-5.

5. Тихомиров Ю. П. Использование методологии оценки риска в региональной системе социально-гигиенического мониторинга / Ю. П. Тихомиров, М. П. Грачева, Т. В. Грачева,

6. Леонов А.В. // Здоровье населения и среда обитания: информационный бюллетень. - 2003,-№7.-С. 1-3.

7. Щепин В. О. Аналитический обзор региональных особенностей здоровья населения России. Часть II / В. О. Щепин, Е. А. Тишук // Проблемы социальной гигиены, здравоохранения и истории медицины. - 2006. - № 2. - С. 3 - 11.

Грязнова М.О.

магистрант

*Карагандинского экономического
университета Казпотребсоюза*

Караганда

ОЦЕНКА СТЕПЕНИ ВЛИЯНИЯ ПИЩЕВЫХ ПРОИЗВОДСТВ НА ЭКОЛОГИЧЕСКУЮ СИТУАЦИЮ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Производство продуктов питания является одним из интенсивно развивающихся секторов обрабатывающей промышленности Карагандинской области. Выполняя важные задачи по экономическому развитию регионов республики и обеспечению населения продуктами питания, производство наносит огромный вред окружающей среде.

Интенсивное развитие обрабатывающей промышленности привело к увеличению вредных для человека выбросов во внешнюю среду жидких и газообразных технических отходов. Экологической дестабилизации подверглись города с хорошо развитым производством. По Карагандинскому региону большое количество крупных пищевых предприятий сосредоточено в городах Караганды, Темиртау, Сатпаевы районах области. В таблице 1 показана основная деятельность пищевых предприятий региона в виде выпускаемой продукции.

При всем различии технологических процессов, оборудования и сырья все эти предприятия имеют общее: перерабатывается органическое сырье, готовая продукция используется в пищу, причем многие ее виды - без предварительной обработки (хлебные, кондитерские изделия, молочная продукция, напитки).

Таблица 1. Крупные предприятия пищевой промышленности Карагандинского региона и их основная деятельность

№	Наименование предприятия,	Расположение, адрес	Основная деятельность, продукция
1	Хлебозавод - ОАО «Карагандынан»	г. Караганда, ул. Молокова, 1	Производство и реализация хлебулочных и кондитерских изделий
2	АО «EURASIAN FOODS»	г. Караганда, ул. Бытовая, 20.	Производство и реализация масложировой продукции
3	ОАО «Конфеты Караганды»	г. Караганда, ул. Гоголя, 86.	Производство и реализация кондитерских изделий
4	ЗАО ИП «Эфес Караганда пивоваренный завод»	г. Караганда, ул. Гоголя, 75.	Производство и реализация пива и безалкогольных напитков
5	ТОО «Акнар» - птицефабрика	Бухар - Жырауский р-н, с. Ботакара	Производство и реализация мяса цыплят бройлеров, продуктов их разделки и переработки, субпродуктов, полнорационных комбикормов для птиц и сельскохозяйственных животных
6	ТОО «Карагандинский молочный комбинат»	г. Караганда, СевернаяПромзона, Октябрьский район.	Производство молочной продукции под торговой маркой «Natige»
7	ТОО фирма «Акнар»	г. Караганда, ул. Камская, д. 2/1	Производство и реализация муки и сопутствующих продуктов мукомолья
8	ТОО «Мастер- FISH»	г. Караганда, ул. Бытовая 23	Производство рыбной продукции
9	ТОО «ТАЙ»	г. Караганда, ул. Складская 9	Производство и реализация колбасных и мясных изделий
10	ТОО «BAURCAN»	г. Караганда, ул. Бытовая 13/	Производство и реализация кондитерских изделий
11	ТОО «СУНКАР И К» зерновая компания»	г. Караганда, с. Тогызкудук, Майкудукскаяпромзона	Производство и реализация муки всех сортов и отрубей
12	ТОО «ЖЕР-АРНА»	г. Караганда, ул. Жангозина 11	Производство и реализация муки всех сортов
13	Д ТОО «RenMilk»	г. Темиртау, 124 квартал	Производство и реализация молочной продукции
14	ТОО «АЯН м.»	г. Темиртау, пр. Республики 167/2	Производство и реализация молочной продукции
15	ТОО «Магнитка»	г. Темиртау, пр. Республики 2 «а», 7 о/с, а/я 1	Производство и реализация молочной продукции
16	ТОО «Сатпаевский завод минеральных и фруктовых вод»	г. Сатпаев, Промзона.	Производство и реализация безалкогольных напитков

Пр и м е ч а н и е: таблица составлена автором на основании данных источника [1].

На крупных карагандинских предприятиях в связи с использованием многих видов сырья и видов его переработки имеют место практически все виды вредных выделений. Нами выделены две основные экологические проблемы, которые создают пищевые производства:

1) выброс предприятиями в атмосферу вредных веществ(почти все предприятия пищевой промышленности выбрасывают в атмосферу газы и пыль, ухудшающие состояние атмосферного воздуха). Многие технологические процессы сопровождаются образованием и выделением пыли в окружающую среду (хлебозаводы, масложировые предприятия). Дымовые газы, выбрасываемые котельными предприятий пищевой промышленности, содержат продукты неполного сгорания топлива, в дымовых газах находятся также частицы золы. Технологические выбросы содержат пыль, пары растворителей, щелочи, уксуса, водород, а также избыточную теплоту. Вентиляционные выбросы в атмосферу включают пыль, не задержанную пылеулавливающими устройствами, а также пары и газы.

В воздух от колбасных цехов и молокозаводов поступают в большом количестве водяные пары. На пивоваренных заводах, технологический процесс которых связан с брожением, в воздух поступает диоксид углерода (углекислый газ). На масложировых предприятиях в воздух помещений поступают пары растворителей. На хлебозаводах и кондитерских фабриках применяются тепловые процессы (нагревание, сушка), сопровождаемые выделением конвективной и лучистой теплоты.

Пищевая промышленность Карагандинской области, в отличии от металлургии, не относится к основным загрязнителям атмосферы, однако выбросы ряда пищевых производств, содержащие пыль и газы, неблагоприятно действуют на окружающую среду, вызывая загрязнение воздуха, почвы, зеленых насаждений. Эти вредные явления могут быть в значительной мере предотвращены или ослаблены благодаря действию систем вентиляции и пылеулавливания.

2) выброс предприятиями бытовых отходов, бракованной продукции и переработанного сырья на несанкционированные свалки, которые оказывают влияние на химическую безопасность

региона и состояние окружающей среды. На многие предприятия сырье доставляется, а готовая продукция и отходы вывозятся в течение года автомобильным транспортом. Чтобы сэкономить, предприятия организуют несанкционированные свалки вблизи своих производств или в степных районах, где хранят отходы производства.

Хранение отходов в естественном виде возможно без потерь в течение двух-трех дней. При длительном хранении они теряют свои питательные свойства, закисают, загнивают, забраживают, загрязняя окружающую среду. Несанкционированное хранение отходов приводит к увеличению количества грызунов, насекомых, некоторых видов птиц, являющихся носителями многих заболеваний.

Решить как первую, так и вторую проблему может лишь руководство области, которое обяжет каждое предприятие, создать вакантную должность независимого эколога. Работники будут ежемесячно предоставлять руководству области точные данные по следующим позициям:

- в области охраны атмосферного воздуха;
- в области обращения с отходами;
- в области водопользования.

Кроме этого они будут проводиться производственно-экологический контроль, систематически будет отслеживать процесс утилизации бытовых и производственных отходов. Главной задачей независимого эколога на предприятии является - наведение порядка, приучение работников к требованиям в области охраны окружающей среды и поддержание достигнутого.

Вторым вариантом решения экологических проблем создаваемых пищевыми предприятиями может стать совершенствование производства, предполагающее экономию потребляемых ресурсов окружающей среды и сокращение массы отходов, размещаемых в ней. Этого можно достичь путем внедрения малоотходных технологий, создания систем безотходного производства, вывода из эксплуатации устаревших основных фондов, оказывающих негативное воздействие на окружающую среду.

Нами выделены основные направления научных исследований по решению проблемы безопасности пищевых продуктов:

- обеспечение производства высококачественного и экологически безопасного продовольственного сырья;
- совершенствование существующих и разработка новых, в том числе безотходных и экологически чистых технологий пищевых продуктов;
- совершенствование существующих и создание новых видов упаковок для пищевых продуктов;
- публикация полной информации о потребительских данных продукта, его производителе, требований по безопасному обращению, включая транспортировку, использование и утилизацию, а также данных о производителях и свойствах упаковки, в том числе о ее экологичности;
- обеспечение медико-биологической и гигиенической оценки продуктов питания и технологий их получения.

В настоящее время пищевым предприятиям области невыгодно использовать безотходные технологии и выпускать экологически чистую продукцию, т.к. это требует значительных дополнительных инвестиций и снижает рентабельность производства. Поэтому без помощи государства решить проблему снижения загрязнения окружающей среды невозможно[2].

Данное утверждение подтверждает опыт зарубежных стран, которые вкладывают большие средства для улучшения экологичности производства. Большое внимание за рубежом уделяется исследованиям по разработке объективных методов и приборов контроля качества сырья, полуфабрикатов и готовых пищевых продуктов, средств по контролю, управлению и регулированию технологических процессов.

Таким образом, действующее в сфере пищевой промышленности предприятие оказывает техногенное воздействие практически на все компоненты окружающей среды. Негативное воздействие на атмосферный воздух происходит за счет выбросов вредных веществ, возникающих при использовании различных технологий пищевого производства. Также в процессе пищевого производства образуются различные отходы.

Для снижения негативного воздействия вышеперечисленных факторов предприятия пищевой промышленности обязаны проводить природоохранные мероприятия:

- внедрять малоотходные и безотходные технологии в целях снижения уровня загрязнения окружающей среды;

- планировать и осуществлять мероприятия по утилизации и обезвреживанию выбросов вредных веществ в атмосферный воздух.
- вводить на предприятиях должность независимого эколога.

Список использованных источников:

1. Официальный сайт АО «Национальное агентство по экспорту и инвестициям «KAZNEX INVEST» Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, Режим доступа: <http://www.kaznexinvest.kz>
2. Никифорова Т.Е. Безопасность продовольственного сырья и продуктов питания: учеб. пособие / ГОУ ВПО «Иван. гос. хим.-технол. ун-т». Иваново, 2007. 132 с.

*Даулетова А. А.
Сабиров А.И.*

з.э.к., доцент

Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті

СЕНІП ТАПСЫРЫЛҒАН БӨТЕН МҮЛІКТІ ИЕМДЕНІП АЛУ НЕМЕСЕ ЫСЫРАП ЕТУ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Қылмыстың объектісі кез – келген қылмыстың қажетті элементі болып табылады. Заң теориясында формальды түрде қылмыс объектісі ретінде құқық нормасын алады. Профессор Н.С.Таганцев былай дейді: «Егер де норма бұзылмаса, ол қандай болмасын шығын алып келгенімен қылмыс деп есептелінбейді. Сондықтан қылмыстың объектісі құқық нормасы болып табылады». Қылмыстық заң қоғам мүшелерін қылмыстық қолсұғушылықтан қорғайды. «Қылмыстың объектісі – материалдық және материалдық емес игілік, саяси, моральдық мәдени және басқа да», - дейді зерттеуші ғалым А.И.Трайнин.

Неміс ғалымы Майер (1915 жылы) объектіні екіге бөлген.

1. Қылмыстық заңмен қорғалатын объект (меншік құқығы).

2. Қол сұғатын объект. Мысалы, ұрлықта – мүлік. Мұнда ғалым қылмыстың заты мен объектісін бір деп түсінеді. Бұл пікірмен, әрине келісуге болмайды. Егер жалпы және топтық объект қоғамдық қатынас болып табылса, «жалпы» және «жеке» категориялардың арақатынасы түсінігіне орай, тікелей объектінің тек қоғамдық қатынас болуы шарт. Бұл мәселе жөнінде профессор Е.И.Қайыржанов: «Қоғамдық қатынастар» деген жалпы категорияны «тікелей объектіге» қатысты айтқанда түсінбеушілік туындайды. Көптеген оқулықтарда «*тікелей объект*» деп жеке қылмыс бағытталған нақты қоғамдық қатынасты айтады. Бұны формальды түрде бір, не бірнеше қылмыс бағытталған, заңмен қорғалынатын нақты қоғамдық қатынас деп түсінетін жайлар бар,-дейді. Демек, «тікелей» объект дегеніміз нақты қоғамдық қатынас емес, қоғамдық қатынастың жиынтығы болған. Сонда топтық, не арнайы және «тікелей» объект ұғымдары арасында қандай айырмашылық бар? Мұндай сұрақ оқу құралдарында да, ғылыми еңбектерде де жауабын таппай келеді.

Бұл сұрақты шешу үшін профессор Е.И.Қайыржанов қылмыс объектісін топтауда қоғамдық қатынастың нақты бейнесі - мүддені қолдануды ұсынады. Мүддесіз қоғамдық қатынас та жоқ. Қоғамдық қатынас адамдардың арасындағы сан қырлы байланыстардың жиынтығын білдіреді. Бұл байланыстар кластың, әлеуметтік топтың мүдделерін білдіретін материалдық, рухани, эстетикалық, құқықтық және басқа да сипатқа ие. Жеке тұлға бұл қатынастардың жекеленген материалды субстраты болады. Мүддені иеленуші (субъект) ғана емес, оның объектісі - мүддесі бар субъектілерді байланыстыратын әлеуметтік игілік те болады. Мүдде - қоғамдық қатынастың нақты бейнесі, ол құқықтық нысанда нақты көріне алады. Барлық қылмыстар қылмыстық заңмен қорғалынатын қоғамдық, мемлекет, жеке тұлғаның мүдделеріне шығын келтіреді. Арнайы, не топтық объект белгілі топтың мүддесі болады. Топтың мүддесі бір, қатысушылары ұқсас болуы шарт. Бұл ереже ҚР ҚК ерекше бөліміндегі ұқсас қылмыстар сынды жекеленген баптардың тобында көрініс табуы тиіс. Тікелей объект нақты әрекетпен кімнің, қандай мүддесі бұзылады, қайсысы маңыздырақ деген сұраққа жауап береді. Ол нақты объектінің жеке белгілерін сипаттайды. Енді қарастырып отырған қылмыс объектісіне тоқталсақ.

Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, иеленіп алу немесе ысырап ету үшін жауаптылық ҚК 176-бабында көзделген.

Қылмыстың объектісі – меншік, басқаша айтқанда, мүлікті иеленіп, пайдалану, оған билік ету жөніндегі қоғамдық қатынастардың жиынтығы.

Мүлік бұл жерде, сеніп тапсырылған мүлікті иемденіп алу немесе ысырап етудің заты болып табылады. Жалпы оның затына тән белгілер бар мүліктер ғана иеленіп алудың немесе ысырап етудің заты бола алады.

Бұл қылмыстың объективтік жағын, бөтен мүлікке қолсұғудың формасы ретінде, иеленіп алу және ысырап ету құрайды.

Иеленіп алу немесе ысырап ету туралы істер бойынша мынандай сараптамалар жүргізіледі: бухгалтерлік сараптама, сот тауартану сараптамасы, сот-техникалық сараптамасы, финанстық-экономикалық сараптама, құжаттарды техника криминалдық сараптамасы.

Объект – меншік, мүлікті иелену, пайдалану, оған билік ету жөніндегі қоғамдық қатынастар.

Объективтік жағы – иеленіп алу немесе ысырап ету, яғни кінәлі адамға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ұрлау.

Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, иеленіп алу немесе ысырап ету, яғни кінәлі адамға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті ұрлау - екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз жиырмадан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Екінші бөлімінің саралаушы беліглері мынадай:

- а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;
- б) бірнеше рет;

в) қызмет бабын пайдаланып жасалған нақ сол әрекеттер - бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не мүлкін тәркілеп немесе онсыз белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді, егер оларды:

а) ұйымдасқан топ; б) ірі мөлшерде; в) ұрлық немесе қорқытып алушылық үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған болса -

г) мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам, егер оларды өзінің қызмет бабын пайдаланумен қатар жасаса- мүлкі тәркіленіп және үш жылға дейінгі, ал г) тармағында көзделген жағдайларда - жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік табылады және бірдей қорғалады. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік (6 баптың I-тарауы) иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді (6 бап II-тарау).

Адамның құқықтары мен бостандық жүйесінде меншікке құқықтың алатын орны ерекше, себебі ол адамның жеке бастық сәттілігін сипаттайтын көрсеткіш. Бұл құқықтар экономикалық қатынастарды реттейді, сондықтан да олардың атқаратын міндеті көп.

Әлеуметтік құндылықтар жүйесінде меншікке құқық адамның әлеуметтік игіліктерінің ішіндегі ең маңыздысы ретінде саналады. Сондықтан да, бұл игілікке қол сұғушылық адамның өз басына қол бұзушылықпен пара-пар. Меншікті қылмыстық қол сұғушылық қорғау Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Меншікке қарсы қылмыс-мүліктің меншік немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып немесе залал келтіру қауіпін тудырумен байланысты қылмыстық кодексте көзделген нысандар арқылы жасалатын қасақаналық немесе абайсыздық іс-әрекеттерді айтамыз. [1,б.82]

Меншікке қарсы қылмыстың болып азаматтық құқық бойынша меншік объектілері деп танылған кез-келген бұйымдар мен мүліктер танылады.

Меншікке керек қылмыстық затына адам еңбегі арқылы жасалған кез келген материалдық дүниелер заттар жатады. Сондай-ақ ақша, бағалы қағаздар, айналымнан алынбаған басқ да

қозғалатын немесе қозғалмайтын мүліктер жатады. Меншікке қарсы қылмыстардың тектік объектісі меншіктер қатынасы, яғни жеке немесе ұжымдық тұтынуға, не өндірістік қызметті жүзеге асыруға арналған материалдық игіліктер бөлу саласындағы қоғамдық қатынастар болып табыламы.

Меншікке қарсы қылмыстардың тектік объектісін меншік деп қарастыруға болады. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде сәйкес меншік құқығы дегеніміз – субъектінің өзіне тиесілі мүлікті иемденуге, пайдалануға, оған билік жасауға құқығын заң актілерінің мойындауы және қорғауы. Меншік иесінде өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік жасау құқығы болады. Меншікке қарсы қылмыстар туралы тараудағы заң нормалары мен қорғалатын тікелей объект ретінде меншіктер қатанасының мәнін осы құқықтар құрайды.

Иелену құқығы дегеніміз – мүлікті іс жүзінде иелену мүмкіндігінің заң мен қамтамасыз етілуі. Бұл құқық адамның мүлікке өз қалауынша ықпал ету мүмкіндігін құрайтын мүлікке нақтылы ие болуды білдіреді. Мысалы, мемлекет жерге, оның қойнауына, су ресурстарына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне және т.б ие болды, азамат жеке автомобильге, жиһазға және т.б ие бола алады.

Иелену құқығы заңмен қорғалады. Мүлікті иелену құқығы басқа адамға берілуі мүлкін. Мысалы, комиссия, сақтау және т.б шарттар бойынша комиссиянер берілген мүліктің сақтаушысы, заң негізінде иелену құқығын және т.б құқықтарды жүзеге асырады.

Пайдалану құқығы дегеніміз- мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайдалану кезінде меншік иесінің өзіне тиесілі мүлікті кәдеге жаратуы өзінің тұтынушылық сезімін қанағаттандыру үшін одан пайда табуы қажет. Мысалы, адам кіржуғыш мақсатына өзінің шаруашылық мақсаттарына пайдаланса, ал азық түлік өнімдерін қоректену үшін пайдаланады және т.б

Мүлікті, техниканы шаруашылық мақсатта пайдалануды, сондай-ақ ұйымдар да жүзеге асырады.

Олар мүлікті алдарындағы мақсатты орындау үшін пайдаланады, пайдалану құқығы да заңмен қорғалады.

Билік ету құқығы дегеніміз- мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеу мүмкіндігінің заңмен қамтамасыз етілуі. Билік ету құқығы меншік иесінің мүліктің заңдық жағдайын анықтап өзгерте отырып, мүлікке байланысты құқықтық қатынастарды белгілеу немесе тоқтату құқығы (мысалы, сату, айырбастау, сыйлау, жойып жіберу, жедел басқаруға беру және т.б). Билік ету құқығы тек меншік иесіне тиесілі.

Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттілігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы.

(Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің -188 бабының 3 тармағы). Меншікке қарсы жасалған әрбір ұрлық және басқа да қылмыс қоғамға қауіпті, себебі ол көрсетілген қатынастарды бұзады. Қылмыстық кодекстың ерекше бөлімінің «меншікке қарсы қылмыстар» тарауында бекітілген баптардың диспозицияларының мазмұны бұл қарастырылып отырған қылмыстардың тікелей объектісі бөтенінің меншігі екендігін көрсетеді. Кейбір қылмыстарда (ұрлық, тонау, алааықтық, т.б). Тікелей объектілер тектік объектілерге сәйкес келеді. Заң әдебиеттерінде тікелей объектілер ретінде меншіктің нақты нысанын, оның мемлекеттік, кооперативтік, жеке мншік, муниципалдық не жекенген ұйымдардың меншігі болып табылуына байланысты қарастыру керек деген пікір айтылған, мұндай ұсыныспен келісуге болмайды, себебі Қазақстан Республикасының конституциясы мншіктің кез келген нысанын бірдей қорғауды жариялап отыр. Сондықтан да ұрлықты бөтен мүлікті иеленуді, тағы басқандай әрекетерді саралау үшін ұрлаған мүліктің қандай нысандағы меншік екендігінің маңызы жоқ.

Объективтік жағынан алғанда меншікке қарсы қылмысты заң шығарушы қылмыстың материалдық құрамы бойынша қарастырған.

Сондықтан да, олардың, объективті жағы үш міндетті белігіден тұрады іс- әрекет, зардап және іс-әрекет пен зардап арасындағы себептің - зардаптық байланысы. Тек қарақшылық пен қорқытып алушылық қана формальды қылмыс болып табылады, себебі бұлардың міндетті белгісі- тек қылмыстық іс-әрекет. Яғни, бұл қылмыстардай зардап қылмыс құрамының тегінен жатыр. Қылмыстық зардапты әрқашанда материалдық сипат болады, мүліктік залал туындайды.

Меншікке қарсы жасалған кейбір қылмыстарда құрамының объективтік жағының міндетті түрдегі элементті қылмыс жасаудың тәсілі (күш қолданып немесе қолданбай, жасырын немесе ашық) болып табылады.

Меншікке қарсы қылмыстар пайда табу мақсатында және пайда табу мақсатынсыз болып бөлінеді.

Пайда табу мақсатындағы қылмыстардың субъективтік жағының міндетті белгісі- пайда табуды көздеу немесе сондай себептер.

Сонымен қатар, пайда табу мақсатындағы қылмыстарды, олардың объективтік жақтарына қарай, мүлікті алу мін байланысты ұрлау деп аталатын қылмыстарға және ұрлау мен байланысты емес қылмыстарға бөлуге болады. Ұрлауға мына қылмыстар жатады ұрлық, иемденіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық ерекше құнды заттарды ұрлау. Пайда табу мақсатындағы, бірақ ұрлаумен байланысты емес қылмыстарға мыналар жатады алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру, көрнеу, қымыстық жолымен табылған мүлікті сатып алу немесе сату, интеллектуалдық меншік құқықтарын бұзу, автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз аңсыз иемдену, жерге заттай құқықтарды бұзу. Ал бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру, бөтен мүлікті абайсызда жою немесе бүлдіру пайда табу мақсатынсыз жасалған қылмыстарға жатады.

Меншікке қарсы қылмыстардың ішіндегі ең көп тарағаны және қоғамға едәуір қауіптігі- ұрлау.

Қылмыстың заң, ұрлағандық үшін, оның жасалу тәсілдеріне қарай нақты жауаптылық қарастырған. Қылмыстық Кодекстің тиісті бабтарына бөліп, нормативтік тұрғыдан бекіткен. Оларға ұрлаудың мына нысандары жатады Ұрлауға мына қылмыстар жатады ұрлық, иемденіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық.

Бөтен мүлікті ұрлау дегеніміз-меншік иесінің мүлкін пайда күнемдік мақсатта заңсыз, қайтарымсыз алу және оны өз пайдасына немесе басқа адамның пайдасына айналдыру.

Заңмен берілген анықтамадан ұрлықтың объективтік жағын сипаттайтын мына белгілерімен бөліп алуға болады

1. мүлікті алу; алудың заңға қайшылығы; алудың қайтарымсыз болуы; пайда күнемдік мақсат.

Ұрлау арқылы мүлікті алғанда айыпты оны өз пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына айналдырады. Ұрлаған адам мүлікке өз меншігіндей билік жасайды, бірақ заң жүзінде ол меншік иесі бола алмайды, себебі меншік құқығын қымыстық жолмен алу мүмкін емес. Сондықтан да жәбірлеушінің ұрланған затқа меншіктік құқығын ұрлық жоғалта алмайды. Ұрлауға заң тұрғысынан анықтама бергенде бөтен мүлікті айыптының меншігіне емес ,оның пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына айналдыру дегенді бәкім осы тұрғыдан түсіндіру қажет. Айып қою нәтижесінде меншік иесіне не басқа иемденушіге материалдық залал келеді. Ұрлағандағы материалдық залал тікелей нақты залал түрінде көрініс табуға тиіс. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының 2003 жылғы 11 шілдедегі қаулысында былай делінген «Қылмыс объектісі болған мүліктің құнын анықтағанда, оны меншік иесінің қалай иемденгеніне байланысты, қылмыс жасалған кездегі жеке сауда нарықтық немесе коммисиандық бағаларға сүйену қажет.

Бағасы болмаған жағдайда мүліктің құнын сараптаманың қортындысы негізінде анықталады».

Ұрлаудың салдарынан келген залалдың орның толтырғанда оның мөлшері сот шешім қабылдаған негізгі бағаларға сүйеніп анықталады. Меншік иесіне немесе заңды иеленушіге материалдық залал келтірмейтін мүлікті алу, ұрлау ретінде саралануға тиіс емес.

Ұрлауды сипаттайтын келесі белігі- оның заңға қайшылығы. Заңға қайшы белгі дегеніміз шындығында да, болжаммен де оған өзінің құқығы жоқ бөтен мүлікті айыптының алуы.

Шындығындағы құқық дегеніміз – ол мүлікті алуға мүмкіндік беретін, заңға негізделген құқықтың болуы. Оның заңда белгіленген тәртіпте реттелделген реттелмегенің маңызы жоқ. Бұл жерде назар ол құқықтың нысанына емес, түп мәніне аударылады.

Бұдан жасалынатын тұжырым - егер адам мүлікті алуға заңды негіздемелері бола тұрып, оны алу үшін белгіленген тәртіптерді ғана бұзса онда бұл жағдайда ұрлау болмайды.

Қылмысы аяқталғаннан кейін мүліктік залалдардың орның толтыру немесе ұрланған мүлікті қайтару айыптыны жауаптылықтан босатпайды, бәрақ ол жазаны жеңілдетуге негіздеме бола алады.

Айыпты мүлікті алып, оған өз қалау бойынша билік жасай алатын кезден батап ұрлау аяқталған болып салалады.

Өнгіме нақты билік жасағандықты емес, сол билікті жасау мүмкіндігін алғандықта.

Сондықтан ұрлауды аяқталған деп танушын айыптының затты іс жүзінде пайдаланғаны, одан пайда көргені қажет емес. Оның сондай мүмкіндікті алғаны жеткілікті. Егер айыпты бөтен мүлікті алуға бағыттылған белгелі бір әрекеттер жасаса, бәрақ ол мүлікке билік жасау мүмкіндігіне қолын жеткізе алмаса, онда ол әрекет ұрлық жасауға оқталу ретінде сараланады. Қарақшылық бұлардың қатарыда кірмейді, оның аяқталу кезені жайынлағы мәселе қылмыстың осы құрамына қатысты қаралған.

Күзеттегі аймақта, жасалған ұрлықтың аяқталу кезеңін анықтауда қиындық туындайды. Тергеу-сот практикасының соңғы кездеріндегі позициясы дұрыс, себебі ол күзеттегі аймақта жасалған ұрлықты сол аймақтан мүлікті алып шыққан кезден бастап аяқталған деп санау қажет, себебі ұрланған мүлікке билік жасау мүмкіндігі ол кезде бастап туады деп санайды. Мүлікті күзеттегі аймақтан қанша қашықтыққа алып барғандықтың маңызы жоқ, дегенмен, ұрланған затты аймақтың қоршауынан асыра лақтыруды және қылмысқа қатысуы басқа адамның сол мезетте ұрлауың қылмыстың аяқталмағандығы деп санаған жағдайлар болған. [2,б.2]

Қастандық жасаудың осы түрінің заты ұрлау құрамының сындарлы белгілерінің бірі болып табылады. Қылмыстық заң теориясында қылмыс затанаң шын мәнінде мазмұны бірдей екі анықтамасы кең тараған. Бірінші анықтама бойынша «Қылмыс затына өзінің қылмыстық әрекетін жүзеге асыра отырып қылмыскер тікелей жасайдын сыртқы әлемнің материалдық заттары жатады». Екінші анықтама бойынша қылмыс затына сол қылмыстың жасалуына себеп болатын материалдық әлемдегі заттар жатады.

Қылмыстың заты кінәлінің қылмыстағы әрекеті бағытталған игілік болып табылады. Қылмыстың затына қылмыскер объектіге қол сұғу кезінде оның тікелей әсеріне ұшырайтын сыртқы ортадағы материалдық заттар жатады. Материалдық заттар – бұл қылмыскер қандайда бір қылмыстық іс - әрекетті жасаған кезде өзінің ізін қалдыратын бұйым.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г., Россинская Е.Р. Криминалистика. М, 2002
2. Аубакирова А.Ю., Алесковский С.Ю. Криминалистика. Алматы, 2002
3. Алауов Е.О. Проблемы уголовно-правовой борьбы с вымогательством. Алматы, 1997

Есиркепова А.М.

директор

Аймақтық экономика мәселелері ФЗИ, э.ғ.д., профессор,

Қазақстан, Шымкент қ.

Құттыбаева Д.А.

доцент

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің "Экономика"

кафедрасы, э.ғ.к.,

Қазақстан, Шымкент қ.

Ыбырай А.

магистрант

"Мирас" университеті,

Қазақстан, Шымкент қ.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ СЦЕНАРИЙЛЕРІН БОЛЖАУ

Оңтүстік Қазақстан облысының даму сценарийлерін болжау үшін облыстың экономикалық әлеуетін талдау барысында анықталған ішкі және сыртқы факторлар, шектеулер мен тәуекелдер ескерілу керек. Дамудың мүмкін болатын сценарийлерін анықтаудың сыртқы факторлары ретінде ҚР экономикалары дамуының сценарийлік жағдайлары пайдаланылды.

ҚР даму стратегиясында үш бағыттық жоспар ұсынылған: консервативтік, инновациялық және мақсаттық (үдемелі). Бұл бағыттар әлемдік сауданың алға оздырумен, дамушы және

дамыған елдер арасындағы табыстар дейгейіндегі алшақтықты қысқартумен нарықтардың жаһандану үрдістерін сақтауды көздейді. Әлемдік ДЖӨ-ң динамикасы 2016-2030 жж. бағаланатын 3,5%-деңгейге бағаланады, бұл 2001-2013жылдардағы орташа өсімнен төмен. Дамыған елдер тұрғындардың қартаюы мен қарыздық жүктемесі жоғары болған жағдайда жылына 1,5-2% -дан артық емес темппен дамитын болады, және өзінің әлемдік шығарудағы салмағын 2012 жылғы 51%-дан 40%-ға дейін төмендетеді. Осы ретте Қытай мен Үндістан әлемдік шығарудағы өз үлесін 2012 жылдағы 21%-дан 2030 жылы 30%-ға дейін арттырады.

Дамудың консервативтік және инновациялық бағыты демографиялық болжамның орташа сценарийіне құралады, тұрғындардың қартаюы үрдісінің күшеюі мен тұрғындардың жалпы саны салыстырмалы түрде тұрақтандыру жағдайында жастық құрылымның нашарлауы қарастырылады – еңбекке қабілетті тұрғындардың меншікті салмағының төмендеуі және тұрғындардың жас және еңбекке қабілетті жастан үлкен жастағылардың үлесінің төмендеуі күтіледі (кесте 1).

Консервативтік бағыт (1 нұсқа) азаматтық жоғары – және орта технологиялық секторлардағы артта қалу сақталып, жылу-энергетикалық және шикізаттық секторларды белсенді модернизациялау арқылы экономиканың өсуінің қалыпты ұзақ мерзімдік темпімен сипатталады. Экономиканың модернизациясы көбінесе импорттық технологиялар мен білімге бағытталады. Адам капиталына инвестицияның деңгейі дамыған елдерден айтарлықтай артта болады.

Инновациялық бағыт (2 нұсқа) экономикалық өсімнің инвестициялық бағытының күшеюімен сипатталады. Сценарий энерго-шикізаттық кешенді модернизациялаумен қатар заманауи көлік инфрақұрылымын және жоғары технологиялық өндіріс пен білім экономикасының бәсекеге қабілетті секторын құруға сүйенеді. Экономиканың тиімділігінің параметрлерінің артуы, ЖІӨ-ң энергोकөлемінің төмендеуі, еңбек өнімділігінің артуы күтіледі. Бұл сценарийді жүзеге асыру дамыған елдермен арадағы азаматтардың әл-ауқаты деңгейі жөніндегі алшақтықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Мақсаттық (үдемелі) бағыт (3 нұсқа) инновациялық сценарийдің негізінде әзірленген және өсім темпі үдемелі болады. Жеке жинақтардың нормасы жоғары және қосымша құн салығы жоғары өнімнің қатты экспорттық секторын қалыптастырумен сипатталады. Сценарий ұзақ мерзімдік мемлекеттік экономикалық саясаттың бағдарларына сәйкес келеді және экономикалық өсімнің барлық факторлары қарқын алады. Бұл бизнес-климатты жақсартып, шетелдік капитал ағымын жандандыруға арналған реформалардың жеделдеуін, сонымен қатар ұлттық жинақтарды пайдаланудың бойына қан жүгіртуді және әлеуметтік және көліктік инфрақұрылымдарды дамытудың мемлекеттік шығындарын арттыруды көздейді.

Кесте 1 - ҚР 2030 жылға дейінгі экономикалық даму сценарийлерінің негізгі сипаттамалары

	Консервативтік сценарий	Инновациялық сценарий	Мақсаттық (үдемелі)
Бәсекелестік артықшылықтар	Мұнай-газ секторының және транзиттік сектордың әлеуеті пайдаланылады. Еңбек өнімділігінің артуы 2018 жылы 1,3 есе, 2030 жылы 1,9 есе	Инновациялық факторлардың экономикалық өсімнің жетекші көздеріне айналуы және тиімділіктің артуы ; Еңбек өнімділігінің артуы 2018 жылы 1,4 есе, 2030 жылы 2,3 есе	Технологиялық бәсекеге қабілеттіліктің артуы және энергосыйымдылықтың төмендеуі; Мұнайға Әлемдік мұнай бағасының мүмкін болатын төмендеуіне және әлемдік динамиканың құлдырауына төзімділік; Еңбек өнімділігінің артуы 2018 жылы 1,5 есе, 2030 жылы 2,7 есе
Бизнесті және мемлекеттік даму саясатын жүргізудің моделі	Қазіргі таңда үстемдік етуші мүдделер.	Жоғары технологиялық жобаларды инвестициялау және адамдары нарықта қалыптасқан ақталудың орташа мерзімдік шектерінен шығатын параметрлерімен дамыту. ҚР әлемде көшбасшылық орынды жаулап алуына бағдарланған бизнесте, мемлекеттік аппаратта және қоғамда жаңа элитаны қалыптастыру	
Экономиканың құрылымын өзгерту	Шикізаттық сектордың үстемдігін бекіту; Энергия көлемдік өндірістерді дамыту; Тауарлар мен технологиялар импортының өсуі	Ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттырумен қамтамасыз етілетін маңызды құрылымдық ілгерілеулер; Мұнай-газ секторының үлесін 10% -ға дейін төмендеткен кезде ЖІӨ-гі инновациялық сектордың үлесі 17%-ға дейін артады	Жоғарытехнологиялық салалар мен білім экономикасы үлесінің өсуі. Ғылымды, білімді, денсаулық сақтауды дамытуға бағытталған бюджеттік жүйе шығындарының үлесін арттыру; ЖІӨ-гі инновациялық сектордың үлесі 20%-ға дейін артады

	Консервативтік сценарий	Инновациялық сценарий	Мақсаттық (үдемелі)
Әлеуметтік даму	Әлеуметтік саланың бір бөлігінің модернизациясы; Табыстар бойынша дифференциацияның күшеюі; Әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігінің төмендігі; Орта таптың үлесі тұрғындардың үштен бірі шамасында	Әлеуметтік саланың республикалық және аймақтық деңгейдегі ауқымды модернизациясы; Табыстар дифференциациясының төмендеуі; Орта таптың үлесі тұрғындардың жартысына жақындайды.	Адам мен ҒЗТКЖ –ға инвестицияның артуы; Дифференциацияның төмендеуі; Орта тап тұрғындардың жартысынан көбін құрайды.
Аймақтық аспект	Жаңа энерго-шикізаттық кластерлерді қалыптастырған кездегі аймақтық теңсіздіктің артуы.	Аймақтық теңсіздіктің қысқаруы; Инновациялық дамудың жаңа орталықтарын құру.	
Әлемдік экономикадағы орын	Көмірсутегілер мен шикізаттар нарығының конъюктураларына, сонымен қатар технологиялар импортына тәуелділіктің күшеюі;	Өңдеу мен жоғары технологиялық өнімнің деңгейі төмен шикізат нарықтарына машықтану; Жан-жақты интеграцияның әлеуетін іске асыру және күшті еуразиялық аймақтық бірлестікті құру.	

ҚР ұзақ мерзімдік әлеуметтік-экономикалық дамуы сценарийлерін анықтайтын негізгі факторлар келесі [1]:

- Энергетикада, ғылымда, білімде, жоғары технологияларда және басқа салаларда қазақстандық экономиканың салыстырмалы артықшылықтарының даму және іске асу дәрежесі;
- Өңдеу өндірістерінің инновациялық жаңаруының қарқыны және еңбек өнімділігінің динамикасы;
- Көліктік және энергетикалық инфрақұрылымның модернизациясы;
- Кәсіпкерлік және инвестициялық белсенділікті мемлекеттік институттардың тиімділігімен анықтайтын институттардың дамуы;
- Қоғамға сенімді және әлеуметтік әділдікті нығайту, соның ішінде меншік лигитимділігін қосқанда;
- Адам капиталының сапасын арттыру және орта тапты қалыптастыру;
- Еуразиялық экономикалық кеңістікті интеграциясы.

Аталған факторларының әлеуетін іске асыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттерді ескере отырып [2], ОҚО дамуы екі сценарийде анықталады: инерциялық және инновациялық (2-кесте).

Кесте 2 - ОҚО экономикалық дамуы сценарийлерінің негізгі сипаттамалары

	Инерциялық сценарий	Инновациялық сценарий
Экономикалық дамудың басымдықтары	Инновациялық лектердің тұрақтануы және экономиканың базалық секторындағы модернизация	Барлық капитал түрінің сапасының артуы: өндірістік, адамдық қаржылық және әлеуметтік; іс-әрекет түрлерінің түрлерінің және білім экономикасына тән барлық жұмыс формаларының диверсификациясы
Дамудың локомативтері	Қаланың ірі мұнай, энергетикалық және көліктік компанияларының дағдарыс салдарын нивелирлеуге бағытталған технологиялық инновациялары ;	Қаланың ірі компанияларының технологиялық инновациялары; Өнеркәсіптік ; Агроөнеркәсіптік кешен; Көлік, байланыс, жоғары деңгейдегі логистика; Қаржы инфрақұрылымының дамуы; Білім беру, денсаулық сақтау, туризм, іскерлік қызметтер.

	Инерциялық сценарий	Инновациялық сценарий
Инвестиция мен құрылыстың бағыттары	Тұрғын-үй коммуналдық кешеннің дамуы; Әлеуметтік-мәдени және тұрғын үй саласы объектілерінің құрылысы; Энергоқуаттар құрылысы.	Баспананың ескірген түрлерін жою, заманауи типтегі баспана үлесінің артуы, кеңселік және сауда алаңдарымен қамсыздандырудың еуропалық нормаларына жету, жалға алу баспанасы нарығының дамуы
Еңбек өнімділігінің динамикасы	Еңбек өнімділігінің динамикасы тұтасымен алғанда экономика бойынша оң мәнде қалады, алайда 2,3%-ға дейін төмендейді.	Еңбек өнімділігінің артуы ЖАӨ өсуінің жұмыспен қамтылғандар санының өсу темпімен салыстырғанда алға жылжуының есебінен қамтамасыз етіледі.
Тұрғындар табысының динамикасы	Бұрынғыдай өндіріс көлемі мен қала экономикасының базалық секторындағы кірістердің шамасына тәуелді болады.	ЖАӨ өсімімен салыстырғанда жалақылардың алға озып өсуі қарастырылмайды. Алайда олардың өсуінің абсолюттік шамасы еңбек өнімділігінің аруы есебінен 2 есеге құрауы керек; Кәсіпкерлік және басқа да жалақылық емес кірістер үлесінің өсуі көзделеді.
Денсаулық сақтауды дамыту	Қалыптасқан жүйені сақтау, алайда материалдық-техникалық жабдықталуын арттыру.	Беделдік факторының өсумен жоғары темппен өседі; Аймақ ҚР басқа аймақтары үшін жоғары технологиялық медициналық қызметтердің көзіне айналады
Білім беру жүйесінің дамуы	Сала дамуының ертеректе қалыптасқан міндеттерін ретімен жүзеге асыру, базалық саланың кәсіпорындарын кадрлық ресурстармен қамтамасыз етуге күш жұмылдыру	Жоғары қарқынмен өседі, бағдарламаларының диверсификациясы кеңінен жүзеге асырылады, нақты секторға және ғылым мен білімнің интеграциясына бағыт беріледі.
Шағын және орта бизнес іс-әрекеттерінің түрлері	Құрылым, сауда жылжымайтын мүлік операциялары, жалға беру және қызметтер көрсету	Іс-әрекеттердің дәстүрлі түрлерінің жылдам дамуынан бөлек жоғары технологиялық және зияткерлік қызметтердің дамуы көзделеді: консалтинг, логистика, туризм, жұмыспен қамтудың қашықтықтық түрлері.
Инфрақұрылымның даму бағыттары	Дәстүрлі инфрақұрылымдық жүйелердің жоспарлы дамуы.	Дәстүрлі жүйелердің дамуынан бөлек, «Білім экономикасының», қаржылық, ақпараттық, коммуникациялық инфрақұрылымдардың, сонымен қатар, басым жобаларды іске асыруға қажетті инфрақұрылымдардың дамуы көзделеді.

ҚР-ғы макроэкономикалық ахуал ұлттық экономиканың тұрақты дамуымен сипатталады және ОҚО-да жаңа іс-әрекеттер түрлерін дамыту үшін айтарлықтай ауқымды мүмкіндіктерді қамтамасыз ете алады. Сондықтан да инерциялық сценарий аймақтық экономикадағы қазіргі таңда басымдыққа ие, іске асыру ықтималдығы біршама жоғары болуына қарамастан, инновациялық әлеуметтік-бағдарланған сценарий аймақтың 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясының базасы ретінде қабылданды. Аталған сценарий дамудың негізгі басымдықтары ретінде шығу туризмін ұйымдастыру, минералды-шикізаттық кешенді құру, өндіріс қалдықтарын тереңінен өңдеу өндірісін ұйымдастыру, ОҚО-да жоғары технологиялық медициналық қызметтерді ұсынуға жағдай жасау жөніндегі жобаларды іске асыруды көздейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы
2. 2011-2015 жылдарға арналған ОҚО даму бағдарламасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Қазақстан Республикасында адам және азаматтың конституциялық мәртебесі 1995 жылғы Конституцияның II “Адам және азамат” бөлімінде белгіленген. Адам және азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі институты төмендегідей элементтерді қамтиды:

а) адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің мән-маңызын құрайтын конституциялық құқықтар, бостандықтар және міндеттер;

ә) адам және мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды, сондай-ақ адамның қоғамдағы және конституциялық құқықтың басқа субъектілері арасындағы жағдайларды сипаттайтын адам және азаматтың мәртебесінің конституциялық принциптері.

Жаңа конституциялық заңдылықтардағы негізгі басты жаңалық адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп танылуы болып табылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы). Бұл жағдайда адам және мемлекет арасындағы қарым-қатынастарда өзара жауапкершілікке басым бағыт беріледі.

Қоғам мен мемлекеттегі адам және азаматтың жағдайын белгілеуші негізгі принциптер Конституцияның тікелей өзінен де, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдылықтарынан да келіп шығады.

Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің конституциялық принциптеріне мыналарды жатқызуға болады:

- құқықтар мен бостандықтардың әркімге тумысынан жазылғандығы принципі;
- құқықтар мен бостандықтардың абсолюттілігі және олардан ешкім айыра алмайтындығы принципі;
- құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырған кездегі құқық теңдігі принципі;
- заң мен сот алдындағы теңдік принципі;
- адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық принципі;
- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сот төрелігімен қамтамасыз етілу принципі;
- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бірлігі принципі;
- адам және азаматтың құқықтар мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға жол берілмейтіндігі принципі;
- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтіруге жол берілмейтіндігі принципі;
- адам және азаматтық құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілу принципі;
- саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейтіндігі принципі;
- заңдардың және басқа да нормативтік актілердің мазмұны мен қолданылу өрісін анықтаған кездегі адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы принципі.

Бірінші рет Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке тұлғаның табиғи шығу төркінін бекітті, сөйтіп 12-баптың 2-тармағында адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды деп жариялады.

Конституциялық жаңалықтардың бірі адамның құқықтары мен бостандықтары заңдар мен басқа да нормативтік актілердің мазмұны мен қолданылуын анықтайды деп белгіленуі болып табылады. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасының заңдарын шығарған кезде мемлекет жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтары, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тұрғысынан шығуға тиіс дегенді білдіреді. Конституцияның аталған бабы бірінші рет қазақстан қоғамдастығы өміріне құқықтық мемлекет принциптерін, сондай-ақ тұлғаның мемлекет алдындағы басымдылығын нақтылы енгізеді.

Бұл жерде Конституция адам және азаматтың құқықтық мәртебесі жөнінде сөз ете отырып, белгілі бір шектеу жүргізетінін айта кету қажет. Адам және азаматтың құқықтары мен

бостандықтарын жүзеге асыру шектеу шеңберлеріне ие, олар төмендегідей болып келеді:

- 1) ол басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс;
- 2) ол конституциялық құрылысқа нұқсан келтірмеуге тиіс;
- 3) ол қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Конституция жеке тұлғаның аса маңызды, әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын бекітеді. Олар оның ерікті адами тұлғаға тән ар-ожданы мен қадір-қасиетін қамтамасыз етеді. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар қоғамды құру және басқару ісі мәселелерін шешуге қатысуға табиғи құқықтарды бекітеді. Сонымен қоса конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру мемлекеттің конституциялық екендігін дәлелдейтін демократиялық бастауларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

Конституциялық құқықтар мен бостандықтар бастапқы сипатқа ие, олар аласталмайды және әркімге тумысынан тиесілі. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар әрбір адам мен азаматқа бекітіледі және тұлғаның құқықтық мәртебесінің өзегін құрайды.

Құқық ұғымы оны іске асыру үшін мемлекет тарапынан ықпалды іс-әрекет болуына, сондай-ақ жеке тұлғаның қоғамдық, саяси не шаруашылық құрылымдары қызметіне қатысу өкілдігі болуына жағдай жасайды. Бостандық ұғымы адамға өзінің ішкі әлеміне кедергі келтіруден қорғануға және белгілі бір белсенділік танытуға мүмкіндік беретін өзіндік мінез-құлықты таңдау мүмкіндігін білдіреді.

Жеке тұлға мен мемлекеттің, сондай-ақ адамдардың өздерінің арасында пайда болатын қарым-қатынастардың сипатына орай конституциялық құқықтар мен бостандықтар түрлі салаларға бөлінеді.

Әрбір адам белгілі бір азаматтық қоғамға тиесілі болады, содан келіп оған әлеуметтік-экономикалық құқықтар жүктеледі. Келесі кезекте саяси қоғамдастықтың мүшесі ретінде тұлға саяси құқықтар мен бостандықтарға ие болады.

Мынаны мойындау керек, құқықтар мен бостандықтардың басым бөлігі табиғи құқықтардан келіп шығады, басқаша айтқанда оған тумысынан тиесілі болады. Бұлар жеке құқықтар деп аталады.

Сөйтіп, конституциялық құқықтар мен бостандықтар былайша бөлінеді:

- жеке;
- әлеуметтік-экономикалық;
- саяси.

Жеке құқықтар мен бостандықтарға адам азаматтығына қарамай-ақ ие болады. Бұл тумысынан тиесілі құқықтар, олар мемлекеттің не басқа тұлғалардың еркі бойынша аластатылуы мүмкін емес. Бұлар адамның өмірімен, бостандықтарымен, ар-ожданымен және басқа табиғи құқықтарымен байланысты құқықтар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-бабына сәйкес әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ.

Өмір сүру құқығы әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы деген конституциялық нормалармен бекітіле түскен (13 б.).

Салауатты өмір сүру құқығына әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға, білікті заң көмегін алуға құқығы бар деген сияқты конституциялық нормалармен кепілдік беріледі (13-б. 2,3-тт.).

Адамның жеке басының бостандығы (16-б.) және еркін жүріп-тұру құқықтары (21-б.) конституциялық түрде бекітілген. Кез келген конституциялық мемлекеттердегі сияқты Қазақстан Республикасында заңда көрсетілген реттерде ғана және тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға немесе қамауға және қамауға алуға жол беріледі. Бұл жағдайда тұтқындалған адамның сотқа шағымдануға, тұтқындалған сәттен бастап адвокаттың көмегін пайдалануға құқығы бар.

Конституциялық құқықтарға бекітілген және бір жаңалыққа Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адамның оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы барлығын жатқызуға болады. Әрбір адамның Республикадан тыс жерлерге кетуіне және Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар. Конституциялық құқықтардың бұл тобы жеке тұлғаның азаматтық қоғамның мүшесі ретіндегі құқықтық жағдайын анықтайды.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың маңызды бір санаты жеке меншікті иемдену және ұстау құқығы болып табылады. Конституцияның 26-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Бірінші рет 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы жерге жеке меншік құқығын бекітті (6-б. 3-т.). Конституцияда меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі. Конституциялық түрде меншікке қол сұғылмаушылық бекітілген: соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Дегенмен, Конституция заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүлкінен айыру мүмкіндігін қарастырады. Мұндай айыру тек мүлкінің құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың конституциялық міндеттері. Адам және азаматтың міндеттерінің конституциялық-құқықтық институты тұлғаның конституциялық-құқықтық қатынастардың субъектісі ретіндегі міндеттер көлемін бекітеді.

Адам және азаматтың негізгі міндеттері жалпыға ортақ сипатқа ие, тұлғаның нақтылы мәртебесіне қатысты емес және жоғары, конституциялық деңгейде бекітіледі. Конституциялық міндеттер тиянақталған талаптар тізімін құрайды, оларды орындаудан тұлғаның қоғам алдындағы, азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершілігі көрініс табады.

Конституция “әркім” және “азамат” терминдерін пайдалан отырып, адам және азаматтың конституциялық міндеттерін белгілейді. Конституция “әркім” ұғымын қолданған кезде Қазақстан Республикасының азаматтарымен қоса республика аумағына тұрақтаған шетелдіктерді және азаматтығы жоқ тұлғаларды есепке алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. Алматы ЖШС «Баспа», 1995 – 64 б.
2. Амандыкова С.К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Оқу құралы – Астана: Фолиант, 2001. – 174 б.
3. Амандыкова С.К. Конституционное право Республики Казахстан: Учеб. пособие для юрид. факультетов. – Караганда: Болашак – Баспа, 1998. – 212 с.

Жақсыбаев Қ.Р.

Қазбеков Т.Б.

Ержанов А.М.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды мемлекеттік университет

«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР ПӘРМЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ БАҒЫТТАРЫ

Әлемде соңғы жылдары экология мәселелері үнемі елдің назарында екені белгілі. Оның дәлелі ретінде әртүрлі әлемдік симпозиумдарда, ғылыми конференцияларда одан басқа әлемдік державалардың басшылары бас қосқан кездесулер шеңберін айтуға болады. Әлемнің әр түрлі елдерінде үнемі климаттың өзгеруі, жер атмосферасының ластануы, ормандардың кесілуі және басқа экологиялық мәселелер жөнінде газет беттерінен және журналдардан, теледидар экрандарынан, интернет сайттарынан оқимыз. Жағдай әрине өзгеруде, оның бір мысалы көптеген елдер Киот хаттамасына қол қойып, оның нормаларын қатаң ұстануын айтуға болады.

Соған қарамастан, адамдардың жер экологиясына негативті әсері жалғасып және ол қайғылы одан қоса тұрақты салдарға жиі әкеліп жатыр. Адамдардың денсаулығы нашарлап, бұрын адам баласы естімеген ауруларға кезігіп, су және энергия ресурстарының тапшылығы байқалып отыр.

Өкінішке орай, экология мәселелері және оның барлық аймақтар дамуына қандай қауіпті әсері болатындығын Қазақстанда өте жақсы біледі. Біздің ел кеңес кезінен бастап, Аралдың құрғап кетуі және Семей полигоны сияқты экологиялық мәселелерді бастан кешті. Адамдардың тікелей қатысуымен және су ресурстарын негізді қолданбауы салдарынан теңіз құрғап қалды.

Жасыл экономика бұл экономикалық теориядағы жаңа бағыттардың бірі. Ол табиғи ресурстарды «табиғи капитал» ретінде қарастырады. Осындай тәсіл, экономиканың табиғатпен байланысын және қолдану принциптерін өзгертеді де, ол мынадай шекті, қорландыру және табиғи ресурстарды жұмсау деген терминдерді анықтайды.

Жасыл экономика теориясы үш негізгі принциптерге негізделеді:

- шектелген кеңістікте ықпал етуді шексіз ұлғайту мүмкін емес;
- шектелген ресурстар жағдайында шексіз ұлғайып жатқан талаптардың қанағаттандырылуын сұрау мүмкін емес;
- жер бетіндегі барлығы өзара байланыста болады.

Қазіргі таңда дүниежүзінің көптеген елдері жасыл экономика қағидасы қабылдаған. Осы мемлекеттердің экономикалық даму саясаты өнеркәсіптік өндіріс өсімін оңтайландыруға және қоршаған ортаға үнемді көзқарасқа негізделеді.

Қоғамда «жасыл» экономика сөзінің мәнісін елдің табиғатын жақсартатын экономиканың жаңа салалары немесе табиғатқа көмектесуге және пайда келтіруге бағытталған жаңа технологиялар ретіндегі экожүйенің өзіндік түрі деп есептейді. Сонымен қатар «жасыл» экономика экологиялық таза өнімдерді құру болып табылатын дамудың жаңа кезеңіне ауысу болып табылады. Нақты айтқанда «жасыл» экономика - бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуда ұшыраған пайдалы қазбалар ресурстарын үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

«Жасыл» экономикаға ауысу аясында:

- қорлардың тиімділігін арттыру;
- қазақстандық инфрақұрылымды жетілдіру;
- халықтың әл-ауқатын жақсарту болжанады;

«Жасыл» экономикаға ауысу барынша үлкен танымалдыққа ие болып келеді және экономикалық прогреске жағдай жасай отырып, келесілерді қамтамасыз етеді:

- ішкі жалпы өнімнің өсімі;
- елдің табыстарын ұлғайту;
- елдегі жұмыссыздық көрсеткіштерін азайта отырып, халық үшін жұмыс орындарын құру.

Бұл жерде «жасыл» экономикаға ауысу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы сияқты жаһандық қауіптен тәуекелдерді төмендетеді.

«Жасыл» экономиканы дамыту бағдарламасы аясында Қазақстан экономиканың 10 шешуші секторына құралдарды инвестициялауды жоспарлайды:

- ауыл шаруашылығы;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы;
- энергетика;
- балық аулау;
- орман шаруашылығы;
- өнеркәсіп;
- туризм;
- көлік;
- қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу;
- су қорларын басқару.

Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Біз экологиялық баса назар аударып отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз. Нәтижесінде мен агроөнеркәсіптік кешеннің алдына – экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу міндетін қоямын», деді. Қоршаған ортаға залалын тигізетін құрылымдарды бірте-бірте жойып, оған балама көздерін табу қазір қолға алыну үстінде. Облысымызда табиғатты таза сақтау бойынша «жасыл экономика» жобалары жасалып, іргелі жұмыстарға басымдық берілуде. Соның бірі – күн нұрынан қуат өндіру болса, екіншісі – жел энергетикасын заман талабына сай қолданысқа енгізу, сол арқылы табиғатты таза сақтау.

Елбасы Жолдауындағы он жаһандық сын-кәтерінің дені азық-түлік қауіпсіздігіне, су, табиғи ресурстарды, энергетикалық тағы да басқа адам өміріне қажетті дүниелерді таза сақтай отырып, дамыту жолдары айқындалғанын көріп отырмыз. Сол секілді, «жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы аясында атқарылатын шараларға құқықтық, экономикалық, ғылыми негіздер қалай отырып, табиғатты керегімізге қарай игеру, игерілген байлықты тиімді тұтыну, яғни, байтақ жеріміздің әр түп жусанын сақтау көзделген. Осындай елдік істі мінсіз атқарудың заңнамалық жол-жосығын Президенттің таяуда бекіткен «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама туралы» Жарлығында жан-жақты дәйектелген.

«Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама туралы» Жарлығында «Ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін арттыру;

2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;

3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын арттыру;

4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін арттыру болып табылады», дей келіп, «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама 3 кезеңде іске асатыны алға тартылады.

Бұл экология саласында жүрген азаматтарға үлкен міндет жүктеліп отырғаны белгілі.

«Жасыл экономиканы» қалыптастыруда көптеген экологиялық проблемалар алдан шығып отыр. Оның бастыларына тоқталар болсақ, әрбір азамат өзі күн кешіп отырған отбасынан бастап, Отан аумағын таза сақтап, ластанудан қорғау, ауа мен судың бүлінуіне жол бермеу, жердің тозуына, кейбір өзен-көлдердің шарасы тарылып бара жатқанын жұрт болып жұмылып, қалпына келтіру ісіне үлес қосу. Егер біз осы айтқандарды уақытында атқара алмасақ, ата-бабамыздан қалған басты байлығымызды тоздырып алуымыз мүмкін. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың энергиясы» туралы көптен бері айтып, соны дүниежүзілік деңгейге көтеріп, ЕХРО-2017 Бүкіләлемдік көрмесін ұйымдастыруды Астана төріне әкелуі тегін болмаса керек.

Атқарылатын жұмыстың арғы жағында ел тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін, денсаулығын жақсарту, тіпті, көңіл-күйін көтеру – бәрі өмір сүріп жатқан қоршаған ортаға тәуелді екені анық. «Жасыл экономика» бағытын таңдаудың негізінде осындай ғұмырлық істерді ілгерілетіп жатырмыз. Мұны жүзеге асыру кезінде азаматтар еңбек етумен қатар, ненің тиімді, ненің залалды екенін танып, білсе екен дейміз. Жалпы, «жасыл экономика» 3 принципке сүйенуі керек, оның біріншісі – халыққа жоғары деңгейде, халықаралық дәрежеде қызмет көрсету, әр жұмысты уақыт талабына сай үйлестіре дамыту, екіншісі – елдің өркендеуі үшін қолға алынған «жасылға» жұртты жұмылдырып, жұмыспен қамту саясатын орнықтыру, үшінші – осының бәрін нарық механизміне бейімдеп, толық меңгеріп шығу.

ЖЭС-терде отын жағудан пайда болатын күлді тыңайтқыш ретінде пайдалануға болады, немесе, одан әлде бір құнды элементтерді ажыратып алу үшін күлді қайтымсыз шығын түріне жатқызуға болады. Өңдеудің әр түрлі сатыларында қорлардың неғұрлым аз үлесі қайтымсыз шығынға жататын болса, берілген қор үшін өңдеу циклдарының саны соғұрлым көп болуы мүмкін. Шектеулі қордың берілген көлемінен анағұрлым көп өнім жасап шығаруға болады. Қайтымсыз шығыннан басқа да қайталама ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне кедергі келтіретін бірқатар факторлар кездеседі. Оларды бағалау және бір қалыпқа келтіру үшін бұл кемшіліктерді техникалық, ұйымдастырушылық, экономикалық және т.б. сияқты маңызды параметрлік көрсеткіштеріне қарап бөлу қажет.

Қайталама қорларды пайдалану мүмкіндігіне әсер ететін техникалық факторларды қарастырайық. Бұл факторлар екі кезеңде белгілі болады:

- 1) қалдықтарды шикізатқа айналдыру үшін өңдеу процесінде;
- 2) қайталама қорлардан дайын өнім алу процесінде.

Қалдықтарды өңдеу кезінде олардың алғашқы қасиеттерін қалпына келтіру мүмкін болмайтын қалдық қорлары едәуір техникалық қиындықтар келтіреді. Мысалы, қазіргі технологиялық деңгейде кейбір қоспалардан қажетті құрамдас бөліктер алу мүмкін емес. Мұндай қалдықтарды әдетте жойып жібереді немесе басқа технологиялық процестерде пайдаланады. ҚРес-ды қолдану кезіндегі техникалық қиындықтардың екінші кезеңі бірінші және екінші ретті қорлардың оларды технологиялық өңдеу кезіндегі қасиеттеріндегі айырмашылықтан және әр түрлі шикізаттан алынған дайын өнімдердің қасиеттерінің айырмашылығынан болып келеді. Бұл қиындықтар қалдықтарды өңдеу технологиясының дамуының қазіргі деңгейінде қалдықтардан алғашқы қасиеттеріне толық сай келетін қайталама ресурстарды алудың мүмкін болмауымен ерекшеленеді [2].

Осыған байланысты, біріншіден, алғашқы шикізатты өндеген технологиялық құрал жабдықтарда екінші ретті шикізаттарды өңдеу кезінде әр түрлі қиындықтардың пайда болуы мүмкін. Екіншіден, ҚРес-дан алынған дайын өнімнің қасиеттері көбінесе дәл сол шикізаттың бастапқы түрінен алынған дайын өнімнің қасиеттерінен әлдеқайда төмен болып келеді. Мысалы, қағаздың макулатурасынан ағаштан алынған қағаздың ақтығындай ақ қағаз алу мүмкін емес [3].

Қайталама қорларды пайдалануда техникалық қиындықтардан басқа ұйымдастыру факторлары да қол байлау болады. Ұйымдастырудағы қиындықтар қалдықтардан қайталама қорларды алудың әр түрлі сатыларында туындауы мүмкін. Қалдықтарды қайта өңдеу өндірісін жобалау кезінде экономикалық нәтижелілікке көбінесе берілген өндірістің аса зор көлемінің есебінен қол жеткізілетін болады. Екінші ретті қорлар нарығындағы жағдайдың тұрақсыздығы қалдықтарды қайта өңдеу көлемін тиісті дережедегі дәлдікпен жобалауға мүмкіндік бермейді.

Одан басқа, кәсіпорынның өзінің өнімінің материалдық сиымдылығын төмендетуге ұмтылысы берілген өндірістің қалдықтар көлемін қысқартуға әкеліп соғады да, қалдықтардың көзін сырттан іздестіру қажеттігін тудырады. Бұл істі өзінің дайындау ұйымдарының желісі арқылы, немесе осы қалдықтарды жеткізушілерді іздестіру арқылы жолға қоюға болады. Алайда, қалдықтар нарығының бізде әлі қалыптаспағандығына байланысты олардың нарықтағы ұсынысы бір ізге түспеген, сондықтан, шикізатты (қалдықтарды) қажетті көлемде жеткізуді ұйымдастыруда белгілі дәрежеде қиындықтар келтіреді.

Қайталама ресурстарды пайдалануға кедергі жасайтын факторларға ақпараттық факторды жатқызуға болады. Мәселе мынада: өнеркәсіп өндірісінің қалдықтар номенклатурасы және оны пайдалануы өте кең көлемде, ал осы қалдықтардың ағымы, олардың қасиеттері және оларды қайта өңдеу технологиясының бар-жоғы туралы ақпараттар жеткіліксіз дәрежеде. Осыған байланысты экономикалық салалардағы қалдықтар ағымын ақпараттармен қамтамасыз ету мәселесі алға қойылады. Қайталама ресурстарды пайдалану нұсқаларын бағалау кезінде экологиялық факторлар да маңызды мәселе болып табылады. Әрине, қалдықтарды қайта өңдеу олардың қоршаған ортаға түсуінің алдын алады. Бірақ, көбінесе, қалдықтарды өңдеу технологиясының қоршаған ортаға әсері алғашқы шикізатты өңдеу кезіндегі әсерден әлде қайда зиянды болуы мүмкін. Мысалы, макулатураны өңдеу арқылы шайқап алынатын типографиялық бояу қоршаған ортаға макулатураның өзіне қарағанда анағұрлым зияндырақ. Бұл жағдайда (экологиялық тұрғыдан қарағанда) берілген қалдық түрлерін жойып жіберу немесе көміп тастау тиімдірек болады. Мұндай қалдықтар туралы айтқанда, келесі ерекшеліктерді ескеру қажет. Айталық, кәсіпорын аталған қалдықтардың қасиеттерін алғашқы деңгейіне дейін қалпына келтіруге (қайталама ресурстарды пайдалану принципі бойынша) шешім қабылдасын делік. Бұл жағдайда қалдықтарды өңдеудің гомологиялық процесі (оларды шартты түрде екінші ретті қалдық деп атайық) қалдықтардың жаңа түрі болатынын (үшінші ретті) білдереді, оны өңдеу кезекті жаңа қалдықтар түрінің пайда болуын тудырады. Бұл тұйық шеңбер, шын мәнінде, шексіз жалғаса беруі мүмкін және оның екінші ретті қорларды пайдалану тиімділігіне тигізетін әсері орасан зор [4].

Алайда, барлық жағынан алғанда ең негізгісі – экономикалық факторлар. Қайталама ресурстарды пайдалану нұсқаларына экономикалық баға беруде айрықша көптеген қарама-қайшылықтар пайда болады. экономикалық қиындықтарды шартты түрде өндірісте және базарда (айналымға түсу саласында) туындайтындар деп бөлуге болады. Өндіріс саласында қайталама ресурстарды пайдалану кезіндегі экономикалық қиындықтар мынадай қажеттілікпен байланысты:

- 1) өндірістік қуаттылықты кеңейту үшін салынатын қосымша күрделі салымдары;
- 2) жаңа өндірістік қуатты күтімге алуға жұмсалатын қосымша айналым қаражатын тарту.

Бұл екі фактор да дайын өнімнің бағасына әсер етеді де оның өзіндік құнын арттырады, сөйтіп кәсіпорын өнімінің бәсекеге сәйкестігін төмендетуі мүмкін. Сыртқы факторларға келесі факторларды жатқызуға болады:

1) алғашқы және қайталама ресурстарды арасындағы бәсекелестік. Нарықтағы алғашқы және қайталама ресурстарды бағаларының арасындағы айырмашылық алғашқы шикізатпен салыстырғанда қайталама ресурстарды пайдалану тиімділігін төмендетуі мүмкін.

2) қайталама ресурстарды нарыққа ұсынудағы тұрақсыздық (қысқа мерзімдік кезеңде) және соның әсерінен қорлардың бағасының секірмелі өзгеруі өндірісте қалдықтарды өңдеуге жұмсалатын инвестицияның тәуекелділік көрсеткішінің өсуінің себебі болып табылады. Бұл берілген өндірістің тиімділігіне талапты күшейтуге себеп болады.

Қайталама ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне кедергі келтіретін әр түрлі факторлардың ара қатынасы қалдықтардың түріне қарай, техникалық қарқындау деңгейіне байланысты, елдің (аймақтың) экономикалық саясатына және бірқатар басқа да себептерге байланысты өзгеріп отырады. Тікелей осыған байланысты қайталама ресурстарды пайдаланудың тиімді немесе тиімсіз екендігі туралы бір сөзбен айтуға болмайды. Оған баға беру үшін барлық әсерді шектейтін факторларды да, сондай-ақ берілген шараның тиімділігінің артуына жағдай жасайтын факторларды да кешенді ескере отырып нақты іс-шараның әсерін анықтап алу керек.

Бұл үшін қайталама ресурстарды пайдалану процестерінің тиімділігін шынайы және толығырақ бағалай алатын әдістеме дайындау қажет. Екінші жағынан берілген процестерді қалыптастыратын ұйымдастырушылық-экономикалық мемлекеттік кешенді механизм дайындау да кезек күттірмейтін мәселе. Тек қана осы тәрізді іс-шараларды іске асыру негізінде ғана қайталама ресурстарды пайдалану процесін кәсіпорынға енгізудің қажеттілігі жайында айтуға

болады.

Дегенмен, өндірістік кәсіпорындарда қайталама ресурстарды басқару мен пайдалануды бағалауды жүргізу кезінде оның тиімділігіне әсер ететін алуан түрлі факторлар (техникалық-технологиялық, экономикалық және т.б.) қарастырылып отырған процестердің айрықша сипаттамалары болып табылатынын есте ұстау керек. Осыған байланысты, қарастырылып отырған процестердің тиімділігіне әсер ететін техникалық-технологиялық, ұйымдастырушы-экономикалық және басқа факторларға жеке-жеке талдау және кешенді зерттеулер жүргізу қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Май П.В. Препятствия и возможности для внедрения технологий переработки золошлаковых отходов // Экология и промышленность Казахстана. -2013. -№4. –С.48-55.
2. Коробко В.И. ТБО. Экономика. Экология. Производство. -М.: -2012. -131 с.
3. Марзабаев Б.К. Проблемы переработки вторичного сырья из пластмассы в Атырауской области. Аль Пари. -2014. -№4. –С.89-94.
4. Шубов Л.Я. Технология отходов. М.: -2013. -352 с.

Сабиров А.И.

Тұрарқызы Т.

Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ – АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУШІ НЕГІЗГІ ИНСТИТУТ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында Қазақстан республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялаған. Бұл конституциялық норма–мақсатта Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуының ұзақ мерзімді мақсатты бағдарламасы жарияланған.

Құқықтық мемлекет идеяларын тұжырымдау тамыры адам бостандықтарының тұлға мен мемлекет мүдделерінің, қоғамдық және жеке адамның мүдделерінің, мемлекет пен құқықтың арақатынастарының философиялық проблемаларында жатыр. Алғашқыда саяси-құқықтық ойда қоғамдық мүдделердің басымдылығы идеясы үстемдік құрып келді. Қоғамдық мүдденің, жалпы игіліктің басымдылығы идеясын әділетті деп санаймыз. Өйткені адам – қоғамдық тіршілік иесі, егер де ұжымдық мүдде қамтамасыз етілмесе, ұжымның жеке мүшелерінің мүдделері туралы сөз етудің қажеті жоқ. Жалпы игілікті, ортақ мүддені қамтамасыз етуге қабілетті бірден-бір институт мемлекет болып табылады. Сол себепті мемлекет жеке тұлғамен салыстырғанда басымдыққа ие болып келді. Негізінен мұндай тұжырым теологиялық көзқарастың, монархтың билігін құдай жаратты деген түсініктің шеңберінде қалыптасты. Мемлекет қоғамның ең жоғарғы ұйымдасқан институты ретінде оның өмірінде барған сайын маңызды роль атқарып келеді. Бұл мемлекеттік биліктің ерекшеліктерінен келіп туындайды. Тек мемлекет қана бүкіл қоғамның ресми өкілі болып табылады. Жалпыға бірдей міндетті әдеп ережелерін жариялауға және жария мәжбүрлеуді қолдануға айрықша құзіретке иелік етеді. Мемлекеттің егемендікпен байланысты маңызды белгісі ретінде мәжбүрлеу қолданылады. Біз оны субъектінің мінез-құлқына оның еркінен тыс әсер ету деп қарастырамыз. Мемлекет өзінің әлеуметтік қызметтерін табысты орындауы үшін оның шешімдерінің кепілдігі қамтамасыз етілуі тиіс. Мысалы діни билік сияқты әлеуметтік билік мәжбүрлеуге арқа сүйемейді (әсіресе ождан бостандығы бар кезде), оның дүниетанымдық сипаты бар: құдайға сенетіндер оған бағынды да, сенбейтіндер бағынбайды. Мемлекеттік билік болса, мемлекеттік мәжбүрлеуге арқа сүйейді.

Мемлекет саяси биліктің басты жиынтығы және саяси күштің орталығы ретінде кепілді тәртіпті қамтамасыз етуге міндетті және осы мақсатта бассыздықтар мен озбырлыққа жол бермеу үшін басқа мемлекеттік емес құрылымдарға байланысты мемлекеттік билік үстемдік етуі тиіс. Бұл үстемдік егемендік ұғымы арқылы іске асырылады. Егемендік мемлекеттік биліктің үстемдігін және жария мәжбүрлеу мүмкіндігін қажет етеді. Мемлекеттегі барлық әлеуметтік күштер «билікті тек мемлекеттің тапсыруымен және мемлекеттің бақылауымен іске асырады» [1, 26 б.].

Қандай да болмасын әлеуметтік күштің (саяси партия немесе т.б.) ықпалының күштілігіне, қоғамдық көңіл-күйдің жағдайына қарамастан, мемлекеттік билік мемлекеттің бүкіл аумағына

тарайды және мемлекеттік аппарат, мемлекеттік органдар арқылы ғана іске асырылады.

Жоғарыда баяндалғандарға сүйене отырып, мемлекеттік билік қоғамның тұтастығын, оның тұрақты қызметін қамтамасыз етудің ең тиімді құралдарының бірі болып табылады деп тұжырымдауға болады.

Тұлғаның әлеуметтік мүмкіншіліктерінің жүйесінде оның қоғаммен өзара қарым-қатынастарын білдіретіндері алғы шепке шығады [2, 41 б.]. Өйткені мемлекеттік биліксіз өмірді бейберекетсіздік жайлайды. Қоғамның мемлекеттік биліксіз өмір сүре алмайтындығы күмәнсіз. Ал оның жоқтығы немесе әлсіздігі қоғамның құлдырауына алып келеді. Өйткені мемлекеттік билік экономикамен бірге оның әлеуметтік өмірінің арқауы болып табылады. Оның үстіне билік қатынастарынсыз адамзат өркениетінің өмір сүруі мүмкін емес. Мемлекеттің қоғам өміріндегі осынша маңызды роль атқаруына қарамастан, осы кезге дейін мемлекеттің қоғам өміріндегі ролін шектеудің қажеттігі туралы, ал шектен шыққан нұсқаларда тіпті мемлекеттің жойылуы туралы (анархистердің пікірі, коммунистік қоғам туралы) пікірлер орын алып келді. Мұндай пікірлер толығымен негізсіз емес. Өйткені буржуазиялық революцияларға дейін мемлекеттік биліктің адамзат тарихында зорлық-зомбылық құралы ретінде пайдаланылып келгені белгілі. Мемлекеттік билік жария мәжбүрлеуді қолдану мүмкіндігіне иелік ете отырып, бір жағынан жалпы игілікті қамтамасыз етудің тиімді құралы, ал екінші жағынан, адамның құқықтары мен бостандықтары үшін ең үлкен қауіп ретінде көрініс табады. Буржуазиялық революцияларға дейінгі барлық мемлекет тәжірибесі мемлекеттік биліктің қоғамдық мүдделер туын жамылып, кей жағдайларда билік басындағылар мен байлардың мүдделеріне пайдаланылғандығын, мемлекеттік биліктің зорлық-зомбылық құралы болғандығын дәлелдейді. Қандай жағдайда болмасын, жеке тұлғаның мүдделері есепке алынбай келді. Мемлекетке байланысты жеке тұлға әруақытта да теңдік жағдайда болған емес. Мемлекет адамдарға өзінің еркін таңып, ол үшін мәжбүрлеу күшін пайдалана алады. Бейнелеп айтар болсақ, мемлекет адамдардың басынан «семсерін» сермеп келеді. Іс жүзінде бұл «семсер» адамға тән кемшіліктерден, нәпсі мен мүдделерден арылмаған жеке мемлекеттік лауазым иелерінің қолында. Олар өз биліктерін асыра пайдаланулары мүмкін. Сол себепті адамдарға орынсыз пайдаланылған «семсерден» қорғану үшін «қалқан» қажет. Мұндай «қалқанды» адам құқықтары құрайды. Оның мақсаты – адамдар мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарын қауіпсіз ету, ал ол «қалқанның болуын, әрекет етуі мен нығайтылуын қамтамасыз ететін «күзетші иттер» құқық қорғау ұйымдары болып табылады [3, 74 б.].

Адам құқықтарының қалыптасуы ұзақ уақытқа созылды. Жеке құқықтар негізінен мемлекеттік биліктің заңсыз килігуінен азат болуды қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік құқықтар тұлғаның мүдделерін мемлекеттің көмегімен қамтамасыз ету және іске асыру талаптарын қамтиды. Бұл құқықтар XX ғасырда пайда болды. Олар XVIII-XIX ғасырлардың конституциялық құқығына бейтаныс, принциптік жаңа құқықтар еді. Олар еңбек қатынастары, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау мен білім алу, кәсіподақ қызметіне, сонымен бірге жастарды, әйелдерді, қарттарды қорғауға, отбасы мен аналарды қорғауға, ғылыми және шығармашылық бостандығына т.б. байланысты мәселелерді қамтиды. Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың қазіргі адам бір өзі рыноктік стихия мен әлеуметтік қорғаныссыздыққа бетпе-бет келген, әлеуметтік және техникалық прогресс дәуірінде де маңызы артып отыр. Мемлекетке қолда бар ресурстардың негізінде мемлекеттік әлеуметтік саясатты іске асыру жөніндегі қосымша талаптар қойылуда. Құқық пен заңдылыққа жаңаша көзқарас жалпы азаматтық құндылықтардың және тиісінше халықаралық құқықтың басымдылығына байланысты проблемаларды зерттеуде орын алып отырған парадигмаларды ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Құқықты жаңаша түсіну, сонымен бірге құқықтың мемлекеттен үстемдігі, адамның табиғи құқықтары мен бостандықтары, үлкенді-кішілі халықтардың егемендігі идеяларын біріктіреді.

Саяси құқықтардың құқықтық табиғаты қызық. Заң әдебиетінде саяси құқықтарды: 1) әртүрлі өкілеттілік және тікелей демократия формалары арқылы мемлекет пен оның органдарын ұйымдастыру мен қызметіне қатысу жөніндегі құқықтық өкілеттіліктер; 2) қоғам өміріне белсенді араласу жөніндегі құқықтық өкілеттіліктерге бөлу кездеседі. Аталған құқықтық өкілеттіліктердің бірінші тобы азаматтың мемлекеттің ісін басқаруға тікелей де, өзінің өкілдері арқылы да қатысуға кешенді құқығы деп тұжырым жасауға болады.

Азаматтың мемлекет істерін басқаруға қатысуға кешенді конституциялық құқығының құрамына енетін құқықтық өкілеттіліктер қоғам өміріне белсенді араласу жөніндегі құқықтық өкілеттіліктермен (сөз және баспасөз бостандығы, жиналыстар мен манифестациялар бостандығы, бірігу құқығы) тығыз байланысты. Мысалы, сөз және баспасөз бостандығынсыз азаматтың

сайлауға және сайлануға құқығы бос сөз болып шығар еді. Өйткені депутаттыққа және басқа да сайланатын лауазымдарға кандидаттар мен сайлаушылар сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқықтарында шектелген болар еді; бірлестіктер құру құқығының жоқтығы азаматтардың саяси партиялар арқылы өз кандидаттарын Парламент депутаттығына ұсыну құқығын теріске шығарған болар еді. Қоғамның саяси өміріне қатысу жөніндегі аталған құқықтық өкілеттіліктер бір мезгілде азаматтың мемлекет істерін басқаруға қатысуға конституциялық құқығын іске асыру механизмі, кепілі және шарттары болып табылды. «Мемлекет» және «қоғам» деген ұғымдардың этимологиялық тұрғыдан тұтастық және оның бөлігі ретінде сәйкес келетіндігінен, қоғамдық өмірге араласу жөніндегі құқықтық өкілеттіліктердің бір мезгілде мемлекет істерін басқаруға қатысу жөніндегі құқықтық өкілеттіліктер қызметін атқара алатындығын есте ұстау қажет.

Саяси құқықтардың маңыздылығы сол, олар бастапқы өмірлік, ең алдымен өмірдің өзін ұстап тұруға тиісті қажеттіліктерді қанағаттандыруға тиісті әлеуметтік-экономикалық құқықтары үшін күрестің құралына айналады. Соңғы жылдары етек алған митингілер, ереуілдер, аштық жариялау, азаматтық бағынбау актілері әлеуметтік-экономикалық құқықтары үшін күрес құралдары болды. Сот процестерінің көпшілігі де нақ осы бастапқы, шын мәнісінде, экономикалық құқықтарды қамтамасыз етуге байланысты болды. Оларға кепілдік берілмейінше, саяси құқықтар тұлға үшін екінші дәрежедегі мәселелер болып қалады. Осыдан келіп демократиялық мемлекеттің міндеті кез-келген құқықты іске асыру үшін жағдай жасау деген қорытынды туындайды.

Адам құқықтары мен бостандықтары жүйесінде бірлесу құқығына ерекше орын берілген. Бұл ҰЕҰ ұлттың гуманитарлық капиталын дамытудағы, елдің ұйымдық және интеллектуалдық әлуегін біріктірудегі, жалпы жауапты азаматтықтың сапасын арттырудағы атқарып келе жатқан роліне байланысты. ҰЕҰ-дың өздерінің әлеуметтік маңызды қызметтерін табысты орындауы үшін қоғамның тұрақтылығына, тұлға мен қоғамның әлеуметтік белсенділігі мен жауапкершілігінің артуына мүдделі мемлекет шешуші роль атқаруға тиіс.

Сонымен, мемлекет зорлық-зомбылық құралына айналмауы үшін оның билігіне құқықпен шектеу қою керек. Құқықтық мемлекет идеясы дамудың ұзақ жолынан өтті және ол құқық пен заңды қарама-қарсы қою, мемлекетті күш пен құқықтың бірлігі немесе құқықтық заңмен шектелген билік ретінде түсіндіру дәстүрінің пайда болуы мен дамуына байланыстырылады. Бұл дәстүр ежелгі грек саяси ойынан бастау алған болатын. Нақ осы дәуірде мемлекет туралы өз қызметін заңға негіздейтін және бостандықты қамтамасыз ететін ұйым ретінде алғашқы түсініктер қалыптасты. Мемлекет туралы мұндай түсініктер көп жайғдайда билік пен бостандықтың әділетті арақатынаста болуын іздеумен байланысты болды. Құқықтық мемлекет бастауларын Сократтың, Платонның, Аристотельдің, Цицеронның көзқарастарынан табуға болады. Құқықтық мемлекет туралы идея құқықтық мемлекет туралы буржуазиялық ілімнің негізін салушы және классигі Иммануэль Канттың еңбектерінде толық және жан-жақты дамытылды.

Мемлекет – адамдардың өз игілігін қамтамасыз ету мен қорғауы үшін біріккен одағы деп түсініледі. Бұл одақтың, бірліктің негізі әртүрлі құқықтық, адамгершіліктік, ұйымдық-еңбектік т.б. болуы мүмкін. Мысал үшін, Кант осындай пікірді ұстанған, оның ойынша, мемлекет игілігі мемлекеттік құрылыстың адамдарды категориялық императивтің көмегімен олардың бостандығының жалпы мөлшерімен біріктіретін құқықтық принциптермен үйлесімділігінде болып табылады [4, 16 б.].

Мемлекет – бұл жария-биліктік қатынастар және институттар құратын белгілі ұжымдық, қауымдастық. Бұл арада мемлекет пен құқық адамгершілік идеясының объективтену формасы ретінде қарастырылады. Мемлекет – жанды қоғамдық организм болып табылады. Сол себепті Гегель, бір жағынан, тұлғаның азаматтық бостандығы мен, екінші жағынан, мемлекеттің бірлігін ұсынады. Мұндайда олардың бостандықтары бір-біріне қарсы тұрмайды, керісінше, тұтас бостандықты – өзіне жеке тұлғалар мен халық өмірінің аяларының бостандықтарын біріктіретін мемлекеттік-ұйымдасқан халықтың (ұлттың) бостандығын құрайды. Өйткені «құқық жүйесі бостандықты іске асыру патшалығы болып табылады».

Бүгінгі таңда көптеген елдер бұл идеяны қоғамның тиімді өмір сүруін қамтамасыз ету құралы ретінде қолдануда. Дегенмен адамзат ойының тарихында әртүрлі елдерде адамның құқықтары мен бостандықтарына, қоғамның, мемлекеттің және тұлға мүдделерінің ара қатынасына әр түрлі көзқарастар орын алғандығы белгілі.

Табиғи-құқықтық доктринаның негізінде құқықтану мен мемлекетті түсінудің либералдық-

демократиялық дәстүрінде мемлекет идеясы бостандық идеясымен тығыз байланысты. XX ғасырдың басында Кант пен Гегельдің Құқық Идеясы мен Бостандық Идеясының байланысы туралы пікірлерін көрнекті орыс құқықтанушылары да бөлісті: «Құқықтың басты және маңызды мазмұнын бостандық құрайды» [5, 99 б.].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Утебаева Н. Долг государства перед гражданами // Мысль. – 2005. – № 11. – С. 53-55.
- 2 Жовтис Е. Права человека и правозащитные организации: Методическое пособие. – Алматы: Казахстанское Международное Бюро по правам человека и соблюдения законности, фонд «XXI-век», 2002. – 36 с.
- 3 Кант И. О государстве // Сочинения: В 6-ти т. – М.: Мысль, 1965. – Т. 4. ч. 2. – С. 350-478.
- 4 Гегель Г.В.Ф. Приложение / новые источники по Философии права // Философия права. – М.: Мысль, 1990. – 524 с.
- 5 Тасбулатова А.К. Права и свободы человека в правовом государстве // Научные труды «Әділет». – 2004. – № 2 (16). – С. 269-271.

Тұрлыбекова А.А.

доцент, ә.ғ.к.

Тажимаев Т.С.

магистрант

*Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет
Қазақстан, Шымкент қ.*

ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТАЛАМА РЕСУРСТАР РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

Алғашқы рет табиғи ресурстардың жетіспеу проблемасы, индустриалды дамыған елдерде XX ғасырдың 70-шы жылдарының соңында қалыптасты. Терең экономикалық дағдарыстардың көбеюі және олардың құрылымдық өзгерістермен байланысуы өндіріс тиімділігіне, соның ішінде табиғи материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігіне қайтадан көзқарастар қалыптастыруға мәжбүр еткізді. Белгілі бір кезеңге дейін маңызды болып келген экономика дамуының экстенсивті жолынан алынатын пайдалылық айтарлықтай төмендеді. Өндірісті экстенсивті дамыту көп жағдайда өнім бірлігіндегі шикізат шығынының ұлғаюына әкеледі. Қоғамдық өндіріс процесіндегі басымдықтар табиғи ресурстарды экстенсивті жолынан интенсивті бағытқа ауыстырды. Материал сыйымдылығы төмен салаларға бағытталған экономикадағы құрылымдық өзгерістер экономика дамуының интенсивті жолына көшу қажеттігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Материал сыйымдылығын төмендету арқылы көрінетін қоғамдық өндірісті интенсификациялау, табиғи материалдық ресурстар шектеулігі мәселесін шешудің бір жолы ретінде көп ғалымдармен қарастырылады. Көптеген ғалым-экономистердің жұмыстарында [1, 2] қосымша ресурстарды тартпай, шектеулі материалды ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру барысы ұзақ болуы мүмкін делінген.

Біздің пікірімізше, қайталама ресурстарды (ҚРес-ды) пайдалану арқылы өндірісті интенсификациялаудың негізгі фактор болып ҚРес-ды қайта өндіріс процесіне енгізуге мүмкіндік беретін инновациялық жобаларды ендіру жүйесі болып табылады. Материалды және ҚРес-ды пайдалану кезіндегі инновациялық шаралардың келесі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

- 1) өндірісте шектелген материалды ресурстардың қолдануын тиімді ету;
- 2) шектеулі табиғи ресурстарды алмастыратын материалдарды (ресурстарды) іздестіру;
- 3) жаңа орналасқан жерлерді барлау және табиғи материалдар ресурстарын өңдеудің жаңа тәсілдерін жасау (өте тиімді);
- 4) өндірісте өндіріс және тұтыну қалдықтарын пайдалану және т.б.

Егер де жоғарыда көрсетілген шараларды өндіріс пен инновациялық дамудың басқа тенденцияларынан бөліп қарайтын болсақ, инновация табиғи ресурстардың шектеулігі мәселесін шеше алады деп айтуға болады. Басқа жағынан, инновациялық даму экономикалық ресурстарды, соның ішінде шектелген табиғи материалды ресурстарды пайдаланудың жаңа сфераларының ашылуымен байланысты. Бұл қоғамның табиғи ресурстарды тұтыну мөлшерін арттырады.

Нақты табиғи ресурстардың қоры қазіргі кезде экономикалық рентабельді болып саналатын

кен орындарда өңделіп жатқан қорлардан 3-4 есе көп. Уран және тас көмір сияқты ресурстардың кейбір түрлері бойынша бұл қатынас шамамен 10 есе құрайды [3]. Табиғи материалдық ресурстарды өңдеудің өзіндік құнының жоғарылауын осы саладағы еңбек өнімділігін арттыру арқылы өтеуге болатын еді. Алайда шын мәнінде, ресурстарды тұтыну көлемінің өсуі қарқыны мен осы ресурстардың қымбаттау қарқыны өңдеу салаларындағы еңбек өнімділігінің өсуі қарқынынан артады. Басқа сөзбен айтқанда, табиғи материалдық ресурстардың қымбаттауынан қоғамдық өндірістің өзіндік құнының өсуі, өңдеуші салалардың еңбек өнімділігінің өсуі есебінен өтелмейді.

Сонымен, ҒТП табиғи ресурстарды тұтынуға әсері екі жақты деп айтуға болады. Бір жағынан, қоғамдық өндірістің өсуімен шикізат пен материалдардың көп көлемі өңделеді, яғни табиғи МР тұтыну көлемінің ұлғаюына, өндірістік қалдықтардың түзілу мен қоршаған ортаның ластану қарқынының өсуіне әкеледі (егер кері шаралар қолданылмаса). Басқа жағынан, техникалық прогрестің арқасында, өнім бірлігін өндіру үшін шикізат пен материалдар көлемі қысқарады, өндірістік технологиялық процестер жанданады, шикізаттың бір түрлері басқаларымен алмастырылады, яғни өнім бірлігін өндіру үшін шикізат қажеттілігі қысқарады. Бұл бағыттардың ішінен қайсысы өте жоғары қарқында дамуға қабілетті екенін айту қиын. Егер қоғамдық өндіріс процесінде МР пайдалану тиімділігін арттыру техникалық іс-шаралар арқылы күрделі болса, онда бұл мәселелерді техникалық және экономикалық жолдармен шешуін іздестіру сенімді нәтиже бере алады. Бұл жағынан өнім бірлігін өндіру шығындарын төмендетумен байланысты (өнімнің материал сыйымдылығын төмендету) ҚРес-ды пайдалану тиімділігін арттыру бағытын атап кетуге болады. Әдетте, екі негізгі бағытты айырып көрсетеді:

- 1) дайын өнім бірлігінің массасын төмендету;
- 2) ҚРес-ды пайдалану.

Бірінші жағдайда өндірістік процесс ашық деп қарастырылады. Табиғи ресурстар қоршаған ортадан өндіріске түседі де, кейін одан қалдық түрінде қайта оралады. Материал сыйымдылығын төмендету берілген МР-тан шығарылатын өнім көлемін ұлғайту арқылы орын алады. Екінші жағдайда, өндірістік процесс тұйық деп қарастырылады. Өндіріс пен тұтынудың тұйық жүйесі – бұл ішіндегі элементтері тығыз байланысқан, ал өндірілген өнім бір жүйеден тұтыну үшін басқаға өтетін және кезекті дайын өнімді шығару үшін барлық қалдықтар бастапқы материалға қайта өңделетін жүйені айтамыз, яғни ресурстарды қайталама пайдалану жүргізіледі.

ҚРес пайдалану барысында дайын бұйым бірлігінің салмағын төмендету мақсат болып табылмайды, себебі пайдаланылған ресурсты қайталама шикізат түрінде өндіріске үнемі түпкілікті қайтару жағдайында өндіріс процесінде өнімнің материал сыйымдылығы бәрі бір төмендейтін болады. Материалдық шығын ретінде, бұл жағдайда, өндіріс процесіне түскен ҚРес қатысатын болады, ал дайын өнім көлемі бастапқы, қайталама, үшіншілік және т.б. шикізаттан құралатын болады. Бұл екі бағыт та ғылыми сферада және өндірісте белсенді жасалады және белгілі-бір артықшылықтар мен кемшіліктерге ие. Бірінші бағыттың артықшылығына өнімнің қор сыйымдылығының төмендеуін (қалыпты қуаттағы шығарылатын өнім көлемі ұлғаяды), өнімнің еңбек сыйымдылығының төмендеуін (әдетте, аз мөлшердегі материалды өңдеу аз еңбек шығынын талап етіледі), және т.б. Бұйымның материал сыйымдылығын төмендету барысында өндіру шығындарын пропорционалды төмендеуімен бірге бұйымның тұтынушылық қасиетін жоғалтатын шегіне жетуге болады.


ҚРес-ды пайдалану артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау үшін, бұл анықтаманы қалыптастыруда не түсіну қажет екендігін ажырата білу керек. ҚРес-ды пайдалану деп дайын өнімді тұтынуынан және ресурсты технологиялық қайта өңдеу қалдықтарынан бастапқы ресурсқа ұқсас және технологиялық процесте пайдалануға болатын ресурсты алу процесін айтамыз. Шектелген ресурс технологиялық өңдеу нәтижесінде және келесі тұтынуда технологиялық қалдыққа және тұтыну қалдықтарына айналады. Келесі қадам барлық қалдық түрлерін бірінші ресурсқа қайта өңдеу болып табылады, одан кейін ресурс бастапқы өңдеу циклына қайта оралады.

Қайта өңдеу процесінде қалдықтарды жинау және қалдықтарды мұқият өңдеу қарастырылады. Қалдықтарды жинау ҚРес-ды кәсіпорын-тұтынушыларында және дайындаушы мекемелер мен тұрғындар арасында жүргізіледі.

Бірінші кезең – пайдалы қазбаларды өңдеу (байыту). Бұл жерде шектелген ресурс және қосалқы өнім пайда болады. Отандық және шетел әдебиеттеріне шолу жасай отырып, біздің ойымызша, қосалқы өнімді «белгілі өндіріс процесінің мақсаты болмайтын, материал, шикізат күйінде қайта өңдеу немесе дайын өнім болатын, пайдалы қазбаларды өндіру кезінде пайда

болатын өнім» деп қарастыруға болады. Ресурсты технологиялық өңдеуден бастап қалдықтарды алғанға дейін - ресурстарды тұтынуға жатқызамыз. Мұнда «жанама өнім» терминін атап кету қажеттілігі туып отыр. Ол өндірістік процестің түпкілікті мақсаты болып табылмағанмен, негізгі өніммен бірге түзіледі және белгілі бір өңдеусіз дайын өнім ретінде қолданыла алады.

Екінші кезең - бірінші ресурс қалдығын қайта өңдеу және оны бастапқы циклге қайтару. Бірақ толығымен қайтарымсыз жоғалтуларды сандық көріністе кез келген ресурс түрінде қалпына келтіру мүмкін емес. Қайтарымсыз жоғалту деп (қалдықтар), бірінші кездегі ресурс жағдайына дейін қағу және қалпына келтіру технологияның даму деңгейінде мүлдем мүмкін емес. Ондай шығындар ресурстардың технологиялық қайта өңдеуден бастап қалдықтарды қайта өңдеуге дейінгі барлық сатысында болуы мүмкін (1-ші сурет).



Сурет 1 – Қайталама ресурстардың пайда болу және пайдалану процесі

Жоғарыда атап көрсетілгендей экономикалық тұрғыдан қарағанда қорлардың маңызды қасиеттерінің бірі оны қоршаған ортада да, сондай-ақ қоғамдық өндіріс процесінде де қайта қалпына келтіру мүмкіндігі.

Қайта қалпына келтіру қорларды қоғамдық өндіріс процесінде қолдану тұрғысынан қорлардың көзінің азайып қалуын төмендетеді. Басқаша айтқанда, маңызды өндіріс процесінде ҚРес-ды пайдалану және басқарудың тиімділігінің шарттарының бірі оны одан әрі пайдалану үшін қалдықтардан қайта қалпына келтіру, яғни ҚРес-ды бірнеше пайдалану және тиімді пайдалану болып табылады. Бірақ, шикізаттың көптеген қорлары қоғамдық өндірісте ішінара пайдаланылғанмен ҚРес-ды қолдану іске асырыла бермейді. Мәселе мынада: ешқандай шикізат оны бірнеше рет пайдалану үшін қазып шығарылмайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шлее Ю. Строительство полигонов по захоронению отходов с использованием геосиновых материалов // Экология и промышленность Казахстана. -2012. -№3. –С.44-48.
2. Отходы: реализация на смену утилизации // Масложировая промышленность. -2013. - №2. –С.30-31.
3. Устойчивое управление материалов потоками сост.управления отходов в Казахстане // Экология и промышленность Казахстана. -2013. -№4. –С.31-37.

Туткушева Ж.К.

к.э.н., доцент кафедры

Экономики и менеджмента

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза

ОСОБЕННОСТИ МОДЕЛЕЙ ИННОВАЦИОННОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ СОВРЕМЕННЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ

Знания всегда являлись основой развития, но сегодня им принадлежит особенная роль в получении конкурентных преимуществ предпринимателей, компаний, стран. На основании отчетов Всемирного банка можно утверждать, что инвестиции в исследования, разработки, являющимися основой знаний приблизительно равны объему вложений в физические активы. В 21 веке знания распространяются быстрее и глубже, они становятся более привлекательными для любой категории населения.

Изменения в академической среде можно объяснить многими причинами. Большой акцент в современном обществе ставится на производстве самих знаний, растет экономическая составляющая новых знаний. Особенное значение приобретает необходимость использования новейших теоретических разработок и исследований в производстве. Наука призвана стать генератором практических решений проблем, она уже не может существовать как «наука ради науки» с ориентацией только на фундаментальные разработки и открытия. Наблюдается трансформация региональных, национальных исследовательских систем в международные и транснациональные сети. И в этих глобальных сетях университеты, являющиеся основным производителем знаний, играют большую роль в инновационной деятельности, способствуют экономическому росту. Они являются своеобразными центрами развития и роста в составе международных и транснациональных исследовательских систем.

Именно поэтому все более актуальными становятся вопросы преобразования университетов как связующего звена с внешней средой, с бизнес-сообществом; совершенствования университетской структуры, способной обеспечить динамичное развитие и финансовую устойчивость; реализации инновационно-предпринимательского потенциала; рационального использования возможностей университетов как сочетания высококвалифицированных кадров и интеллектуального капитала.

Именно такие университеты называют в современной экономической литературе «предпринимательскими». Хотя нельзя однозначно утверждать, что существует какое-либо определение данному типу университетов.

Для наиболее полной реализации преобразования университетов в полноправных участников экономического развития актуальным является вопрос формирования модели инновационной инфраструктуры, которая позволит университетам определиться с новыми функциями и ролями.

С конца двадцатого века во многих странах стала звучать мысль о необходимости модернизации системы высшего образования. На всех уровнях, в том числе и государственном, приходили к пониманию, что университеты должны явиться ключевыми центрами экономического роста, реализующими весь научный, исследовательский, образовательный и инновационно-предпринимательский потенциал, превращаясь в ключевые инновационные центры. Однако отсутствие системного подхода к построению моделей инновационной инфраструктуры не позволяет вузам заниматься этими новыми, но весьма необходимыми и перспективными направлениями деятельности на качественном уровне.

На сегодняшний день в Казахстане отсутствуют исследования, в рамках которых был бы проведен анализ текущего уровня исследовательской и основанной на ней инновационно-

предпринимательской деятельности совокупности отечественных вузов, а также особенностей существующего уровня взаимодействия университетского и бизнес-сообществ. Можно утверждать, что исследовательская и аналитическая работа в этом направлении находится в самой начальной стадии. Анализ объектов инновационной инфраструктуры не проводится, а только начинает проявляться интерес казахстанских университетов к данной теме.

Многие исследователи придерживаются следующей периодизации университетской истории: доклассической, классической и постклассической.

Первый период, доклассический, охватывает время Средневековья, раннее Новое время и эпоху Просвещения, вплоть до конца XVIII в. Переход от модели доклассического университета к классической университетской модели непосредственно связан с переходом от корпоративной модели организации университета к государственному университету, существование которого было призвано служить общественным интересам, созданию на основе университетской системы точки роста и экономического развития страны.

Начиная с 1960-х гг. философия концепции классического университета стала подвергаться критике. В своей книге "На пути к университету третьего поколения: управление университетом в переходный период" Йохан Г. Виссема утверждает, что, обретя в 1960-е годы большую массовость, университеты вступили в переходный период своего развития и в настоящее время должны трансформироваться в "университеты третьего поколения" ("3G-университеты"). В противном случае они рискуют оказаться в роли аутсайдеров. Виссема формирует концептуальную модель и характеризует 3G-университет как сеть учреждений, стоящих в центре международного технологического знания. Виссема дает следующее определение: «группа учреждений, созданных внутри или на базе университета и, зачастую, на территории университета, которые сотрудничают с университетом, с его преподавателями и научными работниками, а также друг с другом».

Сегодня, развивая постклассические модели университетов, перейти к модели 3G-университета намного сложнее, чем просто стать «университетом предпринимательского типа», т.к. для этого необходимо фундаментальное изменение парадигмы деятельности университета: применение технологических знаний должно стать третьей основной задачей университета, наряду с учебной и научной деятельностью.

Можно назвать следующие причины перехода к поколению «предпринимательских» университетов: изменилось восприятие обществом университетов; в студенчестве формируется иная модель мышления и изменяются сами образовательные ценности; в силу различных причин наблюдается уменьшение количества студентов; снижается государственное финансирование университетской деятельности при одновременном росте значимости и необходимости разработок в различных сферах.

Ключевым на пути формирования предпринимательского университета становится вопрос создания эффективной поддерживающей инновационной инфраструктуры, которая позволит вузам справиться с новой ролью, возложенной на них обществом знаний.

Можно утверждать о существовании двух университетских моделей: континентальной и англо-американской. Модели отличаются друг от друга в силу исторически сложившихся век развития стран, их культурными и ментальными особенностями.

Если взглянуть на особенности функционирования инфраструктуры университетов США, Швеции и Сингапура, то можно увидеть что англо-американская университетская модель является более гибко использующей возможности использования предпринимательского потенциала в университетской среде. Данная модель сформировалась в условиях меньшего государственного участия, достаточно высокого уровня предпринимательской инициативы и университетской собственности на научные и прикладные разработки. И напротив, континентальная модель характеризуется более высоким уровнем государственного участия и меньшей вовлеченностью и активностью внешних общественных институтов.

В англо-американской модели возможности существования инновационной инфраструктуры характеризуются следующим. Университет является основным генератором, разработчиком инновационного университетского продукта, после чего передает права на разработку сторонней компании в соответствии с лицензионным соглашением. Для этого необходима развитая внешняя инфраструктура, занимающаяся коммерциализацией разработок, т.е. позволяющая привлечь заинтересованных инвесторов. Второе. В составе инфраструктуры университета находится центр трансфера технологий, работа которого направлена в первую очередь на защиту создаваемой

инновационной продукции (изобретения) и дальнейшую передачу прав или лицензии на него внешним заинтересованным сторонам.

Как уже указывалось ранее, при континентальной университетской системе развития предпринимательства осложняется такими факторами, как высокая степень государственного участия, невозможность университетов осуществлять право владения и распоряжения интеллектуальной собственностью. Также незаинтересованность и невозможность внешних агентов воспользоваться и довести научные разработки до рынка создают определенные трудности в процессе коммерциализации университетских разработок и исследований.

Базовыми принципами существования моделей инновационной инфраструктуры предпринимательских университетов в рамках континентальной модели являются следующие:

1. модель инновационной инфраструктуры вуза является весьма «расширенной», включает объекты, осуществляющие помощь и поддержку на всем цикле создания инновации (от генерации идеи и развития бизнеса в рамках бизнес-инкубатора, научного-парка, предоставления венчурного финансирования до менторской поддержки), что позволяет реализовать весь цикл от идеи до воспринятого рынком продукта непосредственно в рамках университета и его инновационной экосистемы;

2. значительно более распространенной является практика создания «готового бизнеса» стадий early growth и доведения его в искусственно созданных в рамках университета, «тепличных» условиях до открытого рынка, нежели продажа лицензии или объекта интеллектуальной собственности бизнес-партнерам университета.

Флек А.А.

*магистр, старший преподаватель
Казахского университета экономики,
финансов и международной торговли
Казахстан, г. Астана*

АКТУАЛЬНЫЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ КАРАГАНДИНСКОГО РЕГИОНА

На протяжении многовековой истории человечество пользовалось природными богатствами, не задумываясь о последствиях своей деятельности. Существовало глубокое убеждение о неисчерпаемости природных ресурсов Земли.

Обретя на определенном этапе исторического развития относительную свободу от сил природы, люди поверили в постулат о ничем неограниченной способности человека «овладевать» этими силами, вмешиваться в жизнь природы, игнорируя и даже изменяя ее законы.

Прозрение наступило лишь после того, как в разных уголках планеты стали обнаруживаться признаки «экологического стресса». Давление, оказываемое человеком на природную среду, достигло масштабов и уровня, при которых она стала утрачивать свойственную ей способность к восстановлению. Экология человека и общества, их взаимодействие с природой оказались в состоянии глубокого кризиса [1].

Современный мир продолжает оказывать сильное давление на природную составляющую. Существуют 4 среды жизни, без которых не может жить человек: вода, воздух, почва и живые организмы.

Загрязнение природной среды домашним мусором и промышленными выбросами оказывает вредное воздействие на людей, животных, растения, почву, здания и сооружения. Кроме этого происходит снижение прозрачности атмосферы, повышение влажности воздуха, изменение погоды.

Проблема актуальная для всей земной цивилизации приобрела острый характер в Республике Казахстан. В каждом регионе страны имеются предприятия, являющиеся основными источниками загрязнений природной среды. К ним можно отнести теплоэлектростанции, гидроэлектростанции, металлургические предприятия, заводы (в т.ч. химические).

Карагандинская область по силе воздействия на окружающую среду является уникальной. Ни одна область Республики Казахстан не испытывает такой техногенной нагрузки как Карагандинская. Города Темиртау, Балхаш, Караганда по валовым выбросам в атмосферу вредных веществ занимают 4-6-е места среди городов СНГ и 1-3-е - в Республике Казахстан.

Предприятия области выбрасывают в атмосферу более 800 тысяч тонн отходов в год – это третья часть (более 30%) всех выбросов в республике. Ущерб, наносимый природной среде во многих отраслях, превышает доходы от эксплуатации природных ресурсов[2].

Ведущими отраслями промышленности Карагандинской области являются горно-металлургическая, горнодобывающая, горно-перерабатывающая, теплоэнергетика.

Промышленный комплекс в результате производственной деятельности оказывает техногенное влияние на экологическую обстановку региона. Особый акцент в усугубление экологической ситуации области вносят деятельность комплекса «Байконур», военного ракетного полигона «Сары-Шаган», а также последствия многолетней эксплуатации Семипалатинского ядерного полигона.

В сложившейся экологической ситуации основное загрязнение воздушной среды области приходится на выбросы от стационарных источников загрязнения, которые составляют свыше миллиона тонн в год. Загрязнение озера Балхаш и изменение качественного состава воды, загрязнение атмосферы непосредственно над озером, в целом по бассейну в результате хозяйственной, техногенной деятельности предприятий Балхашского региона и эксплуатации военного полигона Сары-Шаган[2].

В дальнейшем экологическая ситуация озера Балхаш на наш взгляд будет только усугубляться, т.к. в настоящее время ведется строительство теплоэлектростанции (рисунок 1), а в дальнейшем в качестве проекта предлагается строительство второй в Казахстане атомной электростанции. Данные проекты, по мнению казахстанских экологов, приведут к загрязнению и гибели озера Балхаш, за которое люди науки бьются последние 15-20 лет.



Рисунок 1 - Графическая модель Балхашской тепловой электрической станции

Пока ведется строительство теплоэлектростанции (общая стоимость проекта 3,8 млрд. \$ USD), озеро продолжает испытывать падение уровня воды, в результате хозяйственной деятельности жителей г. Балхаш и большей части Прибалхашья.

Экосфера озера Балхаш претерпевает новые проблемы не первый год. Специалисты института «Казгипроводхоз» на основании математического моделирования и разработок Института географии Национальной академии наук определили оптимальный уровень воды озера Балхаш в 341-342 метра. На начало 2012 года он составлял 267 метров.

Эта цифра допустима, но приближение к критической отметке в 230 метров превратит, по мнению экологов, процесс обмеления в необратимый. Пересыхание многочисленных малых озер, формирующих дельту реки Или, впадающей в Балхаш, эксперты называют тревожным симптомом. Сейчас из 16 озерных систем осталось только пять[3].

При самом неблагоприятном исходе озеро сначала разделится на два - пресное и соленое, а затем раздробится на еще более мелкие болотистые «лужицы», которые постепенно будут высыхать и превращаться в солончаки, прогнозируют гидрологи.

К слову, обмеление Балхаша - это проблема целого водного бассейна - одной из крупнейших озерных экосистем планеты, - т.к. уровень воды в озере является одним из основных индикаторов состояния экосистемы Балхаш-Илийского бассейна - уникального природного комплекса, по площади превышающего размеры многих государств. В 80-х годах здесь добывалось более 10 тысяч тонн рыбы. Большую ее часть перерабатывали в консервы и отправляли по всему Советскому Союзу. И разного зверя на озере было достаточно. Поголовье только одной ондатры достигало 800 тысяч особей. Сейчас не наберется и 30-ти тысяч. Водились на Балхаше лебеди, розовые пеликаны, гуси. Сейчас в это трудно поверить, но это было. Вслед за лебедями и пеликанами исчезли балхашскиемаринка и окунь. А некогда знаменитый балхашский судак полностью поражен фибросаркомой, то есть раковым заболеванием. И как результат, на Прибалхашье приходится 47 видов редких животных Казахстана из 87 видов, занесенных в Красную книгу[3].

Водоем преступно загрязняется выбросами промпредприятий, и в первую очередь - Балхашского комбината «Балхашцветмед. Комбинат является сильнейшим загрязнителем окружающей среды в регионе Балхаша. Выброс в озеро отработанной воды с комбината приводит к многочисленным заболеваниям фауны.

С момента начала работы комплекса (30-е годы) по производству меди и до 1995 года в водную среду озера без очистки сбрасывались промышленные сточные воды. В результате, к настоящему времени загрязнение компонентов гидробиосферы тяжелыми металлами, по данным НПЦ рыбного хозяйства, становится доминирующим. За последние десять лет в тканях рыб, выловленных из озера, содержание цинка увеличилось в 11 раз, хрома — в 13 раз, никеля — в два раза.

Комбинат расположен в непосредственной близости от жилых кварталов города Балхаш. Технологические газы выбрасываются в атмосферу без очистки от диоксида серы и пыли, содержащей тяжёлые металлы - медь, свинец, мышьяк и др. Аллергия и астма являются частыми заболеваниями среди жителей города Балхаша.

К сожалению, озеро Балхаш не является единственным водным источником Карагандинского региона, испытывающим проблемы экологии. По результатам Карагандинского центра по гидрометеорологии, основные водные источники - реки Нура, Сарысу, Шерубай-Нура, Соқыр и другие характеризуются повышенным содержанием нефтепродуктов, фенолов, нитритов, органических веществ[4].

Основным выводом из описанных выше проблемкасающихся водных ресурсов региона, можно считать полную нестыковку интересов экономики и экологии. Действия властей можно считать преступными. Все обращения к власти носят в основном рекомендательный характер.

К примеру, 24 ноября 2014 года лидерами КНПК по Карагандинскому региону был проведен круглый стол на тему «Экология и здоровье народа». Представители общественности и государственные служащие проигнорировали приглашения организаторов принять участие в важной дискуссии. Это говорит о низкой вовлеченности государства в решении острых проблем и пассивному отношению к жителям региона.

По результатам изучения наиболее острых экологических проблем Карагандинского региона нами были выделены второстепенные очаги экологической катастрофы. К ним мы отнесли следующие проблемы:

1. Автомобильный транспорт. Все более угрожающими становятся объемы загрязнения воздуха автомобильным транспортом, работающим на некачественном бензине. Доля выбросов от передвижных источников в Карагандинском регионе имеет тенденцию роста за счет стремительного увеличения численности автотранспорта. Особенно негативно влияние эксплуатируемого транспорта старого образца, в котором удельные выбросы загрязняющих веществ отработанных газов значительно превышают удельные выбросы новых моделей автотранспорта, особенно по оксидам углерода[5].

Специалисты в области экологии заявляют, что г. Караганда является одной из первых в СНГ территориальных единиц, где произошло уничтожение экологически чистого электротранспорта. Ликвидировав трамваи и троллейбусы, мы своими руками создали острую экологическую опасность. Переходя к «зеленой экономике» другие государства и другие города Казахстана наоборот развивают электротранспорт (Астана, Алматы, Петропавловск).

Чтобы улучшить сложившуюся ситуацию, по словам директора Карагандинского экологического музея Д. Колмакова, необходимо возродить электротранспорт, а также

переводить существующий транспорт на газ и как можно шире внедрять газовые заправки, потому что выброс от газовых автомобилей в несколько раз меньше выброса от бензиновых и топливных. Необходимо также переходить на европейские стандарты качества топлива и расходных материалов. Все это является общегосударственной проблемой и решена она будет только на уровне Правительства.

2. Угольная энергетика. Одним из наиболее значимых факторов техногенного воздействия угольной отрасли является нарушение земной поверхности. Загрязнение различных категорий земель и окружающей среды связано с размещением отходов, образующихся в процессе производственной деятельности шахт и разрезов бассейна. Особую озабоченность вызывает проблема восстановления нарушенных земель закрытых шахт. Программы рекультивации на полях закрытых шахт не выполняются.

Ведение горных работ оказывает значительное техногенное воздействие на водные объекты, что создает проблемы с обеспечением населения питьевой водой нормативного качества и в достаточном количестве. В области на долю угольной отрасли приходится значительная часть сброса загрязненных сточных вод. В результате имеет место существенное негативное воздействие как на гидрохимический, так и на гидрологический режимы водных объектов. Шахтные воды имеют концентрации вредных веществ, превышающие в 2–89 раз предельно допустимые, низкую прозрачность; содержание взвешенных веществ может достигать нескольких десятков и сотен г/дм³. Загрязнение водоемов происходит не только за счет шахтных и карьерных вод, но и при смывании поверхностных загрязнений с территорий шахт, разрезов, углеобогачительных фабрик и отвалов сухой породы[6].

Решить проблему можно лишь вложением огромных инвестиций, которые будут способствовать возрождению инфраструктуры. Необходимо приобретение новых систем газоочистки на существующей электростанции, новые котлы для сжигания угля. Для этого необходимы сотни миллионов долларов.

3. Загрязнение атмосферы выбросами газа метана и пыли. Необходимо особо отметить, что специфической экологической проблемой Карагандинской области является загрязнение атмосферы выбросами газа метана. Содержание газа метана в угольных пластах Карагандинского бассейна составляет около одного триллиона куб. метров. Ежегодно в атмосферу выбрасывается несколько сотен миллионов куб. метров газа метана. Для угольной промышленности характерным является также большой объем выбросов пыли в атмосферу. Источниками выбросов пыли являются взрывные работы, сдувание пыли с отвалов и при погрузке угля. Так, пылегазовое облако от взрывных работ распространяется на расстояние свыше 10 км, а сдуваемая с отвалов горных пород и на погрузочных пунктах пыль - до 2,5 км. В связи с этим примыкающие к источникам загрязнения территории испытывают пылевую техногенную нагрузку - от «умеренно опасной» до «высокоопасной». Проблему выбросов газов и пыли на наш взгляд решить невозможно.

4. Питьевая вода и вода горячего водоснабжения. Необходимое количество питьевой воды обеспечивают водоочистные сооружения ТОО «Караганды Су». Источником водоснабжения является РГП «Канал им. Сатпаева» (Иртыш-Караганда). На водоочистных сооружениях контролирует качество питьевой воды производственная лаборатория. Всего в Караганде около 200 точек, где ведется отбор проб воды. Но прежде чем поступить на очистку, вода, забранная из реки Иртыш, проходит путь в 458 км, причем снизу вверх, поднимаясь на высоту 418 км. Предприняты значительные меры по предупреждению загрязнения воды при транспортировке. Вода из канала поступает на первую насосную станцию, затем на вторую, где происходит первичное хлорирование. Далее по трубам вода движется на водоочистные сооружения, где проводится ее осветление и обеззараживание. Воду от мутности очищают при помощи коагулянта (серноокислый алюминий), обеззараживают методом хлорирования, затем резервуары наполняются чистой водой и по магистральным сетям она поступает в квартиры и дома потребителей. Европейцы тоже используют коагулянт и хлор. Питьевая вода, подаваемая в магистрали, проходит через неоднократные проверки и соответствует всем нормам. В настоящее время обеспечение населения г. Караганды и Карагандинской области питьевой водой вызывает частые нарекания. На качество воды влияет высокая степень хлорирования, а также старые, уже давно отслужившие свой срок внутридомовые сети[7].

Данную проблему можно решить, полностью заменив систему водоснабжения региона, но для этого также необходимы большие инвестиции. 15 лет назад Всемирный банк предлагал

городу Караганда финансовую помощь в части замены систем водоснабжения. Власти города дали отрицательный ответ, мотивируя его тем, что предоставленные средства могут пойти не по назначению. В настоящее время уже со стороны карагандинских властей ведутся переговоры с тем же Всемирным банком на замену магистралей.

5. Несанкционированные свалки. Свалки - это не только бытовые отходы, там имеется металлолом, электронные отходы – батарейки, ртутные лампы. Стекло с этих отходов уходит в подземную воду. Также в этой жидкой фазе отходов присутствуют бактерии, из-за которых могут распространиться тиф, бактериоз. Кроме этого свалка способствует увеличению количества крыс и бродячих собак, являющихся основными разносчиками инфекции. Самое страшное - это сгорание бытовых отходов в естественных условиях. При этом возникает низкотемпературное горение, при котором выделяются стойкие органические загрязнители -диоксины. Они накапливаются в организме и вызывают онкологические заболевания. С каждым годом количество онкозаболеваний в Карагандинской области становится больше на 100 случаев.

Департамент экологии Карагандинской области ведет инспекционную деятельность – выявляет несанкционированные свалки, и если выясняется, кто их организовал, то по Административному кодексу на него налагается штраф. Штрафуют и предприятия, которые в нарушение норм закона размещают отходы в неположенных местах.

В последние годы по 11-13 миллионов в год с Карагандинской области собирается за эмиссию в окружающую среду. Менее 1% из них идет на решение экологических проблем. Деньги уходят на другие мероприятия. В данный момент в министерстве энергетики решается вопрос о создании экологических советов. И, возможно, вернутся экологические фонды. Тогда будут решаться различные проблемы: по тем же очистным сооружениям, которые неэффективно работают. Данные вопросы поднимаются каждый год, но нет возможности их решить.

6. Вырубка деревьев. Проблема варварского обращения с зелеными насаждениями в г. Караганда на сегодняшний день является одним из самых актуальных эколого-бытовых вопросов. По словам карагандинцев с выходом постановления, по которому предпринимателям разрешается рубить деревья, но взамен они должны посадить пять новых и в течение 2-х лет ухаживать за ними. В центре города бизнесмены активно занимаются вырубкой деревьев, что лишает горожан уверенности в силе законодательных актов принимаемых в настоящее время.

Нами была рассмотрена лишь малая часть проблем, которые существуют в сфере экологии Карагандинской области. Тем не менее, если под влиянием общественности будут решаться хотя бы отдельные проблемы, возможно, удастся избежать глобальной катастрофы, которая надвигается на регион быстрыми темпами. К сожалению экологических проблем в Карагандинской области меньше не становится, несмотря на попытки поворота в сторону «зеленой экономики».

Список использованных источников:

1. Торкунов А.В., Мальгин А. Современные международные отношения. Учебник. - М.: «Аспект Пресс», 2012. - 688 с.
2. Экологическая ситуация в Карагандинском регионе находится на грани бедствия, Сообщество eKaraganda, Режим доступа: http://ekaraganda.kz/?mod=news_read&id=33973
3. Токшиманов К., Григорьева Т. Уникальный Балхаш может повторить судьбу Арала, Научно-популярный экологический журнал «Тerra», №1, 2002. С.15-16
4. Абраменков В.Т. Экологические проблемы Карагандинской области и методы их решения // Современные проблемы экологии Центрального Казахстана.-Караганда, 1996. С.6-13
5. Баимбетов Н.С., Идирисова Б.Ш. Проблемы экологической безопасности Республики Казахстан, Вестник КазНУ, Алматы, 2012.
6. Каренов Р.С. Перспективы снижения негативного воздействия угольной промышленности на экологию Карагандинской области, Вестник КарГУ, Караганда, 2006.
7. Вязовкин А.В., Бексултанова Г.Б., Гартман Е.Ф. Состояние питьевого водоснабжения г.Караганды, Журнал «День науки в КГМА», Караганда, 2008.

ҚР АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Жеке адамның Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында орнықтырылған құқықтық мәртебесі адамдар мен азаматтардың құқықтары тұжырымдамасына негізделген және халықаралық-құқықтық, құжаттардың негізгі қағидаларынан туындайды. Қазіргі заманғы халықаралық құқықта адам құқына қатысты тұтастай құқықтық актілер кешені қалыптасты. Халықаралық құқық нормалары нақты мемлекеттегі адам құқын тікелей реттемейді. БҰҰ Жарғысы (1-баптың 3-тармағы) мемлекеттерді олардың, аумағында тұратын барлық адамдардың, қандай да болсын кемсітуге жол берместен негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді. БҰҰ шеңберінде осы мәселе бойынша: "Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы" (1948 ж.), "Адамдардың, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы", "Адамдардың азаматтық және саяси құқықтары туралы" (1966), "Балалар құқығы декларациясы" (1959 ж.), "Әйелдердің саяси құқығы туралы конвенция" (1954 ж.) және басқа бірқатар құжаттар қабылданды [3].

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы (1995 ж.) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайта отырып, халықаралық актілердің нормалары мен принциптеріне сүйенеді.

Аталған және басқа халықаралық, актілер мынадай негізгі құқықтар мен бостандықтарды жариялайды: кез келген адам өмір сүруге, бостандыққа және жеке басына қол сұғылмауына құқылы; ешкім де азапталмауы, қадір-қасиетін кемсітетіндей көз алартушылыққа және жазаға ұшырамауы тиіс; барлық адамдар заң алдында тең, заңмен тең дәрежеде қорғалуға құқылы; кез келген адам тұратын орнын мемлекет шегінде еркін алмастыруға және тандауға құқылы; кез келген адам өзінің, отбасының және басқаларының денсаулығын және тұрмыс жағдайын қолдауға қажетті өмірлік деңгейде еңбек етуге, білім алуға, дем алуға құқылы. Халықаралық-құқықтық құжаттар адам құқы мен бостандығын ең жоғары құндылық деп таниды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам құқы туралы халықаралық құжаттардың негізгі идеялары мен қағидаларын қабылдады және оны мемлекеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып нығайтты. Конституцияда мемлекеттің адамға және азаматқа қатынасы туралы қағида орнықтырылды. "Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады" (12-бап, 2-тармақ). Бұл адамның табиғи құқын мемлекеттің тануы және бастау алар қайнар көзі болып табылады және Конституцияның "Адам және азамат" деген II тарауының мазмұнын белгілейді. Мұнда адам құқымен бірге азаматтың да құқы мен міндеті туралы айтылады. "Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады" (12-бап, 3-тармақ). Сөйтіп, аталған бөлімде Қазақстанның конституциялық заң тарихында бірінші рет азаматтардың құқықтары және міндеттерімен бірге "адам құқы" ұғымы бірінші рет танылды. Сөз жоқ, "адам құқы" мен "азамат құқы" ұғымы бір-біріне жақын және табиғи түрде ұштасқан ұғымдар. Азамат деген - адам. Сондықтан, адамға қатыстының бәрі де азаматқа да қатысты. Адамға тумысынан жазылған, абсолютті деп танылған және олардан ешкім айыра алмайтын құқық пен бостандық Қазақстан Республикасының азаматына да тән. Сонымен бірге табиғи құқықтар мен бостандықтар шетел азаматтарына және азаматтығы жоқтарға да берілген [1].

Алайда "азаматтың құқығы" азаматтың құқынан ерекшеленеді, өйткені мемлекет азаматқа мейлінше кең құқықтар мен бостандықтар беріп, мемлекеттің өз азаматтарына деген ерекше қатынастарына орай оған айрықша міндет жүктейді.

Міне, осы негізде Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қалыптастырады. Егер құқықтар, бостандықтар мен міндеттер баршаға қатысты болса, онда "барлығы", "адам", "әркім", "ешкім де емес" деген терминдер қолданылады. Егер де құқықтар, бостандықтар мен міндеттер тек Қазақстан Республикасы азаматтарына қатысты болса, онда ол тура көрсетіледі. 13-бапта: "Әркімнің құқық, субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты

қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы" делінген. 14-бапта: "Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең" екендігі айтылады. 17-бапта былай жазылған: "Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды". Сонымен бірге, егер әңгіме тек азаматтардың құқықтары мен бостандықтары туралы болса, онда бұған айрықша мән беріледі [4].

Өйткені, Қазақстан Республикасының азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды (10-баптың 2-тармағы). Конституцияда республика азаматының әскери қызметті етеудегі міндеті айрықша атап көрсетілді (36-бап) және т.б.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар адамдардың арнаулы мәртебені иеленген ерекше тобы.

Айталық, Конституцияның 12-бабында айтылғандай, Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам және азамат құқының негіздеріне оларды нығайтатын және олардың құқықтық мәртебесінің жүзеге асырылуына ықпал ететіндей негіз боларлық принциптерді жинақтайды. Мұндай принциптердің қатарына мыналар жатады:

1. Адам құқы мен бостандығының айнымастығы. Табиғи танылған құқық мемлекеттің сыйы емес. Ол оны тек таниды, атайды және олардың жүзеге асырылуына, сақталуына кепілдік жасайды. Не, мемлекеттің, не оның органдарының, не лауазымды адамдарының, заңмен көзделгеннен өзге жағдайда, одан айыруына, шектеуіне құқы жоқ [1].

2. Конституция құқықтар мен бостандықтарды теріс пайдалануға тыйым салады. Адамның және азаматтың бірінің құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуы екіншісінің құқықтары мен бостандықтарын бұзбауы, конституциялық құрылысқа және қоғамдық ізгілікке нұқсан келтірмеуі тиіс екендігі Конституцияда анық жазылған.

Әр адам мен азаматтың, құқы мен бостандығының теңдігі бұған олардың бәрінің иелігін білдіреді. Әрине, адам құқы мен бостандығын екінші біреу (біреулер) бұзған жағдайда заңды қорғау, басқа адамдардың құқын, бостандығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу жөніндегі міндеттеме бұзылғандықтан, заң кепілдігі күшіне енеді.

3. Конституциялық құқық пен бостандықтың заңсыз шектелуіне тыйым салынады. Сонымен бірге Конституция шектеудің шегі мен негізін де көрсетеді.

Біріншіден, адам мен азаматтың құқы мен бостандығын тек заң ғана шектеуі мүмкін. Бұл заңға сәйкес нормативтік құқықтық актілер арқылы (Президенттің нормативтік жарлықтарымен, Үкіметтің қаулысымен, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, жергілікті өкілетті және атқару органдарының нормативтік актілерімен) адам мен азаматтың құқы мен бостандығын шектеуге болмайтындығын білдіреді.

Екіншіден, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты сақтау, қоғамдық тәртіпті, адам құқы мен бостандығын, халықтардың денсаулығы мен ізеттілігін қорғау үшін қажеттілік деңгейінде шектелуі мүмкін. Бұл арада әңгіме, шын мәнінде адам мен азаматтың құқы мен бостандығын шектеуден гөрі, мемлекет пен адамның мүддесін жекелеген адамдар тарапынан болуы мүмкін қол сұғушылықтан қорғау туралы болып отыр.

Үшіншіден, азамат саяси құқықтар мен бостандықтарды шексіз пайдалана алады. Конституция саяси себептер бойынша адамдардың құқы мен бостандығын қандай да бір шектеуге жол бермейтіндігін анық көрсеткен. Конституция қағидасының тағы бір құндылығы осында. Демек, саяси тұрғыдағы себеппен азаматтың құқы мен бостандығын шектеуге болмайды. Әңгіме, бұл арада, адам мен азаматтың саяси, әлеуметтік, экономикалық жеке құқықтары мен бостандықтары туралы болып отыр. Конституцияда қайсысы екендігі нақты көрсетілді. Ол азаматтың тең бостандығынан азаматтықтың қандай негізде алынғанына қарамастан, азаматтығын айыруға болмайтын азаматтық құқыққа қатысты (10-бап). Мемлекет өз шегінде өз азаматтарын қорғауға және қорғаушылыққа кепілдік береді және оны мұндай қорғаушылықтан ешкім айыра алмайды. Мұндай шектеусіз құқыққа құқықтық, субъектілік, сот арқылы қорғалу құқығы, заң және сот алдында теңдік, өмір сүру құқығы (13, 14, 15-баптар), адамның жеке басының бостандығы (16-баптың 1-тармағы), адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық (17-бап), ана тілін пайдалану құқығы (19-бап), ар-ождан бостандығы құқығы (22-бап), меншікке кепілдік

құқығы (26-бап, 2-тармақ) жатады.

4. Адам мен азаматтың құқы мен бостандығының тікелей қолданылуы принципі ретінде онымен өзінің құқығы мен бостандығын пайдалану мүмкіндігі мен ақиқаттығын білдіреді. Мемлекеттік патернализм тұрғындардың қорғалуы төмен қабатымен қамқорлықты шектеген жағдайда қабілетті адамның өзі заңда көзделген ережелер мен кепілдікке сүйене отырып, өзінің құқы мен бостандығын жүзеге асыруға өзі қамқоршы болуы тиіс. Конституцияда әркімнің, білікті заң, көмегін алуға құқығы бар екендігі жазылған. Заңда көзделген жағдайларда, заң көмегі тегін көрсетіледі.

5. Олардың тең құқылығы адам мен азаматтың құқықтық, мәртебесінің, маңызды принципі болып табылады. Конституцияда осы принцип адам мен азаматтың қызмет өмірінің барлық салаларына орай орнықтырылды. Айталық, заң мен сот алдында бәрі де тең. Бұл заң талабының баршаға бірдей міндеттілік екенін, заң ережелерін бұзғаны үшін бәрінің, де бір деңгейде жауапты екендігін білдіреді. Сот алдында бәрі де тең.

Ол адам мен азаматтың жағдайының, қандайлығына (лауазымына, мүліктік жағдайына, ұлтына, жынысына, тағы басқаларына) қарамастан, сот бәріне де бір деңгейде қызмет етеді[3].

Сонымен бірге сот істі қараған кезде адамдардың жағдайларын, ерекшеліктерін емес, тек Конституцияны және заңды ғана басшылыққа алуы тиіс. Адам мен азаматтың теңдігі конституциялық құқық пен бостандықтың, ешқандай кемсітушілікке жол берместен, барлығына бір деңгейде қолданылуы тиістігін танудан да көрінеді. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (14-баптың 2-тармағы).

6. Заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының, мазмұны мен қолданылуын қамтамасыз ету принципі. Бұл Конституцияда жарияланған адам құқығы мен бостандығы осы құқық пен бостандықты жүзеге асыру жағдайы мен тәртібін белгілейтін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау кезінде ең басты негізге алынатындығын білдіреді.

7. Құқықтың, бостандықтың және міндеттіліктің бірлігі, бөлінбестігі адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің басты принципі болып табылады. Әркім де Конституцияны және Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауы тиіс. Әр адам мен азамат адамдардың қауымдастығында өмір сүреді. Адамар құқықтар мен бостандықтарды тең иеленіп қана қоймайды, сондай-ақ бір-біріне, қоғамға, мемлекетке қатынастары бойынша оларға бірдей міндеттілік жүктеледі. Мемлекет қызметінің бағыты адам құқығының басымдылығынан туындауы тиісті. Себебі мемлекет өкімет органдарының басты міндеті- адамның қадір қасиетін, ар-намысын, құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау болып табылады. Сондықтан адамға байланысты оның құқықтық жағдайын анықтайтын құқықтық, нормалардың маңызы өте зор.

Адам мен азаматтың құқықтық жағдайы (құқықтық мәртебесі) дегеніміз, әдеттінше оның құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Шын мәнінде, бұл адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің басты мазмұны болып табылады. Бірақ та оған өзге де құқықтық факторлар әсер ететінін әрдайым естен шығармауымыз керек. Олар-азаматтық, қағидалар, құқық пен бостандық кепілдіктері.

Адамның құқықтары мен міндеттері көптеген құқық салаларында тұжырымдалған. Солардың ішінде адамның қоғамдық жағдайын дәріптеуде мемлекеттік құқық саласының атқаратын рөлі ерекше. Әсіресе, адамның, азаматтың, құқықтық мәртебесінің негізі Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген. Оған мыналар кіреді: азаматтылық адам мен азаматтың құқықтық жағдайының конституциялық принциптері, олардың негізгі құқықтары мен бостандықтары (азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени), конституциялық міндеттер. Бұл адамның құқықтық жағдайының басты элементі, ядросы. Құқықтық, мәртебесінің негіздері адамның қоғамдағы жағдайын анықтауда басты шешуші рөл атқарады, өмірлік маңызы бар, мазмұны Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-тарауында берілген (10-39-баптар).

Адамның құқықтық жағдайы мұнымен шектелінбейді. Азаматтардың өзге құқықтары мен міндеттері көптеген әр түрлі құқық салаларында тұжырымдалады, бірақ бұлар негізгі құқықтарға бостандықтар мен міндеттерге бағынышты, оларды одан әрі дамытуға және нақтылана түсуіне бағытталған. Адам мен азаматтық құқықтық жағдайына мінездеме беру үшін, алдыменен, адам, тұлға, азамат ұғымдарының арақатынасын ажыратуымыз, олардың

конституциядағы құқықтық мәртебесінің принциптерін және негізгі белгілерін анықтауымыз қажет. Осы сұраққа жауап берместен бұрын "адам", "тұлға" және "азамат" ұғымдарын айқындап алу керек. Әдеби шығармаларда, ауызекі әңгімелерде адам, тұлға, азамат ұғымдары, олардың арасында белгілі бір айырмашылық бар болса да, бірқатар жағдайда бір мәндес сөздер ретінде қолданылады. Кез келген нақтылы адам тұлға болып саналады, және ол табиғи және әлеуметтік ерекшеліктерге ие бола алады.

Тұлға дегеніміз - нақты қоғамдық-экономикалық құрылымның мүшесі ретінде адамды сипаттайтын ерекшеліктердің жиынтығын білдіреді. Тұлғаның қайталанбас даралығы адамдардың белгілі бір әлеуметтік тобының өкілі ретінде адамға тән кейбір ортақ белгілерді де қамтиды: оларға ұлты, кәсібі, әлеуметтік жағдайы және оның қоғамда алатын орны, жауаптылығы тағысын тағы жатады.

Жаңа Конституцияда "азамат" термині қолданылған кезде Қазақстан Республикасының азаматы жиі айтылады. Мәселе мынада: басқа мемлекеттерде тұратындар сияқты Қазақстан аумағында тұрып жатқандардың бәрі бірдей оның азаматы болып табылмайды. Олардың арасында шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ адамдар болуы мүмкін. Олардың құқықтары мен бостандықтарының сол мемлекет азаматтарына қарағанда аздығы-мысалы, кейбір саяси және әлеуметтік-экономикалық құқықтардың, соның ішінде сайлауға не сайлануға, әскер қатарына алынуды, жоғары лауазымды қызметке кетерілуіне болмайтындығы. Жалпы алғанда, Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады (12-бап, 4-тармақ).

Адамның өмір сүру құқығын іс жүзіне асырған кезде оның туу фактісі ғана қажет, ал оның азамат пен тұлға қасиеттеріне ие болуы міндетті емес. Бұдан басқа құқықтарды іс жүзіне асырған кезде адамның тұлға, азамат болуы шарт. Адамның жиынтық заңдық, атауы түрінде "азамат" ұғымы Аристотель заманынан бері белгілі. Ежелгі орыс тілінде "азамат" сөзі қалалық тұрғыны айқындау үшін қолданылады. XVII ғасырдың аяғынан бастап бұл сөз қалалық тұрғындар жөнінде ғана емес, осы мемлекеттің кез келген тұрғынына қолданылатын болады. Қазіргі қазақ, орыс тілдерінде азамат сөзі осы мемлекеттің тұрақты халқына жататын, заңда белгіленген құқықтарды пайдаланатын, сондай-ақ, барлық міндеттерді орындайтын адамға қатысты айтылады. Сөздің, осы аталған мәні Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы (1991 жылғы желтоқсанның 20-сы) Заңның негізінде алынады (292-бетті қараңыз). Сөйтіп, адам мен азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі дегеніміз бұл жеке тұлғаның құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің жиынтығы, сонымен қатар оларды іс жүзіне асырудағы құқық нормаларында бекітілген заңды кепілдіктер. Құқық пен бостандықтың тарихи дамуында үш толқын айқын бөлінеді. Оның біріншісі - конституционализм ағымнан көрінеді. Ол кезде конституциялық актілерде құқықпен бостандықтардың екі тобы бекітілген болатын. Олар азаматтық (өзіндік) құқықтар мен бостандықтар (мәселен, жеке адамға ешкімнің тиіспеуі, тұрғын үйге қол сұғылмауы, т.б.) және саяси құқықтар мен бостандықтар - сайлау құқығы, сөз, баспасөз еркіндігі, т.с.с.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995ж., 2007жылғы 21 мамырдағы № 254-III Заңымен енгізілген өзгертулер
2. Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы, 1998. – 112 с.
3. Жетписбаев Б.А. Теоретические проблемы административно-правового принуждения в Республике Казахстан: дисс... д-ра юрид. наук: 12.00.02. – Алматы, 2006. – 282 с.
4. Жатқанбаева А.Е. К вопросу эффективности административного производства // Вестник КазГНУ. – 1998. - №6. – С.52-54
5. Бахралинов А.С. Особенности административных правонарушений и административной ответственности несовершеннолетних в Республике Казахстан: дисс... канд. юрид. наук: 12.00.02. – Алматы, 2003. – 126 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІС ЖҮРГІЗУ ЗАҢДАРЫ ТҮРЛЕРІ

Азаматтық іс жүргізу нормаларынан талап өндірісінде түрлі материалдық құқықтық қатынастардан туындаған істер қаралып. Шешілетіні белгілі. Талап өндірісінде қаралатын істердің барлығы азаматтық-құқықтық даулардың яғни, құқық туралы даудың бар болуы мен сипатталады. Құқық жөніндегі даудың негізі- құқықтың бұзылуы немесе құқықтық бұзылу қаупінің болуы.

Бұйрық өндірісінде 1 тарап болып арыз беруші (кредитор) болса, 2-ші тарап борышкер болып табылады. Тараптар ретінде іске ұйымдар немесе жеке азаматтар қатысуы мүмкін.

Бұйрық өндірісінде қаралатын істерге ақша сомаларын жылжымалы мүлікті өндіріп алуға байланысты істер кіреді.

Ал жылжымайтын мүлікке басқа да өндіру алуға байланысты істерді сот өндірісінің жалпы ережелері бойынша қарайды.

Бұйрық өндірісінде қаралатын істердің нақты категориясы тікелей заңды атап айтқанда, АЖК 140 бабында көрсетілген.

Азаматтық істердің көптеген бөлігі талап өндірісі тәртібімен қаралады. Сондықтан да талап өндірісінің ережелері азаматтық сот өндірісіндегі жалпы ережелер болып танылады.

Талап өндірісі бойынша азаматтық істер талап арыз жазу арқылы қозғалады.

Құқық қорғаудың талаптық нысанасына яғни талап өндірісіне тән белгілер:

1. Құқық туралы даудың немесе заңды мүддесінің бар болуы.

2. Заңды мүдделері бір-біріне қарама-қайшы тараптардың арасында

басталған істер бойынша істің қаралуы және шешілуі; Дауласушы тараптарға заң бірдей іс жүргізу мүмкіндіктерін береді.

Ерекше талап өндірісіндегі істер сот өндірісінің жалпы ережелерін қолдана отырып шешіледі. Оған сот өндірісінің қағидалары, іс жүргізудің сатылары, дәлелдеу тәртібі, сот мәжілісінің хаттамасы істі қысқарту, арызды қараусыз қалдыру негіздері т.б. ережелер кіреді.

Дегенмен, ерекше талаптың сот өндірісінің өзінетән мынандай ерекшеліктері бар.

1. Ерекше талаптың өндірісте істі қозғаудың құралы ретінде талап арыз емес арыз беріледі.

2. Арыз берудің мерзімі әрбір іс үшін заңда белгіленген, және істі қарау мерзімі біршама істер үшін қысқартылған.

3. Іс бойынша 1 тарап азамат немесе қоғамдық бірлестік ал, 2-ші тарап мемлекеттік орган немесе ұйғарымның лауазымды адам болып табылады.

4. Ерекше талаптың өндірісте талаптан бас тарту немесе бітімгершілік келісіміне келу мүмкіндігі болмайды.

5. Сотқа арыз беруге арналған мерзімдер әрбір іс бойынша жеке көрсетілген.

Топтық және аумақтық соттылық ережелерінде ерекшеліктер қарастырылған

Ерекше өндірісте іс қаралғанда АЖК 31-39 тарауларындағы толықтырулар мен ерекшеліктерді қоспағанда талап өндірісінің жалпы тәртібі қолданылады.

Ерекше өндірістің ерекшеліктері болып саналады:

1. Іс бойынша тарап ретінде талапкер және жауапкер емес. Тек 1 тарап арызданушы ғана қатысады және үшінші тұлғалар іске тартылмайды.

2. Ерекше өндірісте талап өндірісіне тән институттар, атап айтқанда жауапкердің талапты мойындауы, талаптан бас тарту, бітімгершілік келісіміне келу, қарсы талап қою сияқты әрекеттер қолданылмайды.

3. Істі қозғау құралы ретінде талап арыз емес арыз немесе шағым беріледі.

4. Ерекше өндірісте аумақтық соттылықтың жалпы ережелері бойынша емес әр категориялы іске әртүрлі соттылық белгіленеді және салыстырмалы, шарттық, өзара байланысты істердің соттылығы ережелері қолданылмайды.

Ерекше өндіріс бойынша қаралатын істердің өзіндік жалпы ерекшеліктерінен бөлек қаралатын түрлі істердің әрқайсысының сотта қарау тәртібінің арнайы ерекшеліктері қарастырылған.

Ерекше өндіріс-азаматтық сот өндірісінің жеке бір түрі ретінде белгілі шеңбердегі азаматтық істердің тізбесін қамтиды.

Іс жүргізудің сатылары. Іс жүргізудің сатылары түпкілікті бір мақсатқа жету үшін белгіленген іс жүргізу әрекеттерін біріктіретін сот өндірісінің бөлімі немесе этап. Азаматтық іс жүргізу келесі сатыларға бөлінеді.

1. І инстанциядағы сот өндірісі: істі қозғау, істерді соттарда қарауға әзірлеу, сотта істі қарау. Сотта істі қарау немесе соттық талқылау шешім шығарумен немесе қортынды ұйғарым шығарумен аяқталады.

2. Апелляциялық инстанцияда істерді қарау, яғни апелляциялық шағым беру немесе наразылық келтіру арқылы заңды күшіне енген сот актілерін жоғарғы сот инстанциясында мәні бойынша қайта қарау.

3. Қадағалау сатысы, яғни заңды күшіне енген сот актілерін арнаулы соттық қадағалау инстанцияда қайта қарау.

4. Заңды күшіне енген сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау.

5. Орындау өндірісі - атқару органдары арқылы сот шешімдерімен актілерін мәжбүрлеу арқылы орындау.

Процестің әрбір сатысы белгілі бағытқа ие болады және бір мақсатқа жету арқылы аяқталады бірақ әрбір азаматтық іс процестің бүкіл сатысынан өтуі міндетті емес. Мысалы іс бойынша апелляциялық шағым берілмесе немесе мүжбүрлеп орындату қажеттігі туындамаса І-инстанцияда іс қаралғаннан кейін аяқталады.

Іс жүргізудің құқығының қағидалары. Құқық қағидасы бұл құқықтың нормативті-жетекшісі және негізі. Қағида (принцип) латын тілінен аударғанда негіз, бастау деген мағынасы білдіреді.

Ал азаматтық іс жүргізу құқығының қағидасы дегеніміз осы құқық саласының негізгі ережесін, мазмұны мен ерекшелігін айқындаушы нормалар.

Азаматтық сот өндірісі азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларымен бекітілген бірнеше негізгі бастаулардан тұрады.

АДЖҚ қағидалары бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан толық бір жүйені құрайды.

Сонымен АДЖ қағидаларының жүйесі дегеніміз – осы құқық саласының логикалық өзара байланысты барлық қағидаларының жиынтығы.

АДЖҚ-ң қағидалары 2 топқа бөлінеді: Конституциялық, яғни мемлекеттің Конституциясына бекітілген қағидалар. Оларға: Барлық адамдардың заң мен сот алдындағы теңдігі ҚР. Конституциясы 14-бабы. Сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы 75-бабы, 1-тармағы. Судьялардың тәуелсіздігі 77-бабы т.б. жатады. Салалық яғни, мемлекеттің заң саласына бекітілген қағидалары. Оларға: Сотта істі қараудың жариялылығы, сот талқылауының ауызша және тікелей жүргізілуі, азаматтық істерді алқалы және жеке дара қарау т.б.

Іс жүргізу субъектілерінің құқықтық әрекеттері мен құқықтық жағдайына әсер етуіне байланысты қағидаларды: Соттың әрекеттерін реттейтін, іске қатысушы тұлғалардың әрекеттерін реттейтін қағидалар деп бөлуге болады.

1-не: Сот төрлігін тек соттың жүзеге асыруы, судьялардың тәуелсіздігі, істерді жеке және алқалы түрде қарау қағидалары жатады.

2-не: диспозитивтік, іс жүргізуде тараптардың теңдігі т.б. жатады.

М.А. Гурвич және М.К.Треушников азаматтық сот өндірісінде қағидаларды құқықтық реттеу объектісіне қарай:

А) Ұйымдастырушылық-функционалды, яғни соттың және процестің реттелуін бір мезгілде айқындайтын қағидалар

Б) Функционалды қағидалар деп екі топқа бөледі.

Азаматтық жүргізу құқығының ұйымдастырушылық-функционалды қағидалары

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Гурвич М.А. Судебное решение: Теоретические проблемы. – М., 1976.
2. Жилин Г.А. Цели гражданского судопроизводства и их реализация в суде первой инстанции. – М.: Городец, 2000.
3. Завадская Л.Н. Реализация судебных решений. – М., 1982.
4. Кудрявцева Е.В. Судебное решение в английском гражданском процессе. – М., 1998.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Қазақ қоғамындағы жеке меншіктің қайнар көздерін сөз еткенде, біз алдымен, жартылай көшпелі бірлестікте өмір сүрген ата-бабаларымыздың табиғи жолмен әдет-ғұрып құқық жүйесін қалыптастырғанын, ол жүйенің нормативтік мазмұны мен құрылымында түркі халықтарының ортақ жемісі екенін ерекше айтқымыз келеді. Заңгер С. Зиманов: “Қазақ құқығы – ұланғайыр “еркін” аймақта орналасқан, түркі тілді көшпелі өркениеттің төл туындысы, әрі мәдени жемісі, әрі мұрасы” [1, 26 б.] деп текке айтып отырған жоқ. Рас, қазақ құқығы көшпелі өркениеттің мәдени байлығы әрі барша түркі тектес халықтарға тікелей болғанымен, қазақ халқы сол дәуірлердегі құқық бейнесін өзгертпестен, өміршеңдік сипатын сақтай отырып, осы дәуірге жеткізіп отыр. Өзгелері әр түрлі тарихи жағдайларға орай отырықшыланып, бастапқы құқықтарын әрінен ажыратып, мұсылмандық құқық, орыстардың империялық заңдары әсерінен өзгертіп алса, ол қазақ халқы бастапқы құқықтарының ішкі тұрақтылығы мен ұстамдылығын сақтап, құндылық ретінде бағалай алды. Сондықтан да өз туыстары отырықшы орталықтармен тығыз байланыста бола тұрып, өзіндік тұрғысы мен құрылымын өзгертпей, қайта күшейте түсті.

Қазақ құқық жүйесі кез келген даулы істерді қылмыстық, не азаматтық деп бөлместен, бірлікте қарастырады. Қазақтың көне азаматтық құқығында дін ерекше орын алып, құқықтың қайнар көзі, ажырамас бөлігі болды. «Әдет» және «ғұрып» араб сөзі. Мағынасы, дағды, дәстүр, салт дегенді білдіреді. «Әдет-ғұрып» өзіміздің төл сөзімізге айналып, XX ғасырдың басына дейін жеткен әрі қолданыста болған қазақ халқының құқығының мәнін өз бойына жинақтаған. «Әдет-ғұрып құқық жүйесі», «Әдет-ғұрып заң нормалары», т.б. деп айта береміз.

Қазақ құқық жүйесіндегі меншік құқығының қайнар көзі, дерекнамалары жайлы мәселені анықтау заң ғылымындағы маңызды да, өзекті болғанымен, әлі күнге дейін толық зерттелініп, зерделенбегенін айта кеткен жөн. Бұл мәселені толық жасау үшін Қазақстандағы заң білімінің дамуы барысын мынадай 5 кезеңге бөлуге болады: көне дәуірдегі заң білімі, дербес қазақ хандығының заң білімі, патшалық Ресейдің отары болған кездегі заң білімі, социалистік заң білімі, ұлттық заң білімі.

Әдет-ғұрып заң нормалары өз заманының қажеттілігінен дүниеге келеді. Сонау Ғұн, Сақ, Оғыз, Түркі, Монғол-Қыпшақ заманаларында әдет-ғұрып заң нормалары сомдалып, қалыптасқаны жасырын емес. Кейін қазақ халқы өз алдына ел болып, дербес мемлекет құрғалы қаншама заң жинақтарын қабылдағаны, оның ішінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның «Жеті жарғысы» секілді ірі заң ескерткіштері бар. Оның үстіне қаншалықты сырттан келген заң нормалары (мұсылмандық құқық, империялық заңдар, т.б.) қазақи заң нормаларын өзгерістерге ұшырата алмағанын, сондықтан қазақ қоғамында әдет-ғұрып құқығы XX ғасырға жетіп, қазір тәуелсіз, егеменді елімізге қайта түлеп жаңғырып жатқанын айтқанымыз мақұл.

Кезінде Ресейдің отары болған Қазақстанда арнайы заң білімін беретін оқу орындары болмады. Патшалық Ресей бұған мән беріп қызықпады да. Қайта қазақтардың құқықтық жүйесіне өзінің империялық заңдарын енгізуді мақсат тұтты.

Ақыры дегеніне жетіп, ежелден келе жатқан әдет-ғұрып заңдарымыздың тамырына балта шапты. Ал кешегі қызыл империя қазақ әдет-ғұрпын ұрпақтарына құбыжық етуге дейін барды. 1934 жылы 23 қазанда кеңес құрылыс институтында заң бөлімі ашылып, кейін 1935 жылғы 5 наурыздағы КСРО халық комиссарлар Кеңесінің және ОАК-нің «Құқықтық білім беруді кеңестің жақсарту шаралары туралы» қаулысына орай 1938 жылы 28 сәуірде кеңес құрылысы институтын Алматы заң институтына айналдырды.

Мұндағы мақсат қазақ халқын байырғы әдет-ғұрып заңдарынан айырып, кеңестік идеология әсерімен қызмет ететін мамандар даярлау болатын. Кейін қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті заңгерлерді даярлау ісін жалғастырды. Айта кету керек, дайындалып шыққан кадрлардың арасынан С.З. Зиманов, С.С. Сартаев, Т.М. Культелеев секілді ұлтжанды заңгер-ғалымдар жетіліп шығып, өздерінің өткен тарихына үңіліп, әдет-ғұрып құқық жүйесін көтеруге бар күштерін салды.

Әдет-ғұрып дерекнамаларын жинап, қайнар көздерді зерттеу, шындығын айтсақ, Ресей

патшалығы тұсында басталды. Патшалық Ресей империялық заңдарын күштеп енгізе алмағаннан соң, қазақ әдет-ғұрып заңдарын жинап, соларды үйрене отырып, әдет-ғұрып заң нормаларына сына қағып, шеттеуге тырысты. Д.Я. Самоквасов, А.И. Левшин, П.С. Паллас, И.Г. Георги, Н.И. Гродеков, И.П. Рычков, И.Г. Андреев, Л.Ф. Баллюзек, Г. Загряжский, П.Е. Маковецкий, И.А. Козлов, И.Г. Георги, Я. Гавердовский, Л.А. Слохотов, М. Красовский, т.б. секілді зерттеуші-шенеуніктер лажсыздан қазақ әдет-ғұрып заң нормаларын жинақтады. Қазіргі кезде М.К. Сүлейменов, Ю.Г. Басин, М.Г. Масевич, А.Г. Диденко, Ғ. Төлеуғалиев, Б. Базарбаев, Т.Е. Қаудыров, Қ.С. Мауленов, т.б. азаматтық құқық мәселелерімен айналысады. Бірақ, шындығы керек, бұл ғалымдардың көпшілігі әлі кеңестік пайымдаулардан аса алмай келеді. Олардың зерттеу жұмыстары өткенімізбен сабақтасып жатпайды.

Қазақ халқының менталитетінде әдет-ғұрыптың алар орны ерекше. Қазақтың заңгер-ғалымдары С. Зиманов және Н. Өсеров былай дейді: “Үш жүзден тұратын қазақтарды тарих бетіне шығарды. Сонымен бірге өзіне тән ерекшеліктері бар қазақ әдет-ғұрып заңдары да қатар өмірге келді. Бұл заңдар мен қағидалардың, құқықтардың қоғамға араласпайтын, олар қамтымайтын салалары жоқтың қасы. Жеке индивидтерден бастап, бүкіл қоғамдағы қандай іс-әрекетті, қарым-қатынасты алмайық, мысалы, көші-қон, дау-дамай, ұрлық-қарлық, алым-салық, аза-қаза, өлім-жетім, алыс-беріс, жиын-той, т.б. бәрі де қазақи дәуірде қалыптасқан қағидалармен реттеліп отырған. Міне, осы қазақидәуір ережелері көбіне басқалармен онша қарым-қатынас жасамауы себепті томаға-тұйық, өзгеріске онша түспеген қалпында күні кешеге дейін жетті [2].

Сондықтан да Қазақстан Республикасының азаматтық заңына қазақтың әдет-ғұрып құқығының ережелерін енгізу керек. Ол үшін заңгер ғалымдар қазақтардың әдет-ғұрып құқығының элементтерін есепке алып, қолдану жөнінде мәселе көтеріп, терең зерттеулері тиіс.

Қазақ әдет-ғұрпы құқығы жеке меншіктің қасиеттілігін, еркіндігін, екі жақтың теңдей келісуі, тең құқықтылығы, құқық бұзушының жауапкершілігі принциптерін негіз етіп алады. Сондықтан да «Уәде – бір, Құдай – бір», «Уәдеге опа ет», «Кісі ақысын жеме», т.т. мәтелдер шығарған. Заңды-заңсыз, жөн-жөнсіз, адал-арам, ақ-қара, обал-сауап деген категориялық тіркестер меншік құқығына тиесілі. Дұрысы – заңды, бұрысы – заңсыз.

Қазақстан Республикасында ұлттық меншік құқығының қалыптасуы бірнеше кезеңдерден өтті. Қазақи дәуірдегі меншік құқығы, Кеңес өкіметіндегі меншік құқығы және Қазақстан Республикасындағы меншік құқығы деп атап, тәуелсіз мемлекетіміздегі меншік құқығын өз бастауына сабақтастырған жөн.

Қазақ құқығының қайнар көзі мен оның құқықтық жүйесі туралы мәселені анықтау заң ғылымындағы ең өзекті мәселе болғандықтан, С. Зиманов, Н. Өсеров, З. Кенжалиев, С. Өзбекұлы секілді ғалымдар оған қалам тартып, ол жайлы айтып жүр. «Қазақтың Ата Заңдары» деген атпен он томдық материалдардың жарық көруі де осыған байланысты. Академик С. Зиманов: «Бір кездері ежелгі қазақ даласындағы ұрпақтар мұрасы болып табылған заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасыры» қайтадан біздің тарихымыздың алтын бесігіне айналуда және болашақта жалпы өркениеттің мұрасына да айналар деген үміт бар... уақыт өте келе қазақ құқығы әлемдік құқықтық жүйелердің ішінен лайықты өзіндік орнын алатындығына сеніммен қарауға болады» [3] деп, қазақ құқығының маңыздылығына ерекше көңіл бөледі.

Құқықтың қайнар көзінің материалдық мазмұны сол мемлекеттің құқықтық іс-әрекетіндегі құқықтық нормалардың пайда болуына әсерін тигізетін факторлар: қоршаған орта, діни сенім-нанымдар, тұрмыс-тіршілік, ондағы қоғамдық қатынастардың пісіп-жетілуі болып табылады. Бұларды реттеу үшін нормалар сахнаға шығады.

Қазақ қоғамындағы нормалардың қалыптасып, дамуы өзіндік ерекшелікке, не әдет-ғұрып құқығының нормаларымен тығыз байланысты өрбіп отырады. Хан шығарған заң, жарлық, өкім тек әдет-ғұрып нормаларында бекітілген нормалар шегінде болып, оны әдет-ғұрып нормалары жүзеге асырушылар қолдап-қуаттап, мемлекеттік мән, нысан беріп, ресімдеп отырған. Бұл әдет-ғұрып нормалары күнделікті өмір қажеттілігінен, тұрмыс-тіршілікті реттеу қажеттілігінен туындаған, онда міндеттеме құқықтары, меншікке ие болу құқығы, қылмыстық істер, отбасы қатынасы, мұра мен мұрагерлік, келісім-шарт, т.б. институттарға ерекше көңіл бөлінген.

Ежелгі Мысыр, Вавилон, Қытай, Греция, Рим мемлекеттерінің көне заңдарына, сол сияқты ортағасырлық Франк мемлекеті, Франция, Англия, Германия, Араб елдері құқықтарына зер салғанымызда олардың қазақ қоғамындағы құқықтық жүйеден әлдеқайда төмен жатқанын адам құқықтары мен бостандықтары әлсіз қорғалғанын көреміз.

Ежелгі Хаммурапи, Ману, Римдік XII кесте, т.б. заңдарда адам құқығының теңдігі бұзылып,

әлеуметтік топтар құқығы үстем таптың сойылын соққанын көреміз. Бұл заңдарда әйел, құл мен күн құқықтары аяққа тапталып, меншікке ие болу құқықтарынан айырылған. Ал, қазақ халқының әдет-ғұрып заң нормаларында қайта «Адам күні адаммен» деп, адам құқықтары мен бостандықтарына ерекше көңіл бөлінгенін көреміз.

Ұлан-ғайыр кең өлкені мекендеген ежелгі бабаларымыз ғұндар, сақтар, үйсіндер меншікті көшпелілердің дала өміріндегі мәңгілік мүдде есебінде қарап, оған ие болу жолдарына ерекше көңіл бөлген. Жеке адамға отбасынан ел билігіне дейінгі әлеуметтік өзгерісті туындататын тұтқа ретінде қарап, жеке меншіктен туындайтын түсініспестік, өзгеріс, зиян, берісі отбасындағы ауызбіршілік пен ынтымақты кетіріп, арысы рулар, ұлыстар және мемлекет ішінде дау-дамай тудырады, дауластырады деп санаған. Сондықтан ата-бабаларымыз меншік қатынастарында оған ие болудың тиімді жолдары мен механизмдерін үйлестіріп отырған. Ең күрделі жер мәселесін өзге халықтар мен этностарға қарағанда өте әдемі шешіп, дау-дамай туғызбайтын жолдарды қарастырған. Жердің белгілі бір руға, не тайпаға тиесілі болуы ата қоныс есебінде көз-қарасты қалыптастырып, саналарына сіндірілді. Ал малды жеке меншік ретінде иелік етіп өзінің ұрпағына қалдыруды да әдемі механизмдер мен институттар арқылы шеше алды. Олар енші беру, өсиет айту, қара шаңырақ, мұра мен мұрагерлік институттары еді. Өке өлсе ұлы мұрагер, аға өлсе іні мұрагер деген қағида қатаң сақталды. Әкеден қалған мал-мүлік, жер, т.б. әдет заңдарына сәйкес бөлініп, пайдаланылған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Зиманов С.З. Қазақтың Ата Заңдары және оның бастаулары // Қазақтың Ата Заңдары. 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – Т. 1. – 632 б.
- 2 Өсерұлы Н. Қазақтың үкім-кесімдері. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 104 б.
- 3 Зиманов С.З. Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» болды ма?» // Қазақтың Ата Заңдары. 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т. 3. – 616 б.
- 4 Зиманов С., Өсеров Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариатын әсері. – Алматы, 1998. – 233 б.

Шевченко В.В.

*ведущий научный сотрудник
Института экономики КН МОН РК, к.э.н., доцент,
Казахстан, г.Алматы*

СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ РЕГИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ

